


Жүргегіне әз-ұлтты үшін білім нүрдіс жинаған
Кеудесіне сардаланың ұлылығын жинаған
Жинағанын жомарттықпен өз халқына сыйлаган
Сонда-дагы өз халқының маңдайына сыймаган
Қасиетті, о, ер-тұлға, жсан Ахан!
Қауыштың-ау, қауыштың-ау, халқыңменен,
Оған-дагы мың тәуба!!!

4-ші қараша 1988 жыл
Автор



Райхан Имаханбетова

**ҒАСЫР САҢЛАҒЫ:
Ахмет Байтұрсынұлының
шығармашылық ғұмырбаяны**

**(Мұрағат деректері негізінде)
Монография**



**Астана
2010**

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
И 48

*Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрагат комитеті «Әлеуметтік маңызды әдебиет
түрлерін шыгару» бағдарламасы*

Жауапты редакторы:

Кәкішев Т. К., Халықаралық жоғары мектептер ғылым академиясының ақадемигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Пікір жазғандар:

Ісімақова А. С., филология ғылымдарының докторы, профессор
Әбдіманұлы Ө., филология ғылымдарының докторы, профессор

Имаханбетова Р.С.

И 48 ФАСЫР САҢЛАҒЫ: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаяны (мұрагат деректері негізінде). Монография. – Астана: «Педагогика ПРЕСС», 2010. – 304 бет. Мұрагаттық суреттер, деректі құжаттардың ксеросканерлі көшірмелері.

ISBN 978-601-7208-25-7

Бұл кітап ұлттық рухымыздың ұлттық тіні, қазақ ұлтының ар-ожданы Ахмет Байтұрсынұлының шыгармашылық өмір жолы, мемлекеттік және қоғамдық қызметтеріне арналған. Зерттеу Р.С.Имаханбетованың мұрагаттық сирек қорлар құжаттарына көп жылдар бойы жүргізген ізденістері негізінде жазылған. Ғылыми-зерттеу еңбек 3 тараудан тұрады. Автор галым туралы 1988-ші жылдан жазыла бастаған материалдар сериясын саралтай келе, онда қалыптаса бастаған кейбір «қағидаға айналған қателер мен жаңсақ пікірлерге тарихи құжаттар арқылы дәйекті жауап береді, әрі мұрагат деректері бойынша ғылыми ой-түжірымдар жасайды.

Ғылыми еңбек ЖОО-ның оқытушыларына, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазақ елінің дербестігі үшін «жанын-арының садағасы» тұтқан толайым тағдырлы тұлғаның қылы тарихынан хабардар болғысы келетін қалың қырманга арналған.

**УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)**

ISBN 978-601-7208-25-7

© Имаханбетова Р.С., 2010
© «Педагогика Пресс баспа үйі», 2010

СӨЗ БАСЫ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. Бұл есімді білмейтіндер некен-саяқ болар. Өйткені, бұл кезде мемлекеттік мәртебеге ие болған Қазақ тілі туралы сөйлесек, Ахметтің ардақты есімі қатар айтылады. Оны айтпасқа құқымыз жоқ. Себебі, қазақ ұлтының ана тіліне ғылыми жүйеде түрлен салып, негізін қалаған, айдай әлемге танытқан да АХМЕТ! Жиырмасыншы ғасыр басында ел мұддесі үшін құрлескен тұлғаны замандастары «қазақ халқының рухани көсемі», «ұлтымыздың ar-ожданы» дег ұлықтаپ, есімін тұра атамай, «қазақтың Ахаңы» дег дәріптеген. Ахаңның аяулы есімін жылдар бойы айтқызыбай келген Кеңестік жүйенің Коммунистік партиясы «бір уақыттары өзі даттаған ұлын, 1988-ші жылдың қараша айының 4-і күні өзі ресми ақтады». Он бес республиканы ұршақша ірген Кеңес Одағы соңыра қогаммен қош айтысуга мұршасы келмей, өзі келмеске кетті... «Дүние – кезек» деген осы болар, сірә!

ХХ-шы ғасыр басында ұлт жұмысын арымен атқарған Ахметтей данагөйден қалған мұра, артындағы қазақ деген ұрпағына мәңгі азық боларын кім білген?! Қазақ ұлтының гана емес, бүкіл түркі жүртінің мақтанышына айналған Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасына ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізу – ұлт тіліне мәртебе алған тарихи кезеңмен тұспа-тұс, бірге келді. Мұмкін, бұл кездейсоқтық та болар. Дегенмен ғажап үндестік. Ұлтының жері мен елінің дербестігі, тілі мен тіні, діні мен ділі үшін «малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген толағай тұлға халқымен қайта қауышты! Еліміздің тәуелсіздігімен бірге Ахметтің екінші, мәңгілік өмірі басталды. Ұлт ұстазының 50 жылдық мерейтойында замандас әрі рухани інісі Мұхтар Әуезов: «...қан жылаган қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмыттайды. Ахаңның қызметі қазақтың ұзын-ырга тарихымен жалғасып кететін қызмет. Истеген ісімен өзіне

орнатылған ескерткіші – мәңгілік ескерткіш» деген екен. Заманымыздың заңғар жазушысын көреген, тіпті көріпкел ме дерсі!

Бұл күні тәуелсіз мемлекет болып танылған Қазақстанның өткені, бүгіні, келешегі туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтқан айшықтары аясында халқымыздың іргелі ел болып қалыптасуында ерен еңбек еткен тұлғалардың ардақты есімдері алтын әріптермен жазылып, Отан тарихынан өздерінің тиесілі орнын алуда. Жұзжылдықтар тоғысында тәуелсіз елінің тарапынан Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылыминың негізін қалаушы, реформатор-ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Ана тілдің айбары» омырау медалі және «Гасыр саңлагы» алқа белгісімен марапатталды. Ғалым есімі оралған 1988-ші жылдан, оның шығармалары қайта басылып, әрі тәуелсіздік кезеңін ғалымдары танымдық алғысөздер жазып келеді. Соңдай-ақ, филологтар, әдебиетшілер, тарихшылар, заңгерлер, журналистер, философтар, педагогтар т.б. мамандықтар бойынша оның шығармашылығы, агартушылық, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлігіне қатысты 50-ге жуық кандидаттық, 20-дан аса докторлық диссертациялар қорғады. Элбетте, бұл жазылған ғылыми зерттеулер біліктілігі жағынан өз салалары бойынша толық мәнгерілген тақырыптар екені даусыз. Дегенмен, әмбебеп ғалымның өмірнамасы, оның ұлтқа жасаған жұмыстары жан-жақты қарастырылып, ғылыми сараптама талдау арқылы бір еңбекке жинақталып, топтастырылмады. Бұл зерттеушілер тарапынан жіберілген кемшіліктер емес еді. Жалпы, қандай да зерттеу тақырыбына қойылатын талаптың шеңбері көтермейтіндіктен, туындаған «шектелулер» болатын.

Ұзақ жылғы ізденістер мен «Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрагат деректері негізінде)» деген ғылыми зерттеуім бойынша ғұламаның гүмір жолына арналған кітапты жазуды 2007-ші жылдан бастадым. Бұған дайындығым да, 1994-ші жылдан бастап мұрагаттардан жиган деректерім де жеткілікті көрініп, алғашында қарқынды кіріскеңіммен, кемел тұлғаның тауқыметке толы, қылышағынан бір деммен баяндан шығу оңай емес екен... Тауга жақындағанда, оның сұлбасы зораятыны тәрізді, ғалымның туындылары мен өміріне қатысты тарихи деректерді сараптаган сайын, Ахметтің әфсане алып тұлғасы биіктей берді. Менің бағыма ғалымның шығармашылық мұрасы туралы қандидаттық жұмыс жазу бақыты бүйіргандықтан, енді оны монографияға жинақтауды перзенттік парыз екенін үгындым.

Ғұламаның өмірі мен шығармашылық мұрасына қатысты ақпараттық және танымдық мақалалардан бастап, ғылыми ұжымдық зерттеулер мен жекелеген монографияларды сан мәрте қайтара оқыдым. Тіпті, ғылыми

дәреже алу үшін жазған диссертацияда дәл осындағы қиналмаган болармын. Тұлғаның тарихи келбетін «өмір шындығында көрсете аламын ба, жоқ әлде жалаң баяндаулар өресінен аспай қаламын ба» деген қорқыныш-үрей қолжазбаны жазып біткенше, көленкедей соңымнан қалмады. Элбетте, бұл ғұламаның шығармашылық ғұмырнамасын қамтыған соңғы еңбек емес. Алаш арысының тағдыры кім-кімді де толғандырып, ұрпақ ауысқан сайын, әлі талай тақырыпқа өзек болары анық. Келешек ұрпақтың Ахаң әфсанасына қайта оралып, өркениет заманындағы жаһандану түргысынан қайта қарап, қалам тартары хақ!

Зерттеудің мақсаты – қазақтың маңдайына біткен, бітім-болмысы бөлек Ахметтей феномен-тұлғаның қиялдыңдағы ұшқыр армандарын іс жүзіне асырған тарихи құбылыс екенін, оны «Алаш көсемі» деп дәріптеген үзенгілес рухани замандастарының таным-пайымы бойынша ғұламалар гибратының өміршебдігін ескелең ұрпақта таныту. Кітап атавы да бүтінгі тәуелсіз елі марапаттаған белгі атауымен ұндес. Кітаптың аты өзі айтып түргандай, тұға тану мақсатында, курескер-агартушының ұлт жұмысына қөшбасшылық еткен кезеңдері мемлекеттік мұрагаттардың си-рек қорларындағы тарихи деректер негізінде қарастырылып, зерттелді.

Бірінші тарау «Галым ғұмырнамасы және ахметтанудың негіздері» деп аталағы, мұнда бала Ахметтің қазақтың кең сахара даласында бабалар даналығынан тәлім-тәрбие алымен қатар, қазақ елінің бодан болып, ал-пауыт орыс мемлекетінің өнешіне жүтіліп бара жатқан тұсынан бастап, кешегі «1937»-нің зұлматында кісі қолынан қаза болған «қаралы күні» мұрагат мәліметтері негізінде «Өмірбаяндық деректер» тараушасында баяндалды. «Қазақ» газетінің көсемсөздегі қөшбасшы құрал болғандығын бүтінгі ұрпақ та келешек ұрпақ та ұмытпауы тиіс. Аумалы-төкпелі кезеңде өзге озық жүрттывң тіліне ермей, өзіндік төте жол тауып, бұратана ұлтының санасын көтеру үшін агартушылық кәсібін арымен атқарған Ахаң «...газет – халықтың көзі, құлагы һәм тілі» деген еді. Ғұламаның бұл гибраты бүтінгі ақпараттың жүйенің зымыран заман талабының да ұранына айналып отыр. «Ахметтанудың негізін салушылар» атты тараушада 1919-шы жылдан бастап жазылған ғылыми танымдық мақалалар негізге алынып, олар қажетіне қарай талдап таратылды. Сонымен қатар, Кеңес пен тәуелсіздік кезеңнің ғылыми тарапынан айтылған тұжырымдар мен жекелеген жинақтардагы ой-пікірлерлерге сараптамалық шолу жасалды. «Мұрагаттық деректі құжаттар» айдарының маңызы өте зор. Мұнда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрагаты, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ҚР Ұлттық кітапханасы, Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі қорларынан алынған телқұжаттардың көшірмелері, деректі

құжаттар мен тарихи суреттердің түпнұсқаларының төлкөшірмелері берілді.

«Гылыми шығармашылық мұрасы» деп аталатын екінші тарауда «Тіл туралы туындылары» тақырыбы аясында ғалымның қазақ тіл білімі саласында жасаған еңбегі, агартушы-әдіскердің оқулықтарының қазақ ұлттық ғылымының негізгі бастау болғандығы, кешегі Кеңес үкіметі тұсындағы кеңестік таныммен қатар, бүгінгі тәуелсіздік ғылымның талабы түрғысынан талданды. «...Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмысайтын қаруының бірі. Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызben сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген ғалымның тіл саласындағы әрбір ғылыми еңбегінің тарихилығы, маңызы тілтанушы ғалымдардың зерттеулері негізінде талданып, таратылды.

Жалпы, өмір сынагы көрсеткендей, әрбір қоғамның замана илеуіне қарай, елкен өтетін ұлттық төлбасы – дара туындылары болады. Ата-бабалардан мирас болған ауыз әдебиетінің жаңа бір саласы жазба әдебиетінің темірқазығын қағу бақыты Абай Құнанбайұлының маңдайына бүйірса, ұлт тілі мен әдебиетінің теориясын жазу «*төл әдебиеті бар жүрт қана төрден орын алады*» деген қағиданы ұстанған Ахмет Байтұрсынұлының еншісіне тиіді. «Әдебиет әлеміндегі әфсаналары» деген тараушада ұлттық әдебиеттану ғылымының алтын қорына енген төл туындыларына әдебиеттанушы ғалымдардың зерттемелері негізінде сараптамалар жасалды. Ахметтің бойындағы ұлтына деген шексіз сүйіспеншіліктің өлең болып өріліп, кекірегі ояу саналыларды қарақан бастың қамынан гөрі, ұлыстың өрісін ойлайтын өреге жеткізгені зерттеуші-ғалымдардың талдаулары арқылы таратылды. Теоретик-реформатор, ақын-аудармашы, ғалым-әдіскер, ұлагатты ұстаз мұрасы туралы жазылған ахметтанушы ғалымдардың зерттемелері негізге алынды.

Шіншіл тараудың «Еленбекен еңбектері» деп аталуының себептері бар. Тарихи тұлғаның есімі ақталғаннан кейін, оның туындыларын қайта бастыру жұмыстары жедел қолға алынды. Шығармалардың қысқа мерзім ішінде жылдам басылғаны соншалық, кейбір туындылары жинастырылып үлгерmedі. Ал кейбірі жабық қорларда тіркелгендіктен, ресми мекемелердің келісімдері керек болды. Әрі, төте жазуды танитындар аз болғандықтан, оны танып-оқуга, зерделеуге уақыт керек еді. Алаш мұрасына дең қойған зерттеушілердің БАҚ-та мақалалары жарияланса да, ғылыми ортада бұл деректер бірде еленсе, бірде еленбей тасада қалып қойды. Деректердің еленбеуінің себебі, сілтеменің дұрыс көрсетілмеуінде еді. Сілтемелердің ала-құлалығы, бұл туындыларды сараптап-сараптауда, оның ғылыми айналымға түсүіне біршама кедергілер әкелді. Сонымен

қатар, «Байқаушы» бүркеншік есімін әдебиетші ғалымдар мен тарих зерттеушілері бірде «Міржақыптық» десе, енді бірде «Ахметтікі», не «Әлихандықі» деген болжамдар ұсынды. Таласты болжам салыстырылып, сарапталу барысында «бүркеншік есімнің» тек «Ахмет Байтұрсынұлына» тән екендігі анықталды. Тарау «Ахаңың асыл әндері» деген тақырыппен басталып, онда тұлғаның ән-күй әлеміндегі иірімдері, осы музика өнері саласына қосқан үлесі сөз болады. Оның шығарған ән-күйлерінің «халықтық» деп телінуінің себептері, кейбір туындыларының төл автографына қайтарылғаны туралы талдаулармен қатар, оның әуез өнеріндегі жаңа қыры, композиторлығына танымдық сараптаулар жасалды. «Табылған тың туындылары» тарауашсында әдебиеттанудағы ұжымдық зерттеулер мен жекелеген монографияларға арқау болған тұлғаның бүркеншік атпен жазылған өлеңдері, көсемсөз, тіл туралы мақалалары, ресми мәлімдемелері топтастырылды. Тарауішлік «Хаттар тағы да хаттар» аясында замандасы Әлихан Бекейханмен екеуара хаттары, тағдыр тәлкегінің ауыр сыйында жүргенде жерлесі Міржақып Дулатұлына жазған хаттары, Архангелде айдауда жүргенде өзімен бірге отырган тұтқын арқылы жеткен «Елге сәлем» атты өлең-хатының мәтіні берілді.

Монография жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер мен мұрагат деректеріне әрбір тарау соңында сілтеме жасалды.

Қосымшада ғалым мұрасы, оның шығармашылығына қатысты жазылған материалдар хронологиялық тәртіп бойынша Библиографиялық көрсеткіште: «Ғалымның жарық көрген еңбектері», «Ғалымның бастыруымен, мақұлдауымен жарық көрген кітаптар», «Мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары» тізімі ұсынылды. «1989-2009-шы жылдары қайта басылған туындылары», «Ғалым туралы ғылыми зерттеулер» тақырыбымен ғұламаның шығармашылық мұрасы, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлігі туралы қорғалған кандидаттық, докторлық диссертациялар, «Ғылыми конференция материалдары», «Ғалымның өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер» тізімі жеке-жеке жүйеленіп берілді.

Тұлғанының «Уголовный кодекс РСФСР», «Мәдениет тарихы», «Қазақ тілінің теориясы» атты кітаптарының баспаға дайындалып, өндіріске кеткендігі жөнінде деректер болғанымен, бұл еңбектердің қолжазбалары табылмады. Элбette, Ахаң еңбектерінің ту-үү мұхит асып, шетел ғалымдарының зерттеулеріне де арқау болғанын енді біліп жүрміз. Еліміздің мұрагаттарынан табылмаған туындыларды, шет мемлекеттерден іздең табу – ұрпақ парызы. Бүтінгі жаһандану заманында үш тұғырлы тіл саясатын ұстанған жастарға артар үмітіміз зор. Өйткені, Колумбия, Оксфорд университеттерінің жетекшілігімен, Орта Азия зиялышлары

туралы ағылшын тіліндегі зерттеулерді талдаң-сараптау – «Болашақ» бағдарламасы аясында шетелдерде білім алушы мамандардың еншісіндегі жауапкершілігі мол, күрделі жұмыстардың бірі деп білеміз.

Бұл құні тарихи тұлғаның шығармашылық мұрасын тікелей зерттеп, кемеңгердің кемел білім-ілімін келешек ұрпаққа таныту мақсатында жасалған жұмыстардың легі өсүде. Атап айтсақ, тілші-ғалым Р.Сыздықова (Ахмет Байтұрсынов. 1990.-52 б.), Ахаңның немере інісі С.Кәкішев (Ахаң туралы ақынат. 1992.-112 б.), өзбек ғалымы М.Джусупов (Фонемография Ахмета Байтұрсынова и фонология сингормонизма. 1995.-176 б.), физик-ғалым М.-Х.Сулейманов (Яркий носитель духа человечности. 1997.-18 с.), филолог-ғалым Ж.Байтөлесова Негасимая звезда в пляде казахской интеллигенции. 1998.-78 с., Публицистика Ахмет Байтұрсынова. 1998.-78 с.), әдіскер-ғалым А.Қыдыршаев (Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. 1998.-132 б.), жазушы Б.Ілияс (Алтын бесік. 1998.-260 б.), ақын-журналист Н.Бектемісұлы (Ахмет ұшқан ұя. 2001.-128 б.), әдебиеттанушы-ғалым А.Ісімақова (Возвращение плеяды. 2002.-294 с.), жазушы Қ.Сәрсекеев (Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі жайлы ой-түйін. 2003.-80 б.), журналист-ғалым С.Оспанұлы (Ахмет өсken ақындық орта. 2004.-204 б.), әдебиеттанушы-ғалым Ә.Әбдіманұлы («Қазақ» газеті. 1993.-168 б., Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. 2007.-296 б.), әдебиеттанушы Ү.Еркінбаев («Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. 2008.-136 б.) т.б., да тарихшы ғалымдардың көлемді тақырыпта қарастырган ғылыми зерттемелері бір төбе. Бұдан бөлек академик-ғалымдар: М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, З.Ахметов, З.Қабдолав, Р.Нұргали, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, К.Сагадиев, М.Жұрынов т.б. талдаған ғылыми зерттеу мақалалар қаншама десенізші.

Ахметтану тақырыбы аясында жазылған түрлі саладағы зерттеулердің барлығының да маңызы зор. Осы еңбектердің кейбіріндегі іздену барысында жаңсақ пікірлер мен қате қағидалар тұжырымдауларының себеп-салдарлары шама-шарқынша зерттеп-зерделенді. Қазақта «адасқанның алды – жол, арты – соқпақ» деген қанатты сөз бар. Бұғынгі тәуелсіздік кезеңнің ғылыминда қалыптасқан ұлттық ғылымның алтын гасыры – ахметтану саласында соқпақ бола алсақ, бұл зерттеудің зая кетпегені.

I-тарау
ҒАЛЫМ ҒҰМЫРНАМАСЫ
ЖӘНЕ АХМЕТТАНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

I.1. Өмірбаяндық деректер

Ахмет Байтұрсынұлы 1872-ші жылы қыркүйек айының 5-і күні Қостанай округі, Торғай уезі, Тосын болыссының 5-ші ауылына қарасты Сарытүбек елдімекеніндегі дәулетті отбасында дүниеге келген [1, 2, 3, 4, 5]. Торғай даласы – қазақтың кең байтақ өлкесінің әлқиссадан әйгілі, әрі атақты жерлерінің бірі. Негізінен, бұл атау сол өнірдегі Торғай өзенінің атымен байланысты қойылған болуы керек. Торғай аңгары – Сарыарқаның оңтүстік-батысындағы Ұлытаудан бастау алышп, су жылымығы Шалқардың сорына барып құяды. Ел ішіндегілер «...Қараторғай, Сарыторғай, Ұлыжыланышық» деген атауларға ие болған Торғай аңгарының ұзындығы көл-кесір, су аяғы құрдымға құлайды» дейді екен. Осы ежелден киелі мекен Торғай атауының мәртебесі де адамзат өміріндегі әр түрлі қоғамның ауысұына орай, әрқалай өзгертіліп отырганы тарихи деректерден белгілі.

Мемлекеттік мұрагаттардағы тарихи жылнамалық мәліметтерді негізге алсақ, алмағайып қазақ жері орыс патшалығына тәуелді болған тұста, осы Арқа даласында 1868-ші жылы «Торғай уезі» құрылып, ол уездік қала атанып, облыстық мәртебеге ие болған. Ал Кеңес үкіметі кезінде «Торғай қаласы» деп, одан «аудан» болып өзгертилген екен. Одақтас республикаларға кіндік үкімет Мәскеуден билік жүргізілген кезеңде, осы 5-ші ауылға «Южный» деген орысша атау берілген. Жаңа атауга ие болған ауыл совхоз болып ұйымдастырылып, әрі шаруашылығы кеңейтіліп, мұнда байырғы қазақ жүртімен қатар, өзге ұлт өкілдері де қоныстандырылады. Бірақ, нағыз қазақы ауылды, қазақы ортаны жерсінбеген «жат жүрттықтар» бұл өлкеде ұзақ тұрақтамайды. Бір гажабы, осы момақан ауыл сексенінші жылдардың сонына дейін одақтан «олжалаган» орысша атауын қалтқысыз сақтап келді. Тек берегіректе, 1990-шы жылы ақпанның 26-сы күні Қазақ КСР-і Үкіметінің №78-ші қаулысымен совхозга Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді [6].

Қаулыда мұнан басқа: «*Көрнекті мәдениет қайраткері, агартуышы, галым-лингвист Ахмет Байтұрсынұлының есімін үрпақтардың жадында мәңгі есте қалдыру мақсатында, Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл білімі институтына, Қостанай, Арқалық қалалары мен Торғай селосының бір-бір көшесеріне, Шымкент қаласында бір орта мектеп пен бір көшеге, Қызылорда қаласында бір орта мектеп пен бір көшеге, Семей қаласындағы бір көшеге есімін беру және галым қызмет жасаған Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының гимнаратына оның бейнесімен мемориалдық тақта ілу» жөнінде мәселелер көтеріліп, іс жүзіне асырылды. Мұндай ігі шараларға негіз болған – 1988-ші жылғы қараша айының 4-і құнгі Алаш ардагері Ахаңның аяулы есімінің ақталып, халқымен қайта қауыштырған Үкіметтің шешімі болатын! [7].*

Қазіргі уақытта бұл аймақ – Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай елдімекені, Ахмет Байтұрсынұлы ауылы деп аталады. Ауылға кірер жолдың қақпасына «Ахмет Байтұрсынұлы ауылы» деген маңдайша белгі қойылған. Осы елдегі Үмбетейдің қызынан туған, жиені Нұрманбетұлы Тоқтасын тарихи тұлғага арнап, ақ-қызыл кірпіштен ескерткіш орнатыпты. Ескерткіштің оңтүстігінде 1926-шы жылы Ахметтің өзі басын көтерген ата-анасы Байтұрсын мен Құңші, ұлken ағасы Қалидың қорымы жатыр. Әulet қорымының батысында керіліп көз ұшында сағымдана көрінетін ауыл, адам алақанына сыйып кеткендей. Ал теріскеj жақта Байтұрсынның кенже ұлы Мәшенинің қыстағының орны «мен мұндалап» талай тарихты бауырына басып жатқандай еріксіз өзіне тартады. Қыстаудың кең жазылған қолтығы түбек десе дегендей, ал ол коныр құзде нағыз сары тубек. Сарытүбек... Атам қазақ қалай ат қоюға шебер десеңіш!

Заманында «ұлттың рухани көсемі» атанған прос-Ахаң тарихта есімі мәшhур тұңғыш тархан Жәнібекпен түбі бір, текті атанаңың балалары. Қошқар ұлы Жәнібектің атасы – Көшей, бабасы – Шақшақ. Жәнібек пен Ахметті таратып алатын түп-тегіміз де, осы ұлы баба Шақшақтан бастау алады. Жәнібек батыр Шақшақтың шөбересі болса, ал Ахмет – Шақшақтың тоғызыншы тармақтағы үрім-бұтағы, яғни жалғасты үрпагы [8, 9]. Ахметтің әкесі Байтұрсын бес ағайынды. Олар: Ақтас, Байтұрсын, Данияр (кейбір деректерде Сабалақ есімімен мәлім. Мұны негізінен, ғұрып бойынша жеңгелері қойған – Р.И.), Ергазы, Ермаганбет (кейде Бермагамбет). Атасы Шошак он ағайынды болса, бабасы Таңбай жеті ағайынды е肯. Таңбайдың әкесі Аралбай бес ағайынды. Ұлken бабасы Арадбай Үмбетей батырдың бел баласы. Байсейіттен Үмбетей мен Сейтімбет туған.

Ахметтің ұлы бабасы – Үмбетей ру басына айналған үлкен ата. Байсейіт атадан жалғыз, оның әкесі Қалқаман Көшепейұлы (5 ағайынды). Қалқаманның сүйегі – Арғын (6 ағайынды). Үлкен ата, ру атына айналған Арғын тайпасынан бері таратар болсақ: Арғыннан – Тәнбі сопы (5), одан – Елемес (1). Елеместен – Ермен (1), Ерменнен – Шағыр (3), одан – Аманжол (3), Аманжолдан – Шақшақ (3), Шақшақтан – Көшепей (6) тұган. Енді отбасылық әулет шежіресі бойынша таратсақ, Ахметтің руы – Арғын, оның ішінде Тәмбісопы болады. Кейде Тәмбісопыны Өткірсопы дейтін де деректер кездеседі. Тәмбісопыдан – Елемес, одан – Ермен, Ерменнен – Шағыр, одан – Аманжол, Аманжолдан – Шақшақ, одан – Қалқаман, Қалқаманнан – Байсейіт, Байсейіттен – Үмбетей туады [8, Б. 7-9; 9, Б. 21, 30, 34-35; 10].

Үмбетей үлкен ата, оның есімі өз заманында-ақ ру атына айналған. Яғни, ру басы, ел билеген тұлға, оның ел-жүрті Қостанайдың Науырызымы мен Торғайдың Аққөлі аралығын мекендейген. Тарихи деректерге сүйенсек, Үмбетей – батыр. Ол қазақ елі мен қалмақтар соғысқан шайқаста қол бастаған. Батырдың некелеп алған жеті әйелі болғаны, әрі оның әр әйелінен бес-алты баласы, жиынтығы – 26 үрпақ сүйегін жөнінде әулет шежіресінде толық қамтылған [9, Б. 17-21, 85-6.]. Осылайша Үмбетей батырдың әрбір ошагын ұстаган, осы от-аналарынан оның үрпағы жалғасып, үрім-бұтагы Арқа өніріне кең тарап, сонда қоныстанады. Елдегі қөнекөздердің айтуынша, Үмбетей батыр 97-і жасында дүниeden өтеді. Сүйегі Қостанайға қарасты Науырызым төңірегіндегі Қарамайшы деген жерде. Артындағы үрпақтары ұлы баба қабірінің басына құлпытас орнатып, тағзым етер кесене түргызған [9, 37-6, 10].

Үмбетейден – Аралбай туады, одан – Таңбай, Таңбайдан – Шошақ тұған. Шошақтың баласы – Байтұрсын, Байтұрсыннан – Ахмет тұған. Ахмет әке-шешеден төрт ағайынды. Оның өзінен үлкен агалары: Қали (1868-1925) мен Кәкіш (1869-1924), кіші інісі Мәшен (1873-1930) болса, орталарында жалғыз қарындастары Зияш 1876-шы жылы дүниеге келген [8, 8-6.]. Бір гажабы, Зияш Байтұрсынқызына топырақ, талайларға арман болған ару шаһар Алматыдағы әйгілі «Кеңсай» мұсылмандар зиратынан бүйірған.

Байтұрсынның кеңже ұлы, қарашанырақтың иесі Мәшеннің тауқыметті тағдыры туралы Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова «...Мәшен қажының сүйегі Кереку жерінде» деген мәліметті айтқан болатын, бұл рас та болар. Өйткені, 1929-шы жылы А.Байтұрсынұлын «халық жауы» деп ұстаганда, оның жақын туыстары да қудалауға тұсken. Осы тұста Мәшен қажыны өз тұған елінде тұру құқынан айырған. «Мәшен Байтұрсынұлы айдау-

да қайтыс болған, кейін киім-кешегін қызы Шолпанға жіберген» дейді Гүлнар апай Міржақыпқызы. Өткіншіті, кейін ресми ақталғандардың қатарында Мәшен қажы болған жоқ.

Замандастар әрі рухани қаламдастар ініци Мұхтар Әуезов 1923-ші жылғы Ахметтің мерейтойына арналған мақаласында, оның шыққан тегі жөніндегі: «...Сүйегі – Аргын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталарап Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты – Байтұрсын» - деген мәлімет береді [11, 18-6]. Осындағы «Түбек» деген кісі есіміндегі әріптік қате кеткен болуы керек деп ойлаймыз. Өйткені, әзулеттік шежіреде мұндан есім кездеспейді. Мұхтар Омарханұлы айтқан Түбек, Ахметтің аталас ағайындары ішінде Арасланбайдан тарайтын Пүшек деген кісі. Пүшек пен Ахметтің арасындағы туыстық: олар үш атадан қосылатын ағайындылар.

Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен жазған «Өмірдерегі» мен тасқа терілген «Өмірбаянындағы» мәліметтерімен қатар, басқа да мұрагаттық деректерге сүйенсек, ол 1882-1884-ші жылдары ауылдағы сауатты адамдардан, әрі көшпелі ауыл мектептерінде 10 жасынан бастап дәріс алған. Яғни, бала Ахметтің алғашқы тіл сындыруы қаралайым ауыл молдасының «әліпті таяқ» деп үйретуінен басталған екен. Осылайша көк аспанның астында керіліп жатқан Арқаның бетпақ сардаласындағы қазақы ауылда қазақы баланың қазақша қалыптен танымының іргетасы қалыптасқан [12]. Жалпы, қазақ жұртының қазақ даласы туралы түсінігі, өз туган жерінің, өскен ауылының өлшемімен есептелу қалыпты табиғи құбылыс. Ал, қалада туып-өскен бала үшін «сардала» деген үғымды көз алдына елестету мүмкін де емес. Тіпті, түсініксіз болып көрінуі әбден мүмкін. Сондықтан Ахметтей тұлғаның кіндік қаны тамған ежелгі Торғай даласының келбетін қысқаша сипаттап беруді өзімізге парыз санаңық.

Торғай – еліміздің орталық аймағындағы Сарыарқаның бел ортасында орналасқан бетпақ далалардың бірі. Торғай даласы – қазақ елінің кіндігі саналатын Ұлытаумен шектеседі. Яғни, созылған сардаланың бір шеті – құншығыс жағында Жезқазғанның кең жазираларымен түйіссе, солтүстігі Ақмола, Қарағанды аумағына барып құлайды. Батысында Ақтөбенің Хромтауы қос өнірге ортақ мекен болса, онтүстігі Қызылорданың бүйра құмымен шектесе, иін тіресіп жатыр. Бұл кең байтақ атырап алғаш көрген адамға көз тоқтамайтын ұшы-қырыры жоқ шексіз алқап сыйылды. Тіпті, қу медиан, шеті жоқ шексіз көслеген дала десеніз де болады. Ал, ауыл мен ауыл арасының алшақтығы соншалық, сарышұнақ қыс мезгілінде адамдар бір-бірімен айлап хабар-ошарсыз жататын кездері де кездеседі. Әйттеүір, ел

ішінің амандығын тілеген барша жүрт, бұл өнірге кеш келетін көктемнің қары еріген шагында бір-бірімен шүркүрасып, көріседі екен.

Торғай жұртының негізгі кәсібі – аймақтың жағырафиялық ахуалына қарай, тек мал шаруашылығы. Бұл өлкеде егін, орман шаруашылығымен айналысу сирек құбылыс... Оны ауылдың тыныс-тіршілігінен бірден аңғаруга болады. Бір ғажабы, осы көне Торғайдың сардаласында толып жатқан өзен мен көлдер көп. Көл үстінде шулаган неше түрлі әсем құстар, су ішіндегі сан алуан балықтарды қорек етеді. Көк аспанның астында керілген кең да-ланы қолмен отырғызғандай бидайықтың созылған сары алқабы алып жатады. Ал, жабайы жусанның иісі танауынды қытықтап, жүрегіне шаттық сыйлайды. Осы да-ланың оттығында жайылған мал да – тоқ, ол малды азық еткен жүрт та – тоқ. Табиғат ана бұл өлкениң қорғанындей, адам қолынан келетін қандай да бір қасақана жасалған қасірет болмаса, басқадан қам жемейтін жүрт та момақан.

Ахметтің әкесі Байтұрсын 1843-ші жылды Торғайдагы ұлы Жыланшық өзенінің Ақкөлге құттын сағасының бойында дүниеге келген [8, 5-б.]. Байтұрсынның әкесі Шошақ дәүләтті, елішінде беделді, ақылды жан болған. Ол мыңғырған малының арқасында, ауылдан алшақ жатқан қыырдағы қыш үйлерге жиі шығып, «қала өмірінен хабары болсын» деп, балаларын жа-нына ертіп жүреді екен. Ахметтің атасы Шошақ төрт ағайынды, оның екі ағасы – Жатай мен Кәйдек, өзінен кіші інісі – Көбек. Шошақ өмірден өткенде оның артындағы үрпактары оның моласының басына ұлken там түрғызады. Бұл орын кейін ұлken әулеттің қорымына айналған. Шошақ тамының кесектері сардаланың қысқы қары мен көктем-күзгі мезгілінде толассыз жауатын жаңбыр сүйнен шайғанына қарамастан, әлі күнге «ақшаңданып» алыстан көзге түседі [8, 8-б.; 9, Б. 35-39].

Ұлken әулет Үмбетейден тараган Шошақтың ортанышы баласы Байтұрсын Жыланшық өзенін өр бойы жайлап, бәйбішесі Құңшімен бірге, туыс-ағайындарының ортасында беделді де қоңыражай күн кешеді. «Алыштан алып туады» дегендей, Байтұрсын қол бастаған бабалары: Аманжол, Шақшақ, Жәнібек, Үмбетейлерге ұқсан, бірбет әрі батыр болған деседі торғай жұрты. Ел ішінде Байтұрсын өзін өзгеге басындыра қоймайтын қасиетімен дараланған. Ол сайын далада атадан балаға мирас болып қалған Үмбетейлердің ата қонысына: жаз – жайлауда, күз – қыстауда бас-көз болып, өзі қорғаншылық еткен. Өзет мінезімен ауа жайылған мүқым ел-жұртын ұршықша дөңгелете игеріп, түрмисқа қажетті шаруашылықты шебер жүргізеді. Оның бойынан жүрттты өзіне тәнті ететін ерекше басқару қабілетін байқаған орыс оязы Байтұрсынды сол елге сардар етіп сайлайды [13]. Міне, осындағы ер жүрек Байтұрсынның отбасында бала Ахмет кең

дала төсінде күн мен желге қақталып, агалары: Қали, Кәкіш және өзінен кіші інісі Мәшен, қарындасты Зиляш бауырларымен қатар өседі. Олардың жастық шағы балығы бал татыған Аққөлдің жағасында өтеді. Ахмет кейін есейген кезінде, осы тұған жерінің – «Аққұм», «Аққөл» деген қасиетті мекендерін жырға қосып, елге деген сағынышын өлеңмен өрген...

Жаратқанның жеті күнінің қайсысы қызығынан туарын кім білген?! Қоңсы қонған әрі ағайын-туыс, ұлken ата Дәуітбайдың ұрпағы Дәуренбек Бірімжанұлымен Байтұрсынның агасы Ақтастың арасында кикілжің туады. Ортақ мәмілеге келе алмаған ағайындардың қас-қабагы жараспай, бір-бірімен дұрдараз болады. Бұл келеңсіздік сол тұста Торғай уезін басқарып тұрган полковник Яков Петрович Яковлев деген кәрі ояздың құлағына да жетеді. «Іздегенге – сұраған» демекші, қалайда қазақтарды бір-бірімен «алауыз жасаудың» қолайлы сәтін құтіп жүрген орыс шенеунігі, ауыл арасына іріткі салып, қан қақсату үшін, маңайына жандайшаптарын ертіп, 1885-ші жылды қазан айының қара сұығында Үмбетейлердің құзем-өткелі – Жыңғылдыға арнайы сапармен ат басын тіреяды.

Тарихи деректерге сүйенсек, Жыңғылдыға келген бетте орыс оязы Ақтасты желеу етіп, Шошақ әулетінің ұлкенін бастап, бесіктегі баласына дейін қыргидай тиеді. Полковник Яковлевтің көпе-көрнеу озбырылығына Байтұрсын шыдап тұра алмайды. Өз ауылының намысын қорғап, жазықсыз жапа шеккендерді арашалау үшін оязға қарсы тосқауылға шығады. Кеудесіне нан піскен Яковлев енді өзі сайлаған сардарын менсінбей, сұық қару қолданбақ болады. Мұны байқаған Байтұрсынның бойын ашу кернеп, кенеттен қолындағы қамышысын сілтейді. Тосын соққыдан астындағы атынан ұшып түсіп, құллі жұрт алдында масқара болған оспадар басшы, ауылдың азулы да қайсар қазағының мысынан қаймығып, қасындағы жандайшаптарын ертіп, амалсыз кері қайтады. Бірақ ішіне ұлken кек түйіп қайтады... [13, 14]

Әлбетте, «ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс» болып, асығы алшасынан түсетін орыс дойырына Байтұрсынның агасы Ақтасқа араша болып, жұрт алдында қарсылық көрсеткені қалай ұнай қойсын?! Кегі зорайған кәрі ояз қазақ аулының тағдырын «өз оңтайына» орай шешу үшін, Ырғыз бен Торғайдан келген әскери отрядтың құшімен, Байтұрсынды ағайындарымен бірге Торғайдағы абақтыға қаматады. Орыс оязы мұндай жазага қанағаттанбай, «жылғылғанға – жұдьрық» дегендей, енді Шошақ әулетінің дүниес-мұлқін, қорадағы малымен қоса тәркілейді. Соқтығыстың салдарынан Байтұрсын және оның агасы Ақтас, інісі Да-нияр патша саясатының ызгарына ілініп, құғын-сүргін ұшырайды. Туган жерден нақақтан айырылу кім-кімге де оңай соқпай, Ақтас ел ішіндеңігі сау-

атты кісілерді ортага салып, төрешіге жүгініп, шагымданады. Оның әйелі Үбіжан да «әүлеттің бас көтерер ерлерінің» амандығын тілеп, Торғайдағы өлкелік әскери губернаторға араша болуын сұрап, өтініш-хат жолдайды. Дала ережесін қаланың ақсаусақ орыс шенеуніктері қайдан үқсын?! Әрі ортадағы түрлі сыйындаған кеүдемсөқтардың жымысқы саясатының салдарынан, олардың өтініштері желге үшқандай, жол-жөнекей зымзия жүтілілады...

Арага жыл салып, 1886-шы жылы Қазан қаласынан келген әскери сот Байтұрсын мен Ақтасты бірнеше ағайындарымен қоса, «он бес жылға иттегеккенге жер аудару туралы» қатал үкім шығарады. Торғай аймақтық әскери губернатор ақ-қарасын ажыратпастан, «... Шошақов Ақтас 12-ші қазанда уезд бастығына әлімжеттік жасаган кінасін мойындағы» деп, бәле-жаланы бастарына үйіп-төгіп, бір әүлеттің ошағының тас-талқанын шығарып, ойран етеді [14]. Шаңырақтың бас көтерер қожайындарынан айырылған әйелдері, шиеттей бала-шагаларымен улап-шулап қала берген. Мұндай әділетсіздікке душар болған шарасыз Байтұрсын өздерінің нақақтан құылуын, «шагымды дұрыс жеткізе алмадық-ау» деп, елді билеген «тілді» білмегеніне бармақ шайнап, опық жейді. Енді олар бала-шагаларының бірінің қалайда орысша білім алғанын, «бileуші жүрттың тіліне» сауатты болғанын тілейді. Ағайындылар ішіндегі жолы ұлken Ақтас, арттарында қалған інісі Ергазыға «жалғыз ұлы Аспандиярды (әулет шежіресінде Спаңдияр – Р.И.) орысша оқуға бер» деп аманат етеді...

Қазақта «он үште отау иесі» деген бабалардың қанатты сөзі бар. Демек, бұл жаста кешегі ойын баласының балалықпен қоштасып, ересектер санатына қосылатын кезеңі. Бала Ахмет сол қарашаның қаралы күзінде он үш жаста еді. Арада жылжып 24 жыл өткенде, тағдыр тәлкегін қараңызшы, әулетке түсken «1885-тің қасіреті» Ахметтің 37-і мүшелінде басына түсіп, ол Семейдің тұрмесіне қамалады. Үйірліп қайта соққан «қара бұлттың» қанжары, оның жүрек түкпіріндегі жарасын тырнайды. Бұл қайғы-қасірет талай жылдан бұғауланған санасына ұлken қозғау салып, адамдық намысын жаниды. Ол басына түсken қаралы сын-сағатта мужілмейді, қайта қатая, ширыға түседі. Артындағы өзінен үміт еткен тұған-туыстарына абақтыдан хат жазып, жай-куйін былайша білдіреді: «...Оқ түiп он үшімде, ой түсіріп, Бітпеген жүргегімде бар бір жарам. Алданып тамагыма оны ұмытсам, Болғандай жегенімің бері харам. Адамнан туып, адам ісін еттей, Ұялмай не бетіммен көрге барал!» - деп, елде қалған анасын жұбата отырып, адамдығы алдында өзіне ұлken міндет артады [15, Б. 31-32].

Ресми «Өмірдерегінде» Ахмет: «...1885-ші жылы біздің отбасымыз бақытсызыдышқа душар болды. Торғай уезінің бастығы Яковлевті

ұрып-соққандықтан, экем Байтүрсынды түрмеге отыргызып, 1886-шы жылға жер аударды, дүние мұлкімізді тәркіледі» - дейді [12]. Осы тағдыр-талқының әулет басына салған бақытсыздығы, оны Торғай қаласындағы екі сиңиптық орыс-қырғыз училищесіне түсүіне басты себеп болғанын жазады. Осы ресми құжатты толтыру барысында Ахметтің «ұлты» деген тұсқа «қыргыз» деп жазуының себебін таратып, шегелеп айтқанымыз жөн. Әлбетте, қазақтың қалыптасу кезеңіндегі жүйені терең білетіндер үшін ғасыр басындағы іс жүргізу ісіндегі «қыргыз» жазылымының тарихын ажырату жеңіл көрінер. Бірақ, осы күні ортамызда бұл қырғыз жазылымын «ұлты» деп түсінетін ұрпақ та кездесіп жатады. Бірде мынадай жағдай болды. Бұл 2000-шы жылдың күзі болатын. Алматы қаласындағы ғалым мұражай-үйіне Банк ісі академиясының 1-ші курс студенттері саяхат-сабакқа келді. Зал экспонаттарын қарап жүрген студенттердің бірі: «-Ахметтің ұлты қыргыз екен гой?» - демесі бар ма?! Екіншісі: «-Жоқ, қазақ» - деді, жұлып алғандай. Алғашқысы таңданысын жасырмaston: «-Ендеше, неге мына құжатта «киргиз» деп жазған?» - деген сұрағын маган қойды. Түсіндірдім. Десе де орта мектепке арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің оқулығында «қазақ ұлтының қалыптасуы туралы ақпараттың болмaganы ма?», алде «мектептің жаны – мұғалім» дейтін Ахаңның айшығын қажетті талап үдесінде орындаған алмай жүрміз бе деген ойга қалдым...

Шындығында, Алаш зияллыларына қатысты тарихи құжаттарды мұқият қарасаңыз, «қазақ» деген ұл атауын оқымыстыларымыз төте жазуда (Ахаң әліпбійнегі араб таңбасымен – I.P.) тұра, анық жазады. Ал орыс тіліндегі ресми құжаттарды толтырганда, сол тұстағы отарлық жүйенің ұшқары саясатының салдарынан «қыргыз» деп жазуға мәжбүр болған. Кейде осы «қыргыз» атауының жанына «қара қазақ» деп жақша ішінде көрсеткен тұстары да кездеседі. Осындағы қасақана жасалған қысымшылықтарға кез болған сол кезеңдегі зияллыларымыз қалайша ұлтшыл, ұлтжанды болмасын!? Орыс патшалығынан кейін, билікке басына келген Кеңестік одақтық әміршіл-әкімшіл жүйесі де қазақтарға өз ұлтының атын тұра айтып, тұра жазуға тыйым салған. Мұны сол тұстағы толтырылған ресми құжаттардан көпtek кездестіруге болады. Мәселен, мұрагаттарда қатталған құжаттарда «қазақ» сөзі екі тілде әр түрлі көрсетіледі. Орыс тілінде «киргиз», араб таңбасында «қазақ» деп жазылған. Өмірге қазақ болып келіп, оны құжат тілінде «қазақ» деп жаза алмау, ұлтты қорлаудың ең сорақысы еді. Ұлт үшін бұдан артық қысастық, бұдан артық менсінбеушілік болған ба?!

Орыс үкіметінің әміршіл билік жүйесі «қазақ» сөзін орыс ішіндегі «атты казактармен» шатастырмау үшін, өзінің атамекені, өзінің Отанында отырган қазақ ұлтын «қырғыз» деп, ал қырғызды «қара қырғыз» деп қүштеп жаздырганы тарихи деректерден белгілі. Кіріптарлық не істеппейді... Ал мұндай кемсітушілік кімге керек болды?! Әлбетте, қол астындағы аз ұлтты елдерде «бір тілде» билеп-төстеу бұрынғы патшалық жүйеге де, кейінгі кеңес одагына да өте қолайлы еді. Төңкерістен кейінгі аз санды ұлттар арасындағы пролетариат теңдігі тек сөз жүзінде болып, ал іс жүзінде «қой терісін жамылған қорқаулар» қазақ жеріне өз қалаударын еркіндігінше жүргізді. Билік жүйесіндегі осындағы теңсіздіктің кесірінен, қазақ халқы ғасырлар бойына өз ұлтының атын тұра айтуда мүмкіншілігінен де айырылды.

Тарих жылнамасына зер салсақ, Ахмет балалықпен қоштасқанда, оның туган өлкесі көне Торғай түгелдей орыс патшалығының өнешіне жұтылған уақытпен тұспа-тұс келеді. Осы бір өз атамекенінде отырып, өз еркіндігін, жерін, елін қорғай алмаған, қорғансыз әuletтің басына түскен қаралы оқиға, құллі қазаққа қасақана жасалған қысастық болатын. Ал бала күнінен мұндай әділетсіздікті қөрген оның санасы тез жетіліп, өз уақытынан ерте есейеді. Ахмет айтатын «бақытсызық» бір шаңырақтың ғана емес, Үмбетей руының дәүлетті отбастарын түгелдей шарпыды. Мұрағат мәліметтеріне сүйенсек, осы ойранда Ақтас, Байтұрсын, Даңияр Шошақовтардан басқа, Таңбаев Кәйдек және оның ұлы Темірше Кәйдеков, Жантасов Қорғанбек, Тілеушин Божақан (әuletтік шежіреде Бажықан – И.Р.), Байтұтов Ыбырайлар көгендей тізімделіп, күнәлілердің қатарында көрсетілген [14]. Кәйдек пен Шошақ бір атаниң, Таңбайдың бел балалары, ал Тілеуші Аташтың ұлы, атасы – Есентай. Үлкен атасы Жиенбай Үмбетейден туған. Нақтырақ таратсақ, Божақан Байтұрсынның аталас ағайын тұмасы. Ыбырайдың әкесі Байтұт Үмбетей батырдың қалмақ әйелінен туған Баяндының ұрпағы болады. Осы аты аталған адамдардың қай-қайсысының да ұрпақтары, анығырақ, ұлкен ата Таңбай әuletтінің құғын-сүргінге ұшырағаны соншалық, тіпті отырган қонысынан шалғай жатқан құмдақ ауылдардың біріне үдерे көшеді [9, 85-6.].

Осы күні бұқаралық ақпарат құралдарының ғаламторлық жүйесінде Ахметтің әкесіз қалғандығы жөнінде мынадай мәлімет таратылып жүр: «...Его, остававшегося беспризорным, один из уцелевших родственников отдает в Тургайское двухклассное русско-казахское училище» [16]. Орыстілді орта үшін жазылған мұндай мақаланы оқыған адам, «Апырым-ай, қазақтар қандай қатыгез болған» деп ойладап, айттылған

ақпаратты тура мағынада қабылдауы әбден мүмкін. Бірақ, бұл мағлұмат жалаң әрі негізсіз берілген құрғақ сөз. Өйткені, қазақ шаңырағында жетім баланың қараусыз қалуы мүмкін емес. Ежелден «ага өлсе, іні – мұра, іні өлсе, аға – мұра» деген қагиданы ұстанған қазақ халқы жетімегін өзі аш-жалаңаш отырса да қаңғыртпаған, отбасымен бірге өз үйірінде асыраған. Шындығында, ұлken шаңырақта дүниеге келген Ахмет ешқашанда қамқорлықсыз, қараусыз қалған емес. Оның анасы Құңші басына түскен ауыр қасірет-бейнетке көніп, бауырындағы балаларын қараусыз тастау былай тұрсын, шашау шығармаған. Тұла бойы тұңғыштарындағы емес, ортаныш ұлының бойындағы зеректік пен алғырлықты біріншіаңғарған анасы, оны оқыту үшін сауатты адамдардың алдына өзі апарған. Баласының оқуға деген ерекше ынта-бықыласын әу баста байқаған ана жүргегі, қолының қысқалығына қарамастан, «жоқтан бар жасап» оны оқудан үзбейді. Алғыр бала ауыл молдасынан алған оқуға қанагаттанбайды. Эрі орыс оязының әкесі Байтұрсын мен тұған туыстарына жалған жала жауып, қасақана жасаған қорлығына іштей күйініп, құса болып жүреді.

Сарытұбектен шалғай жатқан Торгайға кез-келгеннің бала оқытуға мүмкіндігі бола бермейді. Ауқатты деген отбасының да ілүде біреуінің гана шама-шарқы жетеді. Айдын шалқар Ақкөл мен қыраттагы Торгайдың арасы ат-көлігі сайлаулы адамға күндік жол. Жаяу-жалпы жолаушыға қырдағы ауылдардың біріне қона жүріп, екі-үш күнде тәбесін әрен көрсетеді. Төте жолмен сүйт жүріп, жұз шақырымда алған жараулы аттың өзі болдыртып қалады. Ал ат үстіндегі адамға тоғыз қырдан асқан соң гана Торгайдың тәбесі көз ұшында мұнарланып көрінсе, он тоғыз қырды артқа тастағандан қыш қаланың шетіне кіресің. Бетпақтағы ақшаңқай киіз үйлерде артқа тастап, қызыл кірпіштен соғылған қаз-қатар тас үйлерді көргенде кәдімгі қалада жүргендей боласың. Мұндай қыш қалада оқу – ауыл баласының барлығының да қиялындағы қол жетпес арманы екені анық.

Елде қалған әкесінің жалғыз інісі Ергазының ұлken әкелері Ақтастың ұлы Аспандиярды «оқуға бермек» болған ниетін сезген бала Ахмет, ағасына өзінің де оқығысы келетінін айтады. Баланың өжеттігіне ыразы болған Ергазы, оның Торгай қаласындағы оқуға түсіune ықпал етіп, көмектеседі. Бастарына түскен ауыртпашилыққа мойымастан, қайта өмір соққысына шираган жеңге мен қайынінісі қаражат жағын бірлесе көтеріп, Ахметтің үзіліссіз оқуына шама-шарқыларынша жағдай жасайды. Бір ауылдың арқасүйер асқар тауы, тірегі болған Байтұрсын болса туыстарымен итжеккенде айдауда, олардың «аман-сау елге оралуы» екіталай, артындағы жұртының да, жат жердегі олардың да жүргегі күпті.

Десе де «үмітсіз – шайтан» дегендей, көніл шіркін алға сүйрейді, жылт еткен үміт отын жағады. Ел жақтағылар «кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деп, сақылдаған сұығы ұлыған Сібірге көздерін тіксе, жат жердегілер «қайран, қазак даласы-ай, өзінді қайта айналып көрер күн туар ма» деп құдерлерін ұзбейді...

Тұмысынан дарынды Ахмет Торгайдагы екі сыныптық орыс-қыргыз училишеге 1886-шы жылы 14 жасында қабылданып, бұл оқу орнын 1891-ші жылы 19 жасқа қаражан шағында тәмамдайды [12]. Бес жылға жуық оқыған орыс-қазақ мектебіндегі оқытылатын пән сабақтарының орыс бағдарламасы бойынша жүргізілгеніне қарамастан, Ахметтің қогам, ел, жер тану болмысы қазақша қалыптасады. Тіпті, оның өзі осы оқуға қабылданып жатқанда, бұрын-соңды «жат тілді» естімегендіктен, «оқудың орыс тілділігіне» көнілі қатты қобалжып, әкесінің інісі Ергазы ағасына «*ертең тілім шұлдірлен, орыс болып кетсем қайтесіңдер?*» деп, көніліндегі қорқыншының білдірсе керек. Ауылдан алғаш рет ұзап шыққан Ахметтің бойындағы білімге деген құштарлық, оның туыстарға деген сағыншына саябыр беріп, мектеп қабыргасындағы тәлім-тәрбие мен оқып-үйренудің ережелерін бұлжытпай орындауга дағдыландырады. Білім-ілімге бар болмысымен ден қойған ол, оқу ордасындағы бес жылғы синақтан сүрінбей өтеді.

Рұхани замандасы әрі жерлес інісі Міржақып Дулатұлының «Труды Общества изучения Киргизского края» (Қыргыз өлкесін зерттеу қоғамының еңбектері) деген басылымда жарияланған «Ахмет Байтурсынович Байтурсынов» атты өміrbаяндық очеркі 1922-ші жылы ағартушы-ғалымның елу жылдық мерейтойи құрметіне арналып, орыс тілінде дайындалған. Бұл мақала Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында тіркеլген. 6,5 беттен тұрады, ал қолжазбаның екінші нұсқасы А.Байтұрсынұлының мұрагаттар қорында [13]. Осы басылымның мұрагатта «қатталған» екінші бір данасы – 2003-ші жылы қазан айының 23-і күні репрессия құрбандарына арналып ашылған «Саяси құғын-сүргін тарихы мұражайының» көрмесіне экспонат ретінде қойылған еді. Өкініштің, бұл мұражайдың ғұмыры ұзақ болмай, 2005-ші жылы жабылып қалды... М.Дулатұлының өміrbаяндық мақаласының бірнеше рет басылым көріп, тіпті өзге ұлт өкілдерінің зерттеу еңбектеріне арқау болғандығы тарихтан белгілі. Бұл жөнінде ахметтанау тараушасында кеңірек талдап, тарататын боламыз. Енді осы мақаладағы кейбір деректі мәліметтерге тоқталамыз. Мәселен, Ахметтің оқуға деген құштарлығының себептері мен оның әкесінің өз ортасында қандай адам болғандығы туралы Байтұрсынның келбетін тану үшін мақаланың кей тұстарынан қаз-қалпында ұзінді береміз: «...В раннем детстве он кое-как

научились мусульманской грамоте у аульного муллы. Этим закончилось бы его образование и он остался бы на всю жизнь полуграмотным..., если бы, по поговорке «не помогло не счастье» - деп, ол заманда қарапайым ауыл малшысының баласы орталықтағы орыс мектебіне окуға қабылдануы, мүмкін болмағандығын айтады. Дегенмен мұндай бақыт, оның «отбасына келген бақытсыздық» арқылы бұйырғанын, әрі оку мен білімге деген шексіз құштарлықтың түп-қазығы – әлеуметтік қажеттіліктен тұгандағының жазады [13].

Шындағында, қогамдағы әділетсіз биліктің жымысқы саясаты Ахметті теңсіздікпен құресуғе алып келеді. Тағдырдың тезіне салып ысылтып, оның ойы мен бойын шираптады. М.Дулатұлының «...Отбасы душар болған бақытсыздық, кейін оның білімін жалгастыруға себеп болады» және «...төрт жыл бойы Орынборда оқу демалысы кездерінде жыл сайын оған елге барып-қайту оңайга соқпайды, бірақ табигатынан төзімді Ахмет қара суга қанагат етіп, 1895-ші жылы оқуын аяқтайды» деген лебіздерін оқығанда, қалайда білімге үмттыған Ахметтің келешекте діттеген мақсатына жету үшін «басына түскен бар қындықта төзгеніне» еріксіз бас иіп, тәнті боласыз [13]. Ол осы мақаласында Ахметтің әкесі Байтұрсынның бойындағы ерекше қасиеттерді бағалай келіп, оны «...табигатынан батыл, ешқандай өкімнің жетегіне журмейтін, дархан даладай еркіндікті сүйетін, ерекше жан еді» дейді [13]. Соңдықтан болар ел ішіндегі сұлтан-сардарлармен мінезі жараспайтын, қайратты, әрі білекті, ақылды жан болған деп айтады. Торғайлықтардың деректеріне сүйенсек, Ақтас пен Байтұрсын екеуі Үмбетейдің сауыры болған деседі. Оларды құллі руды бұзықтарымен қоса ауыздықтау үшін, әulet ішілік билікке жетекші етіп қойған. Билікте Байтұрсын сардарлыққа дейін жеткен.

Б.Шошақұлының уезд бастығы Яковлевке тоғыз өрім дойыр қамши сілтеп, ат үстінен аударғанын Міржақып мақтанды шезіммен баяндаса, осы оқига жөніндегі ой-танымын Мұхтар: «...әкесі Байтұрсын хүкімет алдында «жазықты» кісі болып, Сібірге айдалып кеткен. Мұның себебі: Тосын болысның сайлауына шыққан Торғай уезінің нәшендігі «қәрі ояз» Яковлев Үмбетейге бұрыннан көптігін көрсөтіп, зорлық қылып жүрген Дәуітбай табына болысып, соның сөзін қостап, бұларга қиянат қылғандықтан, Байтұрсын кәрі оязды сабап, басын жарған. Байтұрсынның айдалған себебі осы» - деп баяндайды [11, 18-6.]. Міне, келтірілген тарихи деректерден байқайтынымыз, қазақ ұлысының өз жерінде билігі өз қолында болмай, өзгеге кіріптар бодан болған тұста, орыс патшалығының атқамінер шенеуніктері ру арасындағы алауыздықты өз мақсаттарына шебер пайдаланған. Осылайша орыстың ұзын құрығы қазақтың кең жа-

зирасында Дала заңымен тіршілік еткен Ақтас, Байтұрсын, Даниярларды «түкірсөң, түкірігің жерге жетпей, көк мұз болатын» итжеккенге – Сібір аймағы Камчаткаға каторғыға айдайды. Жер аударылған бірыңғай ер адамдардың күн көріс «отбасы, ошақ-қасылық жағдайлары болмайды-ау» деп, күйзелген Ақтастың бәйбішесі Үбіжан да бауырындағы баласы Аспандиярды келіні Құңшіге қалдырып, өзі ер кісілермен бірге бөтен елге, жат жерге ауып кете барады... Бастарына тұскен қайғыны іштей ұғып, бір-біріне тілекші болған абысын-ажындардың арасында бала тәрбиесі де ауысып отырған.

«Алыш – анадан» демекші, ғасырда бір-ақ рет туатын Ахаңдай хас тұлғаны дүниеге әкелген Құңші а남ызың кім, қандай адам болды екен?! Мұның төркініне үңіліп, зерделемесек, Ахметті толыққанды тани алмауымыз, жүртшылыққа дұрыс таныта алмауымыз мүмкін. Эрі, қазақта «таяқтың жақсысы – ағашынан, баланың жақсысы – нагашысынан» деген пәлсапалық нақыл сөз бар емес пе?! Ендеше, әңгіменің басын Құңші а남ызыға бұралық. Оның есімі кейбір деректерде «Құңші, Құңші, Құңгі» деп те кездеседі. Құңші – Қостанай өніріне қарасты Аманқарағай деген жердегі Сүгір руының ауқатты отбасынан шыққан Құлышек Шеруұлының қызы. Көз көргендердің айтудынша, Құңші өте ақылды, әрі байсалды, кесек мінезді, қолы жомарт жан екен. Құңшінің бойында шеберлігімен қатар, сөзге жүйрік ақындық қасиеті болғандығы, қыстың ұзақ құндерінде әзулет балаларына аңыз-ертеғілер мен қызықты жұмбактар айттып, кейде ән де салатын, мінезінің ерекше екендігі айттылады. Келін болып тұскен Үмбетей жүртшындағы ағайын-тугандары, көрші-қолаң ауылдастары оған «сарығайez» деген ат қойған. Бұл Құңшінің отбасындағы асыраушысы айдалып кеткенде, «төмен етек ұргашымын» деп боркемікше езілместен, ерлерше атқа отырып, адуынды міnez танытып, қаймықпай қасқайып, өз ұясы – отбасын, бала-шагасын «сүйекшілділардан» қызғыш құстай қорғағандығынан қойылған.

Тағдыр тауқыметінен әuletтің арқа тұтар ағасына айналған қара шаңырақтың кенжесі Ерғазы Шошақұлы Сібірге айдалған бауырларына араша сұрап, Торғай мен Ірғыздың арасында талай рет табан тоздырады. Қанша ізденсе де, арызына дұрыс жауап алмаған ол шағымданудан қажып, жүйкесі тозып, екі ортада жолаушылап жүргенде, базбіреулердің қасақана үйымдастырыған қастандығынан қапыда мерт болады. «Жұт жеті ағайынды» демекші, ойламаған жерден Шошақ әзүлесті жалғыз асыраушыларынан да айрылады. Ерғазыны жоқтаған әйелінің жырына сүйенсек, ол 41 жасында қаза болған. Әйелінің: «...Алты ай жүрген жолынан, Келіп еді саламат. ...Ұстаудан шығып келген соң, Артықша болды қанасы» - дегеніне

қарағанда, Ерғазы да айдалған ағаларымен түрмеде біршама бірге болып, кейін босатылған. Осы жоқтаудағы: «...Сапарланып аттанды, Ыргыз деген қалага, Барып пошта саларға, Не жақсылық, жамандық, Бір хабарын аларға» - деген жолдардан оның бауырларын босаттыру үшін ізденіп, аяғынан тозғанын, ал «...Орыс, қазақ баласы, Базынадан басталған. Нақақ еді жаласы, ...Табылмады әкімнен, Әділдіктің сарасы. Қоспады ма жақсы Алла, Аиылмады істің ырасы» - деген зарынан бір Шошақтың әuletі гана емес, қазақ ауылының басына түскен нәубетті көреміз. Кейін осы кіші анасының жоқтауын Ахмет 1923-ші жылы шығарған «23 жоқтау» жинағына кіргізген [17, Б. 111-114]. Бұл әз Аханың кіші әкесі Ерғазының әруагы алдында жасаған тағзымы, бағыштаған Құраны, құрметі еді.

Әuletтің анасы, сонымен қатар панаы да болу жауапкершілігі енді Құңшінің иығына түседі. Әuletтің қорғаны болу Құңші анамыздың жарық дүниеден өткенше атқарған ең қасиетті ісіне айналады. Үлкен ұлы Қалидың қызы Сәкеннің айтудынша, атасы Байтұрсын айдаудан келгеннен соң 1909-шы жылы өмірден өтсе, Құңші әжесі 1919-шы жылы қайтыс болған. Әжесі өмірден озғанда Сәкен 14 жаста екен. Ата-әжесінің мәңгілік сапары туралы Сәкен апа 83 жасқа қараган шағында артынан іздел келген Шолпан Байсалова мен Гұлнар Дулатовага айтып берген. Бұл тағылымы зор, тарихи маңызы бар әңгімені Г.Міржақыпқызы 1988-ші жылы жазып алғып, 1998-ші жылы «Шындық шырағы» кітабында «Сәкен Қалиқызының әңгімесі» деген тақырыппен жариялады.

Анасы Құңшінің қолдау-көмегімен Торғайдагы оқуын тәмамдаған Ахмет, қалайда білімін жалғастырудың жолын іздең, шарқұрады. Ол кездейсоқ кездескен сауда кереуеншілеріне ілесіп, мыңдаған шақырым шалгайдагы Орынбордың Мұғалімдер мектебіне оқуға аттанады. Білімге құштар жас талаптың бағына орай, әрі екі сыныптың орыс-қазақ училищесінің толық курсын бітіргендігі де есепке алынып, 1891-ші жылы тамызда Мұғалімдік мектепке қазына қаржысымен оқытын болып, қабылданады [12]. Ер жетіп, есейген шағында әупірімдеп, Құдай жарылқап қол жеткізген бұл мектебін Ахмет бар ынта-жігерін салып, «қара наң мен қара суды» қанағат тұтып, жақсы оқиды.

1889-шы жылы ашылған білім ордасының қарамағында қол енбегіне арналған кәсіптік шеберханасы, шалғай елден келген балаларды жатып оқытатын жатақханасы мен асханасы бар, өз заманына лайықталған оқу орны. Іргетасы 1883-ші жылы Ор қаласында алғаш қаланған Мұғалімдер мектебінде оқытып-үйрету жүйесі қалыптасқан болатын. Сонымен қатар, сабақ беретін тәжірибелі пән оқытушыларды да жасақталып, әрі оқыту басында бес мыңдан астам қоры бар кітапхана жұмыс істеген. Оқу орнын-

да төрт жыл оқып, 1895-ші жылы мамырдың 13-і күні қанағаттандырарық бағамен Ахмет бар «оқуын» тәмамдайды. Оқуын бітірген соң, сол кездеңі қалыптасқан тәртіп бойынша «оқытушылықтың – алты жылдық еңбек өтілін» орындау үшін жақын маңайдағы ауылдардың біріне жолсапарға шыгады.

Енді Ахметтің оқытушылық қасібін баяндамас бүрын, оған Мұғалімдер мектебін бітіргендеге берілген күәліктегі мәліметтерге назар аударайық. Орыстілді оқу орнының тәлімгері Ахметтің білім деңгейінің қандай дәрежеде бағаланғанын, оның күәлігіндегі көрсеткіштер бойынша таратып көрелік. Күәлік көркем безендірілген, айқара бет, яғни қос параптты. Бірінші бетінде бітірушінің толық аты-жөні, туган жері мен жылы, сонымен бірге оқытылған пәннен аттары көрсетілген. Күәлік 260-шы нөмірмен тіркеліп, 1895-ші жылдың мамыр айының 13-і күні толтырылған [18]. Мектепте оқытылған пәндердің баға көрсеткіштері: «Магаметке сену мен жазу, әрі бейнелеу сабагынан – 5, Педагогика және бастауыш мектептегі практика сабагынан – 4, Орыс тілі, Арифметика, Геометрия, Орыс тарихы, Жаратылыстынау пәндерінен – 3» - деп бағаланса, ал тәртібін «өтө жақсы» деп көрсеткен. Оқытылған пәннің жалпы саны – тоғыз. Мұнан басқа «ән айту хоры, ағаш үсталығы бойыниша қол еңбегі», сонымен қатар, «практикалық дәрігерлік» курсынан дәріс алған. Келесі бетінде: «...мұғалімдер мектебіне түсkenge дейін Торгайдагы екі сыныптық орыс-қыргыз училищесінде оқыған» деген қосымша акпар береді. Сонымен қатар, «...оқу орнын бітіргендер 1872-ши жылдың 12-ши наурызындағы Ережеге сәйкес б жыл мұғалім болуга міндетті» деп жазылған ескертпе бар [18]. Бұл қорда мұнан басқа Ахметке берілген мектептің педагогикалық қеңесінің мінездемесі және оның оқу бітіріп, еліне қайтарда жолына қаражат сұраган өтініші туралы мәліметтер қосымша ретінде күәлікке қоса тіркелген. Сонымен, Ахмет дәріс алған оқу ордасы туралы бұл деректі мағлұматтардан анығы: сол тұстағы мектептерде қазақ балалары үшін қазақ тілінде сабак өткізілмеген. Әрі аталған оқу орнында мұғалімдер құрамында қазақ ұлтының сирек болғанын байқау үлкен қындық тұтынбайды.

Жеке-жеке даралап көрсетілген пән атаулары айтып тұрғанда, бұл оқу орнында қазақ балаларының санасына барынша Орыс тарихы мен орыс мәдениетін сініруді мақсат тұтқан. Бір гажабы, орыс патшалығының аз ұлтты бұратана халықтарды орыс тілі мен мәдениетіне бейімдеу, тіпті бағындыру саясатын ұстанғанына қарамастан, аталған білім ордасында «Магаметке сену» пәні оқытылған. Магамет дегеніміз – бұл Ислам дінін таратушы Мұхаммед Пайғамбардың кирилшеленген орысша нұсқасы. Шындығында, оқу бағдарламасы аясында «Алла-тагаланың

елиісі Пайғамбардың өмірнамасы туралы» пән енгізіліп, оны оқытудың астарында не мақсат жатыр?» деген өзекті сауалға жауап ізделп көрелік. Негізінен, еш күдіктенбестен-ақ, «Күдайға сену күллі адамзат баласына тән екендігі оқытылған болуы керек» деп риясыз қабылдауға болады. Ия, бір жағынан, Күдайға құлшылық ету – күллі адамзат баласын тек имандылыққа жетелері анық. Ал, мұндай тағылымдық дәрістің қандай қогамға да ауадай қажеттігін түсіндіріп жатудың өзі артық. Екіншіден, орыс патшалығының ұзын құрығы, діні пәннің асында «өздеріне тәуелді жүрттардың балаларын ұйыған айрандай бірауызды яғни, «біртілді» жасау мақсатында насихаттық құрал ретінде жоспарлы түрде мектеп бағдарламасына арнайы енгізген» деген болжам жасауға болады. Эрі, бұл Магаметке сену пәннің тек мұсылман балаларына оқытылуы заңды да. Өйткені, бұл мектепке ауылдан есейген шағында келген олардың шоқындырылмауы әбден мүмкін. Мұсылман діні пәннің Боранқұлов Мейірім сабак берген. Ол дін сабағынан басқа Қазақ тілі пәнін оқытқан. Бірақ, Қазақ тілі негізгі пәндер қатарына кірмеген, тек қазақ балаларына орыс тілінің грамматикасын сауатты менгерту үшін салыстырмалы қосымша сабак ретінде оқытылған болуы керек. Өйткені, Қазақ тілі мектеп бітірушілердің күзілгіне енбеген [18].

Орыс тілі мен орыс тарихы пәні бойынша педагог Николай Петрович дәріс оқыса, жаратылыстану пәннің Кирнищиков Александр Михайлович оқытқан. Н.Шустиков – Қазан университетінің Тарих, тіл әдебиет мамандығын бітірген, тәжірибелі оқытушы. Ал А.Кирнищиков – Петербор університетінің түлегі. Орынбор шаһарындағы оқу ордасы Ахметтің қазына есебінен білім алудағы «соңғы мектебі» болатын. Бұдан соң жоғары оқуға қанша талаптанса да оның отбасылық жағдайы көтермейді. Бұл тұста ол 23 жаста еді. Сонымен, бар оқуының жиыны, ауылдың көшпелі мектебінен бөлек, Торгайды – бес жыл, Орынборда – төрт жыл білім алған Ахмет енді өмірдің үлкен соқпағына түседі.

Үлкен өмірге «бастауыш училище мұғалімі» деген атақпен жолдама алған Ахметке оқу орны мынадай мінездеме берген екен: «...мектептегі тәртібі өте жақсы, талқыга түсептіндей оғаш қылыштар көрсетпеді. Қабілеті орташа болғанымен, бойындағы таңғажайып ынта-жігерлігімен ерекшеленді. Нәтижесінде өзінің оқу міндеттін орындауга өте үқыпты ері мұқият болды. Мінезі жағынан салмақты, түйік ері үяң; қажырлығы жағынан сабырлы, сүйкәнды, болбыр ері әлсіз. Дене түрпаты жадау, өмірге көзқарасы қарабайыр, бірақ қарапайым мұғалім болуга әбден ылайық» [18]. Оқу ордасы берген осы мінездемемен 1895-ші жылы маусымда оқытушылық қызметке кірседі. «Өмірдерегіндегі» мәліметі бойынша

таратсақ, Ахмет қазақ елінің түрлі аймақтарында әр түрлі мектептерде алғашқыда ауылдық, соナン соң болыстық мектептерде мұғалім болып, ең соңында Қарқаралы қаласындағы екі сыйныптық училищенің менгерушісі лауазымымен қатар, оқытушылық қызметті қоса атқарған.

Бір гажабы, тогызжылдай орысша оқып, орысша тәлім алған Ахмет ауыл балаларын оқытқанда, өзін сипаттаған мінездемеден бөлек, тіпті өзгеше қасиеттермен танылады. Ол еңбек жолында тек қаралайым мұғалім болып қана қойған жоқ, сахарарадағы қазақы ауылдың әлеуметтік қалыптасуындағы ұлт жүргін арқалаган көшбасшыға айналды. Қазына мектебінен орысша білім мен тәрбие алған жас оқытушыны, қазақ ауылының балаларын «орысша оқытады, орыс ілімін, мәдениетін далала жаяды» деп үміт еткен миссионерлердің саяси сенімін ойран етеді. Орыс оқытушылары мен тәлімгерлері жіті танымаган Ахмет бала оқыту ісінде, ягни оқу-агарту саласында қырағылық көрсетіп, жаңа сипаттағы қазақы болмыс, қазақы танымның түп қазығын қалайды. Ол «орекендер» ойлагандай «...өмірге көзқарасы қарабайыр, болбыр ері алсіз» болмай, керісінше өмір деген үлкен, әрі тұңғылық тенізде «қазақты қақпайлалған түрлі асau толқындарға» қарсы жүзеді. Тосыннан төте жолдар іздейді, қамсыз жатқан қазақ жүртүн қалың үйқыдан оятып, саңлауы бар саналыларға рухани қозғау салады.

Ахмет жырақта жүріп, атамекенін қанша сағынса да, арқадағы ағайын туыстарына баруга асықпаган. Өйткені, итжеккенге айдалып кеткен әкесі мен оның бауырлары туралы сыйсың сөздің арада он жыл өтсе де, ел ішінде басыла қоймаган кезі. Оның үстіне әulet анасына айналған Құңші шешесі «оқу бітірген ұлының» елге келсе, «жолы кесілетінін» іштей сезіп, оған әлі де білімін шындаі түсіп, сыртта қызмет етіп, ысылуға ақыл-кеңес береді. Осылайша анасының ақылын дәтке қуат еткен ол, тұған жерден жырақ өмір кешеді. Десе де атамекенге деген сағынышын бала күнінде ауылдың үлкен ақсақалдарынан естіген ұлттық әдет-ғұрыптар мен бабадан қалған нақыл сөздердің астарына үңіліп, ой елегінен өткізу арқылы басады... Сөзге тоқтаған әз-халқының ауыздан ауызға тараған мақал-мәтедері мен елішілік әдет-ғұрыптарды ол мектепте жүрген кезден-ақ қойын дәптеріне жазуды дағдысына айналдырады. Осылайша болашақ ағартушы Ахметтің қаламы ұшталады. Осы жиган-тергендерін іріктең, тұған халқының қалыптасқан қанатты сөздерін өзге ұлт өкілдерінің назарына ұсынғанды жөн көреді.

1895-ші жылы Орынборда оқып жүргенде «Тургайская газета» атты басылымға «Қазақы ырымдар мен мақалдар» (Казахские приметы и пословицы) деген мақала беріп, ол жарияланады. Бұл оның газет бетінде басылған тұңғыш туындысы. Әлбетте, қазақ ұлтын дербес ел ретінде

оның айналасындағы ірі державалар мойындағы қоймаган тұста, Ахметтің ұлттық бітім-болмысымызды айқындастын әдеп-ғұрып тақырыбындағы танымдық мақала жариялауы батыл қадам еді. Оның үстіне мұның орыс тілді газетте басылуы да, солтүстігі қоғами орта үшін ұлкен жаңалық болатын. Осы тырнақалды еңбектің «Тургайская газетаның» 39-шы санында жарық көргендігі туралы әдебиетші-ғалым Шәмшиябану Сәтбаева 1989-шы жылғы басылымның алғысөзінде: «...орыс газеті бетіне басылуының өзі көңіл аударарлық нәрсе» екенін айырықша атап өтеді. [19, 9-б.].

Ғалымның айтуынша, ол Ақтөбе уезіне қарасты Батпақты ауылында Ахметкерей Қосуақов (кейбір деректерде «Қопсықбаев», «Қойышыбақов» деп жазылып жүр – И.Р.) деген болыстың мектебінде сабак береді. Бірақ, неге екені белгісіз, ол бұл өнірде көп аяддамайды. Ахмет Орынбор мұғалімдер мектебінде оқып жүргендегі, іс-тәжірибелік сынақтан өткен Қостанай уезіне қарасты Әулиекөлдегі бастауыш мектепке қайта оралып, мұғалімдік қызметтің сонда жалғастырады. Агартушы осылайша жер-жерлерді аралап, бала оқыту ісімен айналысып жүрген үақытында, әр ауылдағы әлеуметтік ахуалға назар салып, көргендерін ой елегінен өткізіп, санасына зерделей бастайды.

Әулиекөл елдімекені – бозбала Ахметтің балалықпен қоштасып, жігіт болып, қосағы Александраны тапқан жері. Бұған ерекше мән беріп, салмақ сала айтуымыздың өзіндік себептері де жетерлік. «Өз алдыңа отау тігіп, шаңырақ көтеру» үшін бір басың екеу болуы керек. «Отан – отбасынан басталады» деген қанатты сөз өмір сынагында елеуден өткен қағида, ендеше Ахмет те жеке өмірін, осы өз Отауын, Ошағын құрудан бастағаны анық. «Бас екеу болмай, мал құралмайды» дегенді бабаларымыз бекер айтпаған. Мұхтардың мақаласында: «... Қостанай уезіндегі Әулиекөл деген жерде екінші рет оқытуши болған. Әулиекөлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласы... » деген мәлімет бар [11, 18-б.]. Тұлғаның рухани қаламдас інісі М.Әуезовтың осы «... Әулиекөлде екінші рет оқытуши болған» деуінің астарында жұмбақтың шешуі жатқандай. Асылы, Ахметке ат басын қайта-қайта бұрғызған «Әулиекөлдің», кейін оқытушы Ахметтің құрметіне бір көлі «Мұғалімкөл» деген атауга ие болғаны мәлім. Осы бір киелі мекеннің де тарихына зер салсақ, бізге берер мағлұматы баршылық-ау! Адамзаттың басына бір-ақ рет берілетін, бұл жарық пәниде пенде өзіне өмірлік жар таңдауда кездейсоқтыққа бой алдыруы мүмкін бе?! Әлбетте, жазмыштың бәрі де Алла-тағаланың бүйрекшінан. Маңдайыңа нені жазса, соны көресің! Әйтсе де Ахандай алғыр жанның жүргегіне жол тапқан перизатты да, сол аруды өзіне мәңгілікке жар еткен Ахметті де «пендершілік есеппен тұрмыс құрган-

ды» деу, күпіршілік. Оларды бір-біріне кезіктірген тағдырыдан тылсым күшінің құдіреті шексіз бе дерсіз!

Қазак деген ұлысқа керек кезінде туып, оның керекті ісін атқарған Ахметтей ақының жанның маңдайыңа қандай жанды бүйіртты екен, бұл Жаратқан?! Енді соның сырына үңілейікші... Қазақ даласына өзге ұлт өкілдерінің қоныстандырылуының, оның ішінде Ресей жерінен орыстардың қоныс аударылуының саяси себептері болды. Мәселен, орыс патшалығы тұсында әділетсіз билікке қарсы бұқара халықтан шыққан көзі қарақты сауатты жандар өздерінің тарихи Отаны – Ресейден әдейі аластатылған. Сондай аласапыран уақытта Орал жағынан Қостанайдың Аманқарагайына ауып келген бірлі-жарым орыстарға, осы сардаладағы қонақжай қазақы ауылдан бастарына тұрақ бүйірганы белгілі.

Аманқарагай – Қостанай өніріндегі табигаты сұлу, қалың қарагайлы, ұзындығы екі жұз шақырымдай алқапқа жайылған, орманды мекен әрі бұл өлке айдын шалқар көлдерге бай. Осы өнірге жер аударылған Иван ауылдағы Аманқарагай орманының қорықшысы болып, тапқан аз нәпақасымен отбасын асыраған қарапайым шаруа екен. «Адамның басы, Алланың добы» демекші, Иванның қызы Александра осылайша орманнан жеті шақырым қашықтықта орналасқан Әулиекөлге кез келеді. Орыс қызы Александра ару да қаражау емес еді. Ол сауатты, көзі ашық, иманжүзді, аяулы жан болса керек. Ал, осы елге оқытушы болып, екінші рет қайта келген жас мұғалім «пешенесіне жазған періштесін» кезіктіреді.

Ахметтің «Әулиекөлді» өзіне пана тұтып, қайта оралуына себеп жоқ та емес еді. Өйткені, анасы Құңшінің ағайын-тугандары, өзінің нағашы жүрті – Сүгір елі осы жердің байырғы жүрті болатын. Сүгір – ұлken ата Арғыннан тарайтын, тамыры терең, бұтақтары кеңге жайылған, өсіп-өнген тармақ. Бүгінге жеткен мәліметтерге сүйенсек, ру атына айналған Сүгірдің Шеру деген баласынан Құлыбек тұады. Құлыбек – Ахметтің нағашы атасы, ягни Құңшінің әкесі. Ахметтің нағашы бабасы Шеруді ауқатты болған деседі арқа жүрті. Сонау бір алмағайып орыс патшасына қазақ елі тәуелді болған тұста, бетпақтағы ауа жайыла қоныстанған көnlі дарқан дала жүртіның жұдырықтай жүргегіне бодандықтың құрсауы сыват салған заман туды. Ел мен елдің, ауыл мен ауылдың арасындағы қарым-қатынасы да осы патшаның ұзын құрығының қили-қили қимылына қарай бағынатын құлдық, күйге тұсті. Құлыбектің күйеу баласы Байтұрсынды, ағайындарымен қоса айдатқан да осы патшаның қитұрқы саясаты еді. Патша ағзамның ұзын құрығына ілігіп қалмас үшін Құлыбек бай «шалғай жатқан Торғайдагы құдасы Шошақ әулетімен жалпы, құдандалы жегжат-туистармен абайлап араласып, туган қызы Құңшігे де іштей тілеулем бो-

лып», бәрін сырттарынан бағып, бір шетте тыныш жататын. Торгайдагы тұмалардан қол үзіп, Сүгір елінің біршама уақыт бұйығы өмір кешуіне тұра келеді. «Уақыт өзі емші» дегендейін, талай жылдар оқу қызып, соныра еңбек жолын бастаған осы бір қысыл-таяң тұста тіршілігіне демеу ізdegен Ахмет нағашыларының ауылын пана, әрі қара тұтып келді ме екен?!

Қостанай маңындағы елеусіздеу тыныш жатқан ауылда сабақ беріп жүрген жас оқытушыны өмір-талқы өзі баулиды, тәжірибесін ұштайды. Көк аспанның аясында жарқырап жатқан, қасиетті Әулиекөл де қос жүректің лүпіліне күә болып, тағдырларына ортақтасып, олармен бірге сир шертеді... Жан сырларын ақтарған Әулиекөл, қос ғашықтың аппақ сезімдеріне күә болғанымен, олардың бастарына ұзақ пана бола алмайды. Ол кезде ел ішіндегі жазылмаған Дала заңы бойынша, нәсілі бөлек жандар бір-бірімен отандасуға болмайтын еді. Өмірдің бұралаң соқпағына енді аяқ басқан, ұстанған діндері бөлек, «бірі – мұсылман, бірі – христиан» қос жүрек, махаббаттарына араша болар, пана іздеп, жақын маңдағы арасы жүз шақырымдай болатын Қостанай қаласына келеді. Мұнда көп аялда-майды, осы өнірге жақын жатқан теріскейдегі Троицкіге жол тартады.

Мәңгілікке бірге болуга қол байласқан олар, ақ некесін қигызу мақсатымен, шаһар ішіндегі Мұсылмандар мешітінің ақыл-кенесіне жүгінеді. Мешіттің имамы айтқан кеңес бойынша, олар сол жерде Александраны мұсылмандыққа қабылдау үшін қажетті барлық рәсімдерді орындаиды. Ахметтей жігіт падишишына жар болуга ант-су ішкен болашақ қалыңдығы Зейнолла ишанның қарауында екі айдай имани дәрістер алады. Көп ұзамай Александра Мұсылмандық мектептің өзіне қойған сынақтарынан сүрінбей өтеді. Олар осы қалада біршама уақыт тұрып қалады. Мұсылман дінін риясyz пейілмен қабылдаған аруға, Ахметтің жүрек қалауынан шыққан «Бадрисафа» деген жаңа нысны беріледі. Ол бұл есімді кенеттен таңдамаған еді. Бала күннен тілін арабша сындырып, Мұхаммед пайғамбар туралы танымы ерте жастан қалыптасқан Ахметтің «Алла сөзін хақ» деп танитын қасиетті Құраннан сауаты зор болатын. Айдай толықысған ару Александрасының өн бойынан кіршіксіз пәктікті таныған оның санасына осы «Бадрисафа» есімі орала берді. Арабшада «бадрун» сөзінің «толық ай», ал «сафа» сөзінің «кіршіксіз таза» деген мағына беретінін білетін ол, болашақ жарына тек осы сұлу есімді ылайық көрді. Әрі сол шешімге тоқтам жасайды. Екі жас осылайша «Күдай алдында мәңті бірге болуга ант-су ішпі», Мұсылмандар үйінен ерлі-зайыпты болып шығады.

Ахмет пен Бадрисафа Әулиекөлде табысып, онда аз уақыт аялдаса да, оның ауыл балаларын оқытудағы қалтқысыз қызметтің жергілікті жүрт

ерекше бағалайды. Олар екі жастың елден кеткенін қаламайды. Бірақ өмір соқпагындағы тағдырың темірдей талабы ел таңдауымен санаспайды. Аманқарағайлықтар қос ғашыққа деген шексіз сағынышын, олардың аптақ махаббатына деген ізгі ілтифаттарын, ауыл ортасындағы әсем айдын «Әүлиекөлдің» көп көлінің бірін «Мұғалімкөл» деп әспеттеумен үрпақ жадында мәңгілікке қалдырыды. Мұғалімкөл күні бүгінде ұлт ұстазы Ахметін ұмытқан жоқ. Көкпеңбек көлдің түп-тұнық сұнының бетінде жарыса жүгірген толқындары, айдында жүзген ұзын мойын аққуларды аялай тербетеді. Соңан соң аққулардан оза жағалауға асыққан асау толқындар Ахмет пен Бадрисағаның табаны сан рет тиғен жағаны жарыса кеп, кезек-кезек өбеді. Мінекей, табиғат ананың жұрт жұмысы үшін жаралған, ғасырда бір-ақ рет туатын, төл перзенті Ахметі мен оның сүйікті жары Бадрисаға деген шексіз махаббаты, мәңгілік ескерткіші. Жарқыраган Мұғалімкөлдің жағасында Ахаң сабақ берген мектеп әлі бар. Қабыргалары бөренеден өрілген ағаш мектептің маңдайшасына, оның бұл білім орда-сында қашан сабақ бергендерін жазылып, мәрмәр тастан тақта ілінген. Ал қарсы алдында үш қабатты мектеп гимараты бой көтерген. Айналасы әсем қоршалған, жанында бау-бақшасы бар қос оқу ордасы бір-біріне саялы сән-салтанат беріп, алыстан «мен мұндалап» өз оқушыларымен қатар, басқаларды да өзіне шақырады.

Енді біршама алға оза отырып, 1989-шы жылы 5-ші қыркүйекте Шолпан Ахметқызына Қазақ КСР Прокуратурасы берген «Ақтау туралы» мәліметтерге назар аударсақ. Анықтамада: «... Байтұрсынова Бадрисафа Мұхамед-Садыққызы, туган жылы – 1878, Орал қаласының тұмасы, ұлты – татар, КСРО азаматшасы, үйшаруагері» деп, оған 1931-ші жылы 13-ші қаңтарда тағылған жер аудару қаулысының күші жойылғаны жөнінде мәлімдеме жасайды [20]. Ресми құжатта Бадрисағаның нағыз ныспысы – орыс нәсілі екендігі көрсетілмеген. Себебі жоғарыда айтқанымыздай, Александра «тағдыр-талайым» деп қабылдаған Ахметімен өмірін мұлдем жаңаша бастаған. Соңдықтан да оны кейінгі ортасы – жаңа жүртшылық «татар қызы Бадрисафа Мұхамед-Садыққызы» деп таныды. Шындығында, алғаш көргендер оның ақсары өніне қарап-ақ, ныспысы «орыс» екенін бірден аңгарса да, Ахметтің отбасымен етene араласқандықтан, жақын туыстары мен жора-жолдастары мұсылман дінін қабылдаған биязы Бадрисаға үлкен құрметпен қарайды. Тұмсынан бауырмал қазақ жүрті оны өздеріне тартып, «Ахаңың жары» деп ерекше ықыласпен әспеттеп, сыйлаған.

Ш.Байсалова естелігінде Бадрисафа анасының келбетті, әрі сұлу болғанын, оның мұсылманша киінетіндігі, әкесі Ахметті «отагасы»,

«төрем» деп құрмет түтқандығын, ал ағайын-туғандарының арасында анасының «ак келін» атанғандығын жазған. Ш.Ахметқызы атаанасының бір де бір суретін өзімен бірге сақтай алмағанын өкінішпен еске алатын. Кейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған экесінің суреттері мемлекеттік мұрағаттардан алынса, анасының суреті өзінің сипаттауымен, Орталық саябаққа серуенге шыққан орыс әйелдерінің «жынтығынан» салынғанын айтқан еді. Ахаңның асыл жары Бадрисафа анамыздың аяулы бейнесін еске түсірушілердің бірі Шолпанның құрбысы – Міржақыптың қызы Гүлнар Дулатова. Ол өзінің «Ардақтап өтем әкемді» атты мақаласында, ұлken экесі Асқардың қызы Ботакөз әпкесінің мәліметтерін келтіре отырып, өте қызықты дәректер береді. Онда Ахаңның бәйбішесі жөніндегі: «... жеңгейдің наслі - орыс. Тілі келсін-келмесін, тек қазақша сөйлейтін. «Қ»-ны «қ» деп айтатын, тәтемді «Міржакып кайным», Ахмет жұбайын «төрем» дейтін. Бадрисафа жеңгей ақ сары, көк көзді, қыр мұрынды, орта бойлы, толықтау денелі болатын. Құлагына ақ тасты алтын сырға салатын, басынан аппақ орамал түспейтін, оны желкесіне байлан қоятын»- деп жазады [21, Б. 509-510]. Және Бадрисафа аналары дайындаған әр түрлі тағамдардың дәмділігі тіл үйіретіні соншалық ауыздарының сұы құртынын, әрі оның жұздеген жұмыртқадан қатыратын шәк-шәк, бауырсақтарын кесуге көмектескендерін шынайы сүйіспеншілікпен мақтана еске алады.

Бадрисафа Мұхамед-Садыққызының аса мейірімді, әрі өте қонақжай болғандығы, жұбайының тұған-туыстарына деген шексіз құрметі ел аузында да аңыздай тараган. Мәселен, 1926-шы жылдары тұған еліне демалуға келген Ахмет пен Бадрисафының аз күн тәрбиесінде болып, шапағатын көрген ақкөлдік Әубек Сатыбалдыұлының олар туралы әңгімесін 1998-ші жылы өз құлағымызбен есітіп, бейнетаспаға жазып алған едік. Бұл шамамен, Әубек ақсақалдың он екі-он үш жасында басынан өткізген оқиғасы. Қария әңгімесін: «... Ахаңның жұбайы әйелдердің нағыз перизаты, бек сұлуу еді» деп бастады. Ел ішінде оның орыс қызына үйленгенін жаратпаған қауесет тарап кеткен. Олар алғаш елге келгенде, оның орыс әйеліне үрке қараган ағайын-туыстар мен тұма-жегжаттар көп болды. Солардың ішінде бала болсам да мен де бармын. Мен Ахметтің ұлken ағасы Қалидың қозылы-қойларын бағып, есік аузындағы бөстекке жата кететін кіріптар кедей ағайынының баласымын. Устібасым – ебір-жесір. Басым – жалақ, әрі сұы шыққан – таз, адам баласы жаныма жолай алмайтында сасықтын. Менің мүшкіл халімді көрген Ахмет агатайым кейбір тұғандарыма ұқсан төріс айналмастан, бірден

орыс әйеліне «-Мына бейбақты күтіп, бақ» деп, тапсырма берді. Әлгі орыс жеңгеміз өзгeler сықылды «тыжырынып» жиіркенбестен, мені қасына ертіп, барлық жағдайымды жасады. Ауыл маңындағы өзенге апарып, өмірімде сабын көрмеген денемді, іісі аңқыған сабынсумен жуындырып, басыма дәрі жағып, айналдырган аз күнде «көзімді шайдай ашты». Мен осылайша «ел қатарына қосылдым» деп, Әубек ақсақал басын шайқай, тамсана өткен күндерді есіне алды. Соңан соң сол күндер көз алдында түргандай, өзінен-өзі құлімсіреді. Оның терең әжім басқан жүзінде «Ахаңдай ағатайы мен Бадрес жеңгесіне деген ризашылығының табы әлі сақталғандай көрінді» маган. «Жақсыдан – шарапат» деген, осы болар, сірә!

Ахаңның туған жері Сарытубектің сар аптабына қақталып, топырақ-құмын кешіп өскен, бүгінгі аға үрпақтың әңгімесіне ден қойсақ, яғни, торғайлықтардың айтудынша: «...Ахмет Орынбордагы оқуын бітірген соң, Қостанай uezінің Әмбиеқөлінде бастауыш мектепте оқытушы болып түрган тұста Мұхамедсадық деген татар көпесінің үйінде пәтер жалдан тұрады. Сол көпестің балигатқа толып отырган Бадрисафа атты үзіл бойжеткен қызы бар екен. Ол қыздың күтүшісі орман қорықшысының Александра деген орыс қызы. Байдың қызы Бадрисафа кенеттен келген сырқаттан көз жұмады. Көпес қайғысын ұмыту үшін қызының көзіндей болған сипайы, әдепті ару Александраны Ахметке ал деп қолқа саладымыс...». Бұл ел ішіндегі аңызға айналған бастаған әңгіменің ақиқатқа алыс-жақының дәп басып айту қиын. Бірақ, шындыққа бір табан жақын-ау деп те қаласың. Қалай болған күнде де орыс қызы «Александраның – Бадрисафа» деген мұсылманша ныспыны кейін алғаны анық. Ал Ахметтің Аманқарағайдай қазақы ауылда өзінің анасының төркіні, нағашы жұрты сүтірлер түрганда татардың үйін жалдауы, сол тұстагы солақай саясаттың салқынынан болса керек.

Қостанайлық журналшы әрі жазушы Байтұрсын Ілияс 1998-ші жылы ғұламаның 125 жылдық мерейтойына орай жарық көрген «Алтын бесік» кітабында Ахметтің жұбайы жөнінде мынадай деректі оқиғаны баяндайды: «...Нұртаза ақынның баласы, атақты Әбіқай ақынның туган бауыры Нәуен молда Орынбордан келе жатқан Ахаңды үйіне құрметтеп қарсы алып енгізеді. Бұрыннан Ахаң іші бұратын, қадір тұтатын, әзіл-қалжыны жарасқан достығы болыпты. Нәуекең Ахаң да әзілін қыстырып жібереді: – Аха, мына қасыңыздагы тым сымбатты асыл перизатыңыз, өзінің көзі де әдемі келісті, есімі кім болар екен? - дейді. Сонда Ахаң мұдірместен:

«Есімі – Александра Ивановна,
 Құдайдың ризамын қиганына,
 Бір кәпірді мұсылман қып сауаптасам,
 Тұрмай ма ол молданың иманына», –

деген екен [22, Б. 20-21]. Бұл тұған еліне алғаш рет жұбайын ертіп келген сапарындағы Ахметтің басынан өткен оқиға. Кітаптың орыс тілінде берілген мәтінінде: «ол» сөзі «он» болып өзгеріске түскен:

«Это – Александра Ивановна,
 Благодарю всевышнего за встречу с ней,
 Одну неблаговерную я обратил в ислам,
 Не равен ли мой подвиг службе 10 имамов?».

[22, 219-6.]

Өлең орыс тіліне жолма-жол баламаланған. Осындағы қазақ тіліндегі – «ол» мен орысша «он» сөздеріндегі айырмашылық – әріптік қате. Бұл шумақ ел аузында сақталып, ауызша жеткендіктен түрленіп, өзгеріске түскен болуы керек. Десек те, бұл өзгеріс бір шумақты өлеңдегі мәтін магынасын бұзып тұрган жоқ. Шумақтың орысшамен қатар берілген қазақшасындағы алдыңғы екі жолы 20-21-ші беттердегі алғашқы нұсқасынан біршама ауытқыған, ягни «Есімі – Александра Ивановна, Құдайдың ризамын қиганына» деген жолдар «Бұл кісі Александра Ивановна, Құдайдың мен риза маган қиганына» деп, төртінші қатардағы: «Тұрмай ма ол молданың иманына» деген қатар «Татымай ма он молданың иманына» болып өзгеріске түскен [22, 218-6.]. Екінші нұсқадан алғашқысының үйқасы мәнді, әрі құлаққа жағымды естіледі.

Қалай десекте, арага талай жылдарды салып, Ахаңның жерлестерінің жадында жатталып, әйтеуір осы күнге жоғалмай жеткен, бұл шумақтың XXI-ші ғасырдың үрпағына да айтары көп-ау?! Жөпелдемеде кенеттен тұған осы Ахметтің зайдыбына шыгарған арнау-шумағының әрбір сөзінде тұнып тұрган тәлім-өнеге, философиялық ой-толғамды көруге болады. Әрі нәсілі орыс болғанына қарамастан, Александрадай арудың мұсылман дінін, ділін, тілін қабылдауы – «Құдай қосқан қосағы Ахметке» деген аппақ, кіршіксіз сезімін айғақтап түр емес пе?! Ал, ұлат ұстазының ұлы істерінің қуаты болған Александра-Бадрисафа анамыздың мұсылман болуы – бүтінгі рухсыздық жайлаган жаһандану дәүірінде өз дінінен безіп, шыққан тегін басқаға айырбастаған дүбәра, санасыз үрпақтарға ұлғи етерлік өнеге ғой.

Ахметтің асыл жары Бадрисафа хақында зерттеуші ғалымдардың тарапынан да әр қылыштық дағы болжамдар айтылып жүр. Мәселен: «... Осы жерде *айта кетелік*, А.Байтұрсыновтың жұбайы Александра/га/ атты орыс айелі болады. Өзі түрган пәтер иесінің қолында жүрген жетім қызы (*тіпті фамилиясы белгісіз*) А.Байтұрсынов түрмеде жатқанда тамақ тасып, кір-қоңын жуып, қызмет көрсетеді. Адамгершилігі зор азамат мұндай қайырымдылықты, адал көңілді аттан кетуді ар сана, түрмeden шықкан соң сол жетім қызға үйленеді» деген жаңсақ пікір еш қысынға келмейді [23, 32-6.]. Тура осыған ұқсас ақпаратты танымал жазушы да қайталайды [24]. Тіпті, тарихи тұлғаны 1907-ші жылы еш дәйектің түрмеге отырғызып қояды да, «34 жасқа келгенде, әрек үйленеді» деген сәуегейлік жасайды. Шындығында, Ахметтің 1907-ші жылы емес, 1908-ші жылдың қараша айында аз уақыт абақтыда отырғандығы туралы мәлімет бар, оған кейінірек тоқталамыз. Жазушының мәлімдеуінше: «...Болашақ жұбайлар Қарқаралыда танысқан кезде Ахаң 34 жаста, Александра 29 жаста болатын. (...) Сонымен кейінгі тұрагы Орынборга Ахаң мен Бәдрисафа ерлізайшыты болып келеді» - дейді [24, Б. 163-166]. Жоғарыда үзінді келтірілген жолдардың авторлары зерттеулеріндегі ой-тұжырымдарын: «...тәгдыш тауқыметін кешіп жүрген кездері түрмеде көмекке келген қызға кейіннен аяуышылық сезіммен үйленген» деген ақылға сыйымсыз мәлімдемелермен түйіндейді. Шындығында, мұндай жаңсақ пікірлер негізсіз екенине, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатынан табылған тарихи құжаттардағы деректер дәлел бола алады (Бұдан әрі – ҚР ОММ). Осы ҚР ОММ-ның құпия сирек қорларында қатталған ресми деректер дүдәмал болжамдарды толықтай теріске шығараады. Мұрағат мәліметтеріне кезек бермес бүрүн, осындағы құпия құжаттардың қатталуына не себеп болды екен? «Құрығы ұзын патша саясаты нені көздеді, ал «қолы қысқа» Ахмет нені көкседі?». Енді соның сырына үцілелік.

Қазақтың басына түскен қын да қылыштық заманда ұлтқа бас болу – Ахмет Байтұрсынұлының маңдайына бұйырған киелі іс. Мамандығы қарапайым оқытушылықтан бөлек, саяси өмірге араласуына түрткі болған – ол қазақ халқының өз Отанында отырып, бұратана күй кешуі еді. Атамекенінде отырып өзінің тіліне, діліне, дініне, жеріне иелік ете алмаған жұртының аянышты ахуалы, оны және оның айналасына шоғырланған қазақ оқығандарын саясат-сахнасына күрескер етіп алғып келді. 1904-ші жылдың соңынан таяу Ахмет отбасымен бірге Қарқаралы қаласында болғандығы, әрі осында түргандығы анық. Нақ осы қалада күрескер-агартушының саяси көзқарасы қалыптасып, ол қогамдағы әлеуметтік қозғалыстарға белсене қатысады. Даң болып жатқан

сан қылышағалардан тыс қалу мүмкін де емес еді. Өйткені, жаңа ғасырга қадам басқан қазақ ұлтының алдында ұлкен сыйнақтар түрді. Біріншіден, өз атамекенінде отырып, дербес ұлт ретінде өзінің ұлттық мұддесін қорғай алмауы – көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялышарының намысын қозғап, ширықтырды. Екіншіден, барлық іс басқару жүйесінде патшалық құрықтың қыспағында болуы – қазақ оқығандарының өрісі мен тынысын тарылтып, тығырыққа тіреді. Осындағы саяси қысымшылықтармен қатар, шектен тыс көпек-көрнеу қазақ ұлтын «бүратана» деп менсінбеуі – олардың ыза-кегін туғызып, қандай да бір шешуші қадамдар жасауга мәжбүрледі. Осының бәріне негіз болған 1896-шы жылы Ақмола, Семей, Торғай өңірлеріндегі жер ахуалының аңысын адақтап шыққан атақты Щербиндік зерттеу саяхаты сапарынан соң, қазақ даласының шүрайлы жерлеріне қоныс аударушылардың санының күрт өсуі еді! Эрі олар жергілікті тұрғындардың ежелден қалыптасқан шаруашылық дәстүрімен санаспастан, қазақтың мал, егін шаруашылығында алқабын күрт тарылтып, өздеріне тиісілі нормадан артық жерлерді иемденуі – қазақ оқығандарының қандай да бір әрекетке келіп, шара қолдануларына негізгі түрткі, себепші болды.

1905-ші жылғы бірінші орыс төңкерісіне ұлкен үмітпен қараган қазақ оқығандары: Бекейханов Элихан, Байтұрсынұлы Ахмет, Ақбаев Жақыптар осы жылдың 26-шы маусымында бір топ қазақ зиялышарымен әйгілі Қоянды жәрменкесінде бас біріктіріп, тізе қосып, халық атынан Петербордагы патша үкіметіне арыз-тілектерін (петиция) жазып, құзырхат жібереді. Бұл тарихи құзырхатта қазақ елін билеушілерге мынадай талаптар қойылды: 1).Діни сенімге қысым жасауды тоқтату; 2).Қазақ тілінде оқыту: интернат, пансионат, жоғарғы оқу орындарында; 3).Қазақ тілінде газет шығару; 4).Переселендердің көшіп келуін догарып, «жерді қазақтікі» деп жариялау; 5).Қазақтарды өзінің атамекенінен көшіруді тоқтату; 6).«Далалық билеудің ережелерін» өзгерту; 7).Болыстық кеңселер мен халықтық соттарда істі қазақша жүргізу, өтініштерді қазақ тілінде қабылдау правосын (құқын) қалпына келтіру; 8).Сот ісін қазақ тілінде жүргізу; 9).Бастықтар, урядниктер санын қысқарту; 10).Генерал-губернатордың бұйрығымен жер аударуды тоқтату; 11).Жоғары үкімет санатында қазақ депутаттардың болуы сынды ең өзекті мәселелерді көтерді [21, Б. 210-211; 25].

Тарихи деректерге сүйенсек, осы құзырхатқа 12 мың 767 адамның қолы қойылғаны, жалпы ереуілшілердің жиыны – 16 мыңдай адамға жеткендігі жөнінде мәлімет бар. Ал бұлардың дені, басым көпшілігі ел ішіндегі жергілікті билік тізгінін ұстаган болыстар мен билер болған. Олар патша үкіметінің қазақ даласында орын алған өктемешіл отарлау жүйесіне

ашық қарсы күреске шықты. М.Дулатұлы 1922-ші жылғы мақаласында Ахметтің саясат ісіне араласқандығы туралы: «...живя в Каркаралах, А.Б., принимает участие в революционных движениях: работая первое время нелегально, а затем, после обнародования Манифеста 17 октября 1905 года, являясь одним из видных и активных руководителей киргизской массы» - деп жазады [13]. Бірақ, соңыра көпшіліктің арасынан Тәтімбет Шыңғысов сияқты сатқын шығып, Ахмет Байтұрсынұлы мен оның ең жақын жолдастарын патша үкіметінің шабармандарына сырттарынан көрсетіп жібереді де, олардың ізіне жандармның тыңшысы түседі» деген мәлімет береді. Міне, қалың бүқараның әлеуметтік ісіне араласқан уақыттан бастап, Ахметтің соңына түскен патшаның ізкесуші тыңшылары түрлі домалақ арыз-шагымдарды қасақана үйимдастырып, жалған мәліметтер таратады. Енді мұрагат деректеріне кезек берелік. 1908-ші жылдың бүратана жүрт қатарындағы қазақтың әлеуметтік-қоғами өмірінде белсенділік танытып, жақтастарымен бірге ұлт үнін сөйлегендердің бірі – Ахмет Байтұрсынұлының атына алғаш рет «іс қозғалып», ол туралы жалған мәліметтер жинала бастайды. Осы мәліметтер негізінде сол жылды қыркүйек айының 26-ы күні Дала губернаторының атына аса құпия түрде «үшбу хат» жөнелтіледі. Бұл құпия хатта Омбы жандарм басқармасы бастығының көмекшісі: «...Ахмет Байтұрсынұлы мен Жақып Ақбаев арасындағы саяси қарым-қатынастың қанышалықты жақындығы барынан хабарсыз екенин, бірақ бұл жөнінде Семей аймақтың соты прокурорының маглұматы мол екендігін» - дереу хабарлайды [26]. Құжатқа құпия кеңсе мәліметтің жеткізуші ротмистр Леваневский деп қол қойса, оны растап Омбы жандарм басқармасы бастығы, полковник тек қолын қойған, бірақ аты-жөнін жазбаған.

Дәл осы домалақ арыздар жолданған тұста, нақтырақ 1908-ші жылды А.Байтұрсынұлы Қарқаралы қаласындағы екі сыныптың орыс-қазақ училищесінің менгерушісі, әрі оқытушысы болып қызмет атқарады. 1905-ші жылды жазылған құзырхатта «қазақтың қоғамдық ортадары әлеуметтік орны туралы ой-пікірлер айтып, талап-тілек қойғандары үшін» агартушы-ұстаздың соңынан патшалық саясат өз тыңшыларын үзбей, ұдайы аңдуда болады. Арада үш жылға жуық уақыт өтсе де, ұлт азаттығы үшін сөйлегендерді «саяси күдіктілер» деп, 1908-ші жылды 26-шы қарашада олардың атына Дала генерал-губернаторы кеңесінің 1-ші бөлімшесі «Қ» (құпия – Р.И.) үстелде арнайы іс қозғайды. «Саяси күдіктілер» деп бес адамның аты-жөні нақты көрсетіліп, олар жөнінде толық мәлімет беруді сұрап, кеңсе бастығы С.Дьяченко қол қойған. Ресми құжатты тіркеуші ага іс жүргізуші А.Якимов, растаушы кіші іс жүргізуші М.Комаров. Мұнда

тізбектелгендер: Өскемен уезінің 1-ші аумақтық дәрігер-кеңесшісі Иван Ильич Вышоский, екі сыныптық орыс-қыргыз (қазақ) училищесінің менгерушісі Ахмет Байтұрсынұлы, Өскемен қалалық бүрйынғы старостасы Костюрин (аты-жөні көрсетілмеген – Р.И.»), Өскемен уездік шаруашылық басшылары сиезінің төрағасы Иосиф Маврикиевич Петржекеевич және де дәрігер Степан Иванович Богуславский [27].

Училище менгерушісі лауазымымен қатар, негізгі қасібі бала оқыту ісімен айналысып жүрген Ахметті кенеттен Қарқаралы абақтысына бірнеше жолдастарымен қамайды. Бұл күрескердің – бірінші рет тұтқындалуы болатын. Осы абақтыдан қанша уақыт отырып, қапастан қай уақытта босатылғаны туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен де бұл қамаудың саяси астары қоюланып, Ахметтің әрбір басқан қадамы жіті аңдуда болады. Өйткені, ортада жеті айдай уақыт өткенде, ягни 1909-шы жылдың шілде айының 1-і күні қызыметінде отырган жерінен Ахметтің қайта тұтқындалап, Семей түрмесіне жауып тастанады. Бұл оның қапыда екінші рет тұтқындалуы еді. Ахметтің абақтыға жабылғаны жөнінде М.Әуезов лебізінде: «...12 жыл өмірін өткізген Қ.-дан айдалып бара жатқан күрескер «...Қош сау Қ... жуылмаган, Айдай бер, қалса адамың қуылмаган» веленін сол тұста айтса керек» деген тұжырымын айтады [11, 189-6]. Мұқаңның мәліметі бойынша, 1908-ші жылдан «12 жылды» шегерсек, қайраткер А.Байтұрсынұлының отбасы Қарқаралыға 1896-шы жылы көшкен болып шығады. Бірақ, бұл «12 жылға» қатысты «есептік шаманы» төте жазудан кирилл харпіне түсіргенде, не баспадан «жаңылыс кеткен-ау» деп ойлаймыз. Өйткені, М.Әуезовтың: «...Қарқаралыда түргандагы соңғы 4 жыл Ахаңың саясат ісіне белсеніп кірісіп жазуымен де, ісімен де бой көрсеткен кезі» деп айтатыны бар [11, 19-6]. Демек, М.Әуезовтің «12 жыл өмірін өткізген» дегенінен гөрі, «4 жыл» деп айтқаны, ақиқатқа жақын. Ахмет Байтұрсынұлы оқытушылықтың алғашқы жылын Ақтөбе, Қостанай өнірлерінде бастап, содан кейін біршама уақыт Омбыда аялдады емес пе?! Мұхтар Ахаңың қайраткерлігінің қалыптасуы жөнінде: «...1896-шы жылы Омбыга барған Қазақ жеріндегі мектептерді басқарып түрган инспектор Алекторовпен кездесіп, кеңесуи Ахметтің ойының оянуына үлкен әсер етті» деген саяси ақпараттық мағлұмат береді [11, Б. 18-19]. Мұғалімдер мектебін 1895-ші жылы тәмамдаған Ахмет Қарқаралыға келгенше бірнеше мектепте оқытушы болғаны белгілі. Соңдықтан оны «1896-шы жылдан бастап Қарқаралыда тұрды» деп кесіп айтуга негіз жоқ. Шындығында, бүтінгі тәуелсіздік кезеңнің ғалымдары ахметтану мәселеінде өзек етіп жүрген М.Әуезовтың меретойлық мақаласының ішінде Ахаңың Қарқаралыға келуі жөнінде үш түрлі ақпар бар. Шегелеп айтсақ, бірде

«12 жыл», тағы бірде «4 жыл» және «1896-шы жылы Омбыга барган» дейтін. Бұл ақпараттық мәлімдемедегі әр қылы деректер бір-біріне аса қабысрайтын, адамның ойын жан-жаққа тартатын «түрліліктер». Міне, енді осы тұста мұнданай түрлі мәліметтерді талдап-таратып, салғастырып-сараптап, қандайда бір тұжырым түйіндеуде сақтық танытқан жөн.

Енді мұнан басқа да деректерге зер салып, елекten өткізіп көрелік. Мәселен, М.Дулатұлы ғұлама хакімді еске алу айдарымен жазған «Қазақ» газетінің 1914-ші жылы 67-ші санындағы «Абай» туралы мақаласында: «...1904-ші жылы ійүйн (июнь) жұлдызының басында Омбыга барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім» деген мәлімет береді [28]. Демек, 1904-ші жылдың жазында Ахмет Омбыда тұрган. Бір әттеген-айы, ғалым өзінің қолымен жазған «Өмірдерегінде» де, тасқа терілген «Өміrbаянында» да, тіпті басқа да ресми сауалнамаларға берген жауаптарында да, Омбыда тұргандығы, онда қанша уақыт аялдағандығы жөнінде ешқандай мағлұмат бермеген. Мүмкін Ахмет бұл өнірде ұзақ тұрақтамағандықтан, әрі қандайда бір мекемеде қызмет атқармағандықтан, бұл уақытша мекенді көрсетуді қажет деп таппаған болар.

А.Байтұрсынұлының Омбыга қатысының мән-жайын ашып алу үшін, М.Әуезовтің мақала-лебізінен қайта оралсақ. Мәселен: «... 1896-шы жылы Омбыда Ақмола, Семей шкодарын басқарып тұрган Алекторовпен халбарласып, Омбыга барған. Ахаңың, Қостанайдан кетуіндегі себептерінің көбі бізге белгісіз, кетуінің бір себебі, қазақтың басқа жерлеріндегі халжайын көріп-білу болса керек. Омбыга барып Алекторовпен көрсүи – Ахаңың кейінегі қундегі адамшылығы мен ісіне екі түрлі әсер берген. Біреуі Алекторовтың қазақ тұрасындағы отарышылдық саясатының басын біліп, көзден жүрген мақсұтын сезген болар. ... Екінши әсері – Ахаңың жолы ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нарселерін таза білуіне себеп болған» - деп жазады [11, Б. 18-19]. Рухани замандастар-інісі құреспекердің ел-жүрт тұрасындағы түкпірлі ойының қалыптасуына орыс оқымыстысы, этнограф-ғалым А.Алекторовтың үлкен ықпалы болғанын айтады. Сонымен, М.Әуезов мақаласындағы «Ахмет 1896-шы жылы Омбыга барған» деген мәліметтің өзі есепке алмай, «Омбыдан соң аз уақыт тұрган жері – Қарқаралы» дейді де, Қарқаралыда «1896-ы мен 1907-ші жылға шейін түрдү» деп кесіп жазады. «Омбыдан соң аз уақыт тұрган жері...» деген мәліметті негізге алсақ, дұрысы, А.Байтұрсынұлы сол 1904-ші жылдың соңы, 1905-ші жылдың басында Қарқаралыға келген болып шығады. Ал жоғарыда айтылатын «12 жылдық» шама «бір мүшел» деп саналып, мүшел жасты

қайырап мөлшерлі нақты өлшем екені анық, осы «бір мүшелді» жазушы «...аз уақыт тұрган жері» демеген болар еді-ау! Ақиқаты, М.Әуезов «...Қарқаралыда тұрган Ахметтің 4 жылы» ұлт келешегі үшін шешуші саяси кезең болғандығын, тұлғаның елу жылдық мерейтойында ел жадында жаңғыртуды мақсат тұтса керек. Келтірілген қос мақаладағы мәліметтерге сүйенсек, агартушының Омбыда болған мерзімін шамамен, 1902-1904-ші жылдардың төңірегі деп топшылауга болады. Ал, бұл қалада қанша уақыт тұргандығын дөп басып айтудың қынын. Бірақ, Омбы жерінде біршама аялдағаны анық, оған дәлел рухани замандас інілерінің қаламдарынан шыққан аз мәліметтің өзі де жеткілікті негіз бола алады.

Қазақ жұрты үшін қасиетті мекендердің бірі – Қарқаралының алатын орны ерекше. Ежелден әйгілі бұл қаланың қалыптасу тарихының қылышы – қала мәдениетімен қатар, елдің әл-ауқаттық тұрмысының өсіп нығаюына ықпал ететін бірден бір қолайлы орын болғандығы, әрі мұнда бұқараның көп жиналатыны мәлім. Эр аймақта оқытушылық қызметпен айналыса жүріп, ұлт келешегінің «тұманды» екендігін аңдасқан Ахмет, Қарқаралы қаласына өз қалауымен қоныстанады. Ол қараңты қазақтың санасына қалай қозғау салуды көп жылдардан бері жоспарлаған болуы керек. Осылайша атақты Қарқаралы – Ахметтің саясат ісінде тәжірибе жинаған, әрі өзімен үндес жақтастар тауып, ойларын іс жүзіне асырган қасиетті мекен. Бұл қалада Ахаң аз уақыт тұрса да, үрпақ тәрбиесіне аса қажет, ең маңызды іс – мектеп салдырған, әрі сол білім ордасында өзі қызмет жасаған. Бұл гибадатхананың осы уақытқа дейін сақталғанын Қарқаралы ауданының әкімі Омарханов Нихайдың сұхбатынан оқығанда ерекше толқисызы [29]. Аудан басшысы бұл мектепке жөндеу және қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, тағылым орнына айналатынын, сонымен қатар, осы таңғажайып өлкеден шыққан аузы дұғалы Алаш зиялышарының табаны тиген жерді «ашық аспан астындағы мұражай қала» жасауды «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атқарылып жатқанын айттыпты. Бұл – аяулы Арыстардың әруағын қастерлейтін үрпақтың бар екенін, атадан балага мирас болған дәстүрлі ғұрыптың жалғастығының белгісіндей өнегелі іс екен. Ылайым, тағылымы мол, игілікті іске әрқашанда сәттілік тілейміз.

Тарихи тұлғаның өз баяндауындағы мәліметтерге сүйенсек: «...В 1909 году, когда служил учителем – заведывающим двухклассным училищем в г.Каркаралинске (...), по распоряжению Семипалатинского губернатора Троиницкого был арестован и отправлен в Семипалатинскую тюрьму...» дейтін реєми ақпараттық мәлімет бар [12]. Бұдан көрінетіні, Ахмет 1909-

шы жылды Семейдің губернаторы Тройницкийдің өкімімен тұтқындалып, түрмеге түсken. Жандармның анықтауына дейін, нақтырақ, 1909-шы жылдың 1-ші шілдесінен 1910-шы жылдың 21-ші ақпаны аралығында Семей абақтысында жеті айдан аса уақыт, тергеусіз, сотсыз текten текке отырады. Бұл Ахметті – абақтыға екінші рет қамалу еді. Мұны Семейден Омбының басқарма кеңесіне жіберілген жеделхат нақтылай түседі. Онда Дала генерал-губернаторынан 1909-шы жылды 1-ші шілдеде тұтқындалған Ахметтің қамалу мерзімін ұзартуды сұраган [30]. Осы түрменің тар қапасы құрескердің бүратана санаған ұлтының келешегі туралы бүрыннан қинап жүрген сансыз сауалдарына түбекейлі ойланып-толғануга түрткі болады. Ал «дербес ел болу үшін не істеу керек?» деген өзекті, әрі толғақты мәселе санаасына сұрақ болып жазылып қалады...

Патша шенеуніктерінің құрескер-агартушыны тұтқындауға «өзіндік негіздері» жеткілікті еді. Өйткені, бұл тұста А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» аудармалар жинағы Петербордан жарық көріп, ел ішіне таралып та ұлгерген болатын. Жинаққа топтастырылып, қазақы сарынмен жазылған Крылов мысал-өлеңдері рухы жаншылған жүртшылықтың санаасын оятқаны анық. Мұны іштері сезген итаршылар жаланың сан түрін жымдастырып, Ахметтің тезірек абақтыға тоғытудың амалдарын қарастырады, ақыры «өз дегендеріне» қол жеткізеді. Осы жерде ескертте кететін бір жайт: Әлихан Бекейхан 1905-ші жылды қарашада Мәскеуде өткен жергілікті және қала қайраткерлерінің сизеінде «...ресми үкімет Ахмет Байтұрсынұлының 46 мысалын бастыруға руқсат бермей жатқанын» мәселе етіп көтеріп, осы әлеуметтік маңызы зор жинақтың шығуына мұрындық болған [31]. Шындығында, 1922-ші жылды Қазанда басылған 3-ші басылымның ішкі мұқабасындағы: «Орысшадан қазақшага 1901-1904-ши жылдарда тәржіме еткен: Ахмед Байтұрсынов» деген мәліметке сүйенсек, жинақ 1905-ші жылды дайын болған [32]. Бірақ үкіметтің ресми ұлықсатын алу үшін төрт жылдай тексеруден өтсе керек. Алғашқы кітапты Ахаң өз қаражатына шығарған.

1909-шы жылдың шілденің 1-і күні А.Байтұрсынұлының Семей түрмесіне қамалғандығы туралы жедел ақпарат тіркеліп, ол жөнінде ресми мәлімдемелер шұғыл түрде жан-жаққа таратылған. Мұндай мағлұматтарды ҚР ОММ қорындағы тарихи деректерден сандап кездестіруге болады. Осы аралықта Омбы өлкесінің Дала генерал-губернаторының тарапына толассыз «аса құпия хаттар» ағыла бастайды. Сол тұстағы Семей аймақтық губернаторы міндетін атқарушы Абаз деген шенеунік: «... Бірінші шілдеде тұтқындалған Қарқаралы қаласы орыс-қыргызучилищесінің бүрйнгы меңгерушісі Ахмет Байтұрсыновты күзет тартібімен қамау

мерзімін ұзартуларыңызды сұраймын» деп, генерал-губернаторға өтініш салады [30]. Арага үш күн салып, шілде айының 9-ы күні Семей губернаторына жауп хат келеді. Хатта: «...Байтұрсыновтың қамалу мерзімін ұзартуга қылмыстық іс қозғау үшін сәуірдің 24-и күнгі нөмірі 104950-ши нұсқаулықтарды малімет жеткілікті» деп, кеңсе басшысы Дьяченко қолын қойған [33].

Қол астындағы аз ұлттарды өздеріне бағынышты етіп ұстаудың түрлі тәсілдерін аярлықпен қолданып отырған патша өкіметіне бұратана лардың баспа арқылы үн шығаруы, олардың аракідік бас қосу-лары үнай қоймайды. Байқағандарыңыздай, патшаның шабарманда-ры Қарқаралыдағы қазақтардан ұйымдастқан санаулы топтың іс-әрекеттерінен іш тартып қалады. Олар осы астыртын топтың көшбастаушы жетекшілерін жан-жаққа ыдыратып, топ жұмысының көзін жоюды барынша қолға алады, әрі өздерінің жоспарларын же-дел тұрае жүргізеді. Көзі қарақты оқымыстыларды: Элихан Бөкейхан мен Жақып Ақбаевты құдалап, елден аластатып ұлгерсе, енді олардың сыйбайлас-жақтасы деп Ахметті де түрмеге қамайды. Оны түрмеде ұзағырақ ұстаудың түрлі айла-шарғыларын құрастырып бағады.

Айналасы бір айдың ішінде шұғыл жазылған жеделхаттар Омбы, Се-мей, Петербор, тіпті Ақмоланың губернаторына да бірінен соң бірі оқша борайды. Шілденің 15-і күні Петербордың Ішкі істер министріне «...Өкі-метке қарсы сепараттық рухта насиҳат жүргізгені үшін шілдеде 33-бал тәртібімен тұтқындалған Қарқаралы орыс-қыргыз училищесінің бұрынғы менжерушісі Ахмет Байтұрсыновтың қамалу мерзімін нөмірі 104950-ши нұсқаулық неғізінде ұзартулыңызды сұраймын» деп Шмит (кейбір құжаттарда Шмидт – Р.И.) жеделхат жолдайды [34]. Ізін сүйтпай 16-сы күні Семей губернаторы Тройницкий Омбы генерал-губернаторының кеңесесіне осы мазмұндағы тағы бір қосамжарланған жеделхатты жөнелтеді. Онда: «... Байтұрсынұлын қамау мерзімі аяқталды, мерзімді ұзартма түсү оте қажет, сол себепті шұғыл өкіміңізді күтемін» деп ол да өкіректейді [34]. Патша жандайшаптарының жанталаса Ахметтің «қамалу мерзімін ұзартуды» сұрап, мазасыздана өңмендеуі түсінікті еді. Өйткені, Қарқаралы өнірінің шұрайлы жерлеріне жаппай қоныстана бастаған қара шекпенділерге қарсы тұратын негізгі адамдарды бостандықтан гөрі, түрменің тар қапасында ұстау тиімді еді. Сондықтан да оларға Ахметтен айырылғанша, министрді мың мәрте мазалау жеңілірек болатын. Байғызша сұңқылдаған сауалда-рына тағатсыздана күткен жауптарын да алады. Петербордан шілденің 17-сі күні «37636» нөмірлі жеделхат Омбы генерал-губернаторының құзырханасына жетеді. Хатта: «...15-ши шілдедегі Байтұрсыновтың қамау

мерзімін ұзарту туралы жеделхатқа министрдің №1783 ұлықсат берілді» деп хабарлайды Ішкі істер министрі, генерал-майор Курлов [36]. Тура осында мазмұндағы жауап хат Омбы губернаторының кеңсе бастығы Дьяченкодан да келеді. Айырмашылығы сіріскең цифрларды қоймаган, тек: «Байтұрсыновты қамау мерзімі министрмен ұзартылды» деген өздерінің жынысқы саясатын жарыса жеткізген [37]. Арада толассыз ағылған аса құпия жеделхаттардың көздеген мақсаты біреу-ақ, ол: «қалайда Ахмет Байтұрсынұлын түрмеде ұзагырақ ұстай амалдары». Ресми рәсімделген құжаттарда Ахметеке тағылған негізгі айып – қарапайым бұқараны патша ағзамға бағынбауга, яғни өкіметке қарсы үағыздап-үгіттегені. Эрі саяси құдіктілер деп табылған Элихан Бекейхан, Жақып Ақбаевтармен жақын араласқандығы. Отаршыл әміршіл-әкімшіл жүйе қожайындарына керегі – қазақ қогамына ықпалы бар беделді тұлғаларды елден оқшашаулау болатын. Қурескердің сағын сындыру үшін, түрмеде сотсыз, үкімсіз сарылтып ұзақ айлар бойы ұстайды.

Бастарына «қара бұлт» үйірілгенін сезген Бадрисафа жанушыра, белін бекем буып, Ахметтің соңынан Семейге ізделп келеді. Абақтының табалдырығынан аттатпай, түрменің торкөзіне телмірткен басшыларға көnlі қалған ол, енді бар үмітті Омбыдан қүтеді. Ал, Петербор мен Омбыдан өкім-нұсқау алған түрменің тоңмойын басшылары Ахметтің маңайына Бадрисафанды қайдан жолатсын?! Агартушының жұбайы «үмітсіз – шайтан» деп, Омбы дала генерал-губернаторының атына дереу «жеделхат» жолдап, жазықсыз түрмеде отырган күйеуіне араша болуды сұрайды [38]. Бұл құжат ҚР ОММ-ның Сирек қорлар тіркеуіне алынып, сақталған. Жеделхат Семейден «641»-ші ретпен нөмірленіп, жазылған сөзінің саны «133» деп есептеліп, тіпті ақшасы төленгені де көрсетілген. 1909-шы жылдың 5-ші тамызында хат тиісті мекенжайға жолданған. Ресми құжатты қабылдаған Н.Мозердің тарапынан Омбы Дала генерал-губернаторының кеңселік мөртабанымен «7-тамыз 1909-шы жыл» деп тізімделіп, арнайы белгі соғылған. Жеделхаттың телнұсқасынан (ксерокөшірме) тізбеленген тіркестерді санаганымызда – 118 сөз, яғни күрделі алты сөйлем болды. Ал жоғарыда көрсетілген «133 сөз», сол тұстағы телеграф тасымалдаушылар тарапынан «15 сөзді» артығынан жазып, жұбайы үшін жанын да аямайтын Бадрисафандың қалтасын қағуды көздеген «ақша үшін арын сататын» пасықтардың сұғанақтығынан тұған бейшаралықтары болса керек.

Мұрағатта ресми тіркеліп, қатталған осы құжат – Бадрисафандың Ахмет Байтұрсынұлына түрмеге дейін күйеуге шыққанының бұлтартпас айғағы. Жолданған жеделхатта Бадрисафа «менің күйеім» деген сөзді

бірнеше мәрте айтады. Егер Бадрисафа Ахметтің әйелі болмаса, ол мұндаі сөздерді жазбаган болар еді гой. Яғни, олардың шамамен, 1896-1897-ші жылдары некелескендері анық. Ерлі-зайыптылар шаңырық құрганда Ахмет – 25 жаста, ал Бадрисафа – 19 жаста болған. Енді тарихи маңызы зор жеделхатты қаз-қалпында, сол кезде ескі славяндық жазу қалпын (стилін) сақтай отырып, толық мәтінін береміз. Ондағы мақсат – хат мәтінің мазмұнын жоғалтпау, әрі мемлекеттік мекеменің сирек қорына кез-келгеннің кіру мүмкіндігі жоқ екенін ескеріп, деректі құжатты тұтастай ұсынғанды жөн көрдік.

Ресми жеделхаттың оң жақ маңдайшасына: «Господину Степному Генерал[ы]-губернатору» деп бастайды бағытты сөзін Б.Иванқызы. Хат мазмұны: «Перв[а]го [i]юля Каркаралах[ы] арестован[ы] мой муж[ы], бывши[и]й зав[ы]дующ[и]й русско-киргизской школой Байтурсынов[ы], препровожден[ы] Семипалатинск[ы], где содержится тюрем[ы]; что послужило причиной такого несчастья, нам[ы] неизвестно; произведенный обыск[ы] ничего не дал[ы]. Думаем[ы] на мужа сд[ы]лан[ы] ложный донос[ы] киргизами парт[и]йной почв[ы]. Теперь мужу, говорят[ы], предъявляют[ы] обвинен[и]е возбужден[и]й киргиз[ы] неповиновен[и] и властям[ы]. Несмотря такое тяжкое обвинен[и]е, до сих[ы] пор[ы] не приступлено производству сл[ы]дств[и]я. Пребываю[и]е тюрем[ы], полная неизвестность судьбы[ы] своей в[ы] конец[ы] подрываю[и]т без того слабое здоровье мужа. Ваше Высоко-превосходительство, если муж[ы] мой преступник[ы] закона, пусты суд[ы] его покарает[ы], и я покорн[ы]ши прошу сд[ы]латъ распоряжен[и]е ускорить производство сл[ы]дств[и]я; если же тому нет[ы] основан[и]й, и муж[ы] мой лишен[ы] свободы лишив по доносу лиц[ы], которыем[ы] то выгодно было, не откажите Ваше Высокопревосходительство, приказать освободить мужа моего из[ы]-под стражи.

Бадрисафа Байтурсынова» [38].

Жеделхаттағы «менің қүйеуім», «күйеуім» деген сөздердің астын сыйып, бөле-жара көрсетіп отырмыз. Осы сөз жеті жерде айттылады. Мұнан шығатын түйін: егер Бадрисафа Ахметтің Құдай қосқан қосағы болмаса, ол тұрмысқа шықпаған адамын «күйеуім», «менің қүйеуім» деген жазбасы анық қой. Бұл кейбір зерттеулердегі «... Ахмет тұрмаден шыққаннан кейін, өзіне тамақ тасыған Александра атты орыс қызына аяушылық сөзіммен отасқан» деген мәлімдеменің негізсіз екенін көрсетеді.

Б.Байтурсынованың жеделхаты хақында 1994-ші жылы «Ахметтің жары Бадрисафа» деген мақаланы газетте журналшы Армиял Тасымбеков өзекті мәселе етіп көтеріп, құжаттың қазақшаланған мәтінін жария-

лады [39]. А.Тасымбеков жеделхатты қазақшалаған тұста, кейбір сөздерді магынысына қарай аударғаны болмаса, хаттың мазмұнын сақтаған. Тек Бадрисафының қызы күніндегі нысқысы «Александраны» – «Татьяна» деп жаңсақ айтқан. Бірақ, осы «өзекті мәселе» айдарымен жарияланған соны мәлімет, кейбір зерттеуші ғалымдардың назарынан неге екені белгісіз елеусіз, яғни ескеруисіз қалып отырган. Аталған деректерді сара-лай келе, Ахаңдай тұлғаның асыл жары Бадрисафа хақындағы мұрагаттық маглұматтан шығатын қорытынды: олар бір-бірімен түрмеден кейін табыспаған. Егер осы тарихи құжаттан аз-маз хабары бар адам қандайда құлақ кесті біржакты пікір жасамаған болар еді-ау! Ең өкініштісі сол, Байтұрсыновтардың өміріне қатысты БАҚ материалдарын басшылыққа алмаудың салдарынан, өрескел қателерге ұрынып, өзіндік сараптаула-рын жаңалық ретінде өзекті мәселе етіп көтеріп, көпшіліктің назарына ұсынушылар арамызда кездеседі.

Енді жеделхатқа қайта оралсақ, Бадрисафа Ахметке араша сұраған сауалына оңды қанағаттанарлық жауап алмаған, мұны осы қордың 53-ші парагында тіркелген құжат анықтай түседі. Онда: «...Ваше хо-датайства об[ъ] освобождение мужа из[ъ] под[ъ] ареста Генерал[ъ] Губернатором[ъ] отклонено» деп жазылған [40]. Құжатқа кенсе меңгерушісі аты-жөнін көрсетпей, тек қолын қойған. Бұл жауапхат Семейге тамыздың 8-і күні жөнелтілген. Осы хатпен қоса, Семей губернаторының атына аса құпия түрде мынадай сұрау салынған нөмірі «5154»-ші сауалхат та келеді: «Генерел-губернатордың бүйіруы бойынша күзет тәртібімен тұтқындалған Қарқаралы орыс-қыргыз училищесінің бүрінгы менгерушісі Ахмет Байтұрсыновтың қызметтері туралы және айыптау ісінің ахуалы қандай екендігінен мәліметтер беруіңізді сұраймын» деп, Иванов пен Комаровтың қолдары қойылған, яғни А.Байтұрсынұлы қызмет еткен білім орда-сы мен ол түрган өлкеге тіміскілеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі ишарат беріледі [41]. Семей түрмесі басшыларының да күткені осы болатын, енді олар Ахметтің үстінен домалақ арыздар жинау үшін Қарқаралы қаласына шабылады. Жаналғыштар жогарыдан келген сауалға жауап беруге аса асыға қоймайды. Өйткені Ахметтей саяси күрескерді түрмеде ұзағырақ ұстауға «сылтау» қажет болатын. Ал, домалақ-мәліметтерді үйімдастырып, жинауга уақыт керек. Сұрап алған уақытты сағызша созуға олар өте икемді, әрі шебер еді...

Сауалына сүйық жауап алған Бадрисафа Ахметтің түрмеден босат-тыру үшін ізденісін тоқтатпайды, керісінше үдете түседі... Эбден ызага бұлыққан ол, енді патша ағзамға ықпал ететін, халық атынан сөз сөйлейтін

ел қалаудысы, Мемлекеттік Думаның мүшесі Николай Лукич Скалоузбов мырзага хат жазып, болған жайдан оны да құлақтандырады. Бұған дәлел – Н.Л.Скалоузбовтың 1909-шы жылы қарашаның 17-і күні ішкі істер министрі П.Г.Курловқа жазған хаты. Енді осы сұрау хаттан үзінді көлтірейік. Онда: «... От[ъ] м[ъ]стных[ъ] жителей и жены содержжащагося в[ъ] Семипалатинской тюрьм[ъ] Ахмеде Байтурсынова я получил[ъ] письма с[ъ] просьбою ходатайствовать о выяснен[и]и его д[ъ]ла и положен[и]е» деп жазылған, соңына мемлекеттік думаның мүшесі «Н.Скалоузбов» деп аты-жөнін көрсетіп, қолын қойған. Хаттың түпнұсқасын іс жүргізушінің орнына департамент полицией Н.Бахмут растаса, көшірмесін қабылдап алған Дала генерал-губернаторының кіші іс жүргізушісі Комаров «көшірме анық» деп қолын қойған [42].

Осы мұрагаттық тарихи дерек жөнінде әдебиетші ғалым Тұрсын Жүртбаев «Шырмалған шындық немесе бір тергеудің тарихы» атты мақаласында: «Ресейдегі революциялық рухтагы газетте «Қазақ ақыны Ахмет Байтұрсынов түрмеде» деген мақала жарияланды. Қапастағы қазақ педагогының тағдыры II Дума мүшелерінің назарына ілінді. «Бұратана халықтың зиялышының» азаматтық правосын аяқта басқандығы тұралы Дума мүшесі Н.Скалоқубов (асты сызылған әріп қате – И.Р.) ішкі істер министрі П.Г.Курловқа ашина хат жазып, Ахметтің ар-намысын қоргады» дейді [21, Б. 140-141]. Зерттеуші Т.Жүртбай Н.Скалоузбовтың сауал жолдаган хатының тіркелген дерек көзін «ЦГАОР СССР. қор – 102,7, тізім – 7, сақталу реті – 1881, 13 – парап» деп көрсетеді [21, 141-б]. Осы ретте ескеретін жайт: еліміздің мемлекеттік мұрагаттарына тіркеліп, рәсімделетін құжаттардың негізгі қоры Ресей мұрагаттары арқылы іс жүзіне асрылған. Соңдықтан қандай да ғылыми зерттеулерде Ресей мұрагаттары деректерін басшылыққа алған өте орынды. Бірақ сілтеме жасағанда сақтық танытып, мұқият болған жөн. Мұрагаттан алынған мәліметті рәсімдегендеге, мекеменің ішкі ережесіне бағыну қажет. Бұл қандай да бір жаңсақтыққа ұрынудан сақтайды, адасушылықтың алдын алады. Мұрагаттың ішкі Ереже тәртібі бойынша бірінші – қор, екінші – тізбе, үшінші – іс, төртінші – парагы көрсетілуі міндетті.

Жазушы-ғалым Т.Жүртбаевтың бұл сілтемесінде аздаған ауытқулар кездеседі. Мәселен, «қор – 102, 7» деген қате, дұрысы: «102-қор, 7-іс», «сақталу реті 1881» емес, «2881», «13 – парап» емес, «12-13 параптар». Осы дерек Орталық мемлекеттік мұражайдың «Мұрагаттық құжаттар жинағында» Ресей мекемесінің рәсімдеуін негізге алған. Китапта 308-ретпен: «ГА РФ. Ф.102 7Д. ОП.1909. Д.28. Л.Л.12-13. Подлинник» деп жазылған [43, 351-6.]. Бұл құжаттың екінші данасы біздің

елдің мемлекеттік мекемесінде былайша рәсімделген: «ҚР ОММ. 64 қор. 1 тізбе. 5832 іс. 58-парақ» [42]. Жазушы Т.Жүртбаев Н.Скалозубовтың хатын: «... Семейде түрмеде жатқан Ахмет Байтұрсыновтың әйелі мен жергілікті тұргындардан оның ісі мен жағдайын анықтауды үсініс жасаған хат алдым. ... 11 октябрь күні маган жазған хатында – оларды, тұтқындарды «аяусыз тенкілейтінін» хабарлады» деп қазақша сөйletкен [21, Б. 140-141]. Осында дума мүшесінің аты-жөнінде қате кеткен. Өйткені, біздегі нұсқа – ҚР ОММ қорынан алынған екінші дананың көшірмелік теліңұсқасы, нақтырақ ксерокөшірме. Депутаттың аты-жөні «Н.Скало~~ку~~бов емес, Николай Лукич Скалозубов.

Ресей мұрагатындағы кейбір құжаттарда Скалозуб» деп те рәсімделген. Мәселен, 1909-шы жылы желтоқсанның 9-ы күні Зуевтің Дала генерал-губернаторы Шмиттің атынан жазған құпия хатында: «Мәртебелі тақсыр Евгений Оттович, мемлекеттік Дума мүшесі Н.Скалозуб хатының көшірмесін жібере отырып, Өзіңізден осы хаттың мазмұны жөнінде мениң де құлақтануыма қарсы болмауызызды սұраймын» дейді [43, 364-б.]. Осы деректі негізге алған ғалым Мұхтар Құл-Мұхаммед «Алаш ардагері Жақып Ақбаев» атты монографиясында – «Скалозуб» деп береді [44, 21, 57-б/б.]. Зерттеуші ««Қазақтың халық ақыны» аты мақаланың басылуына және мемлекеттік дума депутаты салған սұраныс-сауалға Элихан Бекейханның ықпалы болған-ау» деген болжамдар айтады [44, 57-б.]. Бұған қосарымыз: Ахметтің ерікті түрде қоныс аударуына жұбайы Бадрисафандың да үлкен септігі тиғен. Саяси құрескердің сарылышп жатқан түрмесінен жұбайының губернаторға жолдаған бірнеше жеделхаты мен ел қалаулысы Дума депутатына жазған етініш-хаты «Ахмет Байтұрсынұлының Орынборға жер аударуына себепші болды» деп айтуга толық негіз бола алады.

Енді А.Байтұрсынұлының тағдырына арашашы болған Николай Лукич Скалозубов кім? Осы жайдың мәніне тереңірек үңіліп көрелік. Ахметтің рухани замандасты, әрі ұлттың келешегі үшін құрескен Алаштың Элиханы, Нұрмұхамедұлы Бекейханның деректері бойынша таратсақ, Н.Скалозубов мырза Мәскеудегі Петровский-Разумовский академиясын бітірген [45; 46, Б. 280-282]. Мамандығы – агроном. Ол Сібір мұжықтарының шаруасын мәдени жолға түсірген, ғылымы асқан, танымы терең жан. Мұжықтарға бас болып, жетекшілік еткені үшін, оны 1906-шы жылы абақтыға жапқан, соңыра Мұхит маңындағы Березов қаласына жер аударған. Мұндағы Тобыл мұжықтары 2-ші һәм 3-ші думага оны депутат етіп сайлаган. Ол осы 3-ші думада қазақ жері үшін қазақтың өз депутаттыңдай қызмет атқарған. Мәжілістерде қазақтарды қорғап сөйлеген. Қазақтың хал-ахуалын орыс

қоғамы білмейді. Сондықтан қазақ түрмисы, қазақ салты, шаруасы турасында орыс тілінде кітап шығарып, газет, журналдарға жазып, орыс жүртіның саясаттағы адамдарының көзін ашуды зор мақсұт тұтқан. Өскемен уезіне қарасты «Қошанай» жерін мұжықтан айырып, қазаққа қалдырыған да осы Скалозубов болған. 1910-шы жылы Қарқаралыдан Хасен, Ыбырай, Смахан, Бодаубек, Ахмет, Райымбек баласы Сүлеймен 2 жылға жер аударылады. Жазықтары: бірінің – Элиханмен туысқандығы, енді бірінің – Ахметтің өлеңін жатқа айтқандығы. Алты жігіттің еліне қайтуына көмектескен де осы Скалозубов болған екен [45; 46, Б. 280-282]. Депутаттың атына айтылған осы жылы сөздер, оның қазақ жүрті үшін қаншалықты қадірлі жан болғанын айғақтап тұр. Эрі мұндаі лебіз Алаштың ақиынғы Элихан Бәкейханның аузынан шығуы Николай Лукичтің абыройын қалың қазақ ішінде, тіпті асқақтатқаны анық.

Жоғарыда аталған Омбы Дала губернаторы кеңесінің «5154» нөмірлі сауалхатына Семей губернаторы тек қыркүйек айының екінші онкүніндегінде ғана жауап береді. Яғни, қыркүйектің 13-і келген жауап хат үзын-ырга үш бетке толтырылып, құжат соңына губернатордың және аса маңызды тапсырмалар шенеунігінің қолдары қойылады. Құпия хабарламада: «...А.Байтұрсынұлы Қарқаралы уезі қыргыздарының (қазақтар) арасында өкіметке қарсы сепараттық рухта насиҳат жүргізген және Семей облысынан тыс жерге жер аударылған Жақып Ақбаевты еліне қайтару туралы кесім жазған» деп, тағы толып жатқан ел ішінен жинаған жалған жала-ларды, өздерінің ішкі есептеріне қарай мәлімдей отырып, нақ осы уақытта Ахметті босату аса қауіпті деп жеткізген тажал Тройницкий өзінің арам-піғызын іске асырады [47]. Шілденің басында түрмеге түсken Ахметті, арада «43» күн өтсе де сұрақ-жауап алмай, тергеу жүргізілместен тектен-текке үстайды.

Агартушы-қүреспекер Ахметтің Семей түрмесіне қамалғанға дейін, оның қазақ оқығандарына рухани серпіліс әкелген, атақты «Қырық мысал» атты кітабы Петербордан басылып шыққаны барша жүртқа мәлім болатын. Эрі бұл кітап қалың үйқыда жатқан қазақ даласын дүр сілкіндіргені, көкіретінде көзі бар, санасты ояу жандарға жылт еткен күн сәулесіндегі дарығаны, бұқара жүртты бірлікке шақырған «елшілдік ұраны» болғаны қазақтың кең байтақ сар даласына самал жеддей жарыса тараган-ды. Бұл жинақ жалғыз емес еді, тобықтыға кеңінен танымал хакім Абайдың «Өлең» кітабы, мадиярлардың мадақ тұтар мақтанышы Міржақыптың «Оян, қазағы!» қаз-қатар шығып, қалың бұқара «жүрттың қамын же-ген жыр-жинақтарға» енді бас қойған кезі болатын. Осы тұста патша шабармандарының бұқаралының назарын қаратқан Байтұрсынұлын

қасақана қапасқа қамағаны, қазақ оқығандарының ашу-ызасын тұдырыды. Ахаңын қаламынан шыққан азаттық жырға сусаган ел, енді қол құсырып, тыныш жата алмады...

Бұл жөнінде Санкт-Петербургдан шығатын «Современное слово» газетінде қарашаның 19-ы күнгі «682»-ші санында «Семейден» деген айдармен «Киргизск[и]й народный поэт[ъ] в[ъ] тюрем[ъ]» атты мақала жарияланады [48]. Ақпараттық мақалада дарынды қазақ ақыны, Қарқаралы орыс-қыргыз мектебінің менгерушісі А.Байтұрсынұлына нақақтан тағылған қылымыстарды билайша тізбеленген: 1).Осы қыста орыс-қыргыз мектебінің оқушылары қаланың түргыны бір сарт адаммен төбелескен; 2).Мектепте орыс оқушыларын оқытпайды; 3).1905-ші жылы патша ағзамға қыргыздар (қазақтар) атынан құзырхат (петиция) жазуға белсene қатысқан; 4).1-ші мемлекеттік дума мүшесі: Э.Бекейханов, сайлаушы Ж.Ақбаевпен сыйбайлас; 5).Орыс-жапон соғысынан патриоттықтанып-пады. Одан әрі қызметтен босатылған Байтұрсынұлының құрылтайшыға жағдайы түсіндіргені, ал құрылтайшы оны бұрынғы қызметіне қайта қоймақшы болғаны айтылады. Бұл ақпарат Семей губернаторына мәлім болған соң, оны тұтқындағы, Ахметке қазақтар арасында салық төлемеуге насиҳат жүргізді деген айып тағуда. Бес айдан бері текten текке түрмеде отыр. Ахметтің губернатордың атына жазған өтініші қараусыз әрі жауапсыз жатқаны, әрі оған ешқандай айыптың анық қойылмаганы, абақтыдан босатпағанын жазған. Мақаланы газет редакциясының қызметкерлері арнайы дайындал басқан болуы керек, ейткені, нақты авторы көрсетілмейді. Осы мақаланың үш ай бұрын «Речь» атты газетте, нақтырақ 19-шы шілдеде жариялаганы туралы мәлімет ҚР ОММ-ның 2009-шы жылғы жинағында бар [43, Б. 342-343]. Кітаптың 298-ретпен баяндалған дерегінде 19-шы қарашадағы «Современное слово» газетіндегі мақаланың мәтіні бірдей. Бұл тарихи мәлімет Ресей мұрагаты тарапынан билайша рәсімделген: «ГА РФ.Ф.102 7Д.ОП.1909.Д.2881.Л.11. Копия» [43, Б. 342-343].

Мақала патша үкіметінің арнайы мекемесі «Газеттік қыындылар бюросы» тарапынан «қара тізім» қатарына енгізген. Байқағандарының әрі патшалық тіміскі жүйенің «қадағалаушылары» БАҚ-та басылған «әлеуметтік мәселе» деп көтерілген өзекті мақалаларды назарларынан қалт жібермей, бақылауларында ұстаган. Мақала туралы Дала губернаторының кеңесінен Семейден толық ақпарат Тройницкийдің тікелей мәлімдемесімен уақтылы жеткізіліп отырған. Желтоқсанның 30-ы күні үш беттік мәлімдемені кеңсе әкімшілігі «1910-шы жылы қаңтардың 7-сі күні» қабылданғандығы жөнінде мөр қойған [49]. Мұнда жогарыда айттылған мәліметтерден бөлек, Ахмет менгерушілік лауазымнан

босатылғаннан кейін, оның орнына тағайындалған қызметкер орыс-қазақ училищесіне бірден 12 орыс баласын қабылданғанын баса хабарлайды. Бұл жылымшы мәлімдеменің астарында Ахметті орысқа қарсы «ұтшыл» етіп көрсетудің айла-тәсілдері көзделіп, агартушылық абыройына нүксан келтіруді алдын ала жоспарланаған.

Мұрагат деректеріне сүйенсек, «Қазақтың халық ақыны түрмеде» деген өзекті мақала бірнеше басылымдарға қаз-қатар шығады. Мәселен, «Русские ведомости №267», «Волынь №322». Ал «Оренбургский край» атты газеттің 1909-шы жылы 374-ші санында М.Бекметовтің «Қазақ ақыны» деген мақаласы жарық көреді. Мақала авторы күрескер Ахметтің қоғамдық, агартушылық, ақындық қызметтеріне кеңінен тоқталып, оған тағылған айыптардың негізсіз екенін дәлелдеп, заң орындарынан оны қорғап шығуын талап етеді [50].

Мемлекеттік Дума депутаты Н.Скалозубовтың Ішкі істер министріне Ахметтің хал-ахуалы туралы жазған қарашадағы хаты Семей губернаторы Тройницкийдің де тынышын көтіреді. Өйткені, бұл сауалхат оған Дала генерал-губернаторы кеңесесіне кезекті анықтамалық-мәлімдемесін жіберуге міндеттейді. Бірақ, жалған мәлімдеме жазудың «шебері» болған әkkі губернатор, халық қалаулысының қарашадағы сауалына жауап жазуға асықпайды... Араға айдан аса уақытты салып, келер жылы «депутат айтқан ақпараттарды негізсіз» деп жоққа шығарып, керісінше бар бәлені Ахметке араша сұрағандардың басына үйіп-төгіп, өздеріне тағылған жала дейді. Егер түрме құзетшілері тарапынан жасалған қысымшылық, ұрып-согу болса, сол адамдардың атын атап көрсетуін Н.Скалозубовтан анықтап, оларға әкімшілік тиісті жаза қолданатынын айтып, бет-аузы бұлк етпестен 1910-шы жылдың 7-ші қаңтарында хабарламалық хатын жібереді [51].

Тройницкийдің талай-талай айла-тәсілдерінің түйіктығы салдарынан, Ахмет абақтыда анықталған айыбы болмаса да, тағы айлар бойы сарылады. Ел-жүртynan хабары болмай қамығады. Артында аңырап қалған Құдай қосқан қосағын, құлыным деп құрақ ұшқан анасын, көк аспанның астындағы керілген кең жазира даласын, қамсыз ұттын ойлап, санасы шарқ ұрган Ахмет түрме талқысында ширыға түседі. Түпсіз түрлі-түрлі ойлар жүргегіне жыр боп құйылады. Абақтыдан «Анама хат» деген өлеңін елге жолдайды. Мұнда: «... Семейдің түрмесінде отыр балан, Мал ұрлан, кісі өлтірген айыбы жоқ. Өкімет – өр зорлыққа не бар шараң?!» - деп, басына түскен тауқыметке көнбеске амалының жоқтығын айтып, анасын жұбатады [15, 31-б.]. Бірақ, бұратаналық бұғаудан құттылуды ойлагандардың қай-қайсысының да патша тырнағына ілінгені туралы: «...

Тайпалган талай жорга, талай тұлпар, Тагдырдың кез болып түр кермесіне. Солардан жаңым-тәнім ардақты емес, Орынсыз күйзелейін мен несіне» - деп, жүрекжарды толғамын ел-жүртіңін талқысына тастанды [15, Б. 31-32]. Осылайша қайғысына қаламын қайраған Ахмет артындағы адасқан жүртіна жөн көрсетуді Құдайдан тілеп, бабаларына сыйынады: «...Он екі имам әүлие, Жиырма сегіз әмбие, Қолда өншең аруақ! Қара балуан Жәнібек! Қаз дауысты Қазыбек! Жетім қалған халқыңа, Тұлға болып артыңа, Кім тиянақ қазық ед?» - деп, елінің таран-тараж болған жеріне, ит пен құсқа жем болған халіне қүйініп: «...Адақанын Алаштың, Тұзу жолға түсір, хақ» - деп тілейді Тәнірден [15, Б. 33-35].

1909-шы жыл Ахметтің басына ұлкен соққы болып, қасірет үстіне тағы қайғы жамайды. Ол бас азаттығынан айырылып, түрменің қапасында бір күйзелсе, 17 жыл өмірін айдауда откізіп, елге келген аяулы әкесінің бақылық болғанын есітіп, «қолының қысқалығына» құсаланады. Ауыр қаза жаңын күйзелткенімен, Ахметке әке қабіріне топырақ салу бүйірмайды. Осы жерде Ақтас пен Байтұрсынның айдаудан оралған кезеңіне тоқталсақ. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген аталар сөзін Алла қош көріп, олардың табаны туган жердің топырағына 1902-ші жылы қайта тиеді. Елге оралған Шошақ балаларын Торғайдың барша жұрты тайлы-тұяғымен «ақ түйенің қарны жарылғандай» арқа-жарқа қуанып, ұлкен сый-құрметпен қарсы алады. Жол-жөнекей тоқтаған ауылдары, арып-ашқан ағайындыларға ат-келігін мінгізіп, құстәланған көңілдерін аулады. Жат жерден топырақ бүйірган Ақтастың бәйбішесі Убіжанның қазасына «иманды болсын» айта отырып, артындағыларға амандық тілейді. Қайта қауыштырган Құдайға шүкіршілік етіп, олардың жетектеріне мал байлас, дүние-мұлікті қоса береді. Байтұрсындаі сардарларын аман көргендеріне қуанған ел-жүрт, «ақсарбас» айттып, оған «Ақжелең» деген жүйрік тұлпарды сыйлайды. Осылайша Сарытубектің сар даласына жеткенше, ағайынды екеудің дәулеті тасып, өз үйрлеріне қосылады.

Ағайын-тұғандардың ортасында жеті жылдай дәурен құрган Байтұрсын 66 жасқа қараган шағында баласы Ахметтің басына түскен сын-сағаттың соңы қалай аяқталғанын білмestен, мәңтіге көз жұмады. Дегенмен, баласының «бileuștі tіldі» менгеріп, орыстың Крыловтай «тілі – мірдей, мысалы – тағылым» тұлғасының туындысын қазақша сөйletкенін көріп, ел атынан патша ағзамға сауал салғанын дәтке қуат етіп, сан мәрте «тіл-сүқтан аман болғай» деп, Ахметтің ата баласы ғана емес, ұл сөзін сейлер адам болғанына шүкіршілік етеді. Ал, ұлкен әкесі Ақтас «өлгеннің артынан өлмек жоқ» демекші, әрі ер адамның жалғыз басты тұрмысының кейпі келмеген соң қайта үйленеді. Ақтас інісі Байтұрсынның қазасын

ағайындарымен ел болып көтеріп, ас-суын беріп, ақыретке қазақ ата салтының рәсімімен жерледі. Өзі 1920-шы жылдарға дейін өмір суреді. Кейінгі алған әйелі Торшадан перзент көрмейді, бірақ баласы Асфандиярга іні етіп, туысының Шаймерденін бауырына салады. Кейін осы қос үлдан ұрпақ жалғасып, бірінен – Қасым, екіншінен Амандақ (Амантай), Орал тудауды...

* * *

Бадрисафа Петерборға салған сұрауын тоқтатпайды. Ол Ахметті бостандыққа шыгарып алу қамымен, Семейде айлар бойы сарыла санда-лып, уақытша пәтер жалдап тұрады. 1910-шы жылы қаңтардың 5-і күні Петербордың Ішкі істер министріне тағы кезекті жеделхатын жөнелтеді. Сауалхатында күйеуінің түрмеде отырғанына 7 ай болғанын, ал тергеу амалының қараша айында аяқталғанын айта келіп, мәртебелі тақсырдан Ахметті босатуды немесе кепілдікке шыгаруды сұрайды. Жеделхатта: «*Мой муж седьмой месяц в тюрьме порядке охраны дознание кончено ноябрь следствия нет почитательнейше прошу ваше высокопревосходительство выпустить на поруки или под залог»* деп жазады Б.Байтұрсынова [43, 374-б.]. Бадрисафаның тынымсыз ізденістері ақыры жауапсыз қалмайды. Оның үстінен жан-жақтан бүршақша жауған дүбірлі мақалалар, ел қалаулысы депутаттың шенеуніктерге жіберген сауалының үлкен септігі тиіп, Семей түрмесінде айыпсыз қамалған А.Байтұрсынұлына «...өз Отанынан тыс жерге жер аударылсын» деген үкім шыгарылады. Нақтырақ, 1910-шы жылы қаңтардың 12-сі күні Семейден Омбының полиция департаменті директорына ротмистр Леваневскийден жеделхат жөнелтіледі. Онда: «*Дело Ахмета Байтурсынова произведено порядке охраны, 11 января губернатором представлено генерал-губернатору дальнейшего направления ходатайством высылке на пять лет, тяжесть падающих обвинений исключает возможность освобождения. Подробное донесение этому делу представлено мною департамент полиции 7-го января за №495»* [43, 375-б.]. Хат соңына қолы қойылған. Арада тағы да тасбақаша табандап күндер жылжиды. Бірақ, жазықсыз отырған Ахметті босатуга олар асықпайды... Қыстың қақаған айлары қаңтар мен ақпан арта қалып, мұсылмандардың асыға күтетін Наурыз айы да кіреді. Қыстың сарышұнақ аязы мен жердің тоңын жібіте келген көктеммен бірге жыл құсындей жағымды хабар жетеді. Семей губернаторы 7-ші наурызда Ішкі істер министрінің 15-ші ақпандагы қаулысын хабарлайды. Онда: «...Жақып Ақбаев, Ахмет Байтурсынов, Смахан Бекейханов, Ібраі Ақбаев, Бұдабек Рашибеков, Хасен Ақаев, Ахмет Рашибеков, Смайыл Байтеновтардың

Қазақ даласында, сонымен бірге Жетісү және Торғай облыстарында түргуа тыйым салына отырып, әрқайсысы 2 жылдан өз Отанынан тыс жерге аударылсын» деген мәлімдеме айттылады [43, 391-б.]. Аш ішекші созылған түрмедегі азапты құндер артта қалып, А.Байтұрсынұлы Орынбор қаласына 1910-шы жылды наурыз айында қоныс аударады. Бұл Ахметтің тұған өлкеден «саяси құдікті» ретінде алғаш жер аударылуы еді.

Жалпы, Орынбор шаһары – Ахметке бұрыннан таныс қала, әрі жүргегіне ыстық мекен болатын. Өйткені, ол осында оқып, білім жетілді, үлкен өмірге «мұғалім» деген жолдама алды. Арага талай жылдарды салып, тағдыр оған осы қалага қайта келіп, түруды маңдайына бұйыртты. Қогам қайраткері А.Байтұрсынұлының қазақ жұрты үшін жасаған алуан қызыметінің кіндігі де осы Орынбордан бастау алады. Орталық шаһарда нағыз көшбасшылық қызыметі басталған қайраткердің қым-қуыт құндеріне көшпес бұрын, Қарқаралыда қамалып, оның соңы Семей абақтысына ұласқанда, осы ахуалдың барлығын моншақша тізбелеп, қатаң қадағалаған Дала губернаторы кеңесінде үздіксіз жүргізілген құпия жеделхаттардың легі толастамағанына жоғарыда мұрагаттық ресми деректерден үзінділер келтірген болатынбыз. Бұл жөнінде тағы да губернатордың гулеғен құпия хаттары алыс аймақтарға жәнелтіледі. Мәселең, Омбыдан – Семейге, Семейден – Омбыға, Петербордан – Омбыға ағылған сұрау-хаттардың санында есеп болмаған. Өйткені, Ахмет – патша ағзамға қарсы пікірдегілермен бірігіп, әміршіл-әкімшіл үкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізген саяси құдікті ретінде қогамдық ортадан оқшаулатылған болатын. Саяси күрескерді қазақ жерінен тыс Орынборға жер аударуга өкім шығарғанның өзінде, Дала генералы тыныш таппаганға үқсайды. Олар енді Ақмола губернаторына, Ақмола облысының уездік бастығы және полицейлік бөлімдерге тағы кезекті аса құпия жеделхаттарын жібереді. 1910-шы жылды ақпанның 25-і күні Ақмолаға жолдаған нөмірі «39»-шы хабарламада: «...Ішкі Істер министрлігінің 20-шы ақпан күнгі өкімімен Қарқаралы орыс-қыргыз училищесінің бурынғы менгерушісі Ахмет Байтұрсыновқа Ақмола облысы өніріне екі жылға дейін кіруге тыйым салынады» деген қатаң тапсырма берілді [51]. Мұның ізін сүйтпай, наурыздың 5-і күні осы мәлімдеме Ақмола облысы уездік бастығына «726» нөмірлі өкіммен мөрленіп, жедел жөнелтіледі [52]. Арага екі күн салып, 7-ші наурызда Ақмола губернаторына толық ақпарат қамтылған мәлімдеме тағы тоғытады. Онда саяси құдіктілер қатарында жалғыз Ахмет Байтұрсынұлығана емес, бірнеше адамдар түрлі болыстықтардан тізбектеліп: Жақып пен Ыбырай Ақбаевтар, Смахан Бекейханов, Бұдабек Рашибеков, Смайыл Байтеновтер көгендене көрсетілген [53].

А.Байтұрсынұлының түрмеде жазықсыздан жазықсыз отырганын, патшалық билік және оның шабармандары білсе де, сол тұстағы ұратана халықтың ішінен шыққан саудатты қазақ зиялдысынан тартынып, оны қатты бақылауда ұстаганды жөн деп тапқанға ұқсайды. Ағартушы жөнінде Н.Скалозубовтың Ішкі істер министріне жіберген хатындағы талап-сауал: «...Арестованъ онъ 1 июля и до сих[ъ] пор[ъ] ему никого обвинен[i]я не предъявлено» деген сұраулы мәліметінен «А.Байтұрсынұлын айыпкер» деп табуга ешқандай негіздің болмaganын анық көруге болады [42].

Орынборда атқарылған орасан еңбегі туралы Ахмет Байтұрсынұлы өзі басшылық еткен «Қазақ» газетінде «Губернатор өзгертулурі» мақаласында: «..өз басым Тройницкийге алгыстан басқа ешнэрсе айттаймын. Өйткені жалған жала, жасырын шағымға инабат етіп, бұлдауышы болмаса, менің үстімнен жасырын шағым болмас еді. Жасырын шағым болмаса, мен Қарқаралыдан Орынборга қуылмас едім. Орынборга қуылмасам, Қарқаралыда түрүп осы істеп отырган ісімді істей алмас едім. Елу-алтыс балага гана берген сабактан алты миллион қазақта алаламай істеп отырган ісімді артығырақ көремін» - деп жазады [54]. Міне, мұндай мәлімдемеден, Ахметтің «құғындалуының» өзін «ел ризығы үшін» басына жіберілген «сынақ» деп қабылдағанын көреміз. Шындығында, ағартушы ұстазды Алла-тагала біріншіден, адам етіп жаратқаныменен, қоғамдағы болып жатқан әр түрлі әлеуметтік ахуалдар оны өмір сахнасына күрескер-қайраткер етіп шығарды. Басына түскен сын-сағатта, «турмede отырмын» деп қамықса да, осы қасіреттің өзін қамшылағанын, патшаның құрығы оларды түрте-түрте елге қазық болар тұлға етіп шығарғанына шүкіршілек етеді.

Күрескер «Өмірдерегінде»: «...Из тюремы выпустили с запрещением в пределах казахских областей и с правом выбора местожительства в других губерниях России. Выбор мой пал на город Оренбург, как на ближайший к Казахстану пункт и прибыл туда в марте 1910 года» - деп жазса, «Өмірбаяныңда»: «...Орынборга 1910-шы жылдың 9-шы наурызында келдім» деп, қалаға кіргені жөнінде нақты мәлімет береді [12]. Сонымен бірге, Орынборға келгеннен кейін «Қазақ» газетін ұйымдастырганын, сол басылымның редакторы болғанын, осы тұста аталған газеттің жұмыстары барысында басқарушы биліктің әкімшілігі тарапынан бірнеше рет айыппұл төлеуге тіпті, кейде тағы «турме тұтқыны» болып отыруға мәжбүр болғанын жазады. Ағартушының осы айтқандарынан көрінетіні, Орынборды «түрақ» етуді оның өзі де қалаған, бұл таңдауының астарында патша ағзамының әділетсіз билігіне ширыққан күрескердің өзіндік діттегендері болғанын көреміз. Ұлтының келешегі үшін мақсаттарын іс

жүзіне асырудың қолайлыш жері, әрі оңтайлы сәті осы орталықтандырылған Орынборда гана мүмкін болатынынан зор үміт күткен.

Бізге жеткен мұрағаттық тарихи деректер бойынша сараптасақ, «Қазақ» қоғамдық-саяси әдеби газетінің алғашқы нөмірі 1913-ші жылы ақпанның 2-сі күні шығады. Газет алтасына бір рет, қаржы көтеріміне орай, кейде екі рет басылым көріп отырган. Қалыптасуышы қоғамдағы заман ағымына қарай «...газет – халықтың көзі, құлагы һәм тілі» деп таныған күрескерлерге осы басылымға жетекшілік жасап, оны өз уақытында басып, шыгару жұмыстары, жалпы, қазақ ұлтына үнқағаз арқылы қызмет жасау оңайға түспеген [55]. Мұны Ахметтің Орынборға 1910-шы жылдың басында келсе де, араға үш жыл салып, газетті шыгаруға әрен қол жеткізгендерінен көруге болады. Шындығында, ұлт газетін шыгаруды Алаш арыстары патша атына құзырхат жолдайтын 1905-ші жылдан жоспарлаған. Құзырхатта көтерген 11 мәселенің үшіншісі – қазақ тілінде газет шыгару болатын. Бірақ, әлеуметтік ортадағы түрлі кедергілердің салдарынан, олар ұлт газетін шыгаруға араға 7-8 жыл салып, бақуаттылардың қаржылай көмегінің арқасында мүмкіншілік алады.

Орынбор облысы Мемлекеттік мұрағатының деректеріне сүйенсек, А.Байтұрсынұлы жаңа қонысқа келген соң, Торғай-Орал переселен (қоныс аударушылар) партиясына кеңе ісін жүргізуши болып жұмысқа кіреді [56]. Бұл мекемеде шамамен, екі жарым жылдай уақыт, 60 сом жалақымен ерікті жалданушы болып жұмыс жасайды. Осы уақыт аралығында ол ұлтының келешегі үшін алдына қойған жоспарларын іс жүзіне асыру мақсатында, қазақтың оқымыстылары: Элихан Бекейхан, Міржақып Дулатұлыларымен бірігіп, газет шыгару ісіне қажетті ең өзекті мәселелерді шүғыл шешуді қолға алады. Олар баспасөзге аса қажетті қаражат көздерін, әрі ұлт газетіне жазылушыларды үйімдастырады. Ең бастысы, қазақ ұлтының тарихи атапу – «Қазақ» атымен шығатын газеттің жазылым тілін анықтап та алады. Бұл басылым қазақтың төл жазуымен шыққан тұңғыш газет болатын.

А.Байтұрсынұлы «...сөзі жогалған жүртттың өзі де жогалады» деген қағидасын әрбір бүратана халықтың ұлт болып қалыптасуындағы ең өзекті мәселе» деп қарайды. Оны «Орынбор әм 10 пеуірал» атты мақаласында талдап таратады: «...Таріқ жолына қараганда келімсек жүрт күшті болса, түрган жүрт айақ асты болып азып-тозып жогалмағыш. Түргын жүрт күшті болса, келімсек жүрт сіңіп, түргын жүртттың түріне түсіп, бөтендігі жогалмағыш. Екеуі тең болса, бір-бірінен кем болмай, бірі-бірінен жем болмай, қатар түрып күнелтіп, әр қайсысы өз алдына ұлт болып түрмәк» - дег, ұлт күшінің қандай болу керектігін айтады [57]. Өз жүрттің елдігінің негізіне тереңдеп, «...Қазақ деген қашаннан өз алды-

на ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауганга дейін тұмас түрган қалық еді. Арамызға әр түрлі жүрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жогалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба?» - деп, араласқан ұлттар арасындағы қатынас тілінде қазақтың жайы алдағы күнде қалай болмақ деген өзекті мәселені көтереді [57]. «... Ұлттың сақтауына да жогалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. ... Өз ұлттына басқа жүрттың қосамын дегендер әуелі сол жүрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып түрруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлагандан тіліміздің де сақтау қамын қатар ойлау керек» - дейді [57]. Соңдықтан да әр тілдің айдауында жүрген өз ұлттына ең қажетті, аса зәру мәселе – Қазақ әліпбійінің таңбасын жасауды Орынборға келген бетте қолға алған. Ол өзіне дейін түзілген кирил таңбасындағы қазақ алфавитіне аса мойынсұнбайды. Қазақ жүрттың төл, ана тілін бұзылмаған сағ қалпында сақтау үшін қандай таңбаны алу керектігіне ұлкен мән беріп, осы жолда бұрынғыларға ұқсамайтын төтеден соны жол іздейді. Өзінің ұзақ жылдар бойғы мектепте бала оқытқан тәжірибесі мен ізденістері барысында кирилше жазудың орыс патшалығы боданындағы қазақ ұлты үшін тіл саясатындағы «тұсау», тіпті «бұғау» деп түсінеді. Бұратана жүртқа қасақана енгізілген мәжбүрлі жазудан арылудың барлық амал-тәсілдерін қарастырады. Ахмет сол себептен де жаңа әліпбі таңдауға аса сақтықпен қарайды. Қазақ ұлттың болмыс-бітімін жоғалтпайтын, оның өзіне ғана тән табиғи дыбыстық ерекшеліктерін бере алғын, әрі исламды «діл мен діннің лұғаты» деп зерделегендіктен, ол өз таңдауын араб графикасына жасайды. Сонымен қатар, ежелден қазақ жүрттың қазақ болып қалыптасуындағы көле жатқан қадим жазуындағы дала данышпандарының көне зерттемелерін негізге ала отырып, ол өз таңдауын жүрт талқысына Қазақ газеті арқылы ұсынады.

Бұл аралықта Ахметтің «Қырық мысалы» кітабынан басқа, 1911-ші жылы Орынборда басылған «Маса» өлеңдер жинағы да бұқараның қолына тиген болатын. Ахаң шығармаларының қалың үйқыда жатқан қазақ жүртшылығына әсер еткені соншалық, рухани қаламдас інісі М.Әуезов оның бұл туындысын «...әдебиеттегі елилдік ұран» деп әспеттеді. Ал ұлттың үні болған «Қазақ» басылымы туралы: «...қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім үйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртпіп, күзгі таңының салқын желіндегі ширықтыңған, етек-жеңін жигизған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім? Ішіндегі қажылмайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін қазақтың айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, «Маса» болып ызыңдан оятамын деп, ұзақ бейнетті міндет қылып алған Ахаңның екпіні болатын» деген зор

мақтанышын қалың қазақ халқына уағыз етеді [11, Б. 17-20]. Шындығында, қазақ оқығандарының арасында басым көпшілігінің тілі өз тұған тілінен алғысталап, «татарша оқығандары татар тілімін», «орысша оқығандары орыс тілімен» таныла бастағанда, олардың рухын оятқан Ахметтің жанайқайынан тұған «Масасының» тілі еді! Орыс патшалығының обыр саясатын ерте үққан ол, қаперсіз жатқан елінің қапыда қалмауының қамын ойлады. Сол жолда бұратана ұлтының ұғымына жететін, селт еткізег алмас қылышты, оның бабадан мирас болған «төл тілі» деп білді. Құрескеп қазақ санасын ұзақ жылдар бойы билеген салғырттық уын жою үшін «тілін қаламына безейді». Ақиқатында, Ахметтің айшықтары Мұқанша толгасақ, «қаламынан тамған бал, ұлтына ем болып дариғы» яғни, жүртттың қан жылаған жүргегінің қылын дәп басып, ұлтын соңынан ертеді.

Жалпы, қандай да бір ұлттың тілі туралы сөз қозғағанда, тілдің төңірегіндегі түрлі таласты әңгімелердің тууы заңды. Тіл туралы түсініктің ауқымы өте кең. Адам бар жерде оның тілі болады. Қандай да бір тіл, ұлт бар жерде пайда болады. Сол ұлтпен бірге өмір сүреді. Егер ана тіл жоғалса, онда біртіндеп ұлт та жоғалады. Соңдықтан ұлт ретінде қоғамдағы орныңды анықтау үшін тіл майданы кез-келген ортада өз-өзінен туындаіды. Тіл майданы тілдің саяси астарына үңілуді, төл тіліндің тағдыры үшін құресуді үйретеді. Міне, осы тұста толып жатқан тілдердің бір-бірімен «ұлы айқасы» басталады. Айқастың аты – айқас. Бірі – жеңіліп, бірі – женүі тиіс. Мұндайда түрлі қитұрқы әрекеттер бас көтереді де, жымысқы саясаттар да тұс-тұстан анталап, тоқпағы құштілердің арнайы саяси бағыттары басшылыққа алынып іске асырылады. Ал, тіл саясаты дегеніміз қандайда ұлыс «ұлт» ретінде қалыптасқан күннен бастап, қатар жүретін егіз ұғым. Ұлт үшін оның тілінің атқаратын маңызы өте зор. Кім өзінің тілінің түп-тамыры жоқ немесе «тілдік қоры аз» деп, өзге «басым тілдің» жетегіне еруші еді?! Әлбетте, кеудесінде жаны, жүргегінде намыс оты бар оқыған әрі тоқығаны мол адам өзінің ана тілін қорлатпайды. Сонымен, тіл майданы дегеніміз күнделікті күн тәртібінен түспейтін күрделі де саяси маңызы зор мәселе. Тарих төрінен орын алатын ұлт өкілінің «тілі – озық, мәдениеті – жоғары» болатыны айтпаса да түсінікті. Өзінің ылқым заманнан атамекені анық ұлыстардың тіл майданынан қалуы мүмкін де емес.

Қазақ деген ұлыстың ұлт болып қалыптасуының тамыры тереңде жатса да, оның бірі-бірімен қатынас құралы ретінде төл тілі – сөйлесу тілі болғанымен, төл жазуы өзінен ілгері жүртттың таңбасына тәуелді болды. Ғасырлар бойы бөгде жүртттың таңбасына таңылу, тіл майданында өзінің тарихи тұлғасы – Ахметтің құрес сахнасына шығарды. Тілімізге төтеден түрлен

салып, дербестік әперу бақыты Ахметтің маңдайына жазылған тағдырдың тауқыметті де ең ұлken сынағы болатын. Ахаң түрлеген ана тіліміздің ұлт тілі ретінде мойындалуы оңайға түскен жоқ. Сан рет сұзгіден өтіп, талай-талай талқыга түсті. Ілімі мен білімі озған елдердің ғалымдары да бодан елдің болмысы бөлек баласының бойындағы «ұлттық бұлқынысты» көрді. Дарын иесінің даралығын таныды, әрі ұлken сынақтан сүрінбей өткенін мойындағы.

Сөзіміз дәлелді болу үшін Ахаң әліпбі туралы айтылған айшықтарға жүгінелік. Мәселен, өзге ұлт өкілдері: А.Н.Самойлович «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» (1919), Е.Д.Поливанов «Қыргыз-қазақ жаңа (Байтұрсынов) орфографиясы» (1924), Н.Ф.Яковлев «Әліпбі құрылымының математикалық жүйесі» (1928) туралы ғылыми зерттеу мақалаларын жариялады. Ал 1930-шы жылды Мәскеуде жарық көрген Әдеби энциклопедиясының 1-томына Ахмет туралы қысқаша анықтамалық, 1931-ші жылды осы жинақтың 5-томына «Қазақ (Байтұрсыновтық) әліпбі» енді. 1967-ші жылды Нью-Йорктеге жарық көрген «Орталық Азия орыс билеген ғасырда» («Центральная Азия в век русского правления») деген ғылыми-зерттеу еңбекте Америкадағы Колумбия университетінің профессорлары: Эдвард Олуорд, Ян Муррей Мэтли, Карл Х.Мэнгес өз шәкірттерімен бірлесіп, Орта Азия халықтары мен қазақ халқының экономикалық, саяси, мәдени даму жолдары туралы – олардың ұлттық сезімінің оянуы, интеллектуальдық жағынан өсүі, әдебиетінің дамуы жөнінде, әсіресе, әр халықтың осы ұлken саяси істерде зор қызмет көрсеткен қайраткерлері туралы мол мағлұматтар берген. Сол тұста өз елімізде «халық жауы» деп мансұқталып жүрген А.Байтұрсынұлы туралы 16 беттік пікір білдіріп, онда оның саясат, әдебиет, мәдениет майданындағы ерлік істерін ерекше бағалаған. 1974-ші жылды түркітанушы А.Н.Кононов «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» туралы ғылыми анықтамалық сипаттама жазды. 1985-ші жылды Оксфордта шыққан «Казахи о русских до 1917 года» атты жинаққа М.Дулатұлының Ахмет Байтұрсынұлы туралы биографиялық очеркі енді.

1919-шы жылды А.Самойлович «Литература Востока» атты басылымда «Литература турецких народов» (Түрік халықтарының әдебиеті) деген мақаласында А.Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігі жөнінде ғылыми анықтамалық сипаттама жасайды. Онда: «... Он – реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы» - дейді. Яғни, Ахметтің қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы деп нақты баға берді [58, 78-6]. 1924-ші

жылды Е.Поливанов Ташкенттің «Бюллетень Среднеазиатского государственного университета» атты жетінші басылымында Қазақ жазуы (орфография) мен таңбасының таласты мәселелері тақырыбы аясында Қазақ әліпбіне «Байтурсыновская графика» деген атау беріп, осы жаңа емле туралы: «...эту последнюю форму, которую приняла казах-киргизская графика в 1924 году, (...) считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы как крупным культурным завоеванием» деп, тарих алдында әділледі бағалады [58, 53-6]. Яғни, әліпбі таңдаудагы Ахметтің «төте жазуын» ұлттық таңбаның тарихи қалыптасуындағы ең ірі мәдени жетістікке теңеді. Орыс галымының «...енді түзетуді қажет еттейтін, тарихи түргыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» - деген ғылыми мәлімдемесі қазақтың жаңа қалыптасқан ұлттық ғылымына зор мақтандырылған әкелді. Ал тұлғаның замандастары: «...Ақаң түрлеген ана тілі», «...Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына, ...әлемдік мәдениеттен араласуга, ...халық мектептерінің өркендеу жолына алып адым жасады» «Қазақ әліпбі» мен «Қазақ тілінің дыбысы және сөз жүйесі атты оқулықтарының өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі қазақ грамматикасына бөлекше реңк жекелді» деді. Олар сол тұста-ақ, Ахаң әліпбінің жүртшылық тараптынан зор қошеметке бөлленгенін айтЫп, жабыла ақпарат беттерінде жарыса жазды. Тіпті, осы төте жазуды негізге алып, көрші елдердің қыргызы, әзербайжандар тағы-тағы басқалардың «тіл көшін» түзегені тарихтан белгілі.

Сонымен, Орынбор қаласы – Ахмет Байтұрсынұлының ата баласы емес, Алланың құлды адаласынан көзінде пана болған рухани Отан. Бала оқыту жүйесімен ерте таныс болған Ахмет, осы саладагы қажеттіліктеге де ерекше назар аударған. Қазақ тілін зерттеуге кіріскені жөнінде былайша баяндайды: «...По приезда в Оренбург стал заниматься, во-первых, исследованием казахского языка в фонетическом, морфологическом и синтаксическом отношениях, во-вторых, реформой казахского алфавита (не шрифта) и орфографии в сторону упрощения; в третьих, очищением казахской письменной речи от лексических засорений и синтаксических построений ее от иноязычных влияний; наконец, в четвертых, перенесением прозы (деловой, публицистической и научной письменной речи) с рельсов книжного языка на рельсы живого разговорного языка через стилистическую обработку и через изобретения научных терминов из казахских слов. Все это проводилось в жизнь через составляемые мною учебники и редактируемую мною тогда

газету «Казах». В этом направлении продолжалось моя работа вплоть до 1918 года» [12]. Шын мәнісінде, Ахмет әр тілдің жетегінде жүрген қазақ жүртіның төл жазуы – Эліпбійнің таңбасын түрлеп қана қойған жоқ, оны бастауыш мектептің сыйныбында қалай оқытып, қалай үйретудің әдістәсілдері қарастырылған арнайы оқулықтарды жазып шығарды. Сонымен қатар, оқытушыларға ауадай қажетті көмекші нұсқаулықтарды да жазды. Осылайша қазақты танымдағы оқулықтар түңгыш рет ғылыми жүйеленіп, қазақ тіл білімінің негізі болып қаланды.

Ғылым-білім туралы қайраткер: «...өнер тұрасында біздің жайымыз ...жарлының халі сықылды. Ғылымның жаңа жолын табуды ізdemек түгіл, тапқан ғылымга қолымызды жеткізерлік бізде ешнәрсе жоқ. Жүртқа ғылым үйретумен, көрумен, білүмен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, зуелі, оқу үйретемін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек» - дейді [59]. Міне, осы «көректердің» жолында бірінші болып, тагы өзі өзгелерге ұлғ-өнеге бола білді. Осылайша тіл саласында оның алғашқы кітабы «Оқу құралы» қазақша алибасы 1912-ші жылы Орынборда жарық көрді [60]. Оқулықтың беташарына: «Балалар, бұл жол басы даналыққа, Келіңдер, түсін, байқап қаралық та! Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп, Соларды көре тұра қалалық па? Даналық – өшіпес жарық, кетпес байлық, Жүріңдер ізден тауып алалық та!» деген тарту өлеңін береді. Кітаптың алғашқы сөзі Құран сөзімен басталады: «*Би исми-иллахи-рахмани-рахим*». Балалардың оқуын қындаатпай, қарапайымнан құрделіге бастап, бірінші әріпті алып, оның қатарына сол әріптен басталатын, тұрмысқа қажетті сөзді тізбелейді, екінші әріпке де дәл солай анықтама береді. Соナン соң тізбеленген сөздерді қаз-қатар, ұзынынан тізіп, дауыстап оқуға әрі сол сөздерді жазуға дағдыландырады. Таңбалар оқытылып болған соң ғана, оны жуан-жіңішке дауысты дыбыстар мен дыбыссыз (қазіргі дауыссыз – Р.И.) таңбалар деп екі топқа бөліп оқытуды ұсынған. Қазақ тіліндегі дыбыстарды игертіп болған соң, шағын мәтінді танымдық тақырыпшалар топтастырылып, ол жаттығу ретінде орындалған. Кейін бұл жұмыс ұлттық ғылымының бастау көзі болып, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының ғылыми заңдылықтарын түсіндіретін теориялық еңбектер жазуға ұласты. Ал дәл сол кезеңде оку мен білімге деген құштарлық қарапайым жүрттүң бойында ояна қоймаган кенжелеу тұсы болатын, сол себепті де әдіскер-ұстаз баланың ұғымына жеңіл қарапайым тәсіл дыбыстап оқыту әдісін қолданған.

Жалпы оқуға деген ұмтылыс, ел ішіндегі бала оқытудағы жадиттік ағым тек отаршылдық орыстандыру саясатына қарсы бағыттағы, өзін-өзі

ұлт ретінде сақтап қалу мақсатынан тұған қарсылық болатын. Эрі оқудың мұндай төте түрі жергілікті халықтың өз қарожатымен дербес өмір сүрді. Өздеріне бағынышты жұрттың іліміндегі мұндай жаңашыл ағым билікке ұнамады. Оның үстіне патша өкіметі ұлттық бұлқыныстың тұтануына жол бермес үшін, мұсұлман мектептеріндегі екі ағым: қадим мен жәдитті бір-біріне қарсы қойды. Орта Азия елдеріне жадиттік ағымды әкелген татар ұлтының қайсар ұлы Исмайылбек Гаспаралы болатын. Бұл есім мұқым түркі жұрттына мәлім болғандықтан, оны таратып жатуды қажет деп таппадық. Оның ағарту ісі саласындағы жаңа ағымы – жадидизмді қолдаушылардың бірі Ахмет болды. Ол төте жазуды қолданып қана қойған жоқ, қазақ ішіне қазақша болмыспен қалыптастырып таратушы, тіпті іргесін қалаған негізгі көшбасшы болды. Міне, «Қазақ» газеті өмірге келгенше, құреспекердің қаламынан қамсыз жатқан қалың елінің санасын қозғау үшін насиҳат ретінде жазған мысал-өлеңдерімен қатар, «окуы аз» ұлтты сауаттандыру үшін түрлеген әліпбі мен балаларды оқып-баулуга арнайы жазған қазақша әлифбасы да шыққан болатын. Бұл жұмыстарға жегілген маңдай тер қаншама десенізші...

XX-шы ғасыр басындағы әлеуметтік ортада ресми іс жүргізу тілінде қазақ ұлтының атадан балага мирас болған өз атауы қасақана аталағай, «қырғыз» аталып келгендігі қазақ оқығандарының жанын жаралауы заңды да еді. Сол себепті де тұған халқының төл атын қайта жаңғырту мақсатында, олар ұлт баспасөзін «Қазақ» деп атады. Бұл жөніндегі жүрек-зарын Ахмет қандас бауырларына: «...Атала жүрттымыздың, ауданды ұлттымыздың әртүрлі аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық...» дейді үнпарақтың беташарына берген үндеу-мақаласында [55]. Газеттің қоғам өмірінде атқарар айрықша қызметі мен зор мәнін атап көрсетті. Ол әлеуметке газеттің ең зәру межелі мақсаттарына тоқталып, бұқарага басылымның қанышалықты қажетті екендігін сарапал талдап береді: «...Әуелі газета халықтың көзі, құлагы һәм тілі» деп бастайды арнау сөзін [55]. Оナン әрі бұқаралық ақпарат құралының әлеуметтік маңызын шегелей түседі: «...Бүтін дүниа жүзіндегі халықтар... газета арқылы ...дүниада болып жатқан істер, сөйлеменіп жатқан сөздер пайдалы? Кімге за-рарлы екендігін күні-бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, заарарлы болса сақтанып тұрады. Екінши, газета жүрттың ылақбасына қызмет ететін нәрсе. ...жүрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, ...газета арқылы жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінши, газета ...білім та-ратушы. Газетадан жүрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білім молайып, пікірі ашилып, парасаты жетікпекші. Төртінши, газета халықтың дауышысы. «Жүрттым» деп халықтың арын арлан, зарын зарлан,

намысын жоқтайтын азаматтары газета арқылы халықтың сөзін сейлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы түрүп, қаргага көзін шұқытпаса тұрысады» деп, толып жатқан ел үшін атқарылатын негізгі міндеттерді айқындаپ көрсетеді [55]. Міне, «соқырга шам ұстатқандай», сауаты бар жаннның ешкімге соқтықпай, қоғамнан өз орнын, тиісті үлесін алатынын айтады. Әлбетте, газет енді отырықшылыққа бет бүрган қазақ жұрты үшін аудай қажет аса маңызды басылым еді.

«Қазақ» газеті өмірге келгенге дейін де қазақ жұртшылығының қажетін өтеген бірлі-жарым ескі жазумен шығатын мерзімді басылымдар болды. Атап айтсақ, «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882 ж.ж.), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902 ж.ж.), «Айқап» журналы (1911-1915 ж.ж.), «Қазақстан» (1911-1913 ж.ж.) және т.б. Бұл басылымдардың кейбірі орыс патшалығы үкіметінің тараپынан арнайы шығарылғандықтан, үнпарақтың мақсаты билеушілердің ел басқарудағы түрлі заңдарын, әкімшілік ережелерін бұқаралға жеткізумен шектелді. Дегенмен әкімшілік басылым беттерінде арапідік халық ауыз әдебиетінің нұсқалары, әлеуметтік мәні бар мақалалар жарияланып отырған. Бірақ, бұл газеттер орыс билігі боданындағы қазақ елінің «қарапайым бұқаралға жұртшылығының жоқшысы, іздеушісі» дәрежесіне көтеріле алмайды. Сондықтан да қазақ елінің қарапайым жұртшылығы өзін қолдайтын, әрі қорғайтын, керек кезінде ақылшы боларлық газетке сусаулы еді. «Іздегенге – сұраган» дегендей басылым дер кезінде дөп түсіп, елдің көзайымына айналды. Тіпті, сусаған елдің шөлбасары «Қазақ» басылымы болды. Бір гажабы, сол тұста ақпарат құралдарының таратылу жылдамдығы қазіргідей пошталық құралдармен жабдықталмаған болса-дағы, газет қолдан-қолға, елден-елге, ұшқан құстай тез тарап отырды. Осылайша дала мен қала арасында байланыс орнап, қарым-қатынаста болды. Қала өмірі арқылы отырықшылықтың не екенін түсіне бастаған дала адамдары, енді қаланың басында болып жатқан қандайды жаңалықтарға құлақтарын түріп, елеңдеуді әдettеріне айналдыра бастанды. Ал қыр даласына сағындырып жеткен «Қазақты» ауылдағы бірлі-жарым сауаты бар қазақ шұқшия, бар өнерін салып мәнерлеп оқыса, қалғандары «құлаққа ұрган танадай» тапжыламастан, тыңдайтын еді. Онан соң естігендерін бірімен-бірі жарыса ауылдан-ауылға бетті өпкен самал желдей тарататын.

Қырғыз атанған ұлтының төл атавы «қазақ» қайта жаңғырып, қырдағы елдің ішін кезген «Қазақ» газетінің бетінде көтерілген өзекті мәселелерге ыразы болған данышпан ақын Абай Құнанбайұлының неме-ре інісі әрі рухани қаламдас шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы басылымға

жетекшілік еткен Ахметке ағалық қамқорлығын білдіріп, ақ батасын өлең арқылы жолдайды:

«Дүниеге келді бізден бір талапты ұл,
Ер жетсе бар қазақтың басшысы бұл.
Бөгеттен ауру-сырқау аман сақтап,
А, Құдай! Құтты, өмірлі, бақытты қыл!

Үмітті Орынбордан бала туды,
Қолына жарық сәуле ала туды.
Мақсаты: қараңғыда жүрген халқын,
Ойлайды тұра жолға қаратуды.

Құтіп ем тұа ма деп көзім сүзіп,
Бұл кезде кетіп едім күдер үзіп.
Хабарын «Ұақыттан» білгеннен соң,
Тірілді өлген үміт қаным қызып.

Көп қайты болды бүгін ұмытылғандай,
Бейнеттен бір зор ауыр құтылғандай.
Жақында жан шыгарға шөлдегенде,
Құмартқан сусын бейне жұтылғандай.

Қайғысыз жас жігіттей бола қалдым,
Бір тамшы қарлығаштың суындағы ғып
Алуга жылдық «Қазақ» ақша салдым.
Табармын шамам келсе тағы жолдас,
Қам қылмай, қартайдым деп жатып болмас.

Үмітті жаңа тұган жас баланы,
Ағайын, қыргыз-қазак, түгел қолдас!
Ойлама, газет бізге не керек деп,
Газетсіз ел жаны жоқ, өлгенге есеп!
Көл болар көп түкірсе деген кәні,
Кетпей ме бір тоқтыны қасқыр да жеп?».

[61; 62, 27-6.]

Міне, осылайша қазақ елінің шығысы мен батысына, солтүстігі мен оңтүстігіне тараган газеттің жанашырлары мен жанкүйерлері табылды.

Ел ішіндегі ағайын-тұғандар, жегжат-жұражаттар қуана қолпаштап, жаңа үшқан «Қазақтың» қолтығынан демеп, бойына күш-куат берді. «Қолына жарық сұле ала тұган» Ахмет, Әлихан, Міржақыптар ел агаларының үмітін ақтады.

Откен тарихты білу – ұрпақтың міндеті. «Өткенсіз – бүгін, бүгінсіз – келешек жоқ» деген бабадан қалған қағиданы адамзат тіршілігіндегі шартты ұстанымдардың бірі деп қарау қажет. Жұрттымыздың ұл болып қалыптасқан күнінен бастап, «қазақ» деген атаудың қайдан шыққаны ғасырлар бойы зерттелуде... Бұл туралы әр түрлі пікірлер мен қылы тұжырымдар айтылып келеді. Ұлттың атын айшықтайдын, әлқиссадан келе жатқан осы «қазақ» атты атауымыздың ғасыр басында қасақана бүрмаланып, «қырғыз» атанғанын, ал қырғыз ұлтының «қара қырғыз» аталғанын мұрагаттардағы деректерден біліп, «қысастықтардың» қыртыс-қатпарына ұрпақтардың қай-қайсысы да үнілген... Міне, сондай кезеңде Ресей патшалығының, нақтырақ, орыс шовинистерінің бұратана халыққа жасаған саясатынан тайсалмаған ерен ұлдары: Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бекейхан, Міржақып Дулатұлы сынды ақының перзенттері тірліктің тарих атты күрделі сахнасына қасқайып қарсы шығып, ұлт мұддесі үшін күресуде үлкен табандылық танытты.

Күрескер-агартушы: «...сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих. Тарихтың қызыметі – бүтін адам баласының, яки бүтін бір жүрттың, иә бір таптың откен өмірін болған күйінде айниттай айтту» - дейді [63; 64, 215-6.]. Осы қағиданы ұстанғандақтан олар «Қазақ» газетін жеке бастарына тұсken қандай қыын-қыстау заман болса да «жоқтан бар жасап» шығарды... Бұл олардың әу бастиғы шыққан тегі, түп қазығы – бабалар жолын ұлықтаған ұрпағының тарихи төл атын қайтарудағы тұңғыш жемісті қадамдары еді! Осындағы қаскөйліктің нәтижесінде «ұлы жүрттың» өңешіне жұтылмай, сол уақыттан-ақ, қазақ өз алдына ұлт екендігін көрсетіп, төңірегіне таныла бастады... Қазақ ұлтының тәуелсіз ел ретінде қалыптасуы үшін ұлттың керегін жоқтаған қазақтың зиялдылары «жер, тіл, діл, дін» үшін қарақан басының қамын ұмытып, қасық қанын да сол ұлт мұддесі үшін пида етті. Бірде «Алаш» атанған, бірде «Қазақ» атанған ұлтымыздың төл атауының ұрпақтан-ұрпаққа ұласуы үшін қаншама күш жегіліп, қаншама қан төгілгеніне тарих бетіндегі «қаралы күндер» күә...

«Қазақ» басылымын шығару үшін басын бәйгеге тіккендердің бірі –Міржақып Дулатұлы. Оның да Ахметтің «Қырық мысалымен» қатар шыққан «Оян, қазақ» атты жинағының ел ішіне тез таралып, марғау жатқан қыр қазағын қозғаганы ел билеушілеріне ұнамайды.

Ахметті абақтыдан босатқанымен, қазақ оқығандарының басын біріктірмес үшін, Әлихан мен Міржақыпты да сан түрлі сылтаумен Семей түрмесіне қамайды. Бірақ, патша үкіметі шабармандарының оларды тұншықтырысы келген қитұрқы саясаты іс жүзіне аспай, қапастағы қос тұтқын бостандыққа шығады. Тұрменің тар қапасы Міржақыптай жалынды жасты жасыта алмайды, керісінше оның ұлт жұмысына деген құштарлығын арттыра түседі. Азаттыққа шыққан Міржақып өзінің рухани ұстазы, әрі жерлес ағасы Ахметтепен «ел жайы, оның келешегі үшін не істемек керек» деген маңызды мәселенің басын ашып алмақ ниеттеп шүгіл жолға шығады. Қазақ ішіне аты «Оян, қазақпен» жайылған Жақаңды, ат басын тіреген ауылдардың атқамінерлері табанын жерге тигізбей, құшақ жая қарсы алады. Әрі абақтыдағы азапты құндердің «сызыны» ұмыттыру мақсатымен «қазақ жоғын іздең жолаушыға» сәтсапар тілеп, ұлken құрмет көрсетеді. Қазақ деген әз ұлатына сөз арнаған «қайсар ұлдың орта жолда аптығып, сағы сынбасын» деген ел шонжарлары, оның қанжығасына қомақты қаржы жинап береді. «Көп түкірсе – көл» демекші, әп-сәтте мол қаржыға малынған Міржақыптың бұл ақшаны қалай жұмсаса да қайда жұмсаса да еркі өзінде еді. Тіпті, қарақан басының қамына жаратса да, оған «әй дейтін әже, қой дейтін қожа болған» жоқ... Бірақ, «жалғыз жортқан жолаушының жолдасы – қыдыр» дегендейін, Жақаңдың да жалғыз мұңы – ұлттың бұлыңғыр келешегі не болады деген толғакты мәселенің Қыдыр атадай қыр соңынан қалмаганына талай айдың жүзі болғандықтан, бұл ақшаны қайда жұмсауды да жоспарлап та қойды. Сан жылдардан бері саналарында жүрген ұлт басылымын шығарудың сәті осы деген Міржақып алып-ұшып, агаларының жанына жетеді. Қазақ газетінің «бірі – идеология, бірі – ар-ожданы, бірі – моторына» айналған үш арыс барлық тапқан-таянғандарын ортага салып, ұлт унпаратын үнемі шығарып тұрды.

«Жақсы хабар қашанда жан-жағына жарыса, жайыла тараиды» демекші, Арқаның бетпақ даласы түү-у Торғайдың сар даласына жеткен «Қазақ» газетін көргенде, бұрыннан Ахметтің атына әбден қанық, әрі оның әрбір ісін алыстан қағағалап, сыртынан сүйсініп, тілекші болып отыратын ауылдың тума талант, дарынды ақыны Сейдахмет Бейсенұлы да ертеректе Ахметтепен өлеңін есіне алып, бір марқайып қалады. Бұл өлең – Торғай жүртшылығына кең жайылып, ел жадында мәңгігে жатталып қалса керек. Кеңес үкіметінің әкімшіл-әміршіл жүйесі қазақ жерін билеген тұста «өздерінің топырағынан ұшқан Ұлар құстай ұланын» ұлықтай алмаған жүрттүң жады да бірте-бірте көмексілене береді. Кезінде бұл өлеңді жатқа согатын қарттардың қатары да сирейді. Десе де

«ел іші – шежіре» демекші, Ахаң деген сол бір арнауды ұмытпаған екен артында қалған ұрпақ. Ел жадында жатталған С.Бейсенұлының өлеңінен бұл күнге жеткен нұсқасы мынадай:

«...Зейінді, зердесінің ұясы бар,
Құдайдың өзі әкеліп құя салар.
Ғылымның жан білмейтін құпиясы,
Басына баянды етіп ұя салар.

Өлеңі бұғалыққа бағынбаган,
Толқындаі бүйраланып ағындаған.
Ақыннан Жұмабайдай фатиха алды,
Құранның шындығындаі дарынды адам.

Бақ қонды оннан жаңа асқанында,
Асарсың өнердің сан асқарында.
Жарқырап әлі бір күн тұрарсың сен,
Жұлдыз боп қазагымның аспанында...».

Ахаң бойындағы ерен екпін мен қасиетті құдіретті байқаған Сейдахмет ақынның көрегендігіне қалай таңданбассызы?! «Құранның шындығындаі да-рынды адам», «Жарқырап әлі бір күн тұрарсың сен, Жұлдыз боп қазагымның аспанында» деп қалай дөп басып айтқан десеңіш! Өмір жолы ауыр тауқыметке толы болса да, қындыққа мойымаган Ахмет қылышылдаған қырық жасында ұлтының қажетін өтеп, мұқым қазақ жұртына керекті істің басынан табылып, қашанда ұлтымен бірге болды.

Жалпы, адамның болмыс-бітімі, оның бойындағы ерекше қадір-қасиеті Алланың құдіретімен жаратылатыны хақ! Десек те, адамның кіндік қаны тамған тұған топырақтың да киесі баршылық-ау! Шежірелі қарт Торғайдан шыққан текті ұлдардың XX-шы гасырдағы заманынан оза шапқан дарабозы да Ахмет еді! Оның уызынан жаратылысы өзгеше болғаны соншалық, ол ел ішіндегі болмысы бөлек, көнекөз қариялдардың қөзайымына айналды. Оны ақындықтың аулына баулыған, қазақтың құдіретті екі шекті қара домбырасына үйреткен, ел ішіндегі ертеден келе жатқан қиссаларды зейініне құйған, сөз баққан қазақтың нақылдарына, мақал-мәтеддеріне, әдет-ғұрыптарына тәнті еткен арқалы Арқа жерінің данагөй ақсақалдары екені де даусыз. Ежелгі Торғайдың «құнарлы топырағынан қуат алған, сол елдің аузы дүғалы әнші-композиторы Есенжол Жанұзакұлы өзінің жан жолдасына айналған, қадір тұтар қасиетті қара домбырасын өкшесін ба-

сып келе жатқан жерлес інішегі Ахметке ырым етіп, сыйға тартқан» дейді. Бұл туралы ел жадында жатталған өлең мынадай:

«...Беремін саган сеніп домбырамды,
Төгілтіп тербеу үшін қоңыр әнді.
Қамшылап тор шолағын жүре бермей,
Ағаң да әлі бір құн болдырады,

Сонда сен айтқанымды жалғарсың да,
Шығарсың Ұлытаудай талғар шыңға.
Домбыра қағысың мен аққу үннен,
Тыңдаушы Есенжолды аңғарсын да...».

Мінекей, ылқым заманнан «халық айтса, қалт айтпайды» дейтін қанатты сөз, қара халықтың қазанынан қайнап шыққан бабалар даналығы осындаиды ишара етсе керек. Есенжолдай шежіре-қарттың сөзін Алла «әүумин» деді ме, кейін Ахметтің музыка саласынан арнайы алған кәсіби оқуы болмаса да, қазақтың қара домбырасында шебер ойнайтын дәрежеге жетеді. Ахаңның күмбірлеген домбырасынан төгілген өлең-жырлар, кейінірек Затаевичтай заңғарға жолығудың сәтін салады. Жаңалыққа жаны үйір Ахмет қазақ ұғымына мүлдем жат, бірақ ауадай қажет өзінің әдебиеттанымында айтатын бес өнердің бірі – әуез (европаша – музыка) өнерінің тылсым иірімдерін де игеріп алады. Ахаң қазақтың киелі қара домбырасымен қатар, европалық музыка аспаптары: күйсандық пен скрипкада да шебер ойнаган.

Негізінен, Ахметтің шыққан тегі өз әuletінде де тума талант, дарын иелері бар деседі, торғай жүрты. «Өз әкесі Байтұрсын мен оның бауырлары ән-күйге жақын, домбырада шебер ойнайтүғын» дейтін деректер жеткілікті. Тіпті, сұзырып салма ақындықтарымен қатар, айтыскерліктері де болған дейді. Осыған қараганда, зерек Ахметтің құйма құлағына бала күнінен дала әүенімен қатар, ата-баба бойындағы асыл қасиеттер де қонса керек. Тек, патшаның сұрқия саясаты мен аяр айдауылдары, бала Ахметтің «Байтұрсындағай аяулы әкенің аясында жетіліп-өсүіне, қамқорлық көруіне мүмкіндік бермеген». Ел ішінде «әкең өлсे де, оның көзін көрген өлмесін» дейтін атала сөз бар. Бұл пәлсапалық толғамның мәні тереңде жатыр. Ахмет те байсалды Байтұрсынның жомарттығын көрген ел жайсандарының жанына еріп, ер жігітке ауадай қажет «сегіз қырлыштың» қисының менгеріп, жан-жақты болып жетілуге бар болмысымен ұмтылған. Игі жақсылардың бойындағы асыл ғадеттерді

үйренуге асық Ахметтің, шындығында нағыз адам болып қалыптасуының негізі де топырағы құнарлы қазақы ауылдағы *ақылман аналар мен кемеңгер аталарадың тағылымы* болатын.

«Қазақ» газетінің ұлт тағдыр-талайының толғақты тұсында шығуы талай адамдардың күпті болған көңіліне демеу болып, жүректеріне қозғау салған. Бұның бекімеген басылымға бақ қонуын тілеушілердің бірі – Габдылрахман Габдолланың «Орынборда шығатын «Қазақ» туралы» деген өлеңі Айқап журналында жарияланады:

Табылмас пайда, қазак, надандықтан,
Үйренбей өнер-ғылым бізге жоқ таң.
Үйретер жөн-жолбасшы көрінбей тұр,
Тоқтады шыға беріп «Қазақстан».

Бұлбұлға қарға дауысы ұнамас біл,
Қазаққа көрінбейді-ау «қазақсыз» таң.
Таршылық басыңызға көп келген жоқ,
Тап еркін болмасаң да қолың бостан.

Тырысып қайыр іске тату болып,
Құдайдың жақылмалық жолын қосқан.
Анықтап қазақ қалін «қазақ» білер,
Бұл сөзге құлагынды сал көп туысқан.

Адаспай жарық күнде жол табайық,
Біз бүйтіп болмайық ел береке үшқан.
Майданга көп талапкер шыға алмай тұр,
Жарлылық әр тараңтан бізді қысқан.
Тілегім шықсаң «Қазақ» гұмырлы бол,
Аман бол қауіп-қатер, қорқыныштан.

[65, Б. 41-43; 66, Б. 169-170. 1913].

Ғ.Габдылрахманұлы қаламының қарымын батыра отырып, қазақ бауырларына «енди өмірге қадам басқан «Қазақ» газетінің қолтығынан демейтін күш, қамқор бол, қазақтың қалін тек қазақ ғана күйттейді. Жарлылық қысып тұрган таршылық заманда, бірауыздан ынтаңақта болайық» дегенді ишара етеді. Өлең авторы ««Қазақ» газетін жөн көрсететін жолбасшы болады» деп үлкен үміт артады, ертеректе шыққан «Қазақстан» газетінің гұмыры қысқа болғанын, қазақ ішіндегі бірлік-береке, ынтымақтың бол-

мауынан деп, өкінішін білдіреді. Ендігі жерде «Қазаққа» тек іштен кесептті жау шықпаса еken деп тілейді.

Шындағында, Ресейдің отаршылдық жүйесі дәүірінде өмірге келген «Қазақ» басылымының көтерген жүті өте ауыр болды. Таралымы бірде құрт өсіп, енді бірде қаражаттың тапшылығына байланысты төмен құлдыраса да, газет бетінде ең өзекті мәселелерді көтеріп отырды. Мәселен, патшалық Ресейдің аграрлық саясаты мен олардың қазақтың жеріне қоныс аудару қозғалысындағы көздеген мақсаттары жөнінде сондай-ак, Ресейдің шетел мемлекеттерімен қарым-қатынасындағы өз елінің әл-ауқатын көтеру үшін дамыған елдердің жаңалығын жатсынбай қабыл алуды туралы ақпараттық мәліметтер жариялады. Қазақтың шұрайлы жерлеріне орыс мұжықтарының қасақана қоныстандырылып отырғанын аңқау елге аңдату мақсатында, «Жер мәселесі» (№10, 12 сәуір 1913 ж.), «Жер жалдау жайынан» (№34, 16 қазан 1913 ж.), «Көшпелі һәм отырықшылық норма» (№20, 29 маусым 1913 ж.), «Қазақ һәм жер мәселесі» (№54, 16 наурыз 1914 ж.), «Жер сату» (№188, 8 шілде 1916 ж.), «Жер тұрасындағы телегырам» (№227, 26 сәуір 1917 ж.), «Жерді қалай бөлу?» (№228, 3 мамыр 1917 ж.), «Жер комитеттерін жасау керек» (№231, 27 мамыр 1917 ж.) тағы-тағы осы сыйнды өзекті мақалаларды елге жеткізуде «масаша» ызындалап, қажымай еңбек етеді. Ел түрмисындағы әлеуметтік-экономиканың дамуына ықпал ету үшін ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, сауда саласындағы пайдалы әдістермен жұртшылықты жіті таныстырып отырған. Сондай-ак, қазақ ұлтының қалыптасу тарихындағы сәулет, сымбат, кескін, әуез өнерлері туралы танымдық мақалаларымен қоса, ел ішіндеңі әдет-ғұрыптар мен ойын-сауықтар, дін мәселелерін де дүркін-дүркін көтеріп, ел назарына ұсынған. Ал бұратана жұрттар санатындағы ұлтымыздың мәдениеті мен әдебиетіне ерекше дең қойған. Оқу-агарту ісі, үрпақ тәрбиесінде мектептің ең қажетті құралы оқулықтарды жазу мен газет-журналдар шығару мәселелері жөнінде пайдалы кеңестерді жарияладап, қажетті жерінде ел талқысына салып отырады.

Айналасы 5-6 жылдың ішінде ұзын саны – 265 нөмір жарық көрген Қазақ басылымы қыр даласының шет аймақтарынан бөлек, Ресейдің – Петерборына, Қытайдың – Шәуешегіне, сонымен бірге Түркияда тұрып жатқан қандастарымызға да тараپ ұлгереді. «Қазақ» газетінің ғұмыры бес жыл болғанымен, ұл өміріне ұлкен өзгеріс, ұлы серпіліс экелді. Осы уақыт аралығында газет бетінде көтерілген кейбір саяси тақырыптағы мағлұматтар үшін, оның басшысы Ахмет Байтұрсынұлы бірнеше рет абақтыға қамалады. Элбette, қазақ тілінде шығатын газет бетіндегі материалдарды «орыстілді» адамдардың ұқпайтыны түсінікті. Бірақ, мұның

да айла-шарғысын патша үкіметінің отаршыл саясаты сұрқиялық жолмен шешіп те алады. Мұрағат деректеріне сүйенсек, сол тұстагы Баспасөз ісі жөніндегі бас басқарманың графы Сергей Сергеевич Татищев жан-жаққа құпия өкімдер мен бұйрықтар беріп, «Қазақ» газетінде жарияланған саяси ахуалға қатысты мақаланы мұқият-тексеріп отыруды, өз жансыздарына жүктеп те үлгереді [67]. Граф Татищевке «тыңшылықты» тыңғышыбы атқаруды қатаң тапсырған Орынбор Ішкі істер министрлігінің губернаторы, генерал-лейтенант А.Сухомлинов болатын [68].

Мұндай жымысты жүргізу Торғай облыстық басқармасының тілмашы, татар тіліндегі мерзімді баспасөздерді бақылаушы Мұхамедияр Тұңғаншин мен Фабдурахман Машиев сынды өз ішімізден шыққан «қандас-көсөулерге» жүктеледі [69]. Яғни, орталықта отырып-ак, айналасын отап, басуға әбден төселген билік, тіміскілеуді ешбір қындықсыз «азмаз берген лауазымын пұлдап», ақша десе «арын сататындар» арқылы іске асырып отырған. Газеттің 1914-ші жылы 75-80-ші нөмірлерінде жарияланған жалғасты материал «Закон жобасының баяндамасы» деген мақаланы орыс тіліне аударып, оның жаңына түсініктемелік жазбасын қоса тогытқан Тұңғаншин таудай істі тыңдырғандай «өзі сүйн бірге ішкен құдьығына түкіріп» шенеуніктердің «шапагатына» бөлөнеді [70]. Ал «іштен шыққан жау жаман» демекші, араларындағы арамзаның құлқын аңдамаған ақкөңіл Ахметтерге, осы бас мақала үшін «1500 сом айыппұл немесе уш ай түрмеге жабуга» үкім кесіліп, «істі» болып шыгады. Жарық көргендеріне жыл асса да, буыны бекі қоймаган басылымның ахуалы мұндай қаражатты өтеуге мүмкіншілігі болмайды. Айыппұлды төлемеген Ахметті қазанның 20-сы күні кешкі сағат он шамасында абақтыға отырғызады. Самара да жүріп сүйт хабарды естіген Элихан Бөкейхан орайын тауып, оны абақтыдан шыгарып алады. Бірақ, ел арасындағы опасыз сатқындардың салдарынан, мұндай жағдайлар жиі қайталанып отырады... Ахаңдай ел аласының басына түсken абақтысының азабын ұмыттырып, қолдау көрсету мақсатында жас ақын Сұлтанмахмұт Торайғырұлы мынадай өлең арнайды:

«...Багаң жоқ көр соқырдың көз алдында,
Мұңыңды жылап шақшы өз алдыма:
Гауһар тұрсын, айырып алтыныңды,
Аузына керек тас деп бір алды ма?

Өткірсің наркескеннің алмасындаій,
Жүйріксің «полный ходтың» арбасындаій.

Сен сүңқар, көңілі соқыр, сенімен қас,
Өзінің болмады деп қарғасындей.

Сен сонда сүйкімдісің қарқылдасан,
Қарқылды қарғалықпен ар қылмасаң.
Оларға сенен жексүрүн ешинарсе жоқ,
Сүңқардай көктен шүйгіп жарқылдасаң.

Мақтасаң қарғалардың жеген боянын,
Кешегі өлексемен қарны тоғын.
Мінеки сөз мынау да ен мынау дәп,
Тартып алар кезеніп тұрган оғын».

[71, 14-6, Б. 88-89. 1914].

Сұлтанмахмұттың мұнан басқа ел агалары бастаған үнпараққа қуанышын білдіріп, құтты болсын айтқан өлеңі, сондай-ақ ел ішіндегі өзекті мәселелерді көтерген мақалалары осы ұлт басылымында жарияланды. С.Торайғырұлы шығармалары ішінде Алаш зиялдыларын мадақтұтып жазған 140 шумақтан тұратын «Таныстыру» поэмасының әдебиеттану гылымында алатын мәні зор. Қара қазақ пен оқығанды бірі-біріне сауал қойдыры арқылы өрбітегін бұл туындының тағылымы мол. Мәселен, халықты соңынан ерткен ел адамдарын қара қазақтың танымымен сипаттап, таныстыруы, бүқараның көш бастаған ерлеріне деген құрметі мен сүйіспеншілігінің шынайылығын паш еткендей. «Туганда Құдай иin мұнданай заман» дәп басталатын, жыр жолдарында Алаш арыстарының иғі істерінен хабар беретін мынадай иірімдер бар:

«...Басында ол қарагым түр ғой дайын,
Тек ұзақ өмір берсін бір Құдайым.
Дулатов, Байтұрсынов, Бөкеиханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.

Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылган жүрек майын», -

дейтін Сұлтанмахмұттың мұқым жүртқа тұлғаларды таныстыруды осы үш ерден бастауының өзіндік сырты, тарихи негізі бар еді. Бұл өлең

1917-ші жылды Абай елінде Әлекең бастаған Ахаң-Жақандар Семейге «Алашорда» сиезіне барғанда қазақ оқығандарына арналып жазылып, 1918-ші жылды «Сарыарқа» газетінде жарияланады [72]. Өкініштісі, сырқатынан ғұмыры ерте үзілген жалынды ақынды, оның отты жырларын жоқтаған жазушы Жұсіпбек Аймауытұлы: «...ақын елінің тілі гой, адап туган ұлы гой, бұлк-бұлк еткен жаны гой, жанын жеген ары гой, айта алмай жүрген зары гой. Жаннан, ардан безбесе, ақынын қандай ел қастерлемесін» - деп, 1926-шы жылды «Еңбекші қазақ» газетінде «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар» деген ашық хат жазады. Кейін ақынның 1933-ші жылды Қызылорданың баспасынан «Толық шығармалары» жинағы шығады, Ахметтің «Масасына», Алаш арыстарына арнаған поэмасы осы кітапқа түңгыш рет енген.

«Қазақ» газетін нақақтан қаралаган негізсіз жалалар Ахаңдардың ыза-ашуын тудырады. Ол шұғыл түрде Орынбор губернаторына, ішкі істер министріне, Сенатқа газетте жасалған қысастықтың жалған екенін айттып сауалхат жолдайды [73]. «Үмітсіз – шайтан» демекші сауалы елеңіп, ол айыппұл төлеуден босатылады. Ал кейбір тұстарда мұндай келеңсіздіктерден құлагдар оқырмандар, газетке салынған айыппұлдарды «ел ішінен жабыла сауын жинап», әйттеуір басылымның орта жолдан үзілмеуіне бар жағдайды жасайды. Мәселен, газеттің 91-ші санындағы «Бұ қалай?» деген өзекті мақала үшін «А. Байтұрсынұлын екі ай турмеге отыруга немесе 50 сом айыппұл төлеуге» үкімет тағы өкімін шыгарса, 1916-шы жылғы ақпан айының 9-ы күнгі 168-санында газетте басылған «Жер мәселесі» туралы Ахмет Байтұрсынұлына 1500 сом айыппұл төлету үкімі, бұған наразылығын білдірген редактордың Сенатқа арыз беруі туралы ««Қазақ» ісі сенатта» деген мақала жарияланады. Кезекті нөмірдің бірінде М.Дулатұлы «Сенатта бұзылған үкім» мақаласын ішкі хабарлар айдарымен жариялады. Онда: А.Байтұрсынұлына 50 сом айыппұл төлеу бұйрығын сенатта қайта қарап, бұзғаны жазылған [74].

Басылым бетінде жарияланған мақалалардың басым көшпілігі, сол тұстағы қазақ зиялышарының көшбасшылары Элихан, Ахмет, Міржақыптар бастаған: Ж.Ақбаев, А.Бірімжанов, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, И.Жансүгірұлы, М.Оразаев, С.Дөнентаев, С.Торайғырұлы, А.Баржақсин, Қ.Болғанбаев, С.Шорманов, Қ.Қоңыратбаев, Б.Серкебаев, М.Тынышбаев, М.Сералин, Ж.Сейдалин, М.Шоқаев, Ф.Қарашев, Р.Мәрсеков, Ә.Ермеков, Жиһанша мен Халел Досмұхаметовтар, О.Әлжанов, С.Кенжин, Нұргали мен Нәзипа Құлжановтар, Х.Фаббасов, Қ.Жұбанов, И.Әлімбеков, М.Әуезов,

Ж.Тілеулин, Н.Төреқұлов, Ж.Жәнібеков сынды таланты ұлдарының қарымды қalamдарының қарқыны болатын.

«Қазақ» газетіндегі Ахметтің қазақ балаларының сауатын ашу үшін жазылған оқулықтары жөнінде танымдық мақалалар жарияланып отырады. Онда сауат ашудагы жаңа тәсілдің тиімді жолдары сөз болады. 1913-ші жылдың 2-і күнгі 1-ші санында «Оқу құралы» (1912) қақында, 1914-ші жылдың 50-ші санында «Маса» жинағының екінші рет басылуы, сәуірдің 23-і күнгі 59-шы санында «Тіл – құралы» туралы (Авторы М.Дулатұлы) ақпараттық, танымдық мәліметтер береді. Қазақ балаларын сауаттандырудың оқытылатын кітап тапшылығы, тіпті жоқ екеніне алаңдаған ағартушы Ахмет бастауыш мектептерге арналған негізгі және көмекші оқу құралдарын жазып шығаруды да қолға алады. Ұлт мектебінің негізі болып табылатын Қазақ тілі пәннің арнағы оқулықтарын кезең-кезеңге бөле отырып, сатылай жасайды. Тілді оқытатығын 1914-ші жылдың Орынборда жарық көрген «Тіл – құрал» кітабының 1-ші жылдығын: «Дыбыс жүйесі және оның түрлері» десе, 2-ші жылдықты: «Сөз жүйесі және оның түрлері» (1915), 3-ші жылдықты «Сөйлем жүйесі және оның түрлері» (1923) деп тыңнан жол салып, іс тәжірибеде оқытылатығын тілдің анықтамасы, ережелері мен қисындары, оны дағдыландырып үйрететін түрлі жаттығуларды құрастырыды. Ағартушы кітап жазу ісіне кенеттен келген жоқ. Ол бұл жолға қазақ арасындағы ұзақ жылдардан бері артта қалып келе жатқан «кенже сала» деп аса ұлкен дайындықпен кіріскең. Ол өзге тілден енген бөтен сөздерді қал-қадірінше қазақша қалыпқа түсіріп отырган.

«Қазақ» газетінің 1914-ші жылдың мамырдың 17-і күнгі 62-ші санында осы нөмірден бастап басылымның уақытша редакторы Міржақып Даулатұлы болатынын хабарлаған... Әлбетте, баспа жұмысындаға емес, ұлт иғілігі үшін жасалатын барлық жұмыстарда араларындағы жас айырмашылығының алшақтығына қарамастан, көзқарастары бір жерден түйіскең ағалы-інілі жандардың бір-біріне деген сенімі риясыз болатын. Бірі – аға болып ақыл-кеңесін аямаса, екінші – іні болып тыңдай білді. Әрі олар айналасына ұлттың келешегі үшін жұмыс жасайтындарды жинады. Өз алдына дербес ел болудың өздеріне оңайлықпен келмейтінін білсе де, келешек үрпақ үшін тәуекелге бел буган олар, ұлттықтығымызды ұйытатын мүмкіншіліктерді барынша пайдаланды. «Бұратана жүрттың үрпагымыз» деп бүгежектемеді... Әйткені, ендігі жерде бүгежектеудің салдарынан, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кету қауіп түргандықтан, өмірлерін қатерге тіге жүріп, ұлы құресінге кіріп те кетті. Қазақ оқығандарының арасында же жеке басқамын жегендер «жырылып» орыс патшасының шенеуніктерімен

жанасса, ал ұлт мұддесіне ойлағандар Ахаң менен Жақаңның жанынан табылды. Олар қала мен дала арасын үнемі байланыста ұстауға тырысты. Ауыл жағдайының ахуалы жақсармай, қаланың халінің тузелуі де мүмкін емес. Бір-біріне байланысқан шым-шытырық тіршіліктің үнемі үндестікте болуы үшін басқару жүйесінің кілті (механизмі) кідіріссіз адаптацияның шарт. Ал бұл тұста ел басқару ісінде іске қосылған болмаса, бұратана жүрт тіпті, есепке алынбады. Осының бәрі қазақ оқығандарына ұлкен ой түсіріп, қозғау салды, ұлттың бұлынғыр келешегі оларды қуні-тұні дамылдың салынып астырытын жұмыстар жүргізуге мәжбүр етті.

Жалпы қоғамдағы әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюімен қатар, солтүстігіміздегі отарлаушы алпауыт көрші елдегі бірінші дүниежүзілік соғысы тудырған қызыншылықтардың салдарынан бұқараның қайыршылануы, қымбатшылық пен аштықтың етек алуы, қарапайым шаруалардың наразылығын тұғызды. Патшалық басқару жүйесіндегі алауыздықтар мен менсінбеушілік халықтар арасында ұлттық езгіге қарсы қүрестің тууына себеп болды. Көтерілістің басталуына Ресейлік патша үкіметінің 1916-шы жылғы маусымның 25-і құнғі Қазақстан мен Орта Азияның жергілікті халықтарын майдандағы қара жұмысқа шақыру туралы жарлығы негізгі тұрткі болды. «Қазақ» газеті жариялаган мақалаларында осы майдан туралы жағымды-жағымсыз жайларды талқылай отырып, саяси мәселелердің күрделі тұстарына қазақ жүртшылығының көнілін аудару үшін арнайы пікірталастар үйімдестірған. Мәселен, 1916-шы жылдың 19-шы шілдесінде Орынбор генерал-губернаторына Орал әкімшілігінен хабарлама хат келген. Мұнда Орал облысының молда-қазіреттері халық арасында жиындар ашып, қазақтарға соғыс жұмысына адам бермеуге және жұмысқа алынатындардың тізімін жасатпауға үтіт-насихаттар жүргізгені, осы жиынға қатысушыларға «Қазақ» газетінің басқармасы үнемі ақыл-кенес беріп тұрғандығын хабарлаған.

Мұрағат деректеріне сүйенсек, патша үкіметінің мекеме басшыларына қазақтарды қара жұмысқа емес, Отан қорғауда әскер қатарына алуды лайық екендігін айттып, өтініштер түсken. Осы тұста қазақ ұлттық демократиялық зиялды тобының көшбасшысы А.Байтұрсынұлы «...қазақ секілді іргелі жүрт өзгелер қатарында согыс майданында қару-жарақ асынып мемлекетті қорғауга лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байланын кемшилік санаймыз» деп ойын ашық айтқан. Алайда, патша үкіметі өзіне тәуелді халықтың мұддесімен есептескісі келмейді. Бұратана жүртттың ер адамдарын қалаган мерзімде қара жұмысқа шақырта бастайды. Мұндай басыну ұлт зиялдыларын қатты толғандырады. Ел ішіндегі ушықтан жағдайының жалғыз шешімі деп басылым тарапынан үшеуі

1916-шы жылды 11-ші шілдеде газетке «Алаш азаматтарына!» деген атпен халықта ұндеу жариялайды. Мұнда келелі шешімдер айта отырып, оны іске асрыудың тиімді жолдарын да атап көрсетеді. Осындай қауырт істерді шешу мақсатында осы жылдың жазында Ахметтер Торғай даласына сапарға да шығады... Қазақ тарихындағы «он алтының ойранын» академик Манаш Қозыбаевтың сөзімен түйіндесек, «Ахаңдар бастаган алыптар тобы отарышылдыққа қарсы жалпы ұлттық құтқару майданын ашты... Бірақ, ...Дала азаттығы көтерілісінде Ұлтты қансыратпай аман алып қалу жолын іздеген, қажет деген амал-тәсілдерді қолданған» - дейді [58, Б. 110-114; 75].

«Қазақ» басқармасы ұнпарагында «Сиез жасау» атты мақала жарияладап, барша жұртты құлағдар етіп, әрі әрбір уездік сиезге лайықты өкілдерін жіберулерін сұрайды. Нәтижесінде 1917-шіжылдың 2-8-іаралығында А.Байтұрсынұлының ұйымдастыруымен Орынборда «Торғай облыстық қазақ сиезі» өтеді. Жиналғандар сиезге Ахаңды бірауыздан төрага етіп сайлайды, әрі оның орынбасарлары мен хатшылары тағайындалады. Бұл жиынның маңызы зор еді, өйткені орыс билігінің қол астында отырган елдердің аргы-бергі жүрттардың басын қосып, ауыздасуына еркі бола бермейтін. Шарага елдің беделді адамдарынан бастап, Ақмола, Семей, Сырдария, Бекей, Орынбор тағы басқа да қалалардан өкілдер және өзбек, татар, башқұрт халықтарының көрнекті қайраткерлері қатысады. Сиезді Торғай облысының комиссары Э.Бекейхан кіріспе сөзбен ашады. Осы ұлы жиын турали «Қазақ» газетінің тілшісі Әлімбеков Имам «Қазақ халқының тұңғыш сиезі» деген мақала жазады [76]. Ұлы жиында ұлат жұмысы үшін 13 мәселе қаралып, сиез кеңесіне түсіп, шешімін табады. А.Байтұрсынұлы халықты билікке келген бостандықпен құттықтап, қайырлы болуын тілейді. Ал М.Дулатұлы езілген жүрттың «бостандығы» қайдан, қалай келгеніне баяндама жасайды. Жиынга қатысушылардың ішінде «қой терісін жамылған қорқаулардың» да отырганы, олардың ұлат газетіне жасаған қастандықтарын айта келіп, бұл жиыннан М.Тұңғаншиннің аластаратылуын сұрайды. Ел қолдан, оны сиезден қуып шығады. Ел-жүрт зарыға күткен бұл жиынның көтерген мәселелері кеңінен қолдау тауып, сиез қазақтың жер-жерлерінде жалғасуы қажеттілігі айтылып, шақырылған «сиездердің қорытындысы жалпы қазақ сиезінде қаралсын» деген қаулы қабылдайды [76].

Тарихшы-галым К.Нұрпейістің айтуынша, 1917-ші жылы өмірге келген ұлттық-демократиялық партияның қалыптасуына «Қазақ» газеті мен оның басшыларының ықпалы зор болған. Осы жылды шілденің 21-26-ы аралығында өткізілген «Жалпы қазақ сиезіне» Ақмола, Семей, Торғай,

Орал, Жетісу, Сырдария, Фергана облыстарының өкілдері шақырылып, онда күн тәртібіне 14 мәселе қойған [77]. Сиезе Халел Досмұхамедов тेңеріга болып сайланып, төрағалық серіктеріне: А.Байтұрсынұлы мен А.Көтібаров, хатшылығына: М.Дулатұлы мен А.Сейітов тағайындалады. Жиында Мемлекет билеу түрі, Қазақ облыстарына автономия, Жер мәселесі, Халық милициясы, Земство, Оқу, Сот, Дін, Эйел мәселелері, Учредительное собрание сайлаудың даярлану һәм қазақ облыстарынан депутаттар сайлау, Бүкіл Ресей мұсылмандарының кеңесі (Шорай ислам), Қазақ саяси партиясы, Жетісу облысының уақығасы, Киевте өтетін бүкіл Ресей федералистерінің сиезіне һәм Петерборда болатын оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберудің міндеттері тұжырымдалып, осы мәселелер бойынша қаулы етеді. Бүкіл қазақ бас қосқан жиында 12-ші болып қаралған мәселе – Қазақ саяси партиясын құру болатын. Жиналған жүртшылық бүратаналықтың зары өткен уақыттың қайтарымы үшін бабалар ұранын жаңғыртып, «Алаш» деп ұрандап, ат қояды. Партия бағдарламасын жасау Ахан, Жақаңдарға жүктеледі. Алаш партиясы атынан депутаттар да іріктеледі. Торғай облысынан Ахмет Байтұрсынұлы бастаған жиыны 7 адам, Семей һәм Ақмоладан басы Әлихан Бекейхан болып 20 адам, Оралдан Халел Досмұхамедов бастаған 7 адам сайланады [77].

Шындығында, «Қазақ» газеті Қазан төңкөрісіне дейінгі ұлт баспасөзі тарихында ең шоқтығы биік басылым болды. Сонымен қатар, таралымы мен таралу ауқымының көп болуы, газеттің құндылығын арттыруды. Алаштың арыстары Әлекен-Ахан-Жақаңдардың қазақ тілінде үйимдастырып ашқан газеті, ұлт баспасөзінің негізін қалады. Атап айтсақ, бұл басылым тұңғыш жалпылттық саяси-қоғамдық газетке айналып, шын мәнінде қазақ халқының жанашыры болып, үнпарақ арқылы ұлт тәуелсіздігінің саяси іргетасы қалыптастырып, оянған сананың іс-қимылын түзу жолға салып отыратын рухани орталыққа айналды. Бүгінгі күні ғалымдар «Қазақ» газеті ұлттық баспасөздің көшбасшысы болғандығын мақтанышпен айтады, әрі мұны ғылыми түргыда дәлелдеп те шыққан бірнеше зерттеу еңбектер қорғалып, нәтижесінде монографиялар жарық көрді [78, 79, 80, 81, 82, 83].

1917-ші жылы 5-13-ші желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпы қазақ сиезінің шешімі бойынша Алашорда үкіметі құрылып, оның уақытша тұратын орны – Семей қаласы деп, төрағалығына Э.Бекейханды сайлады. Осы жиында «Оқулықтарды құрастыру жөніндегі комиссияда» жұмыс атқару А.Байтұрсынұлына жүктеледі [84]. Бірақ, ол сол уақыттағы ахуалдарға орай, бұл жұмыстарды іс жүзіне асырудың мүмкіншілігі шектеуі болғанын айтады. Ең өкінішті сол, ұлт мұддесі үшін құрылған

«Алаш» партиясы мен оның үкіметі «Алашорданың» ғұмыры қысқа болады. Сыртқы дүшпеннан да іштен іру қаупіті болып, қазақ қоғамы екі жікке бөлінеді. Алашшыларға қарсы бағытта жұмыс жасаған Көлбай Тогысовтың (бүркеншік аты – Көлбай, Найманский К) «Үш жұз» партиясын большевиктер өз мақсаттарына шебер пайдаланып, 1918-ші жылы қазақ даласында орнай бастаған алашшылдардың дербес кеңестері мен үкіметтерін талқандады [85].

Қайраткер Ахметтің баяндауына сүйенсек, ол «...с начала 18-го года до начала 19-го года я работал в национальной организации «Алаш-Орда» дейді [12]. Осындағы «1918-ші жылдың басынан 1919-шы жылдың басына дейін «Алаш-Орда» ұлттық ұйымында жұмыстар атқарды» деп нақ айтуды және оны ресми құжатта анық атап көрсетуі, кейбір еңбектердегі: «...Ахмет Байтұрсыновты біз ерекше бағалайтын едік. Халық агартуышы дәрежесінде біртұмас тұлға ретінде құрметтейтінбіз. Ақаңды біз өзімізше Алашорда үкіметінің құрамына сырттан кіргізіп қоятынбыз, сөйтіп ол кісінің халық арасындағы үлкен абырайын партия мақсатына пайдаланатынбыз» дейтін саяси мағлұмат тарихшылар тарапынан келешекте тереңдеп зерттеуді қажет етеді [86]. Тұлғаның «Өмірбаянында» өзі негізін құрған «Алашорда» үкіметінде 1917-ші жылдың аяғынан 1919-шы жылға дейін жұмыс атқарғанын, осы жылдың наурыз айында Кеңес үкіметі жағына өтіп, Мәскеуге кеткені айттылады. Фалым өзінің 1920-шы жылдың 4-ші сәуірінен 1926-шы (партиядан 1921-ші жылдың басында шығарылады) жылдың соңына дейін большевиктер партиясында тұрганын және 1919-шы жылдың 24-ші маусымынан РСФСР Халықтық комиссарлар кеңесінің тағайындаумен Қазақ (Қыргыз) Әскери комитетінің мүшесі болғанын, Кеңестердің бүкілресейлік 7-8-ші сиезінің аралығында Бүкілодақтық атқару комитеті орталығының мүшесі және Кеңестердің бүкілқазақстандық 1-ші сиезіне дейін Қазақ (Қыргыз) Әскери комитетінің мүшесі болып қызметтер атқарғандығы туралы жазған. А.Байтұрсынұлының «Өмірдерегінде» емес, «Өмірбаянында» берілетін 1926-шы жылдың соңына дейін большевиктер партиясында болғандығы туралы дата – осы материалды машинкаға теріп басу жұмысы үстінде кеткен қате.

Жалпы, 1918-1919-шы жылдар Алашорда мен Кеңес үкіметі арбасқан ауыр кезең болады. Ахметтің өзі айтатын мысалындағы «былай тартсаң – өгіз өлеңі, былай тартсаң – арба сынадының» кері келген сын-сагат ешкімді де аямайды. Алашордашылдардың ішіне алалық кіріп, бірі бай-бакуаттылардың жыртысын жыртса, Кеңестілдер кедей-кепшіктің қамын жеген боп, жергілікті халықтың жайын ойласқан адам болмайды. Ұлттың

келешегін ойлаған Алаш зиялайлары қай тараптың да түщымды тұжырымы мен келелді келісіміне тәуелді болса да, ұлт үшін құрестерін тоқтатпайды. Әсілі, «ұлттың өртөндігі күні не болмағ? Қазақ өзінің ұлттығын ғана емес, елдігін қайтсе сақтап қалады?» деген өзекті сауалдар, олардың санасында Масаша ызыңдайды... Қайғы қашанда қатар жүреді емес пе, Ахмет Алаштың қамын ойлап, таңды таңға ұрганда, ел жақтан жаманат хабар жетеді. Құнші анасы өмірден озып, ауыл анасына айналған аруананы артындағы ағайын-туғандары жоқтап, улап-шудап қалған. Суық хабарды естісе де, суыт жүріп кетудің сәті түспей, тек желтоқсанның қара суығында жанына Міржақыпты ертіп, Ахмет Ызбандағы Сарытүбекке жетеді. Анасының әке қорымына жерленгенін, әрі қолы шаруага шебер, мал-жанға жайлы Құнші қабірінің басында, асыраған түйелерінің боталарымен бірге боздағанын есітіп, қам көнілі босайды. Бірақ, Алаш жұртының басына түскен сынамалы уақыт, олардың ел ішінде қона жатып, аядауга мұршасын бермейді. Ат үстінде жүрген Ахмет пен Міржақыптарды үмітінен күдігі көп сандаган шаруалар күтіп тұрғандықтан, олардың елге келгендерінен, кеткендері жылдам болады.

Мұрагаттағы тарихи деректер бойынша таратсақ, Торғай облыстық Кеңесінің үйгаруымен 1919-шы жылы мамырда Ахмет Байтұрсынұлы Әліби Жангелдинмен бірге келіссөзге қатысу үшін Мәскеуге аттанған [87]. Мәжіліске қатысушылар Қыргыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі төңкерістік комитеттің құрутуралы уақытша Ережеге қажетті өзгерістерді енгізіп толықтырган. Құжатқа еңбекші бұқараның көсемі Ленин 1919-шы жылы шілденің 10-ы күні қол қойып, оны Халық Комиссарлар Кеңесінің декретінде бекіткен. Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И.Ленин осы жылдың 24-ші шілдесінде Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Эскери төңкерістік комитеттің бірінші жауапты орынбасары және Ішкі істер бөлімінің менгерушісі лауазымына Ахмет Байтұрсынұлын тағайындаиды [88]. Осы кезден бастап тарихи тұлғаның Кеңес үкіметі түсындағы қызметтері басталады. Ахмет еңбекшілер көсемі Лениннің қабылдауында болып комитеттің мүшелігіне қабылданғандығы туралы мандатын алғаннан кейін Кеңес үкіметіне қызмет етуге үәде берген. Мұрагаттық қорда А.Байтұрсынұлының «№15-ші уақытша мүшелік билеті» тіркеліп, әлі күнге сақтаулы. Мұнда Орталық атқару комитеттің мүшелеріне берілетін мүмкіншіліктер аталған. Оның орысша мәтіні: «Члены Кир-ЦИК имеют свободный вход во все советские учреждения КирССР по пред[ы]явлении настоящего мандата» деп жазылса, араб таңбасындағы қазақ тілінде: «Қазақ кіндік комитеттің аг...налары (оқылмады – И.Р.) билетін көрсөтіп, Қазақ КСР саует (совет) мекемелерінің қайсыларына

да еркін кіреді» деп толтырылған [89]. Құжаттағы орыс тілінде «киргиз» деп жазылған атау сөз араб таңбасындағы төте жазуда «қазақ» деп жазылған. Мандаттық билетке елтаңбалық мөр қойылып, әрекеттілік мерзімі: «12/X.20 жылдан 12/X.21 жылдың арасы» екендігі көрсетілген. Ескеретін жайт: талдап отырған мәлімдеменің жазылған уақыты – 1922-ші жылдың 15-ші ақпаны [89].

Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери төңкерістік комитетінің қарамағында бірнеше бөлім: Ішкі істер, Қаржы, Халыққа білім беру мекемелері жұмыс жасайды. А.Байтұрсынұлы осы комитеттің бірінші жауапты орынбасары және Ішкі істер бөлімінің менгерушісі қызметін атқарғанда, оның қарамағында Задорожный Федор Евгеньевич, Тимошенко Михаил Матвеевич – нан шығару, Луговский Владимир Васильевич, Янковская София Михайловна – кеңсеші, Горденин Николай Васильевич – іс жүргізуши, Стручанова Ольга Степановна, Алексеева Ольга Ильинична – конторшы, Тузиков Василий Максимовия – заңгер, Милихов Петр Михайлович – телеграфист болып жұмыстар жасаған. Қаржы бөлімін Алексеев Михаил Степанович басқарған, қарамағында 8 адам, бәрі де орыс ұлты өкілдері. Халыққа білім беру бөлімін Менделев Сейітқали басқарған, оның да қарамағында өзге ұлт өкілдері көп болған [90].

1919-шы жылы қыркүйек айының 15-і күні Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери төңкерістік комитетінің кезекті мәжілісі болады. Бұл мәжілісте төрт мәселе күн тәртібіне қойылып, төрт баяндама тыңдалады. Талқыланған осы мәселелер бойынша қаулы қабылданады. Мәжіліске төрагалық еткен С.Пестовскийдің ұсынысы ең маңызды мәселе болады. Онда: Қазақ өлкесінің жалпы сиезін шақыру жөніндегі жұмыстарға кірісудің қажеттіліктері айтыла келіп, сиезді өткізу мерзімін 1920-шы жылғы қаңтардың 1-іне бекітеді. Ал Әскери төңкерістік комитетінің комиссия құрамына: Байтұрсынұлы, Қаралдин, Менделев, Лукашев және Петровты сайлайды. Сиезді шақыру жөніндегі нұсқаулықты дайындау қазақ жүртшылығы үшін Байтұрсынұлы мен Қаралдинге, ал орыстілділер үшін Петров, Лукашев, Менделевтарға тапсырылады. Бөлім менгерушісі А.Байтұрсынұлы бұл жөнінде Петровқа хабарлама жасайды. Осында хабарлама Б.Қаралдиннің атына да жіберіледі. [91]. Комитеттің Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің менгерушісі Петровтың еңбек демалысына шығуна байланысты, оның лауазымын өз жұмысына қоса атқару А.Байтұрсынұлына жүктеледі. Бұл құжатқа Әскери төңкерістік комитетінің төрагасы С.Пестовский, оның мүшесі А.Байтұрсынұлы, хатшысы Б.Қаралдиндер қол қояды [92]. Келесі қазан айының 11-і күні Қазақ өлкесінің жалпы сиезін шақыру туралы

лы ережелерді дайындау жөніндегі комиссияның мәжілісі өткізіледі. Мәжіліске А.Байтұрсынұлы төрағалық етеді. Жиынга барлық комиссия құрамы түгел қатысады [93]. Халықта білім беру бөлімінің меншегерушісі Мендешевтің Орыс, қазақ педагогикалық курсына оқытушылардың арасынан кандидат пен өкіл сайлау жөніндегі мәлімдемесі тыңдалғаннан кейін, бірден бір кандидат болып Байтұрсынұлы, бөлім өкілі болып Камалетдин Арынгазиев сайланады [94].

Ахметтің ұлт үшін жасаган жұмыстарының ішіндегі аса маңызды тарихи маңызы зор, әрі ең асылы, ол қазақ елінің ұлттық автономиясын құру мәселесі туралы пролетариаттың көсемі Ленинге жолдаған хаттары. Өз алдына дербес өмір сүру – қазақ ұлтының гана емес, құллі түркі жұртының ортақ мақсат-мұдделері болатын. Міне, түркі жұртының асыл мұратын іске асыру мақсатында, ол саналы түрде Қазақстандағы тұңғыш кеңестік үкімет органы – Қазақ төңкерістік комитетті қырылғаннан бері (10 айлық) қызметтің қорытындысын шыгарып, «Ленин жолдастың ұлт және отар мәселесі туралы тезистеріне қосымша» деген атаумен 1920-шы жылы маусымның 20-сы күні хат жолдайды [95]. Хатты Түркістан АКСР-ы өкілдері Тұрар Рысқұлов пен Низаметдин Қожаев, Башқұртстанның басшылары Зәки Ұәлиди Тоган мен Харис Юмагұловтармен бірге талқылап, ең өзекті деген мәселелерді көтереді. Мұнда қазақ жеріне орнаған Кеңес үкіметтің басшылары мен жергілікті ұлт өкілдерінің арасында ешқандай сенім болмағандығы, Ресей коммунистерінің айтқандары іс жүзінде «өңі» айналып, қабыспағандығы, жалпы, ғасырлар бойы отаршылдардың езгісіндегі қазақтардың өзін билеуге ұмтылысы, елді халық толық сенетін қазақ зиялыштары басқаруға тиісті екені айтылады [95]. Элбетте, мұсылман елдердің әу баста ынтымағы бір болғанымен, қогамға келген кеңестік төңкеріс кім-кімді де жүрісінен жаңылдырыды. Жер бетінде ұлт болып қалуын ғанағай болып тұрған тұста «суга кеткен талқармайды» демекші, «Жер жүзінің еңбекшілері бірігіндер!» деп арқыраган коммунистік партиямен санаспауга болмайтын еді. Десе де, еңбекшілердің көсемі Лениннің бүратана ұлттар туралы тезистеріне жеке сын-ескертпелерін жолдаудан олар тайсалған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы Кеңес үкіметіне қызмет жасаган тұста Қазақ еліне Орталықтан залалды қысастық болса, қызметіме нүқсан келеді-ау деп қорықпастан, табанды шешім қабылданап, жоғарыға талап қоя білген. Мәселен, Ресей үкіметтің 1919-шы жылы 27-ші тамыздағы қаулысы бойынша Челябі губерниясына қаратылған Қостанай уезін Қазақ өлкесіне қайтару үшін М.Сералинмен бірге үн көтеріп, қазақ жерін қорғап қалады. Әмбеттің мәселені Кеңестің бүкілодақтық атқару комитетті мен РКП(б)

Орталық комитетінде күн тәртібіне қойғызып, келіссөздер жүргізеді. Нәтижесінде, Қазақ ревкомы А.Байтұрсынұлын мәселені ел пайдасына шешу үшін іссапарға жіберуге қаулы етеді. Жұмысқа жұртты жұмылдыра білетін Ахмет Мәскеудегі Әлиханға ахуалдың жай-жапсарын хабарлауын сұрап, жеделхат жібереді. Ресми хатта: «Телеграфуйте положении дела при соединении Кустанайского уезда Киркрау» деп жазылған [96]. Қазақтың көптеген шұрайлы жерлерін еншілеп ұлгерген алпауыт көршіден бір өнірді арашалап қалады. Осылайша Ахметтің тікелей араласуымен 1920-шы жылы 26-шы тамызда Қостанай уезі қайтадан өзінің ежелгі егесі Торғай облысының құрамына енеді.

1920-шы жылы 4-ші қазанды Орынбордың Сверлов клубында Қазақ Қеңестерінің тұңғыш сиезі ашылады. Ұлы жиынның шақырылуына негіз болған Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің төрағасы М.И.Калинин мен Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы В.И.Лениннің сол жылдың 26-шы тамызында Қеңестік Социалистік Қазақ автономиялы республикасын құру туралы декретке қол қойып, жариялауы еді! Сандаған жылдар бойы зарыга құткен халықтың тілегі орындалып, Бүкілодақтың атқару комитетінің декретімен Қазақ АКСР құрылды [97]. Өз алдына жеке дербес ел болған ұлттың Оқу-агарту халық комиссариаты жасақталып, маңызы зор мекеменің тұңғыш төрагалығына Ахмет Байтұрсынұлы тағайындалады. Осылайша қазақтың қазақ болып, өз еншісінде оқу-агарту ісін басқаратын мекемесі өмірге келеді.

Ахмет 1920-1921-ші жылдар аралығында Қазақ АКСР-нің Оқу-агарту халық комиссары және Қазақ Орталық атқару комитетінің мүшесі, Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың төрағасы (председателі) болып, ұлт жұмысының көшбасшысы қызметін атқарады. Фалымның ресми баянатынан байқайтынымыз, ол 1920-шы жылдардан бастап мемлекеттік басқару істерінде қоғамдық жұмыстарға белсенді араласа жүріп, өзінің оқытушылық қызметі, ұлттық ғылым саласындағы сан алуан жұмыстарды қатар атқарған. Осы даталардың ішінде аса көніл аударар жайт: қайраткердің «Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың председателі» болып қызмет атқарғандығы [98, 99].

Тәуелсіз ұлттық ғылымды – бүгінгі тәуелсіздік кезеңдегі ғалымдар Ұлттық ғылым академиясының іргетасы тым беріден, 1946-шы жылдан есептеп жүр. Сонда 1921-1922-ші жылдары қазақ халқының ұлттық ғылымының қалыптасуындағы атқарылған алғашқы жұмыстарды Академия неге назардан тыс қалдырады?! Бұл үлкен ауытқушылық, мейлі ақадемцентр Қеңестер одагы құрып берген Өлкелік халық комиссариатына

бағынса да, қазақ жүртүнә ең қажетті істердің басында болып, зәруін өтеді. Демек, ұлттық ғылым академиясының негізі – 1921-ші жылдан есептелуге міндettі... Мәселен, ҚР-ның Ұлттық ғылым академиясының президенті М.Жұрыновтың 2006-шы жылы «Академияның алпыс асуы» атты мақаласы «Ғылым және тарылым» айдарымен жарияланды. Онда: «...Қазақстандагы ғылымды үйімдестерудың көши басында көрнекті агартуышы, галым, ерекше дарынды қогам қайраткері А.Байтұрсыновтың болғаны анық. 1921-1922-ші жылдары Қазақ КСР Агарту Халық Комисариаты Академиялық орталығының алгаибы төрагасы. 1922-1925-ші жылдары республика оқу-агарту комиссары, Қазақ өлкесін зерттеу жөніндегі қогамның құрметті төрагасы қызметтерін атқарған еді» деген мәліметтерді тарихи деректерге сүйене отырып береді [100]. Мақала ҚР ҰФА-ның 60 жылдық мерекесіне арнайы жазылған. М.Жұрыновтың өзі «академиялық орталықтың 1921-ші жылы ашылғанын, орталыққа А.Байтұрсынұлының басшылық еткенін, галымның Қазақстандағы ғылымды үйімдестерудың көшбасында болғанын» нақты деректер арқылы айтқан. Ендеشه, ұлттық ғылымның негізін, 1921-ші жылдан бастау керек. Ұлттық ғылымның іргетасын анық айту келешек үшін қажет.

Коммунистік партия қатарынан шығып қалған Ахмет, ол жөнінде Қазақ орталық атқару комитетінің хатшылығына жазған мәлімдемесінде мынадай деректер береді: «... При исключении меня из членов РКП комиссии по чистке партии 6-го района Оренбург. губерн. организации, отобрали у меня револьвер системы «Наган» за №34572, с 12 патронами к нему» [101]. Мұнан сол уақыттағы шиеленіскең ахуалдарға орай А.Байтұрсынұлының қарумен жүргенін байқауга болады. Осы қаруды қайтарып беруін сұраған өтінішінде сол тұстағы атқаратын қызметіне байланысты кешкі мәжілістерге қатынасатыны, жиынның түннің біруағына дейін созылатындығы себепті түнгі бейуақ жүрістердің «өміріне қауіп төндіретінін» айта келіп, қаруды кері қайтаруы жөнінде әкімшіліктің өкім беруін сұрайды. Қоғамдық және саяси жұмыстарға белсене араласқан мемлекет қайраткері А.Байтұрсынұлының бұл өтінішіне қанағаттанарлық жауап алғаны, не алмағаны туралы мәліметті мұрагат деректерінен кездестіре алмадық.

Тарихи тұлғаның қандай да партияға мүше болып, белсенді қызмет атқарғандығы хақында тарихшы галым К.Нұрпейіс өз зерттеу мақаласында талдап-таратып: «...Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш қозғалысы аясындағы қогам қайраткері гана емес, Кеңестік Қазақстанның алгаибы жылдарында жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтер атқарған адам. А.Байтұрсынұлы откен осында курделі жол оның қогам қайраткерлік

қызыметін зерттеушилер үшін айтарлықтай қызындықтар тұгызады. Со-лай болғанына қарамастан А.Байтұрсынұлы мемлекеттік жүйелердің қайсысында жұмыс жасасын (алаштық жүйе ме, кеңестік жүйе ме – бәрібір) ол бірінші кезекте өзіне басты нысана етіп жалпылттық, бүкілхалықтық мәселелерді таңдан алды да, оларды тұган елінің мұдделеріне сай шешу үшін еңбекстенді» деген тұжырымды ой түйіндеid [58, Б. 144-145, 102]. Шындығында, «Алаш» партиясының негізгі мақсаты – ұлттық мемлекет құру болатын. Сондықтан да Алаш зиялышарының бүкіл қызыметі қазақ елінің дербестігін нығайтуға бағытталды. Алайда, сол тұстағы көрші алпа-уыт орыс мемлекетінде болып жатқан тарихи-саяси ахуалдардың қазақ елін де шарпуына байланысты Алаш қайраткерлері мемлекеттілігін құрудагы өз ұстанымдарын іс жүзіне асыра алмады. Бірақ, билікке келген Кеңестік үкіметтің «барлық ұлттардың тенденсі, бірлігі, ынтымақтығы сақталады» деген ұранына ұлken үміт артты. Ұлттар тенденсі туының аясында қазақ елінің де дербес мемлекет болатынына сенди.

Енді жоғарыдағы ресми мәлімдемеге қайта оралсақ, сол уақыттары Қазақ елінің астанасы Орынбордағы қоғамдық ахуалдық барысы өтे ауыр болғанын байқалады. Ахметтің: «...существование в настоящее время в городе Оренбурге разбойничных банд и участовавшиеся случаи нападения, грабежа и убийства делают невозможными хождение по городу без вооружения» деп жазуының астарында үкімет басындағы билік таласқа түскен жағалышардың біріне-бірі күдігі көбейген тұста өмір сұрудің өзі қауіп-қатерге толы болғандығын көреміз [101].

1921-1922-ші жылдар қазақ елі үшін түрлі өзгерістерге толы болды. Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметімен бірге келген ірілі-ұсақты жаңалықтардың жағымды әрі жағымсыз тұстары әлеуметтік ортаға өзінің әркелкі әсерлерін тигізіп отырды. Адамзатқа бостандық пен тенденк әкелген төңкерістің Қазақ даласындағы қазақты дарқан өмірге оң ықпалы зор болды деп айту қыын. Ежелгі көрші орыс жеріндеі Бірінші дүние жүзілік соғыстың зардалтары қазақ еліне де ұлken соққы болып тиіді. Халыққа салынған сан түрлі алым-салымдар мен қазақ жерінде бұрын-соңды болмаған қуаңшылық ел ішіне аштық апатын әкелді. Бұл жергілікті халықтың төңкеріске деген сүйіспеншілігін оята қоймайды әрі сардаланың кеңдігіндей қазақтың ақкөніліне Кеңес партиясының большевиктері бүлік әкелді. Қазақтың кең даласында еркіндікті сүйгөн ел адамдары мен қыш қаланың ғылыми-мәдени өміріне дағдыланған қыр қазақтарын үрей биледі. Үрей билеген елге басшы болу – бұл тарихтың ең ұлken күрделі сынағы. Ал сынақтан сүрінбей өту – кез келгенниң маңдайына бұйыра бермейтін бақ, сүренсен – маңдайының соры қалың бейбақ болғаның.

Қазақ дәстүрінде сәби өмірге келгенде шілдехана жасап «бауы берік болсын» айтқанымен, оның тұған күні жыл сайын тойланбаған. Тек алғашқы мүшелінде, 13 жаста «Күдайға тоба» деп, тіл-көзден аман болсын деген ырыммен «қан» шыгарып, жақын агайын-туғандары мен көрши-қолаңға дастарқан жайған. Оナン кейінгі ұлкен той – ұл бала шаңырақ көтеріп, үй болғанда, не үкілі қызы тұрмысқа шығып, өрісі кеңейгенде «отыз күн – ойын, қырық күн – тойын» жасаған. Қазақтың дәстүріндегі думанға толы үйлесінде тойлар ақының Ахметтің басында болып-болмағаны беймәлім. Қазақ даласына келген қасіретке толы тауқыметтер болмағанда, бала Ахметтің – алғашқы мүшелтойы, басы екеу болып Бадрисағасына үйленгені бәрі-бәрін ата-анасы алыс-жақын агайын-туғандарымен «ат шаптырып» тойлар еді-ау. Бірақ, толып жатқан бірақтар бой көтертпеді... Ақ пен қара, қайғы мен шаттық, күн мен тұн алмакезек ауысып отыратыны сыйқылды, Ақаңда да «ақ түйенің қарны жарылған» қуанышты құнді көретін кез тұды! Үйлесінде той – ұлт жұмысына жаралған Ахметтің ел үшін жасаған еңбегі елеңіп, алты Алаштың баласы бірігіп тойлаған тұңғыш той болды!

Қазақ елі «21-дің аштығынан» естерін енді жинап, еңселерін көтергенде, келесі жыл – 1922-і де босағадан аттаған болатын. Әрбір жылдың «өз несібесі бар» демекші, жомарт ел ұлты үшін отқа да қүйген, сұра да түскен, жұдырықтайды жүргегіне күллі жүртін сыйғызған Ахметтің елу-ге келгенде қалай тыныш жатсын! Кеңес үкіметінің қолтығында болса да қазақ жүрті кей істерде дербес еді. Еркіндікті, кеңдікті сүйеттін елдің ата-бабадан мирас болған қоныстары да кең, билік басындағы ұлдарының ордасы да оңтайлы. Солтүстікте – Орынбор, оңтүстікте – Ташкент шаһары қазақтың тақиясына тар келмейтін, қос қаланы бөліп жармайтын. Түркі жүртінің ігі жақсылары «Ахаңың тойы – тарихитой» деп қауқылдасып, мұсылмандығы мейірімін төккен Ташкентке жиналды. Қашанда жүртінің қамын ойлап, іс басында жүретін Ахмет серіктерімен оңтүстік астанаға – тарихи маңызы зор шаруаны шешу үшін ат басын тіреиді. Келген мақсаты – Түркістанда қарайтын екі облысты Қазақстанға қосып, қазақ елін біріктіру. Орынборлықтар өздерін «Жасасын, қазақтың қаһармандары!, Жасасын, қазақтың көсемі!» деп ұрандалап, зор қошеметпен күтіп алған мұндағы арқаланған елдің ықыласын, құрметтін көріп, қатты толқып тебіренеді. Енді сол ұлы жиынның күәгерлеріне құлақ түрсек. «...1922 жыл, тамыз айы. Ташкенттің қаласы. Сондагы Қазақ-қырғызы институтының айналасы халыққа лық толы. Бүгін мұнда қазақ халқының қаламга жүйрік, алты Алашқа аты жайылған атақты азаматы Ахмет Байтұрсынұлы келмекші [103]. Келген қонақтарды әсем безендірілген заңға жайғастырған соң, ол кіслердің құрметтіне концерт қояды. Жас өспірім үрпақ Ахметтің ел келешегі, бірлігі,

ынтымағы үшін жазған өнегелі гибраттарын, тақпактарын жатқа айтып, жиналған жұрттың көңілін қозғайды. Мәжіліс соңынан қонақсы беріліп, бұл жиынның Ахаңың жеке басына арналып отырганын, түркі жұрттының барлығы да оның ел үшін атқарған жұмыстарын бағалайтынын, әрі шексіз құрмет тұтатынын айтады. Сол жиында Түркістан азаматтары атынан Иемберген Табынбаев ыстық лебізін арнайды: «...Әлеумет, деп бастады ол сөзін, беріміздің де қошемет қылып отырган адамымыз – Ахмет агай Байтұрсынұлы. Беріміз де ол кісінің тойында, мейрамында отырганымызды жан-тәнімізбен сеземіз» дей келе, онан әрі Ахаңың өмірінен, істеген істерінен жиылған жұртты мағлұм етеді [103]. Сөз соңынан Ахметтің жаңына барып: «... Інілеріңіздің мына бір аманатын тапсыруға рұқсат беріңіз» деп, оның омырауына алтын жетон қадайды. Жетонның бірінші бетінде: «Аха, күшті сениң – қаламың, халық ісі – сениң тамагың. Жаса, ұлт мектебінің тұңғыш жүргегі» деп жазылған [103]. Мұндай қошеметке көңілі толқыған Ахаң сөз сәйлеп, алғысын білдіреді. Ол өзінің халық мұғалімі екенін, бұрын өз жайынан сөз сөйлемегенін, окуйның көп емес, аз екенін, бірақ сол аз білімді халық мақсатына жұмсағанын айтады. Ол өзінің істеп отырган жұмысының, осында отыргандардың да қолынан келетінін айттып, мен де өздеріңдей адаммын деп, өзін қарапайым жүртпен қатар қояды. Ахаңың ұлт үшін кешкен бейнетін білетін жұрттар, оның өз жұмысын кішірейткен кішіпейілдігіне тәнті болып, Ахаңдан өмір жолын баяндап беруін өтінді. Ахмет өзін тудырган заман – патша заманының зұлым саясаты, зорлық-зомбылығы, қорлығы екенін, мұның берін көрген олар, ұлтшыл болғанын, ал ол тұста ел мұддесін ойламасқа болмайтын еді деп, сөзін соңдарынан ерген жас ұрпаққа қарата айтады: «... менің ісім тарихтың сынына да түсер. Бірақ, менің өз тәжірибеліе, осы өздеріңің мәжілістерінен үлгі алсақ та, жастар тұзужолмен барады. Менің сүйенішім осы» деп, он шақты ұлт өкілдерінің бір кісінің баласындаі бас қосып, дидарласып отырганына ыразышилығын білдіріп, осы жолдың, осындаі ынтымақшылдық халықтың көсегесін көгертеtíнін ескертеді [103].

Осы салтанатқа қатысып отырган өзге ұлт өкілдері де Ахаңа құттықтау лебіздерін арнайды. Амиров – Башқұрstanның толық өкілетті елшісі, И.Хожаев – Түркістан Мемлекеттік Білім Кеңесінің бастығы, А.Шмидт – Күншығыс институтының директоры, Оликов – Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссарының серігі. Мәжіліске мемлекеттік мәселені шешуге келген Ахметтің қоғамдық қайраткерлігімен қатар, түркі жұрттының ғылым-білім көшінде жасаған жаңкешті еңбектері де сөз болады. Башқұрттың елші Ахметті өз ұлтына белгілі екенін, башқұрт

халқы ғана емес, бүкіл Құншығыс елі білетінін, Ахаң түрлеген Қазақ халқының тілі – бай тіл, болашағы бар тіл. Өзі жоғалар халықтың алдымен тілі, мәдениеті жоғалатынын, ал қазақ тілі үшін күрескен Ахметтің қызметі бүкіл Құншығысқа үлгі беретінін айтып, шексіз алғысын білдіреді. Оның ойын жалғастырган Шмидт Байтұрсынұлын «қазақ халқының жарық сәулемесіне» теңеңді, олар мәжілісті – тарихи мәжіліс болды деп, Ахаңның қайраткерлігін талқылаган пікірлерін қорытындылайды: «...қазақтың әдеби тіліне негіз салушы; қазақты «әп» деп бастап оқытып, надандықпен күрескен бірінші ұстаз; оқу ісіне, жазуга жаңалық кіргізген дана реформатор; патша үкіметінің зұлым саясатымен күрескен қаһарман; атақты ақын; қай жагынан болса да қазақ халқының көсемі». Мәжіліс соңында түркістандықтар: «Ахметтің аты тарихқа алтын әріптермен жазыла-ды» деп ұрандал, келген құрметті қонақтарды шығарып салады [103].

Ахаңның меретойына арналған жиын Орынборда да жалғасады. Бірақ, мұнда қоғам қайраткерінің 50 жасқа толуын атап өту шарасына екі тұрғыдан қарагандар табылып, қазақ оқымыстылары жікке бөлінді. Олардың кейбірі Ахметтің 1921-ші жылды партиядан шығып қалғанынан саяси астар іздең даурықса, елбасындағылар мен халықтың басым көпшілігі Ахаңның ұлтқа жасаған қалтқысыз еңбегін құрметтеп, өз ілтифаттарын осы тойда көрсетті. Орынбор шаһарының Сверлов клубында қаңтардың 30-ы күні өткен салтанатты жиынды Қазақ КСР Халық комиссарларының төрағасы Сәкен Сейфуллин өзі кіріспе сөз сейлеп ашқан, әрі Ахаң арналған тойды соңына дейін жүргізген. Ал Халық оқу-агарту комиссары Смағұл Сәдуақасұлы «Ақаң алдында» деген баяндама жасап, тұлғаның тарихи істерін тізбелей айттып, өзінің жұмсақ дауысымен «Ахаңды біз замандастырыз гой деп өз қатарымызға қойып, өзімізben тенестіруге болмайды, ...бұрын әркім қалай болса солай жазып жүрген емлемізді түзеп, бүкіл халқымызға ұстаз болған. Сондықтан ...құрмет тұтын, қадірлей білуіміз керек» деп, іріткі іздеңген жікшілдерді түйреп өтеді [103]. Ал сырбаз Сәкен халық үшін қызмет жасаған кісінің істегенін бастан-аяқ баяндал отыру, оған лайықты қошемет көрсету – әр үлгілі халықтың әдеті екенін, яғни жұрт жұмысын жасаған ерлерді мадақ тұту – елдің міндегі екенін айтады. Ол: «А.Байтұрсынұлын – ардың адамы, өзге оқыған мырзалар иен ізден жүргенде, ...Ахмет қалың қазақтың нағызының жыртып, ұлттық арын жоқтаган қаһарман. Қазақ халқын байга, кедейге бөлмеген, бәрін бірдей сүйеттін, ұлты үшін басын байгеге тігетін шын ұлттышыл» - деп бағалайды [104]. Сәкеннің мерейтойлық мақаласы газет бетіне «Манап Шамиль» деген бүркеншік атпен жарияланады. Осы мақаласы үшін Сәкеннің соңына түскендер де болды.

А.Байтұрсынұлы үкімет басындағы жұмыстарымен қатар 1921-1924-ші жылдары Орынбордағы жоғары оқу орны Қазақтың халық агарту институты, 1926-1928-ші жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен дәріс оқыды. 1928-ші жылдың қыркүйегінде Қазақ елінің жаңа ордасы – Алматыға келеді. Астанада ашылған Қазақ мемлекеттік университетіне профессорлық лауазыммен Қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс оқуға шақырылады. Ол қазақ елінің астанасы Алматыда ашылып отырған оқу ордасының тарихи маңызы туралы баяндама жасайды. Бұған ҚазМУ-де жүргізілген кеңсе құжаттары дәлел. Мәселен, мұрагатта қатталған ресми құжатта: «1928-ші жылдың 15-ші қазаның құнгы №14-ші бүйрек бойынша Ахмет Байтұрсынұлын Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен профессорлық лауазымга сол жылдың 1-ші қазанынан қызыметке тағайындалсын» деп өкім берілген [105]. Осы аталған бүйрекқа жоғары оқу орнының басшысы С.Асфендияров қол қойған.

1929-шы жылы маусым айында Қызылордада болатын үлкен жиын: «Әдебиетшілер мен тілшілердің жиналысына» Ахмет арнайы шақырылады. Осы жиынға барғанда ол қайтадан күтпеген тұстан төртінші рет қамауға алынады. А.Байтұрсынұлының соңына шам ала түскен кімдер болды екен?! Еіз осы бір өзек өртер сауалға жауап іздемес бұрын, тарихшы Кеңес Нұрпейіс 2006-шы жылы «Айқын» газетіне берген сұхбатына зер салайықшы. Тарихшы лебізін: «Тәуелсіз Қазақстанның шындық тарихын жазу үшін русскоцентризм идеясынан толығымен арылу қажет» деп бастап, жалпы мұрагаттық құжаттар құрылымына тоқталады, әрі нақты талдау жасайды. Тарихшы фалым: «...Архив жүйесінің өзі екі салага болінеді. Бірі мемлекеттік архив, оған сіз де барасыз, мен де барамын. Ал бұлардан бөлек құпия құжаттар мұрагаттары да болады. Бұлардың кейбіріне рұқсатпен кіресің. Кейбіріне мұлдем рұқсат жоқ. Сондай-ақ осы кездегі Үлттық қауіпсіздік комитетіндегі құжаттар «СС» деген болімге («Совершенно секретного») жатады. Одан бөлек «С» деген («Секретно») бар. Біздің қолымыз осы «С»-ке ғана там-тұмдан жетті. Ал ана құпияның құпиясына қолымыз алі жетпей жатыр. Мәселен, 1930-шы жылы сәуірде Ахмет Байтұрсынов бастаған 40-қа жақын Алаш қайраткерлеріне арналған сот процесси жазылған істің 11 томын ғана берді. КГБ басшысы: «...өйткені онда біздің КГБ қызыметкерлерінің берген құпия ақпараттары бар. Онда «бление бленешеге жалған жала жабуы керек» дегендей құпия мәліметтер жазылған» деді. ...12 томды қолыма түсірдім. Сөйтісем, онда шынында да «бленишенің устінен жалған арыз түсірғен бление. Өтірік мақала жазған бление» деген жазбалар молынан кездесті. Осыған орай менің айттарым: Үлттық қауіпсіздік комитетінің 20-30-шы жылдарға бай-

ланысты қорларынан «құпия» және «өте құпия» деген анықтамалар алып тасталып, олар мемлекеттік архив жүйесіне берілуі керек» деген кесімді шешім айтады [106]. Өкінішке қарай, бұл ұсыныс іс жүзіне әлі толықтай асырылған жоқ. Кейбір құжаттардың бір сарасы жарияланғанымен, әлі де ресмиліктен арыла алмауда. Осы сұхбатында К.Нұрпеіс Ахаңың маңызы зор туындысы жөнінде де өз ойын сипайы жеткізеді: «...Мәдениет тарихы» деген үкен еңбегінің жазылғаны бізге белгілі. Алайда оның қолжазбасы осы кезге дейін табылған жоқ. Өртеп жіберді ме, бір құпия қоймада жатыр ма, ешкім білмейді. Не болмаса, қолына түскен біреулер өзінің атынан жарияладап жіберді ме, кім біледі?» [106]. Шындығында, ақиқат түбінде бір ашылатыны анық. Бір эттеген-айы, қазақ басындағы қашанды уақыт еншісіне қалдыратын бойкүйездіктің де шегі сөгілерме екен. Бойкүйездікті жеңген күні ақтарылған ақиқаттың аңы демі келешек үрпақтың да алқымынан алып, деміктірсе қайтпекпіз.

Сыз іісі мұңкіген, қабыргалары тастай сұық, қапас түрмеде отырып, тергеушілердің тарапынан сан мәрте сұңқылдап, миын шаққан сұрақ-жауапқа «шер-толғаулы мәлімдемелерін» жазған сәтте Алаш арыстары қандай күйде болды екен?! Ол жағы – бір Аллаға аян... Десек те Ахметтей тарихи тұлғаның өз қолымен жазған жауаптары, кей тұстары тергеушілердің өзі жазып, соңына қолын қойдырған құжаттары жойылып кетпей, бұл күнге жеткеніне де шүкіршілік айтып, «тәуба» дейміз. Бірақ, осы қатталған, сарғайған параптардың том-том болып, жабық қорда әлі күнге жатқаны, біртүрлі жанынды жаралайды, жүрегінді қозгайды. «Халық жауы» деп нақақтан қараланған тұлғалардың ақталғанына талай жылдар өтсе де, олар туралы ақиқат толық ашылған жоқ. Талай-талай тағдырлардың «тагы айтары бар тұстары» әлі қапаста жатыр-ау дейсің... Оны мемлекеттік мекемелерден арнайы ресми рұқсат алып, танысуға қол жеткізгенімен, «ресмиленген беттерін» ғана оқуға мүмкіндік аласың. Бір гажабы, том болған папкілердегі мәлімдемелердің барлығы дерлік тәтте жазумен жазылған. Тәтте жазудың тұңғиғығына сұңгип, тұп-тұқияның ақтарсаң, талай тағдырларға тап боларың хақ. Бірақ, ондай сәт туар ма екен? Эй, осы тәтте жазуды таңдаған Ахаңың алғырлығы-ай десенші! Сол тұста тәтте жазуды оқи алмаган тергеушілер, бұл мекемеде арнайы аудармашылар ұстауга мәжбүр болған. Өйткені, тылсымы терең тәтте жазудағы құжаттардың жанында «айбақ-сайбақ» орысшаланған мәтіндер қоса тіркелген. Неге екенін қайдам, осы кирилшеленген жазудың көмескі тұстары көп сықылды көрінді. Ал тәтте жазудағы «тарихты» көзі қарақты, көкірегі ашық, ойы жүйрік жаның өзі де берілген «санаулы сағатта» санаасымен шолып үлгермейді. Эрі жаныңызда әрбір қимылыңызды жіті

қадағалап отырған арнайы қызметкердің келесі папкіні жұлқи паралтаган саусақтарына қарап «жыртылып кетпесе иғі» деп, есің шығады...

Ия, өзінің саналы ғұмырын «қазақ елінің көсегесін қайтсем көгертем» деп бірде Алашорда үкіметі, бірде Кеңес үкіметі жағына шығып, партия ісіне барлай қарап, сеніммен ерген А.Байтұрсынұлының бар жазығы «қазақ қай бағытты ұстаса дұрыс болады» деген үкілі үмітке иек артуы еді. Қай партияға мүшелікке кірсе де, құреспекердің аңсаған арманы орындалмады, ұлы сенімі ақталмады. 1929-шы жылы 2-ші маусымда Қызылордада «күдікті» ретінде ұсталып, арнайы айдауылмен Алматының түрмесіне алып келеді. Мұнда көп ұстамай тұлғаны қасындағы жолдастары: М.Дулатұлы, М.Есполов, Г.Бірімжановтармен бірге ату жазасына бұйырады. Бірақ үкім қайта қаралып, ауыр жаза айдаумен алмастырылды...

Тұлғаның 1929-шы жылы қайта тұтқындалуы туралы жазушы-ғалым Т.Жұртбайдың ҮҚҚ-нің мұрагат деректерін сөйлеметken тарихи әфсанасына сүйенсек, Ахаңды ажал тырнағына байлап берген өз қандастарымыз. Атам қазақ «іштен шыққан жау жаман» деп текке күйінбесе керек. Кеңес үкіметі тұсында қазақ елінің әлеуметтік мәртебесі төмендетіліп «ұлы халықтың» безбеніне түскен күрделі кезеңде ұлттың қажетін түгендеген Ахмет қай қазақтың қөңліне жақпады екен?! Енді соның сырына үңілейік. Осы жылы сәуірдің 19-ы күні «Советская степь» газетінде Ораз Исаев пен Ізмұхан Құрамысовтың ұйымдастыруымен Фаббас Тоғжанов, Эбдірахман Байділдин, Хамза Жұсіпбеков, Садықбек Сапарбеков, Ораз Жандосовтардың «Жазушы – қазақтардың шығармашылығы туралы» деген ашық хаты жарияланады. Олар қазақ елінің билік басына 1925-ші жылы қыркүйекте келген Голощекиннің ойабын тауып, айызынан шығу үшін ұлт зиялышарына нақақтан күйе жағады. Хатта А.Байтұрсынұлының қайраткерлігі туралы «орыс галымдары берген баға дұрыс емес» дей келіп, ол «патшалық саясатқа қарсы құрескен буржуазиялық төңкерісші, әрі алашордашылдардың көсемі болып табылады» дейді. Ахметтің ұлт үшін жасаған жұмыстарын елемей, жазықсыз қаралайды. Олар өз шағым-үндеулеріне «Правда» газетінен де орын берулерін сұрайды. Мұнымен тыныштық таппай, Ахметті жазалауды сұрап, Сталинге екі рет хат жолдайды. Осы жетеудің «Алашшылдарға қарсы» мемлекеттің атынан ресми айыптау жасаған мәлімдемелерінің салдарынан Ахмет, Жұсіпбек, Магжандар екі айдан соң түрмеге қамалған. Жазушы Т.Жұртбай зерттеуінде бұл ашық хаттың мәтінін қазақ тіліне аударып, талдап таратқан. ҚР ҮҚҚ-нің мұрагатында талай жылдардан бері жабық қорда жатқан мұндаі құжаттарды оқыған адамның төбе шашы тік тұрары анық. Ең өкініші

сол «неге өзді өзіміз» деген сауал өзегінді өртеп, қазақтың пешенесіне жазылған күншілдік-ай, «не істеткенсің пенделеріңе» деп, бармагынды шайнайсың. [107, Б. 415-466].

Осы тұста Ахметтің жерлес інілерінің бірі Файзолла Сатыбалдыұлы да Қостанай түрмесінде отырады. Тас түнекте құса болып отырган Файзолла «Тас тұрмеде» деген өлеңінде:

«... Ахаңдан да бейхабар боп отырмын,
Көкірек – от, көніл – тұман, соқырмын.
Қайран аға – ғұламасы қазақтың,
Тамызығы өлең-жалын, отымның.

Ақ оралып, жүйрік озар күн келер,
Сіз бен бізді тірі болып кім көрер?!

Әттең сол күн сөйлер ме едің Ахмет,
Ар алдында адалдыққа күн берер.

Адамды сен табар едің, ғұламам,
Тура жолмен қайда жүрсөң жүр аман.
Ей, тіршілік!
Ар мен Ахаң беттессін,
Басқа тілек кетсем де өліп сұраман» -

деп, тар қапаста отырса да, бар арман-тілегі Ахаңдай абзал аға, адал досқа ақ жол тілеумен болады. Мұндай жанашыр достың айтқан сауалының сауабына Ахметтің ғылымдағы қайраткерлігі мойындалып, өзі айдауда жүрсе де 1930-шы жылы Мәскеудің «Литературная энциклопедия» жинағының 1-томына ғалымдығы туралы мәлімет беріліп, ол түрлеген Қазақ әліппі 5-томга енеді. Жетеудің жаласы Алаш арыстары Мағжан Жұмабаев пен Жұсіпбек Аймауытұлының өмірін жұтады, ал Ахметтің өмірін айдауда өткізеді. Қазақ зиялышарының үркердей тобына қасақана жасалған зауалдың соңы зардапсыз қалмады. «Арызданғандардың» бірі – Ә.Байділдин 1930-шы жылы, қалғандары – О.Исаев, И.Құрамысов, О.Жандосов, F.Тогжанов, X.Жұсіпбеков, С.Сапарбековтер 1938-ші жылы өздері қызмет жасаған коммунисттік партия құдалауына ұшырап, кейіннен партия жендеттерінің қолынан қаза табады. Қазақ елін аз уақыт басқарған Голощекин коммунист-жақтастарының көсөу-қолымен ұлтты сансыратып, елді есенгіретіп, ұлар құстай шулатты. Шовинист басшының «кіші қазаны» қазақ жеріне ұлы наубет әкелді. А.Байтұрсынұлы 1929-шы жылы

ұсталғаннан, түрме қапасында 1931-ші жылдың қаңтарына дейін отырады. РСФСР қылымстың істер кодексінің 58-бабының тағылган ең ауыр тармағы: ату жазасы қайта қаралып, ол «он жылға бас бостандығынан айрылады». Беломор-Каналда айдауда болған тозақты құндердің қаншалықты ғалым өмірін өксіткені «дұшпаныңа да тілемес» ауыр сәт екені анық.

Еңбек ері Кітапбаев Бошайдың мәлімдеуімен жеткен қатонқарагайлық Серікбай Мәштерханұлы Мамырхановтың «Айдаудағы Ахметтің елге сәлемі» өлеңіндегі өрілген жолдаулар тұлғаның тағылымына тәнті еткендей. Қурескердің тозақта жүріп те қайраты мүқалмай, сағы сынбастан, ойлағаны тағы елінің қамы, сол айдатып жіберген жұртына өкпе артпастан сәлемін айтады: «...Ел-жұрттың бізден бұрын көре қалсаң, Сәлем айт алты арысқа бізден тегіс» деп, арта қалған елін аңсайды. Тұған жерден «қүншілдердің» көрсетуімен қасақана айдалып кетсе де жұртына деген сағынышын жасыра алмайды. Қурескер ақынның: «...Кеттік деп сенен алыс қамыгады. Сарыарқа сайран еткен, қайран мекен, Ерте-кеши соны ой-лан, сағынады» -деген өлеңінен «өзектен тепкен Отанына» шекіз махабатын көреміз. Ұлтын сүйген ұлы жүректің дүрсілі ақтық демі біткенше ел деп соқты-ау.

Ахаң жұбыны Бадрисафага мынаңдай өлең жолдарын арнаган екен:

«...Ақ көйлек тозбайды екен кең болған соң,
Екі жас ойнайды екен тең болған соң.
Сырымды саған айттай кімге айттайын,
Қасымда жан жолдасым сен болған соң...».

Бұл өлең туралы жазушы Байтұрсын Ілияс: «...шамасы, бұл Саяси бас басқарма коллегиясының шешімімен 1931-ші жылды 13-ші қаңтарда 10 жыл концлагерге сотталған А.Байтұрсынұлының Батыс Сібірдегі үйелменіне қосылуға рұқсат алды, Кривошеин ауданына қарасты Жуково деревнясына келген кезі ме екен. Бұл елдімекенге ол 1933-ші жылы 4-ші шілдеде келіп жетеді. Мұнда оны сүйікті жары Бәдрисафа қарсы алады. Осы Жуково деревнясында екесінің жылдай түрган» деп, жорамал жасайды [22, Б.62-63].

Шындығында, Томскіде айдауда жүріп, әбден сырқатқа шалдыққан әйеліне жету үшін Ахмет Байтұрсынұлы Біріккен Мемлекеттік саяси басқармасына (ОГПУ), осы мекеме органдарын қадағалайтын Республика прокурорының көмекшісіне 1933-ші жылы қаңтардың 6-сы күні 1,5 беттен түрратын өтініш жазған [108]. Осы сарғайған құжаттағы маржандай тізілген тіркестерді көріп, Архангелдің азапқа толы тозағының өзі Ахметтің сұлу жазуын тоздыра алмапты-ау дейсің еріксіз ауыр күрсініп.

Өзі де ауыр күй кешіп жүрсө-дагы айдаудағы әйелінің дімкәс денсаулығын ойлап, не әйелін болмаса өзін сонда жіберуді сұрайды. Сібірдің сақылдаған аязынан бөлек, айдауылдардың қаһары да жүйкелерін жегелі қашан... Өтініште әйелінің 56 жаста екені, оның қара жұмыс жасаубынан тұрсын, қарақан басын алып жүргүшін біреудің көмегіне тәуелділігі, күніне 4-5 мәрте есінен танып құлайтын науқасын айтЫП, қандай да бір шара қолдануын сұрайды. «*Kici кілті аспанда*» демекші, мекеменің міз бақпаган басшыларының жауабы сиырқұйымшақтанда берген соң, тәуекелі мығым, тәзімі терең ол *Дүниежүзілік «Қызыл крест» қогамына* жүгінеді. Жазушы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың араласуымен өзі сықылды айдауда жүрген жарының жанына келіп, біршама уақыт соңда тұрақтайды.

Егде тартқан шағында басына сын-сағат түсіп, өмірінің әрбір сәті қияметке айналған тұста інісі Міржақыпқа мұңцын шағыпты: «...бәрі де қызметте – қатын-балаларымен тұрган көрінеді. Мен де қатын-балаларым мұнда келуге, немесе онда баруга рұқсат ет деп Мәскеуеге арыз беріп едім қабар жоқ. Жақын арада жазушының бұрынғы қатыны бастық болып тұрган мекеме арқылы арыз бердім. ...өлсін демесеңдер мені не жылы жаққа ..., не қатын-балам тұрган жерге жіберіңдер. ...Мұнан анау қатын арқылы бірдеме болар деген үміт бар» - дейді шемен болған сорлы жүрек 1933-ші жылы ақпанның 26-сы күні жазған хатында. Жүрек шері еленіп, сол жылдың қыркүйегінде Том жеріне табаны тигенін де хабарлапты: «...сұранып, мұнда келдім. ...сентиабірден осындамын. Айына 150 сом жалақысы бар, орынга ілініп едім, ...марттан бастап шыгарып тұр. Қыр баласынан хат алып тұрамын. ...өзіңе әлденеше рет жазып, жауап ала алмай-ақ қойдым. ...Қабар берерсіңдер. Б.С-дан сәлем. Ол қойанышқа ауруы болып біткен» деп өздерінің мүшкіл жағдайларын 1934-ші жылдың 8-ші наурызы күні жазыпты.

Олар Сібір жерінен Алматы қаласына 1934-ші жылдың күз айларында арып-ашып жетеді... Қазақ оқығандары мен атқа мінгендері дәл сол тұста Ахметті құшақ жайып қарсы алмаған. Ол баспананы былай қойғанда, жан бағу үшін жұмысқа әрең ілінеді. Морозовтың жеке емханасында аудармашы болып, нәпақасын айырады. ҚР ОММ-ның дерегіне сүйенсек, 1934-ші жылдың 16-шы желтоқсанында Орталық музейге ғылыми кеңесшілік жұмысқа алу туралы бүйрекқа қол қойылып, А.Байтұрсынұлы өзінің сүйікті қасібіне бір табан жақын жұмысқа тұрурга қол жеткізеді [109]. Осы Орталық музейде жұмыс істеп жүрген тұсында ол, нақтырақ 1935-ші жылы 2-ші мамырда суретші В.Н.Хлудовтың туындыларына сараптама пікір жазады [110]. А.Байтұрсынұлы сыннына түскен орыс суретшісі

Хлудовтың қазақ тұрмысы туралы картиналары кейіннен Кеңес тұсында көрмеге қойылған.

«Заключение по картинам художника Хлудова» деген пікірдің мән-маңызы туралы тілші-галым Аманқос Мектептегі «Күлтүра» газетінде «Суретші Хлудовтың қатесі неде?» («В чем ошибка художника Хлудова?») деген тақырыппен суретшінің картиналарына Ахмет Байтұрсынұлының берген қорытынды пікірді жариялаган болатын. Мұнда Ахмет «...суретшінің қазақ тұрмысын әдейі жабайы етіп көрсетуді мақсат еткені немесе шындығында қазақтың тіршілік-тұрмысын білмейтіндігіне» тоқталады, бұл картиналардың «қазақ тұрмысын дұрыс бере алатын толыққанды картиналар» өмірге келгенше гана музей көрмесінде ұстауга болады» деген ескерту айтады. Негізінен, суретшінің қазақ тұрмысы туралы «Көшу», «Қой сауу», «Бие сауу», «Қой қырқү», «Жұн сабау», «Сабын дайындау», «Үй диірмені», «Киіз басу», «Боранда көшу», «Тұнгі барымта», «Қаралы көш», «Бай ауылдың көшіп-қонуы», «Қызың ұрлау», «Өткелден өту», «Бәйге мейрамы», «Сый көрсету», «Бақсының науқасты емдеуі» сынды туындылары А.Байтұрсынұлы тарарапынан ұлken сынға ұшыраган.

Жалпы, 1935-1936-шы жылдар гұламаның өзі айтқанында «...жұрт жұмысына бүтіндей кіріскең адамның көретін күні – абақты мен айдау» дегеніндей, қадамын қарыс аштырмай қояды. Жоғарыдан түскен қысым сол жылы 21-ші қыркүйекте Орталық музейдің әкімшілігін «Ахмет Байтұрсынұлын жұмыстан босату туралы бүйрек» шыгаруга мәжбур етті [111]. Осылайша бұл мекемеде бар-жогы 1,5 жылдай жұмыс істеген ол тағы жұмыссыз қалады... Қазақстан халық жазушысы Эбділда Тәжібаев «Есімдегілер» атты кітабында 1936-шы жылы орыс поэзиясының падишасы А.Пушкиннің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Ахаңың өздеріне қосылып, ұлы ақынның ертегі жырларын аударысқанын, жас аудармашыларға көмек көрсеткенін жазады. Сонымен қатар, 1917-ші жылы Орынборда өткен «Алашорда» партиясының сиезіне делегат болғанын, одан кейін Коммунистер партиясына кіріп Ленин өзі баставан большевиктер партиясының өкілдерінің (барлығы – 64 адам) бірі болып, коминтерннің II-ші конгресіне шешуші дауыспен Ахметтің делегат болып сайланғанын айтады [112, 332-б.].

Айдаудан келgelі жетекші қызметке араластырылмаган, қарапайым нәпақасымен Бадрисафа бәйбішесі екеуі әүпірімдеп күнелтіп жүргендे 1937-ші жылы 11-ші тамызда НКВД-ның өкімімен қайтадан тұтқындаиды. Осы жылдың 8-ші желтоқсаны күні жасы пайғамбар жасынан енді асқан, ешкімге залалы жоқ Ахметті атып тастайды. Осы азапты ауыр күндер

туралы мұрагаттағы құжаттар ел назарына БАҚ пен түрлі ғылыми зерттеулер арқылы ұсынылып келеді. Бірақ, кейбір зерттеушілер тарапынан өзіндік талдаулар мен сараптаулар біржакты жасалып жатады. Мәселен, жазушы Д.Досжанов «37-ші жылы» тұлғаның тұтқындалуы туралы «... Өстін үреймен кешиң батырып, үмітпен таңды атырып жүргенде Ахаңды бір түнде келіп үндеместер үстап алып кетеді. Бұл 1937 жылғы 8 қазан күні болатын. Галымның артында қалған қызы Шолпан «әкемді 1937 жылғы 8 тамыз күні үстады» деп жаңсақ айтады, негізінде 8-ші қазан күні үстаган» деген кесімді сөз айтады [24, 211-б.]. Керісінше, мұнда жазушының айтқаны жаңсақ. ҚР ҮКҚ мұрагатынан алынған №725-ші іс-папкісіндегі деректер Досжановтың тұжырымын терістейді [113]. Енді осы тарихи құжаттағы тізбеленген деректерге тоқталсақ. Тұтқындау ордері – сол уақыттағы мемлекеттік ресми іс жүргізу тілі орыс тілінде, қатарында латын қаріппері көрсетілген дайын нұсқалық, яғни ресми мекемелік бланкі. Анығырақ, бұл 725-ші істе А.Байтұрсынұлын тұтқындау туралы «434»-ші нөмірлі ордер «1937-ші жылдың тамыздың 11-і күні» беріледі де, оның жарамдылығы «2 күн» екендігі көрсетілген. Тұтқындау ісі Латыпов дегенге жүктеледі. «Тұтқындалуышының сауалнамасы» деген 5-ші қалыпты құжат 22 сұрақты құрайды. Осы сұрақ-жауап жүргізілген құжат «тамыздың 13-і күні» толтырылып, сонына тұтқындалушы «қол» қойған. Сауалнама жүргізген қызметкер тегін анық көрсетпей, тек «шимақтата қол» қояды. Қол қоюшының бас әрпі «Ш мен К» анық жазылып, соны іірімделе қайырылған. Осы іірімнің арты апатқа апарғаны белгілі ...

Ахмет тұтқындалған жайма шуақ жаз айы құзгі қара суыққа ұласқан. Мұны еке соңынан шарқ ұрып ізденген Шолпан ауыр құрсіне отырып, есіне алған еді. Бірақ, сан рет түрме есігінің тор көзінен сығалағандарымен, ар жағынан аяулы әкениң жузін көре алмагандарын, абақтының абалаган аярларының арсылынан Бадрисафа анасының күрт қартайғанын, әлсіз, сырқат жеңген үнімен сыйырлағандай боп жеткізді. Апаймен 1994-ші жылдың қазанда сұхбаттасқан болатынмын. Демек, Шолпан Ахметқызының «қаралы күнді» шамамен «тамыздың 8-і күні» деп еске түсіруі ақиқат еді.

Енді Алматы облысы НКВД үштігінің 1937-ші жылы қарашаның 25-і қүнгі мәжілісінде қарап, қабылдаған қарашаның қара суығынан да қаһарлы, «ұн» дегізбестен өңешінді осып түсер, қатыгез қаулысына құлақ түрелік: «Байтұрсынов Ахмет атылсын!». «Атылсын!» деген қарғыс атқыр жалғыз сөз [114]. Айтқызған кім? Атқан кім? Бұл күні сол азалы кезеңді «саяси құғын-сүргін құрбандары» деп, өз-өзімізді алдаймыз, қамықкан көнілімізді жұбатамыз... Ал шындығында, осы қолдан жасалған қасіреттің,

қатыгез қаулылардың артында кімдер тұрганы, жабық қорлардагы деректермен жіті таныс тарихшылар мен мұрагаттанушылар, сонымен қатар, осы аса құпия құжаттармен танысуға мүмкіндік алған аластанушы-ғалымдарға мәлім. Эттең, «неге осылай болды?» еken дейміз іштей күбірлеп... Кімді, нені бөліс алмады?! «Жазығым, жұртым дегенім бе?» демекші, Ахандай абзal жанды пайғамбар жасына қараган шағында қалай гана дәті барып, «өлімге қиды еken қандастары?!» Қандастары... Ертең, ертең не боларын ойлады ма еken олар?! «Дүние – кезек» еkenін білmedі ме еken олар?! Өз туганына, өз Отанына опасыздық жасағандарды жаудың өзі де кешпейтінін неге сезбеді еken олар?! Толқымалы тағдырың қазақ пешенесіне жазған ауыр қасиетіне не дерсің?!

«Атылсын» деген қарғыс атқыр қаулы желтоқсанның ықсырған ызгарымен қоса ысылдап «8-i» күні іс жүзіне асырылады. Мұның дәл сол күні іс жүзіне асырылуын қатаң қадалаған қаныпезер «құлақkestі» қызыметшілер, қағаз жүзінде де рәсімдеуді ұмытпапты. Үштіктің қаулысынан кейінгі, келесі әбжыдан жымысқы жұмысты НКВД Тергеу түрмесінің бастығы Маташков «Байтұрсынов Ахметті ату жазасы 1937-ші жылдың 8-ші желтоқсан күні орындалсын» деп «үкімдесе», оны 8-ші бөлімнің ага инспекторы Комаров «растапты» [115]. Міне, тіршілік иесі АДАМ баласына құдіреттің күшімен бір-ақ рет берілетін ғұмырын әп-сәтте, базбіреулер «қағаз қаулымен-ақ» жұта салды... «Адамды адамның қолымен өлтіру» сол тұстағы Кеңестік содыр саясаттың «бір оқтық ісіне» айналды. Қайда әділлікті?! «Жер бетінен ұл ретінде жойылып кетпесек иті» деп, саны аз ұлтының келешегі үшін күрескен Ахметтің маңдайына Алла-тагала неге ақ өлімін қимады еken?! Әлде, қарақан бастың қамы емес, қалың жүрттың қамын жеген пенделердің пейіштен орын алады дегені бекер болды ма... Ахметтің ажалы неге Алланың бүйрекшімен емес, қара ниетті адамның қанды қолынан болды еken?! Ұлт үшін ұрандаған ұлдың осындағы қатыгез өлімге ұшырайтындағы қай жерде шалыс басуы мүмкін. Қайда тарих-таразы?!

Жаманат хабар жатсынба Ахметтің шейіт болғанын есітіп, қазасына қатты қайғырған жерлесі, әрі рухани замандасы Файзолла Сатыбалдыұлы жоқтау айтып, аh ұрып, оның әруагына дұға жасайды:

«...Шынымен бұл дүниеден өткенің бе,
Қайырылмай алды-артыңа кеткенің бе?
Ахмет опат болды дегенді естіп,
Егіліп жылай бердім, тек дедім де!...
...Бақұл бол, қайран Ахмет, ақ сұнқарым,
Қош айтып рухыңа басымды идім!».

Он бес республиканы өзінің билігіне қаратқан орыс мемлекетінің саясаты қазақ жүртynы «екінші сортты ұлт» ретіндеға қарап, менсінбеуі – қазақ зиялдырының қай-қайсыны тыныш отырғызбады. «Езілген жүртyn қайтсем жарық күнге жеткіземін» деге күрескен тұлғаның «лағынет атқыр 1937-нің құрбаны» болғандығын араға жартығасыр салып, айқындалды. 1989-шы жылды қазан айының 24-і күні Шолпан Байсаловага әкесінің «Өлгендігі туралы куәлік» тапсырады [116]. Күәліктеге «1937-ши жылдың 8-ші желтоқсанында «62» жасында, Өлу себебі деген түсқа «атылған» деге, 1989-шы жылды наурыздың 23-і күні №2-ші жазбасымен» тіркелгендігі ресми жазылған. Осы бір сүйкі қағаздың өзі не бір қиямет күнді басынан кешкен Шолпан апайдың қолына жартығасырдан кейін нақтырақ, «52» жыл өткен соңғана тиген. Шолпанға әкесін ақтаған анықтама 1988-ші жылды қарашаның 21-і күні, анасын ақтау анықтамасы 1989-шы жылды қыркүйектің 5-і күні берілген. Қазақ КСР-ның Жоғарғы соты ресми тапсырған осы құжаттардың түпнұсқалары Алматы қаласындағы бұл күні тағылым мектебіне айналған ғалым мұражай-үйінің қорында сақтаулы.

Ресми куәліктеге «1937-ши жылды «62» жасында атылған» деген мәліметті негізге алған адам Ахметтің тұган жылды – «1874» деге ойлауы хақ. Жалпы, тұлғаның тұган жылына қатысты айтылатын даталар – 1870, 1873, 1874 дүрыс емес, шын тұган жылды – 1872-ші жылдың 5-ші қыркүйегі. Өлген жылды – «1938» деге берілетін мәліметте негізсіз, анығы өлгендігі туралы куәліктеге көрсетілген – 1937-нің 8-ші желтоқсаны.

Мұрагат деректері мен естеліктер, танымдық талдаулар мен гылыми зерттеулердегі ақпараттар көздерін сұрыптай келе, XX-шығасырдың ұлы реформаторы, қазақ әліпбіи, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану гылымының негізін салушы ғалым, түркітанушы, ақын, аудармашы, «Қазақ» газетін (1913-1918) ұйымдастырушы, әрі бас сарапшы, қогам және мемлекет қайраткері, ұлтының ар-ожданы, Алаш көсемі, кеңестің жүйенің саяси құғын-сүргін құрбаны Байтұрсынұлы Ахметтің өмір тарихының негізгі кезеңдерін төмендегіше сараптай алымыз:

Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі Қостанай облысына қарасты Торғай атырабының Сарытубек елдімекенінде 1872-ші жылды 5-ші қыркүйекте дүниеге келген. Ол алғашқы сауатын елдегі көшпелі мектепте алады.

1886-шы жылды Торғайдың екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне түсіп, оны 1891-ші жылды бітіреді. Сол жылды Орынбор мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданып, 1895-ші жылды ОММ-нің Педагогикалық кеңесінің шешімімен «бастауыш училищенің оқытушысы» деген атақ беріледі.

1895-ші жылды түңгыш мақаласы: «Киргизская приметы и пословицы» «Тургайская газета» басылымының №39-шы нөмірінде жарияланым көреді.

1896-1903-ші жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектепте, екі сыныптық училищеде оқытушылық қызмет атқарады. 1897-ші жылды Александра-Бадрисафага үйленеді.

1901-1904-ші жылдары оқытушылықтан бөлек, білімін жетілдіру үшін әдеби жазба жұмыстармен айналысады. Осы тұста Омбыға барып, біршама аялдайды. Ұлтының санасын ояту мақсатында И.Крыловтың мысалдарын аударады.

1905-ші жылды қазақ оқығандары Қоянды жәрменкесінде бас қосып, Кіндік үкіметке қазақ ұлтының арыз-тілегін білдіріп, құзырхат жазады.

1905-1908-ші жылдары Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің оқытушысы әрі менгерушісі болып, екі міндетті қатар атқарады.

1908-ші жылды саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтысына қамалады. Қарқаралы – Ахметті саясат ісіне баулыған жер. Қарқаралы абақтысы – оның бірінші рет тар қапасқа қамалуы еді.

1909-шы жылды «Қырық мысал» жинағы басылып шығады. Кітап қазақ оқығандарын дүр сілкіндірсе, ал қамсыз жатқан қалың қазақтың намысына қамшы болып тиеді.

1909-шы жылдың 1-ші шілдесінде қайта ұсталып, 1910-шы жылдың 21-ші ақпанына дейін Семей түрмесінде сотсыз, үкімсіз сарылып 7-ай отырады. Бұл Ахметтің қасақана екінші рет түрмеге қамалуы болатын.

1910-шы жылдың 9-шы наурызында Орынборга жер аударылады. Бұл күреспердің – өз тұған өлкесінен бірінші рет жер аударылуы. Мұнда 1924-ші жылға дейін тұрады. Осы уақытта оның қаламынан қазаққа қажетті ең зәру оқулықтар өмірге келеді.

1911-ші жылды «Маса» өлеңдер жинағы жарияланып, «Қырық мысал» кітабы екінші рет басылым көреді. Осы жылды «Айқап» журналында «Қазақ әм түрлі мәселелер», «Қазақтың өкпесі», «Қазақ жерін алу тұрасындағы низамдар, бұйрықтар», «Закон жобасының баяндамасы», «Тағы да народный сот хақында», «Жер жайынан», «Жазу тәртібі», «Кітаптар жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б. өзекті мақалалары жарияланады.

1912-ші жылды Қазақ әліппиін (тәте) түрлеп, қолданысқа ұсынады. Осы жылды «Оқу құралы» қазақша әліппесінің бірінші кітабы шығады. «Айқап» журналында «Қазақжерін алутұрасындағы низам», «Шәйзіман мырзага», «Қазақ һәм төртінші Дума» мақалалары жарияланады.

1913-ші жылды «Оқу құралы» екінші кітабы жарық көреді. «Шора» журналында «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақ» газетінде «Көшпелі һәм отырықшы норма», «Шаруа жайынан», «Жер жалдау жайынан», «Земство», «Білім жарысы», «Оқу жайы» т.б. келелі мақалалары басылады.

1913-1918-ші жылдары қыргыз атанған қазақ жүртіның аталы атауын қайта жаңғыртып, «Қазақ» газетін шыгарды. Газеттің ұйымдастырушысы әрі бас сарапшысы қызметін атқарады. Осы тұста әлеуметтік ахуалды баяндаган цензура көтермейтін мақалалар жариялаганы үшін әкімшіліктің тарапынан бірнеше мәрте (1914-15), ресми есеппен үшінші рет абақтыға отырады.

1914-ші жылды «Оқу құралы» қазақша әліппе бірінші кітабы өндөліп, қайта басылым көреді. Осы жылды «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы), 1-ші жылдық оқулығы жарық көреді. Аға буын өкілдері: Ф.Қарашұлының «Аға тұлпар»; Б.Өтетілеуовтің «Жиган-терген» өлеңдер жинағын шыгарады.

1915-ші жылды «Тіл – құрал» 2-ші жылдық, «Оқу құралы» 1-ші кітабы (2-ші рет); «Қазақ» газетінде «Жәрдем комитеті», «Бұ қалай?», «Шаруалық өзгерісі», «Ауқатты Алаш азаматтарына!» мақалалары басылым көреді.

1916-шы жылды Торғай уезінде жүргізілген санақ жұмысына қатысады. Осы жылды «Оқу құралы» әліппесінің 1-ші кітабы сұранысқа ие болып, 3-ші рет басылым көреді. «Қазаққа ашық хат», «Алаш азаматтарына!», «Торғай әм Ыргыз халқына», «Орынбор әм 8 шілде» үндеу мақалалары жарияланады.

1916-шы жылды қазақ ұлтының төл жазуы деп таныла бастаған Қазақ әліпбіл көрші мұсылман-татар ұлысының сынына ұшырап, осы тұста оның «Тұған тілім» өлеңі, «Шекіспей, бекіспейді» мақаласы жарияланады.

1917-ші жылды «Қазақ» газетінде «Қазақ халқына», «Бұ заманының соғысы», «Бостандық қарызы», ««Алаш» партиясы», «Шорай ислам. Жалпы мұсылман сиезі» т.б. мақалалары жарық көреді.

1918-ші жылды «Тіл – құрал» 1-ші жылдық оқулығы Ташкенте қайта басылып шыгады. Осы жылды сәүірде Қытайдың Шәүешегіне Міржақып Дулатұлы, Райымжан Мәрсековтармен бірге сапар шегеді.

1918-1919-шы жылдары «Алаш» партиясының жетекшісі, «Алашорда» үкіметінің жетекшілерінің бірі әрі оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді. Осы жылды «Революция и киргизы» мақаласы «Жизнь национальности» атты басылымда жарияланады.

1919-шы жылды 24-ші шілдеде В.И.Лениннің қабылдауында болып, оның бекітіуімен Қазақ өлкесі Әскери-революциялық комитетті кеңесінің мүшесі болып тағайындалады.

1919-шы жылды 27-ші қазанды «Алашорда» үкіметінің қайраткерлеріне кешірім жасау (амнистия) туралы Қаулы мақұлданған соң, Кеңес үкіметіне жағына бір топ қазақ зиялышарымен бірге өтеді. Осы тұста Кеңестердің 7-ші Бүкілресейлік сиезіне ВЦИК (Бүкілодақтық атқару комитетінің орталығы) мүшесіне сайланғаннан кейін, Қазревкомның төрағасы С.Пестовскиймен бірге пролетариат көсемі В.И.Лениннің қабылдауында екінші рет болады.

1920-шы жылды 15-ші сәуірде «Известия Киргизского края» газетінде РКП(б) комитетін мүшелікке қабылдауға жазған мәлімдемесі жарияланады.

- «Баяншы» 1-ші басылуы, «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы), 1-ші жылдық 2-ші басылуы, «Тіл – құрал» 2-ші жылдық 2-ші рет басылым көреді.

- «Тіл – құрал» 2-ші жылдық кітабы 3-ші рет, Сәуірде «Ұшқын» басылымында «Лениннің елу жасы», «Ұлы жиын» атты мақалалары жарық көреді.

- 17-ші мамырда «Кеңес үкіметінің қазақ зиялышарына сенімсіздігі туралы» хат, маусымда «Лениннің ұлттар мен отарлау мәселесі» тезисі бойынша көсемнің өзіне баянхат жазады.

1920-1921-ші жылдары Қазақ АКСР Оқу-агарту Комиссары және Қазақ орталық атқару комитетінің (КазЦИК) мүшесі болады.

1921-ші жылды «Оқу құралы» әліпбиге нұсқаулық; «Оқу құралы» ұлкендер үшін 1-ші кітабы басылым көреді. Осы жылды 21-ші қазанды «Жизнь национальностей» басылымында «Ёще о голоде в Казахстан» атты өзекжарды мақаласы жарияланады.

1921-1922-ші жылдары Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық агарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың (Академ-центр) тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады.

- «Оқу құралы» 1-ші жылдық 4-ші рет, «Оқу құралы», 2-ші жылдық 4-ші басылуы, «Тіл – құрал» 1-2-ші жылдық 2-ші рет; «Оқу құралы» 4-ші рет басылым көреді.

- 18-ші мамырда «Степная правда» газетінде Халыққа білім беру 1-ші жалпықазақ сиезінде сөйлеген сезі, 14-ші шілдеде «Ақ жол» газетінде «Қазақты агарту халімізден» мақаласы жарияланады. Осы

жылды тамызда 50 жас мерейтойын Ташкенттік зиялышалар, 1923-ші жылды қаңтарда Орынбор үкіметтің үйі арнағы атап, құрметпен салтанатты жиын өткізеді. Қыркүйектің 28-і күні «СП» газетінде «Просвещение и голод», «Қазақ құнтізбесі» басылымында «Тәні саудың – жаны сау» мақалалары шығады.

1922-1924-ші жылдары Қазақтың Халық агарту институтында қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс оқиды. Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұнғыш сиезінде Әліпби туралы баяндама жасайды.

1922-1925-ші жылдары Қазақ Халық агарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады.

1925-1928-ші жылдары Қазақ елінің екінші астанасы болған Қызылорда қаласында тұрады, әрі ұлт жұмысының көшбасында болады.

1925-ші жылды «Ақжол» газетінде «Енді «қазақ» демей болмайды», 19-шы мамырда «Қазақстан мен Қазагыстан туралы»; «Жаңа мектеп» журналында «Баулу мектебі» т.б. өзекті мақалалары жарық көреді.

1926-шы жылды 26-шы наурызда Бакуде өткен Бүкілодақтық түркологтардың құрылтайына шақырылып, баяндама жасайды. «Жаңа мектеп» журналында «Түрікшілер құрылтайы», «Желек»; «Еңбекші қазақ» газетінде «Қазақстан құрылсының жаңа дәүірі» (12-13/X), «Латын әліппесінің керексіздігі» (19/XII) мақалалары жарияланады.

- «Әліпби». Жаңа құрал (Қызылорда), «Саудат ашқыш». Ересекстерге арналған әліппе (Орынбор, Семей), «23 жоқтау» (Мәскеу), «Әдебиет танытқыш» әдебиеттануға кіріспе (Қызылорда-Ташкент) жарық көреді.

1927-ші жылды «Әліпби» Жаңа құрал Қызылорда тағы басылып шығады. «Жаңа мектеп» журналында «Түзетілген әріп», «Дыбыстарды жіктеу туралы», «Ана тілінің әдісі», «Жалқылау (айырынқы) әдіс» мақалалары, «Әліппе айттысы» жинағында «Араб әліп-бін жақтаған баяндамасы» жарық көреді.

1926-1928-ші жылдары Ташкентегі Қазақ педагогика институтында Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен дәріс оқиды. «Қызыл Қазақстан» журналында «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек?» мақаласы жарық көреді.

1928-ші жылды қыркүйекте Алматы Қазақ мемлекеттік университетіне профессор лауазымымен қызметке кіреді. 4-ші қарашада «Еңбекші қазақ» газеті «Қазақ университетінің ашылуы» атты құттықтау сөзін, «Емле туралы» мақаласын жариялады. ЖОО-да 1929-шы жылдың маусымына дейін қызмет атқарады.

- Қызылорда баспаханасынан «Тіл – жұмсар» 1-ші бөлім: Практикалық грамматика бірінші рет, «Әліпби. Жаңа құрал» үшінші рет басылып шығады.

1929-шы жылды «Тіл – жұмсар» 2-ші бөлім, «Практическая грамматика» атты әдістемелік оқулықтары жарық көреді. Осы жылды Қызылордада өтетін Әдебиетшілер мен тілшілердің жиналасына шақырылып, осы жерде қайта қамауга алынады. Бұл ғалымның – тертінші рет қамалуы.

1931-ші жылды РСФСР қылымстың істер кодексінің 58-бабының ең ауыр тармағы бойынша ату жазасына кесіледі, бірақ үкім қайта қаралып, 10 жылға бас бостандығынан айырылып, екінші рет жер аударылады.

1931-1933-ші жылдары Беломор-Каналда айдауда болады. Жыл соңында Ресейдің Кривошеин ауданына қарасты Жуково елдімекеніне тұрақтауға рұқсат алды, осында әйелімен жылға жуық тұрады. Осы жылды 28-ші қаңтарда жерлестері «Сарыарқа самалы» басылымында «Жауга түскен жан сөзі», «Қарқаралы қаласына», «Жұрттыма» өлеңдерін жариялады.

1934-ші жылды «Қызыл крест» қоғамының араласуымен түрмеден босатылып, Алматыға келеді. Осы жылды «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты ғылыми еңбек жазуды бастайды.

1934-ші жылды 16-шы желтоқсанда Орталық музейге кеңесшілік жұмысқа тұрады, мұнда 1936-шы жылдың 21-ші қыркүйегіне дейін істейді.

1935-ші жылды дәрігер Морозовтың жеке емханасында аудармашы болып жұмыс жасайды. Осы жылды 2-ші мамырда суретші В.Н.Хлудовтың қазақ тұрмысы туралы туындыларына «Заключение по картинам художника Хлудова» сараптама пікір жазады.

1937-ші жылды тамыздың 8-і күні бесінші рет тұтқындалып, осы жылды желтоқсанның 8-і күні атылады.

Түйіндей айтқанда, тұлғаның басына түскен түрлі тауқыметтерге қарап, саяси қайраткердің пролетариат көсеміне арнаған мақаласындағы: «... патша заманында жүргіт жұмысына бүтіндей кіріскең адамның көретін күні белгілі – абақты мен айдау» деген жолдар өзіне қаратылып айттылғандай көрінеді [117]. Саналы ғұмырын қазақ жүргітының жұмыстарына жұмсаған, ұлт мұддесін ұлықтау мақсатында білімнің шыңына шыққан ақыны Ахмет, пайғамбар жасына қараган шағында тоталитарлық жүйенің құрбаны болады. Қүрескер түрмеде отырып та замандастары айтқанда «тізесін үстел гып», қаламының қарымын тартпай соңғы демі үзілгенше езілген елінің қамын жеп, ой толғаган. Ахмет Байтұрсынұлының: «... қасиетті тілдің түп-төркінін ақтарын, гылым жасадым. Әдебиетті ешкім мақтаныш үшін

жазбайды, ол мінезден туады, ұттының қажетін өтейді сөйтіп... «Әдебиет тарихы» деген еңбек жазып, сол бойынша қазақ оқу-агарту наркомында, Орынборда, Қызылордада дәріс оқып, адамзат қауымын ілгерілетер демеуши күш гылым мен техникада жатқанын қадап айттым» деп жазған мәлімдемесі соның айғағы [118].

1988-ші жылы 4-ші қарашада Жоғарғы соттың шешімінен кейін, арада 1 ай, 24 күн өткенде, желтоқсанның 28-і күні «Социалистік Қазақстан» газетінде: «М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытовтың творчестволық мұрасынуралы» комиссияның қорытындысы жарияланған соң, Ахмет Байтұрсынұлы қақында танымдық ақпараттар мен гылыми мақалалар сериясы үздіксіз жазыла бастады. Бұл күні мындаған мақала мен жүздеген зерттеулердің нысанына айналып, Ахметтің аты ғасырдан ғасырға үрпақ жадында мәңгілікке жазылды.

I.2. Ахметтанудың негізін салушылар

«...Дербес өмірге төл әдебиеті бар халық ғана таласа алады» деп үшқыр болжам айтқан Ахаңды бүгінгі тәуелсіздік кезеңнің ғылымы қалай тануда және қалай танытуда. Қазақ ұттық ғылымында: «ахметтанудың негізін қалаган және ахметтану мәселесін қалыптастыруышылар кімдер? Немесе «әдебиетіміздің алтын ғасыры» деп жүрген, «Ахметтану оқулары бар ма?» деген сауалды өзекті деп қарастырган орынды. Ел басына Кеңестік жүйемен келген билік өкілдерінің ұстанған сыңаржақ саясаты 1929-1931-ші, 1937-1938-ші жылдары «саяси құғын-сүргінге ұшыраған» ұл зияллыларын біржақты мансұқтап, олардың аттарын айтқызбады. Тарихи тұлғалардың жеке басы былай тұрсын, элеумет қажетін өтеу үшін жазылған шығармалары туралы сөйлегендерді жау санап, құдалады, асты, атты... Қазақ жеріндегі кеңестік жүйенің билеуші өкілдері қазақтың өз қолын «көсөу» жасап, өзді-өзін бір-біріне айдал салды. Бұл жөнінде ақын:

«...Ештеңе емес абақтыға жапқаны,
Кинамайды дарға асқаны, шапқаны.
Бәрінен де маған қатты батқаны –
Өз ауылымның иттерінің үріп қапқаны», -

деп, күншілдерге деген ыза-наласын ақ қағазға шақты емес пе?!. Өлең болып өрілген осы «ауыр тіркестер» сол күндердегі «сорақы қателіктерден

неге сабақ алмайсың» деп түргандай. Ия, сол «37-нің қасақана жасалған қасіреті» 1957-ші жылды біршама сейілгенімен, кеңестік қоғамдағы екі жарылған пұшайман пікірлі жетекшілердің, пенденешлігінің, салдарынан әдебиет алыптары түгел ақталмады... Ұлт зиялышарының негізгі тобы тарих тасасында қалып қойды. Олардың өзек жарды туындылары қара құлыштың құрсауына салынса, кейбір шығармалары «халықтық» делініп, ел аудында жүрді. Халық қалаулыларын жүтқан «қара құрсау» 51 жылдан соң қайта қаралып, 1988-ші жылдың қарашасында «қара құлыштың кілті табылып», жарты ғасырға созылған «бітеу жараның» өзегі жарылды. Осылайша Алаштың үш арысы – Ахмет, Магжан, Жүсіпбек толық ақталып, олардың шығармашылығы оқырманға жол тартты.

Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырнамасы мен шығармаларының негізгі кезеңдерін баяндауда мұрагат деректерінің толық игерілмеуі, пайдаланған материалдарға сілтеменің дұрыс көрсетілмеуі, БАҚ-та жарияланған соны деректердің игерілмеуі ахметтану мәселесінде кері әсерін тигізді. Кейбір келеңсіздіктерді ескере келіп, «ғылыми анықтамалықтар мен мерейтойлық құттықтау-лебіздерді қайта жаңғыртып, зерттеп-зerdeлеуді – ахметтану мәселесінің алғышарты» деп қарастырыдық. Негізінен, жазылған деректер бойынша қарастырсақ, ахметтанудың ғылыми түжірымдалуы – 1919-шы жылдан басталған екен. Мәселен, өзге ұлт өкілдерінен 1919-шы жылы А.Н.Самойлович «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» деген ғылыми мақала жазса, кейін бұл үрдіс жалғасын табады [119]. Самойловичтің осы мақаласы кейін 1930-шы жылы А.Байтұрсынұлы түрмеде отырған тұста, Мәскеудің «Литературная энциклопедия» атты жинағының 1-томына кіреді [119, Б. 305-306]. Бір гажабы, орыс ғалымдары арасында жеке адам баласының басында болып жататын қоғамдағы түрлі қайшылықтарға қарамастан, оның ғылымдағы жетістіктері өте жоғары бағаланған. Өз Отанымызда Ахмет Байтұрсынұлының қазақ жұрты үшін жасаған жұмыстары қасақана «халық жауы» деп қараланып жатқанда, тағы орыс ғалымдары аталған жинақтың 1931-ші жылды жарық көрген 5-ші томына Қазақ әліпбій «Байтурсыновский» деп енгізеді [122, 23-6.]. Міне, нагыз ғылымдағы адалдық, ғылыми жетістікті бағалануы!

1924-ші жылы Е.Д.Поливанов «Қазақ-қырғыздың жаңа (Байтұрсынов) орфографиясы» [120], 1928-ші жылы Н.Ф.Яковлев «Әліпбіқұрылымының математикалық жүйесі» туралы ғылыми мақалалар жазды [121]. 1974-ші жылы А.Н.Кононов «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» атты ғылыми анықтамалық-мәліметтер бергені тарихтан мәлім [123, 115-6.]. Зерттеуші А.Самойлович ғылыми мақаласында Ахметтің ғалымдық қайраткерлігін биографиялық анықтамалық шолуга сыйғызған, қазақ ғалымын: «...қазақ

тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалауышы» деп жазды [119]. Осы ғылыми сипаттамалық тұжырымды негізге алып, ахметтанудың іргетасын 1922-ші жылғы Міржақып Дулатұлы мен Елдес Омаровтың мақалаларынан да ертерек, 1919-шы жылдан бастаған дұрыс. Себебі, жоғарыда аталған А.Самойловичтің мақаласында Ахметтей қоғам қайраткерінің 1919-шы жылғадейінжасаған саналуанжұмыстарынғылымы сипаттамағасыйғызған. Зерттеуші мәліметіндегі: «*көрнекті қазақ ақыны*», «*жорналишы*», «*педагог*» деген танымдық сипаттаулар дәл сол уақытта қазақ ағартушысының атқарған негізгі жұмыстары болатын. Ал қазақ зиялышары тарапынан 1922-ші жылдан бастап зерттеліп, бағаланып жүрген «*Қазақ*» газеті туралы А.Самойлович «... қазақ халқының қогами-мәдени санасын оятуши басылым» деп, айырықша атап айтты. Бұл күні әдебиеттану ғылымында «*төлтума*» деп тануды ұсынған «*Қырық мысалдағы*» қазақы сипат пен өрнекті тілді «... *Байтұрсыновтың тілі лирикалық шыгармаларында қарапайым, өзінің бай, көркем, поэтикалық мәнерімен ерекшеленеді*» дейді. Міне, өзге ұлт орыс ғалымы берген нақты әрі құнды ғылыми тұжырымдаманың қазақ зиялышарынан 3 жыл бұрын айттылғанын мойындалап, әрі бағалауга міндеттіміз [119]. Қорыта айтқанда, А.Самойловичтің ғалым туралы берген сипаттамасы алғашқы танымдық ғылымы бағалау болатын. Бұл – А.Байтұрсынұлының ғылымдағы қайраткерлігіне ғылым тұрғысынан айтқан тұғырыш ғылыми анықтамалық сипаттама. Зерттеуші Ахаң туралы айшығын «*қазақтың бірінші көрнекті лингвист-ғалымы*» деп түйіндеген [119, Б. 305-306].

1924-ші жылы Қазақ әліпбі жөнінде профессор Е.Д.Поливанов Ортаазия мемлекеттік университетінің бюллетінде жариялаган мақаласында: «...енди түзетуді қажет еттейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» - деп бағалайды [120, Б. 35-43]. Ғалымға берілген осы бағаны отандастары қалай қабылдады?! Бұл жөнінде тұлғаның рухани шәкірттері бір жыл бұрын, 1923-ші жылы М.Әуезов, Т.Шонанов, Е.Омаров мақалаларында емле туралы бірі: «...Ақаң түрлеген ана тілі» десе, екіншісі: «...Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына, ...әлемдік мәдениетпен араласуға, ...халық мектептерінің өркендеу жолына алып адым жасағаны анық» деп, ал үшіншісі: «*Қазақ әліпбі*» мен «*Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі атты оқулықтарының өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелді*» деп, өз тұсында қазақ жүртшылығы тарапынан зор қошеметtelгенін айтады.

1928-ші жылы жазылған Н.Ф.Яковлевтің «Математический формула построение алфавита» атты мақаласының мән-маңызын ашып, ғылыми

айналымға түсіру – бүгінгі қазақ тілі ғылымиңдағы лингвист-ғалымдардың еншісіндегі міндет. Дегенмен осы мақаланың Байтұрсынұлы әліпбіне қатысты тұстарына тоқталсақ, мұнда зерттеуші Ахметтің әліпбі түрлеу, түзу барысында «Үндестік заңын» толық сақтағанын, дыбыстарды жүйелеуде өте икемді қалып тапқанын айтады. Бұл мақала алғаш 1928-ші жылы Мәскеуден шығатын «Шығыстың жазуы мен мәдениеті» журналиnda жарияланады [121].

Жалпы, қоғам қайраткерінің өмірі мен қызметіне қатысты мақалалар өз Отанымызда негізінен, оның 50 жасқа толу мереітойы қарсаңында жа-зылып. мерзімді БАҚ-та жарияланды. Мәселен, тұлғага деген ең алғашқы күрмет 1922-ші жылы 2-ші тамызда Ташкенттегі Қыргыз-қазақ институтында алты алаштың баласы бас қосқан салтанатты жиында тұнғыш рет көрсетілген. Зерттеушілердің деректеріне сүйенсек, А.Байтұрсынұлының Ташкентке сапарының басты мақсаты – Туркістандағы екі облыс Жетісу мен Сырдарияны Қазақстанға қосу болған. Бірақ сол жылғы Ташкент қаласында шыққан «Ақ жол» газеті бетіндегі «Лайықты қошемет» атты мақалада А.Байтұрсынұлының іс-сапарынан ғері, оның жеке басына көрсетілген ықылас, иті тілек туралы жазылғандығы айтылады [103]. Мақаланы 10-шы қыркүйекте Алматыда шығатын «Тілші» газеті қайта көшіріп басады. Атапған мақалалар хақында журналист-ғалым Т.Қожакеев пен әдебиет зерттеушісі Д.Қамзабекұлы 1991-ші жылы кирилл жазуына түсіріп, ғылыми ортага тың дерек әкелді. Эрине, ізденіс барысында бірлі-жарым кемшіліктер жіберіліп жатады. Мысалы, Т.Қожакеев «Тарихи деректер бүрмаланбасын» (1991) мақаласында Д.Қамзабекұлының «Социалистік Қазақстан» газетінің 12-ші қантардағы «Лайықты қошемет» мақаласының қайта жарияланымдағы кеткен қателіктерге ескертпе жасады. Атап айтсақ, материалдың орынсыз қысқартылуы, мақала соңындағы «А.Ж.» белгісінің автор ретінде дұрыс көрсетілмеуі. Жасалған ескерту еленіп, Д.Қамзабекұлы «Қазақ әдебиеті» апталығына «Ақаңның алдында» (1996), «А.Байтұрсынұлының Ташкентке сапары» (1997) зерттеу мақалаларын жазды. Соғы мақаласы жан-жақты талданып, 1997-ші жылы жарық көрген «Руханият» ғылыми зерттеуіне енді.

Шындығында, мұрагатта сарғайған деректерді сұрыптауда аса сақтық пен табанды ыждағаттылықты басты нысанада ұстаган жөн. Мәселен, осы «Лайықты қошемет» атты мақаланы ғалымның еңбектеріне жатқызып жүр. Нақтырақ, 2001-ші жылы «Ұлы тұлғалар» сериясымен шыққан «Ұлттың ұлы ұстазы» библиографиялық-анықтамалықтары мәліметке тоқталсақ. Жинақ Орталық ғылыми кітапхананың дайындауымен басылған [23]. Кітаптың 250-ші бетінде: «96-шы реттік нөмірде,

ягни «Лайықты қошемет // Тілші. – 1922. 10 қыркүйек. Таңкенттегі қазақтарды көшіріп әкелу» деген көрсеткішпен ғалымның еңбектерінің тізіміне енген. Бұл жіберілген жаңсақтық. Өйткені, кітаптың 190-шы бетінде: «А.Байтұрсынұлының өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер» қосымшасының 362-ші реттік нөмірінде: «Лайықты қошемет // Социалистік Қазақстан. – 1991. 12 қаңтар. Бұдан 68 жыл бұрын. Материалды газетке әзірлеген Д.Қамзабекұлы» деген мәлімет береді. Демек, қос материалдың аты айтып түргандај және басылым көру мерзімінің біркелкілігі, оның түрлі авторға тән еместігін айғақтайды.

Т.Қожакеевтің «Халқымен қайта қауышты қайран ерлер» мақаласында осы аталған материалдың, ягни ғалымға көрсетілген құрметтің зерттелуіне сүйенсек, мақала авторы А.Байтұрсынұлы емес, керісінше тұлғага жасаған зор ілтифатты «Лайықты қошаметке» сыйғызын өзге қаламгер. Атын көрсетпеген. Мақалага «Ш-н» деп қол қойған [21, Б. 191-205; 124, Б. 355-358]. Мақаланың авторы әлі қүнге ашылмағанын әдебиетші Д.Қамзабекұлы «Мақала соңындағы «Ш-н» қаламгердің кім екендігін біле алмадық» дей келе, өз ой-тұжырымын: «... 1922 жылдың тамыз айында ташкенттіктер А.Байтұрсынұлын саясат адамы емес, ғалым ретінде қарсы алды. Бұл қазақ ғылыминың абыраойының артқандығын көрсетеді. ...санарында А.Б. Туркістандагы екі облысты Қазақстанға қарату мәселесін тиісті орындарда сөз еткен де болуы керек. Бұл қосылуудың қажетті екенін зиялайларға дәлелдеген де шығар Бірақ, ол жагы «Ақ жол» газетінде жазылмапты. Қалай дегенде де газет А.Байтұрсынұлын ғалым есебінде және бір мәших әттіді қөздеген тәрізді» - деп қорытады [125]. Зерттеушінің айтуынша, Мәскеудің «Әдебиет энциклопедиясы» басылымына «Абай мен Ахмет» туралы деректі Смагұл жіберген. Әдебиетшінің пайымына сүйенсек, «...С.Садуақасұлы А.Байтұрсынұлының тұлғасын – ұлт руханиятына сапалы өзгеріс әкеліп отырган жаңа кезең, тарихи асу деп санаган» дейді. Баяндама туралы танымын «ғылыми айналымға түспеген (тұсу бүйірмаган), жүқанасы жазушы, санаткерлердің естелігінде қалған А.Байтұрсынұлының елу жылдық мерейтойында жасаған С.Садуақасұлының «Ақаңның алдында» атты баяндамасы – Кеңес тұсындағы «инерциялы агартуышылықтың» бағдарламасы (Ахмет програмды – «жосық» депті) сынды еңбек болған» деп жазады. Өкініштісі, баяндаманың түпнұсқасы әлі қүнге табылмады [126; 127, Б. 99-107].

Тарихи баяндама хақында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Сәбит Мұқанұлының «...Садуақасұлы Байтұрсынұлын мақтай жөнелмей, сатылап жетті. Оның баяндауынша қазақ халқының бес көсемі бар, олар: Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай, Ахмет. Смагұлдың «сатылауына»

негіз бар болатын. Хан Кене – тәуелсіздік үшін күресте мойымаган, рухы жеңілменген қайраткердің, Шоқан, Ыбырай, Абай – күрескөр рухты қагазға түсіре алған, дара шапса да жалғыздығын білдірменген, халқының намысы болып жаңған агартуышылардың, Ахмет қателіктен сабак алған толқынның, білім мен бірлікті, білік пен байынты қатар ұстаган зиялыштардың әлеміз еді. Сондықтан С.Садуақасұлы «сатысын» – жүйелу деп қараган орынды» деген пікір айтқанын жазады Д.Қамзабекұлы талдау мақаласында [126]. Қазақ зиялышарының көзін көріп, сөзін естіген Фалым Ахмедов «...осы баяндамада Смағұл Садуақасұлы Ахаңың өмірі мен гылыми, әдеби еңбектері жайында өте мазмұнды пікірлер айтты» дейді [128, Б. 23-37]. Сол 1923-ші жылғы Ахаң арналған салтанаттың бас-аяғына дейін түгел қатысқан Фалым ағай: «...жизында кейбіреулердің аузынан айтылып жүрген өрекел жағдайдың» болмағанын, өзінен басқа Қапан Бадыровтың да қатысқанын, әрі оның сөзін растанайтынын айтады. «С.Садуақасұлы Ахаңды замандастырыз гой» деп өз қатарымызга қойып, өзімізben теңестіріп қарасты болмайды. Бұл кісі «қазақ халқының алгаїшы алғавиттің жасап берген, бұрын әркім қалай болса, солай жасап жүрген емлемізді түзеп, бүкіл халқының аузынан үстаз болған адам. Сондықтан бұл кісінің үстасымыз деп қарап, өзімізден алдеқайда жогары үстап, қадірлей білуіміз керек деп қорытындылады сөзін» дейді әдебиетші-ғалым F.Ахмедов [128, Б. 32-33]. Жиын соңында қойылған концертте А.В.Затаевичтің Ахаңың әні дейтін «Қаракөзді» күйсандықта нәшине келтіріп ойнаганын жазады. Осы деректерді негізге ала отырып, сөзімізде түйіндесек, 1923-ші жылы тұлғага көрсетілген салтанатты шарада жасалған, бүгінгі ұрпаққа ауызша жеткен тарихи маңызы зор баяндаманың ахметтану мәселеінде берер тағылымы мол. Ендеше Смағұл Садуақасұлы да ахметтанушылардың бірі екені даусыз.

Ахмет Байтұрсынұлы мен оның серіктеріне Ташкенттік зиялыштар таралынан қонақсы берілгені, бұл рәсімнің тойдан гөрі, ойдың мерекесі болғаны жөнінде «Ақ жол» газетінің тілшісі: «...Банкетте жеті түрлі халықтың адамы болды: қазақ, қыргыз, өзбек, тәжік, ногай, орыс. Қонақта болғандар әр елдің ...әкілетті ешілдері хүкімет мүшелері, профессорлар, білім комиссиясы һәм газет басқармасы сықылды мекемелердің адамдары» - деп жазады [21, Б. 193-196; 103-б.]. Түркістандық Иемберген Табынбаевтың қайраткердің өмір жолы, ортасы, шығармашылығы жөніндегі баяндамасын газет үәкілі түгелдей хатқа түсірген. И.Табынбаевтың лебізіндегі: «... Ахмет ағай қазақ халқының бірінші мүгалімі, үстазы. Бірінші рет басталған, бұрын ешкім ескерменген жұмыстың ...ауыртпалығы Ахаңың басына түсті. Бірақ Ахаңың қайраты таспаса, қайтпады, ақылы аспаса, саспады....тізесін түрменің терезесіне үстел қып, Ахаң қаламын тартпай жазумен болды» деге-

ген жүрекжарды ілтифаттарынан замандастарының А.Байтұрсынұлын аса бағалап, құрмет тұтқанын көреміз. Қоғам қайраткерінің төрт қасиетін дараңай көрсетіп: «1). Қазақтың әдеби тілінің негізін салушы. Қазақты «А» дәп бастап оқытып, нағандықпен құресуши бірінші ұстазымыз; 2). Оқу ісіне, жазуга жаңалық кіргізген данамыз; 3). Патша үкіметінің зұлым саясатымен құресіп, қарсы пікірін таратқан қаһарманымыз; 4). Қазақ халқының қай жағынан болса да көсемі» дәп, танымдарын «Ақ жол» үнқағазында паш ете отырып, Ахметті «темірқазыққа» теңеген [21, 103-6.].

1922-ші жылы Орынборда шығатын «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы еңбектері» атты басылымында М.Дулатұлының «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов», Е.Омаровтың «А.Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігі» мақалалары жарияланған. Бұл материалдардың 1922-ші жылы жазылып, жариялануы кездейсоқтық емес еді. М.Дулатұлының биографиялық очеркіндегі «ғалымның туған жылын 1873-ші жылы 28(15)-ші қаңтар» дәп жазуы, қандайда бір ресми құжатқа сүйенбеген. Мақала негізінен, қайраткердің қоғамдық қызыметтері мен қайраткерлігіне арналған. Қос мақаланың кейін А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты жазылған зерттеулерге негіз болғанын айту ләзім. Шындығында, ахметтану мәселесінде – М.Дулатұлы мен Е.Омаровтың мақалалары дереккөзі болған. Мәселең, Мәскеудік басылымдар: «Әдеби энциклопедия» мен А.Кононовтың түркітанушылар сөздігіндегі сілтемелік көрсеткіш соның айғагы [122, 23-6; 123, 115-6.]. Сондай-ақ, Е.Поливанов, Н.Яковлев сынды орыс ғалымдарының зерттеулеріне де осы материалдар негізгі көмекші құрал болғаны дәлелдеуді қажет етпейді. Бұл деректер отандық ғалымдардың да еңбектерінде кеңінен пайдаланып жүргендігі, М.Дулатұлын зерттеушілер бірауыздан – ахметтанушы дәп танитыны хақ.

Әдебиетші академик Рымғали Нұрғали «...алаштың екі алып азаматы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы ауылдағас, аталағас, ең бастысы бұлардың ұлы құрес жолындағы рухани тұыстығы – қазақ тарихындағы қылымбат та қастерлі беттердің бірі» дәп бағалайды [129, Б. 12-35]. Ол М.Дулатұлын – ахметтанудың негізін салушы, яғни бірінші болып ахметтанудың іргесін қалаган қаламгер дәп, мақаланың мазмұнын ашып, «Міржақып – алғашқы ахметтанушы» деген тұжырым жасады. Элбетте, М.Дулатұлы қазақ ортасынан шыққан бірінші ахметтану мәселесінің негізін салушы екені даусыз. Ал Міржақыптың алдына одан бүрын Ахмет туралы жазған А.Самойловичті шығарсақ, мұнан Міржақыптың ахметтанушылығы төмендемейді. М.Дулатұлының очеркімен қатар, Елдестің де мақала жазғаны ғалым тұындыларының басылымындағы

алғысөздер мен түсініктемелерде аталғаны болмаса, ғылыми ортада қажетті дәрежеде талданып, таратылмады.

Ахаңның тағы бір замандастар әрі рухани інілерінің, бірі Елдес Омаров «Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігі» деген мақаласында қайраткерді «...куллі қазақ даласы біледі, оның таланттын жогары бағалап құрмет тұтқанымен, бәрібір оны дұрыс түйсініп бағалай білмейді» деп жазады [58, Б. 26-38; 130]. Елдес Ахметтің қазақ грамматикасына ерекше өзгерістер кіргізіп, баға жетпес жаңалық әкелгенін қазақ жүрттының санасты әлі түсініп те, түйсініп те болған жоқ. Мейлі Байтұрсынұлының қаламынан ертеден келе жатқан қазақ тілінің ережелері қамтылған қағидалар мен көп томдықтар жазылмаса да оның «Қазақ әліпбі» мен «Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі» оқулықтарының өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі, қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелгенін тілшімамандарға ғылыми жүйеде талдауы арқылы түсіндіреді. Қазақ грамматикасында ертеде қаншама оқулықтар жазылса да, олардагы өзгерістердің аңғарылмайтынын, ислам дінімен кірген араб жазуының қадимшеленген нұсқасының да қазақ дыбыстарының ерекшеліктерін қамти алмағанын айтады. Ал Ахметтің көлемі шағын ғана оқулықтарына аз сөзben, саз жүйені сыйғызған жаңалығы, реформатор тарапынан түрленген қосар дыбыстардың қазақ тіліне тән түрлі дыбыстарды дәл бере алатынын нақты деректермен көрсетеді. Қорыта айтқанда, бұл ғылыми зерттеу мақала Е.Омаровты ахметтанушы деп айтуға толық негіз болады.

Ғалымның үзенгіліс замандасты Телжан Шонанұлы да 1923-ші жылы тұлғаның ғылыми қайраткерлігі туралы «Ахмет Байтурсынович Байтурсынов в области народного просвещения и литературы» деген ғылыми мақала жазған. Мақала жарияланбаған. Т.Шонанұлының қолжазбасын мемлекет мұрагаттың қорынан алыш, жүртшылыққа ұсынған мұрагат қызыметкөрі әрі филолог Бейсенбай Байғалиев. Оның дайындаудың дағы материал 1992-ші жылы жарық көрді. Деректі мақаланы «Әдеби мұра» ретінде ұсынған «Жұлдыз» журналы редакциясы: «... Оқырман назарына ұсынылып отырған мақала 1923 жылы Ахмет Байтурсыновтың 50 жасқа толған мүшелトイына арнап жеке кітап ретінде шығару мақсатымен орыс тілінде жазылған. Бірақ жарық көрмеген. Мақала қолжазбадан аударылып беріліп отыр. Қолжазбаны Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архивінің №544 қорынан алып жариялауга дайындалған – Бейсенбай Байғалиев» деген маңызды зор мәлімет береді [132, 123-б.]. Осы ақпараттық мәлімдемеде біріншіден, 50 жасты «мүшелトイ» деп жаңылысады, бұл негізінен мерейтой. Мұсылмандардың жыл қайыруына сүйенсек, алғашқы мүшел – «13 жас», осыған 12-ні еселеп отырасыз. Сонда келесі мүшел – «25,

37, 49» болып жалғаса береді. Мақаланың қолжазбадан дайындалғаны айтылғанымен, түпнұсқаның тағдыры туралы ақпарат бермеген...

«Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» деп атаплатын бұл мақаланың ғылыми ортаға беретін жаңалықтары аса құнды. Лингвист Т.Шонанұлының мақаласындағы ерекшелік – А.Байтұрсынұлының өлеңдерінен алынған үзінділердің орыс тіліне аударылуы мен олардың шығу тарихына түсінік талдау беруі. Соңдай-ақ, тұлғаның қазақ халқына жасаган қызметі туралы: «... қиын кезеңде Ахмет алгашиқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектебін бір жағынан, дүмшіе молдалардан, екінші жағынан патша миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет етті» - деп жазады [132, 125-6.]. Оның тіл саясатында кеменгер күрескер екені және қазақ үшін жаңа әліпбиді тұңғыш рет түрлеп-түзудегі ірі құбылыстың тізгінін ұстаганың ғылыми түргыдан дәлелдейді. Т.Шонанұлы жаңа әліпбидің ерекшеліктерін белгілі шаржейде: «Біріншіден, А.Байтұрсынұлы әліпбі тіліміздің таза сақталуына. Екіншіден, әлемдік мәдениетпен араласу жолын жеңілдетуі. Үшіншіден, халық мектептерінің өркендеуіне алып қадам жасаганы анық» деп жазады. 1915-1916-шы жылдары Түркі халқының тілі таласқа түскенде Ахметтің ана тілімізді қорғап, «Шекіспей, бекіспейді» мақаласы мен «Туган тілім» деген өлең жазғанын айтады. Ғылыми талдауында мақала мен өлеңнен үзінділер көлтірген.

1998-ші жылғы «Қазақ» газеті басылымында «Шекіспей, бекіспейді» деген мақала мен «Туган тілім» атты өлеңнің 1916-шы жылы «Қазақ» газетінің 167-ші санында жарық көргенін, мақаланың авторсыз, ал өлеңнің «Байқаушы» деген бүркеншек есіммен берілгені туралы қысқаша ақпараттық мағлұмат берілген [62, Б. 505-524]. Мақала жинақтың 265-267-ші беттерінде беріледі, өлең мәтіні қарастырылмаған. Ғылыми зерттеулерді сараптау барысында «Туган тілім», «Дағдарыс» атты өлеңдері жөнінде әдебиетші Б.Байғалиевтің 1989-шы жылы «Жетісу», «Коммунизм таңы» облыстық газеттерде танымдық мақалаларын кездестірдік [132]. Өлеңдер Ахметтің аты ақталғаннан кейін жарияланғанына қарамастан, алғашқы қайта жарық көрген 1989, 1991-ші жылдардағы әдеби шығармалар жинағына енбеді.

Т.Шонанұлының мақаласы – ғалымның 125 жылдық меретойына орай шығарылған «Ұлттық рухтың ұлы тіні» атты ғылыми жинақта: «Мақала ғуелгі, орыс тіліндегі нұсқасында тұнғыш жарияланып отыр. Қолжазба – Қазақ КСР Мемлекеттік Орталық архивінен алынды: №544 қор, 1-тізбек, 104-б» деген ерекше-ескертумен жарияланды [58, 39 б.]. Осы жерде назар аударатын жайт: осындағы сілтемені Б.Байғалиев 1995-ші жылы «Санат» баспасынан, тарих ғылымының докторы, профес-

сор Қ.Тәкеновпен бірге дайындал шығарған Т.Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» атты қайта басылған кітабының 216-бетіндегі: «Телжан Шонанұлының мақалалары» атты хронологиялық тізімде де 6-шы реттік кезекте айырықша атап өтеді. Мұнда «104-б» дегеннің орнына «іс» деп көрсеткен. Көрсетілген сілтемелер бойынша қолжазбаның түпнұсқасымен танысу үшін ҚР ОММ-ның «544-қор, 1-тізбе, 104-б.»-ке сұраныс жасағанымызда, папкінің бос екендігі анықталды. Құнды дерек қолды болған. Өкініштісі, тарихи деректі құжаттармен танысада мұнданай «суыққолдылық» жиі кездеседі. Мұнданай келеңсіздіктің белең алуды ұлттық мәдени болмыстың төмендігінен. Болмаса «менде гана болсын» деген мешеуліктен туған пендешілік. Басқаша теңеу жоқ. Осыған ұқсас ахуалдар Республикалық ұлттық кітапханада да орыналған. Мәселен, «Байтұрсынов Ахмет түрмеде жатқанда чекиспен әңгіме» атты мақаламен танысу үшін «Торғай таңы» газетінің 6-шы маусымдағы 85-ші нөмірін, 1991-ші жылғы тікпені көтерткенімізде «сұраныс жасаған нөмір» орнында жоқ болды. Н.Машақановының «Байтұрсын мен Ақтас» деген мұрагат құжаттарын сөйлемдеп көрсеткендеректі мақаласын мемлекеттік мұрағаттағы тарихи деректермен салыстыра оқу үшін «Жұлдыз» журналының 1990-шы жылғы 10-шы нөмірін қараганымызда 200-203-беттерінің қырқылғанын көріп, қатты қынжылдық. Мұнданай дөрекі өрескелдік – адамдардың адалдығының кемдігі, мәдениетінің жадаулығы.

1999-шы жылғы ғылыми жинаққа қайта оралсақ, кітаптың редакторы түсініктемеде: «... Т.Шонанов мақаласында аталаған «Шекіспей, бекіспейді», «Туган тілім» сияқты шығармалары елі қолда жоқ» деген мәселе көтереді [58, 5-6.]. Бұл – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ахметтану мәселе сініде жүргізіліп жатқан еңбектерді жіті қадағаламауынан кеткен әбестік. 1998-ші жылғы «Қазақ газеті» жинағында осы туындылар туралы мағлұмат берілуімен қатар, «Шекіспей, бекіспейді» атты мақаланы тұтас жарияланған. Мәселен, «Туган тілім» атты өлеңнің Т.Шонанұлы мақаласында берілетін алты жолды, яғни, «Кенің бай, келімің мол туган тілім, Дыбыстың сөз теріп буган ғұлін. Қайырган қайдагыны жүйрік ең сен. Мен ... құтыла алмас құсам білім. Мен болман болдырамын татар десен, Мен жатпан босагаңда жатар десен» деген үзінді 1916-шы жылғы нұсқамен салыстырганда өлеңнің бірінші шумағы мен соңғы шумағының екі жолы қамтылғаны анықталып, бұл өлеңнің авторы бір адам екені белгілі болды. Өлеңді 1989-шы жылды Б.Байғалиев бірнеше рет БАҚ-та жариялады.

Орыстілді ортага (аудиторияға) ұғынықты болсын деген ниетпен осы өлеңді Т.Шонанұлы былай аударған: «...Богат и гибок мой родной язык,
Звуки образуют чудный букет слов. Ты быстр, обгоняешь бегунов, Ты несешь

нам культуру. Тебя ничем не заставить отстариться, Тебя не заставить валиться в передней». Салыстырып-сараптауда бірінші шумақтың 4-ші тармағындағы оқылмай көп нүкте қойылған екінші сөздің «тосып» деген сөз екенін, жетінші шумақтың 2-ші тармағындағы «bosaganда» деген сөздің «бір болменде» деп жазылғанын анықтадық. Дегенмен, бұл болмашы өзгерістер өлеңнің мазмұнына нұқсан келтірмейтінін, қайта «bosaganда» деген сөздің мәндірек, тіпті үйқас буын болып, жатық оқылатынын аңгардық. Т.Шонанұлы бұл сөзді «жуан буын» жасау үшін әдейі өзертес керек. «Алмастың ажарын алмас ашады» деген ғұлама Гейненің гибратына жүгінсек, Телжанның – Ахметті, Ахметтің – Телжанды «түзетулері» ете жарасымды емес пе?! Телжанның осы арнау-мақаласы бүтінгі тәуелсіздік кезеңнің әдебиеттануғының қалыптаса бастаған ахметтанудың бағыт-бағдарларын анықтауда, нағыз көмекші. Соңдықтан «Т.Шонанұлын ахметтанушылардың бірегей білгірі» деп тануымыз орынды.

1923-ші жылы туғланың 50 жасқа толу мерейтойына орай, С.Сейфуллин, М.Әуезовтер мен «Ақ жол» газетінің басқармасы тарапынан танымы терең құттықтау мақалалар жазғаны, бұл мақалалардың ахметтану мәселесінде ұлken рөл атқарғанын, бүтінгі ғалымдар зерттеу еңбектерінде таратып талдаپ, жазып жүр. Мақалалардың құндылығы соңшалық, бірнеше рет басылым көргенін атасақ та жеткілікті. Осы материалдарды мәліметтерді негізге алушылар А.Байтұрсынұлының тұган жылын «1873» деп жүр. Естеңік-мақалалардың берері мол, тағылымы терең екенін теріске шыгармаймыз. Бірақ онда келтірілген датаны «қатып қалған қагидалар» көзіне айналдыру, оны кейінгі жинақтарда үнемі негіз етіп алу – бүтінгі жетілген ғылымдағы жетістіктерге «мін» болып тиетінін аңғару, оны ғылыми ортага аңғарту, тіпті «терісті терістей» заңына сүйеніп, ақиқатын айту – зерттеудің міндеті. Өйткені, тәуелсіздіктің арқасында «көмбеде» жатқан мұрагаттармен танысу мүмкіндігі туды?!. Ал тарихи деректердегі құнды құжаттар мен соны айғақтарды сөйлету де – ең өзекті мәселе.

Жоғарыда аталған ғылыми зерттеулер мейілі арнау мақалалар болсын, қазақ тілі деген ұлken ұғымды, бір ұлттың ылқым заманнан келе жатқан атауын қасақана ысырган «саясаттан» тайсалмаған туындыла-рын қамтыған теңдесі жоқ материалдар. Бұл мақалалардың мәтініне қайта үңіліп, мазмұнына тереңдер болсақ, ахметтану мәселесіндегі тұлға келбетін байита түсеп сөзсіз. Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлынтанудағы негізгі бағытты бірнеше салаға бөлуге болады: қазақ тіл білімі, әдебиеттану, педагогика, тарих, зан, философия, экономика, экология, көсемсөз салалары т.б. Осылардың ішінде Қазақ филологиясының әдебиет кафедраларындаған ахметтану ілімі факультатив ретінде оқытылып жүр. Жалпы, аталған

салалар бойынша жазылған еңбектер легі жеткілікті, ендеше ахметтану курсын ЖОО-да пән ретінде оқытатында зерттеу жұмыстарының қоры жинақталды.

Енді зерттеу жұмыстарына сала-сала бойынша тоқталмас бұрын ахметтану мәселесінің басын ашып алған жөн. Алаш арыстары ақтағаннан кейін шығармалары қайта басылып, әдебиеттану ғылымына «Алаш әдебиеті» деген ұлken арна қосылды. Осыдан бастап Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаянын, шығармашылығын тану, оны келер үрпақта таныту аясында тілші, әдебиетші, тарихшы, педагогика т.б. мамандар ғылыми-зерттеу жұмысын қорғап, нәтижесінде олардың монографиялық еңбектері жарық көруде. Элбette, олардың зерттеу нысандары ғалым замандастарының мақалалары. Атап айтсақ, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы, Е.Омаров, С.Сейфуллин, М.Әуезовтей әдебиеталыптарының мақалары бүгінгі үрпақтағалымның өмірнамасын, шығармаларын жан-жақты танытуда негізгі дерек көзі. Демек, ахметтану, оның әдеби, ғылыми шығармашылық мұрасын таныту – ол өзі өмір сүрген кезеңнен бастау алатыны басы ашық нәрсе.

Әнциклопедиялар мен сөздіктер. Жалпы, әфсанадан адамзаттың дамуы үшін жұмыс жасаған тұлғалардың енбегі елеусіз қалмаған. Олар замандастары не артында қалған үрпақтары тарарапынан тиісті бағасын алғып отырады. Ал ғылымы мен мәдениеті дамыған өркениетті елдерде мұндан жұмыстармен арнайы жасақталған ғылыми орталық айналысады. Мәселең, Н.А.Самойловичтің «Түрік халықтарының әдебиеті» деген материалында ғалымның шыққан ортасы мен жасаған еңбектерін қамтыған «Байтурсынов Ахмед Байтурсынович» атты биографиялық мәлімет – мемлекеттік мәртебесі бар мекеменің арнайы тапсырмасымен жазылған тарихи еңбек. Шығыс әдебиеттері басылымына енген бұл мақалада «А.Байтұрсынұлының отбасы, оқыған мектептері, ұл үшін жасаған қызметтері, қайраткердің «қазақ тілі грамматикасы мен қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы, қазақ тілі орфографиясының реформаторы» деп оның атқарған қызметтерін қадап көрсеткен. Қысқаша мәліметте Ахметтің әкесі Байтурсынның айдауда болғаны да қамтылған. «Қазақ» газетінің қазақтың жас ақындары мен жазушыларын айналасына үйіргенін, басылымның мақсаты – қазақ халқының қоғамдық-мәдени деңгейін көтеру және оны ағартушылық жолмен іс жүзіне асыру болғанын жазған. А.Байтұрсынұлының әдеби қайраткерлігі 1901-1904-ші жылдары Крылов мысалдарын аударудан басталғанын, оның тілінде өзіндік көркемдік пен поэтикалық мәнері қарапайым әрі жатық халықтық реңқ басым десе, «Маса» жинағындағы өлеңдерінің негізгі мәні халықтың са-

насын ояту болды» дейді. Патшаның бодандық саясатына қарсы тұрган ақын деп, қайраткерлігін шағын анықтамаға өте шебер сыйғызған [119].

1930-шы жылы Мәскеудің Әдеби энциклопедиясының 1-ші томына А.Байтұрсынұлының қысқаша биографиялық анықтамалығы, 1931-ші жылы 5-томына Қазақ әліпбі (Байтұрсын емлесі) енүі, 1974-ші жылы А.Н.Кононов «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» деген ғылыми мәлімет беруі – тарих таразысының безbenінен өткен нағыз ғалымдардың сараптаулары болатын, бұл жөнінде келесі тақырыпшада тоқталамыз [122, 23-6; 123, 115-6.].

Отандық анықтамалық, сөздік, энциклопедиялық басылымдардың барлығына дерлік ғалым есімі ақталғаннан кейін қысқаша ақпараттық-мағлұматтар еніп отырды. Кейбірін тоқталсақ, 1994-ші жылы «Абай» энциклопедиясының 140-141-ші беттерінде: 1,5 беттік ғалым туралы (т/ж: 1873-1938) мәлімет пен «Қазақтың бас ақыны» мақаласы енген [133]. 1995-ші жылы «Айқап» энциклопедиясына: «Қазақ» газетінің қайта оралуы туралы, қаламгердің «Қазақ өкпесі» (Б. 47-49), «Тағы да жер жайынан» (Б. 59-61), «Тағы да народный сот хақында» (Б. 65-68), «Қазақ пайдасындағы жерді алу тұрасындағы низамдар» (Б. 76-79), «Қазақ һәм тәртінші дума» (Б. 118-119), «Шахзаман мырзага» (Б. 123-125), «Оқу-агарту және тәрбие мәселелері» (129-6.), «Жазу тәртібі» (130-6.), «Кітаптар жайынан» (340-6.) мақалалары; ғалым туралы мәліметтер мен мақалалар көрсеткіші толтастырылған [66]. 1996-шы жылы «Алматы» энциклопедиясында А.Байтұрсынұлы атындағы көшениң пайда болуы, оның қалыптасу тарихы туралы мәлімет берілген [134, 88-6.]. 1999-шы жылы «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы – Қазақ мәдениеті сериясының ұлттық сөз өнеріне арналған. Кітапта ҚКОК-нің қорытындысы (1988), «Қазақ совет әдебиеті» оқулығы (1989), 1989-1991-ші жылғы жинақтардағы мәліметтерге сүйенгіп, ықшамдалған мәліметтер берілген. Мұнда ғалымның туған және өлген жылы «18.01.1873-1938» деп жазылған [135, Б. 149-150]. 1999-шы жылы «Қазақстан ұлттық әдебиеті» атты кітапта 1989, 1991, 1992-ші жылғы жинақтар мен әдебиеттанушы-ғалымдар: Т.Кекішев, С.Қирабаев; тілші-ғалым Р.Сыздықова; тарихшы-ғалымдар: К.Нұрпейісов, М.Қойғелдиевтердің зерттеу еңбектеріне сүйенген. Ерекшелігі – Торғай өніріндегі ескерткіш: А.Байтұрсынұлы мен М.Дұлатұлы және Алматыдағы ғалымның музей-үйінің суреттері, қысқаша мәліметтер, Ленингге жазған хаттары енген [136, Б. 72-76].

2001-ші жылы жарық көрген «Қазақстан Республикасы 10 жыл шежіресі» атты кітапта А.Байтұрсынұлының туғанына 120 жыл толуы-

на суретімен, ғалым бюсті мен мұражайдың ашылуы туралы ақпараттық мәлімет бар [137, Б. 155, 374]. 2004-ші жылы шыққан Анықтамалықтың «Қазақстан жазушылары: ХХ-шы ғасыр» атты тақырып аясында А.Байтұрсынұлының қысқаша ғұмыр жолы, шығармашылығы туралы мәлімет берілген: «туған жылы – 1873, атылған уақыты – 1938» деге жа-зады [138, 70-6.]. 2004-ші жылы жарық көрген «Алматының тарихи және мәдени ескерткіштері» атты деректі анықтамалықта «Тарихи ескерткіш» айдарымен қазіргі А.Байтұрсынұлы мұражай-үйі туралы мұрагаттық деректер бойынша мәлімет бергенімен, бұл үйді «көпес Зубовтың үйі» деген негізсіз мәлімдеме жасайды [139, 56-6.]. Бұдан шығар қорытынды: энциклопедиялар мен анықтамалықтар кейінгі жинақтарды (1989, 1991, 1992) басшылықта алады, А.Байтұрсынұлына қатысты мемлекеттік мұрагаттардагы деректі құжаттар ескеруізін қалып отырган. Дәл осындағы бағытпен жұмыс жасасақ, ахметтану мәселесінде ағаттықтардан арылмайтын боламыз.

Ендігікезектесөздіктерге тоқталсақ, «Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» атты анықтамалық жинақ – әдебиеттану саласында, әдебиет теориясында қолданылатын ең қажетті ғылыми ұғымдар мен терминдер жүйелі түрде берілген түнғыш еңбек екенін айтады, осы кітаптың құрастыруышы ақадемик З.Ахметов. Кітаптың бірінші басылған нұсқасы табылмағандықтан екінші (1998), үшінші басылымындағы А.Байтұрсынұлына қатысты беттерге «Пайдаланылған материалдар» тізімінде сілтеме көрсеттік. Десек те осы жинақтың 2006-шы жылғы жарияланымында бүгінгі тәуелсіздік ғылымында қалыптасқан «ахметтану» ұғымына анықтамалық берілмеген. Мәселен, абайтану, жамбылтану, мұхтартануға берілген сипаттамалар сияқты [140, 141].

1999-шы жылы библиограф-ғалым Ү.Субханбердинаның «Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш» атты кітабы жарық көрді. Жинақтың андатпасында: «Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ елінің әдебиетін, мәдениетін, тарихын, экономикасын, заң мәселелерін мазмұндайтын көрсеткіш» деген қысқаша мәлімет берілген. Осы кітаптың 597-810-беттерінде: «Қазақ» газетінде жарияланған материалдардың библиографиялық көрсеткіші жасалып, жинақтың алдыңғы 50-56-шы беттерінде: «Қазақ» үнпарағының пайда болу тарихы, оның бас редакторы мен газеттің негізгі көтерген мәселелері, тілшілері туралы мол мағлumat қамтылған. Ғалымға қатысты беттерге «Пайдаланылған материалдарда» сілтеме жасалды [142]. 2007-ші жылы Р.Мәженқызының құрастыруымен «Кітап – ғасыр мұрасы: Кітап-альбом» атты жинақ шықты. Жинақта А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» (1922),

«Оқу құралы» (1925), «Маса» (2005) кітаптарының сыртқы мұқабасы әрі қысқаша аңдатпалық анықтама берілген [143, Б. 86-б., 252-254].

Орыс ғылыми зерттеулеріндегі Байтұрсынұлы әліпбіi. Қазақ жазуын жетілдірудегі А.Байтұрсынұлы еңбегінің қаншалықты маңызды екенін 1931-ші жылы Мәскеуде жарық көрген «Литературная энциклопедия» атты кітаптың 5-ші томына енүінің өзі, оның тарихиығының зор екенінің дәлелі. Бұл жөнінде зерттеудің басында айтқан болатынбыз. Десек те орыс ғалымы Е.Д.Поливановтың мынаңай қадау сөздерін қайталап айтсақ, артық болмайды. Ахаң түрлеген әліпбиді «Байтурсыновская орфография» деп атап, осы жаңа емле жөнінде: «...эту последнюю форму, которую приняла казах-киргизская графика в 1924 году, я (...) считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы как крупным культурным завоеванием» деп айтты [58, Б. 52-66; 120]. Орыс ғалымы Ахаң түрлеп, ұсынған әліпбиді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан қараганда кемелденген, әрі жетілген ұлттық графика деп танып, ғылыми тұрғыдан бағалағанын мақтандырып тұтуымыз керек. Профессордың мақаласының маңызы – сол тұстағы қазақ әліпбійнің таңбасымен, жазылу ережесінің даулы тұстарын Байтұрсынұлы жүйесімен түгендеп, тоқтам жасаған тұжырымды еңбек болғанына, оның «... бұл реформа ең ірі мәдени жетістік» деген айшықты дәйектемесінің тарихиығында жатыр.

Кеңес дәуірінде А.Байтұрсынұлының қысқаша өмірбаянын жазып және ғалымның еңбектерін ғылыми ортага ұсынған, әрі тарихи әділ бага берген сүбелі еңбек – түрколог-ғалым А.Н.Кононовтікі. Бұл анықтамалық сөздіктің редакциясын басқарып, кіріспе сөзін жазған А.Н.Кононов. Орыс ғалымы атамыш сөздіктегі шағын мәліметтің өн бойына барлығы 12 сөйлемге қазақ оқымыстысының болмысын толық сыйғызған. Түркітанушы анықтамалығындағы мәліметтерді Алекторов, М.Дулатұлы, Е.Омаровтардың материалдарынан алғандағына сілтеме жасайды. Бір гажабы, адам бітімінің 12 мүшемен толығатыны тәрізді, қазақ ғалымының орасан еңбегін 12 сөйлемге сыйғызған ғалымның әмбебаптығына еріксіз бас иесіз [58, 80-б.; 123, 115-б.]. Бұл сөздіктің қазақ ғылымы үшін ұлken сенсация болғаны белгілі. Осы еңбек туралы отандық ғалымдар идеология салдарынан үндерін дабыра етеп алмай, жасырып оқығандарын, «жинаққа» деген ризашылықтарын мұқабанының сыртын сипай-сипай білдіргендері, кешегі ҚКОК-нің «М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы және Жүсіпбек Аймауытұлының мұрасы туралы» қаулысы шыққаннан кейін гана айтыла бастады. «Алыптармен қауыштырган қаулы еліміздің

өміріне, қазақ ғылымына рухани серпіліс әкелді» дейді кеңестік кезеңдің галымдары.

Кеңес кезеңіндегі әдебиет. Алаш арыстарының мұраларын Кеңес дәүіріндегі әдебиет айналып өтті деуге негіз жоқ. Өйткені, олар өз тұсында-ақ, қазақ деген ұлысты өз жерінде өгейсіткен алпауыттарға қарсы тұрган батылдығымен, төл тілімізді өрге сүйрекен жанкештілігімен, мейлі «халық жауы» деген қара таңба таңылғанына қарамастан, ел жадында өзгеше бір ыстық ықыласпен қалғаны анық. Ел ішінде қалған көзі ашық оқымыстылар олардың атын айналып өтуге мәжбүр болғанымен, еңбектерінің атынан да, затынан да қашпаганын, сол тұста және берегіректе жарық көрген кейбір еңбектерінде кездестіруге болады. Мәселен, ғалым-лингвист Құдайберген Жұбанов 1933-ші жылы алғаш жарияланған «Политехникалық мектеп» журналының №7-8 санындағы «Қазақ тілінің ғылыми курсы» атты материалында ағартушы-ғалымның «Тіл – құрал» оқулығы турали: «Қазақ тілін зерттеушілердің алдын Ш.Ұәлиханов деп, берігіректе А.Байтұрсынов, Қ.Кемеңгеров, Е.Омаров, Т.Шонанов, Х.Досмұхамедов екендігінен мәлімет береді де, сол тұстагы қазақ тілін зерттеп танытуда А.Байтұрсынұлының дәрежесінен «әлі көш кейін жатырымыз» деп, ғалым-оқытушыларды сапалы жұмыс жасауга шақырады. Қ.Жұбанов айдауда жүрген қазақ оқығандарының ғылыми-мәдени жетістіктерін бұл «занды мұрамыз» деп қорғап, олардан бас тартуға болмайтынын, керісінше, олардың жетістіктерін қазақ қажетін етейтін пайдалы мұра екендігін айтқан.

Лингвист Қ.Жұбанов дәрістерінде «Байтұрсынұлы кітаптарының 1-ши сыйныптан жогары дәрежелі мектептерге (ВУЗ-га) дейін бәріне де «жарап» жур. «Тіл – құралымен» оқытуға тыйым салынған бола түрса да мұғалімдердің оның кітаптарын Құрандаі қолтықтап, керегін ... іздейтінін жазады. Эрі сол кезеңде жазылған жолбасшы кітаптардың «Тіл – құралынан» кем болғанын, оған зерттеушілердің айыппы екенін» баса айтады [144, 35-б.]. Қазақ ұлттық ғылымының жетістіктерін кеңестік идеология бірін ақтап, бірін даттап, сәуегейлік танытып, олардың артында қалған мұраларын «үнсіз» сіңіріп, талдап-тануда «ала-құлалық» көрсетіп жүргенде, кеңестік жүйедегі жеке басқа табыну саясатынан тай-салмастан тұра сөйлеген Қ.Жұбанов «қара тізімдегі» ұлт зиялдыларының мұраларына араша түсіп, зор адамгершілік жасағанын әрбір сөз саптауынан көреміз. Қазақ әліпбійнің жобасы талқыға түскенде де лингвист-ғалым Қ.Жұбанов жаңа қазақ харпінің қалыптасуының негізін араб жазуымен байланыстыра отырып, қарастырады. ҚР ОММ-ның қорында мынадай дерек қатталған: «...с 1912 г., когда впервые была выработана

эта система и произошла реформа арабского алфавита, по 1930 г., когда арабский алфавит правительственный декретом был изъять, т.е., в течение 18 лет казахские слова писались по этой системе, причем никаких недостатков (...) Надо заметить, что отказ от этой системы принятием латинского алфавита произошел (...) по нажиму ученого совета ВЦКНА, а не по инициативе Казахстана» [145]. Қайраткердің шегелей айтқан бұл сөзі – қазақ ұлтының өз жерінде, өз Отанында отырып әліппе таңдауда еркі болмаганына жаңы ауырганын, шарасыздығын көрсетеді. Тілтанушы ғалым Қ.Жұбанов қазақ әліпбійнің түзілу тарихын тереңдең танытуда А.Байтұрсынұлына дейін де әліпби, жазу болғанын, агартушы ғалым Ы.Алтынсарин жүйелеген әліпбіде кеткен «кемшіліктерді» түзегенін, ескі әліпбіді қазақ табиғатына бейімдеп, «қосар әріптерді жаңадан енгізді» деп қазақ тіл ғылымының қалыптасуы мен даму сатысына сүзгі сараптама жасайды. Әліпбіге кірген соны жаңалықты құптап, қабылдайды.

Сәбит Мұқановтың 1932-ші жылы жазылған Алашорда әдебиеті жайлы «ХХ-ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты кітабы – әрі оқулық, әрі зерттеу сипаттағы еңбек [146, Б. 18-32]. Бұл зерттеу еңбекте 1929-шы жылы «халық жауы» деп күткінга үшыраған Ахан бастаған қазақ зияльшарының шығармалары сыңаржақ пікірге үшыраған. Мәселен, «I-бөлімге Үлтшылдық, байшылдық дәүірі» деген айдар тағылып, мұнда жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің өкілдері «байшыл», «ұлатышыл» деп бағалаган. Дегенмен, кеңестік жүйенің талап үдесінен шығу үшін жазылған бұл кітаптың «құдаланған халық жауларының» мұрасын алғаш рет зерттеу нысаны етіп қарастыруымен құнды еңбек болып қалатынын бүгінгі әдебиеттанушы ғалымдар ғылыми зерттеулерінде айтып жүр. Кітап екі бөлімнен тұрады. Социалистік ғылым-білім ілімін негіз еткен С.Мұқанов: «...Қазақ ұлты XIX-ғасырдан бастап құрыла бастады... Октябрь төңкерісіне дейін ұлт пайда болды», ал «...Алашорда – орыс байларынан арқа сүйеген қазақ байларының партиясы» оған өңшең байлар қатысты, «ұлтшылдықтың туын қазақта алғаш ұстап шықкан Ахмет Байтұрсынұлы 1905-жылға дейін ұлтишил болған жоқ» деп, ертеректе өзі де «қазақтың ұлт көсемі» деп таныған тұлғаның қайраткерлігі туралы: «...Ахметтің Октябрь төңкерісіне шеийін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сыйылды орындарда оның еңбегі мол... Эр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаган алгашиқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес» деген айшығынан айнып шығады [146]. Осы тарауда Алашорда әдебиетінің

көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармалары қарастырылып, олардың ең бастылары «А.Байтұрсынұлын және оның әдеби шығармасы: «40 мысал», «Маса» жинақтарына кірген өлеңдердегі сарын «ескішілдікті» дәріптеу, бүрінгыны аңсай» деп, кеңестік идеология тұрғысынан талдайды [146].

Әдебиетші Фаббас Тоғжанұлы «Әдебиет және сын мәселелері» атты еңбегінде замандастарының әдебиетте көтерген тақырыбына сын көзімен қарап, оларға большевиктік партияның таптық көзқарасы тұрғысынан дұрыс жол сілтеуді қалайды [147]. Ол өткен кезеңге бага бере отырып, оның кешегі және бүгінгі сарының анықтайды. «...Төңкерістен бүрінгы қазақтың көркем әдебиетінің жалпы сарыны ұлтшылдық еді» деп жазады. «Ақымет, Міржақып, Омар Фарашұлы, Сұлтанмахмұт, Жұсіпбек, Мұхтар, Сәбит Дөнентайұлы қаламының желі бар ақын-жазушыларымыздың бәрі де қазақтың нағандығын, орыс патшалығының қорлығында жүргенін, «әділ» хан, билердің кеткенін, қазақ әйелдерінің малға сатылатынын, ескіліктің қазақ еліне бөтегет-шырма болып отырганын жазушы» еді десе, ал Кеңес дәүіріндегі Алаш зиялдыларының орнын былайша пайымдайды: «...Бүгінгі қазақ байының жоқшысы, көсемі Ақымет, Әлихан, Магжан болып тұрса, ертең олар өле, олардың орнын басатын басқа Ақымет, басқа Магжандар шыгады... бүрінгі ұлтишилдігі, байшилдігі енді бүкірашилдік болды. Бүқараның атын жамылған баяғы ұлтишилдік, баяғы байшилдік. ...Смағұлдың дос қылып отырган Ақыметтімен танысыңыз. ...төңкерістен бері өлеңді қойды. Галымдықпен шүгшілданады. Баяғы ұлтишилдігін, байшилдігін қойды ма? Қойганы сол, байшилдігін, ұлтишилдігін Ақымет «сабагына» кіргізді» деп айтқан біржакты пікірлерді көреміз. Г.Тоғжанұлының 1932-ші жылы Мәскеуден жарық көрген «О Байтурсынове и байтурсыновщине» атты еңбегі, тұлғаның «халық жауы» деп құдаланып, айдауда жүрген тұсында республика басшысы Голошекиннің «...әдебиетте жік бар, соны әшкерелеп жою керек» деген нұсқауына сәйкес арнайы тапсырыспен жазылған қасақана «күйе жағу» жұмысы болатын [147, Б. 3-39].

Сәбит пен Фаббасқа заман ауанына қарай түрлі-түлі пікір айтқызыған биліктің екі жікке бөліуінен туған үақытша пайымдар еді. Алдыңғы айтқанына соңғысы қарсы келіп тұрган ерсілі-қарсылы пікірлерді жан-жақты кең түрғыда талдар болсақ, әдебиет майданында отқа түсуге дайын тұрган әрбір тұлғаның ұстанымын өзінше жақтап та, даттап та шығуға болады. Бірақ, әдебиеттің аты әдебиет, сол үақыт тұрғысынан қарасақ, мұндай зерттеу жазылуға тиісті жосық, яки арнайы жоспар бағдарлама бойынша қарастырылған. Ал бүтін біз теріс көрген пікірлердің, сол үақыт

өлшемімен «дұрыс жазылған зерттеулер болғаны» ақиқат. Бірақ, жылдар бойы жиналатын әдебиеттануғылымыңдағы әдебиеттанудың тарихы, теориясы, сыйны түрғысынан таным таразысы өз өлшемін жасайды.

Тәуелсіздік кезеңдегі ахметтану мәселесі. Байтұрсынұлытану қазақ ұлттық ғылымында бағыты белгілі дербес сала. Осы саладагы мәселелерді ғылыми жүйеде талдап-тарату – бүгінгі тәуелсіздік кезеңдегі ұлттық ғылымының міндеті. Мұндай тұжырымға келуге себеп соңғы уақыттары БАҚ-та белен алған жаңсақ пікірлі материалдар. Мәселен, ғалым шығармашылығы туралы ой-тұжырымдарын «Егемен Қазақстан» газетінде жазушы Қоғабай Сарсекеевтің «Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі – Ахмет Байтұрсынов жайлы ой-түйін» көлемді талдап-таныстыру мақаласы жарық көрді [148]. Мақала көпшіліктің тарапынан қалай қабылданғаны белгісіз. Редакция тарапынан қадағалағанбады. Аталған мақала өріскел қателер мен әрі жазушыға тән шабытқа кіріп, қиялмен эмоцияға бой алдыруда пайда болған тұжырымдарға толы. А.Байтұрсынұлының асыл мұрасы ақталып, халқына қайта оралған он бес-он алты жылда қазақ оқығандары санатындағы жазушы осылайша ой түзсе «Алаш әдебиетінің ар-ожданы» атанған ғалым шығармашылығын тануда көпшілік оқырманды адастырапы хақ. Мақалага әдебиет-зерттеушісі, ғалым Ж.Ысмағұловтың «Ахаң туралы жазсақ, ақаусыз жазайық» деген жауап мақаласы дер уақытында жазылған уәж болды [149]. Өкінішке қарай, жазушы Қ.Сарсекеев бұл мақаладағы дәйекті дәлелдерді қабылдамады. Арага бес ай салып, «Қазақ әдебиеті» апталығында Ж.Ысмағұловтың «Ақиқаттан аттамайық, бауырым» атты тағы уәж-жаяубы жарияланды [150]. Бүгінгі ахметтану тақырыбында түрлі докторларға үріншіп жүрген кемшін тұстарға тойтарыс болғандай әдебиеттанушы-ғалымының дәйекті дәлелдері мен ғылыми пайымдалған ой тұжырымымен жазушылар санаспаса, қазақ оқығандарының «білгені қайсы» деген шартты сұрақ туады екен.

Қос мақаладағы көтерілген негізгі мәселер ғылыми ортада талданып, одан қорытынды шығарылып, ол міндетті түрде баспасөзде жариялануы керек-ақ еді. Неге екені белгісіз оқырмандар үнсіз қалды. Демек, мақаланы көпшілік оқымаған, не қазақ оқығандары елі «қалың үйқыда». Осы айтыс-тартысты мақаладағы көкейтесті көзқарас қайсысында болғанына және қайсысында ақиқатқа жақындығын біз мұрагат деректері бойынша таратып көрейік. Жазушының да, ғалымының да Арқа өнірінен екенін ескерсек, оларға Ахметтің туып-өсken жері, туган уақыты, окуы, отбасы т.б. көп жайлар таныс екені даусыз. Дегенмен мұрагаттық деректер не дейді, сонымен салыстырсақ. Мұндағы бірінші қате – сол баяғы

туған жылы, яғни тұлғаның өз қолымен жазған сауалнамалардағы дерек «1872-ші жылдың 5-ші қыркүйегі» тағы назардан тыс қалған. Екінші, Шошақтың балаларын таратуы, яғни, Үмбетейлердің әулет шежіресінің игерілмеуі, Шошақ балаларының үлкені Байтұрсын емес, тұңғышы Ақтас, екінші Байтұрсын, үшінші ұлы Сабалақ (Данияр), төртіншісі Ергазы, кенжесі Ермaganбет. Иттегенге бірге кететін Ақтастың әйелінің есімі Айсұлу емес, Убіжан. Байтұрсының жұбайының аты Құңшы емес, Құңші. Үшіншіден, Ахметті Ыбырайдың алдын көрді деп кесіп айтуды да ағаттық. Мұнда әдебиет зерттеушісі Ж.Ысмағұловтың жауабы ақиқатқа жақын.

Таңдамалы жинақтар. Ахметтану саласында атқарылған өзекті мәселелердің бір саласы, ғалым туындыларын бүгінгі, келер үрпаққа таңыстыру. Ғалымның шығармашылық мұрасы 1989-2009-шы жылдар аралығында бірнеше дүркін қайта жарық көрді. Әзірге жалпы саны – 21. Қандай қоғамда болмасын кітаптың сатылуы, яғни өтімділігі қашанда басты мәселе екенін ескерсек, А.Байтұрсынұлы туындыларының бірнеше рет басылуы оның сұранысқа ие құнды кітап екендігіне айғақ. Ұыл қайраткердің зерттеу-еңбектердің өміршешендігін көрсетсе керек. Әрбір кітаптың түрліше тағдыры болады. Кейбір кітаптардың санатта бар екендігі де байқалмай жатады. Ал кейбірі басылып шыққан күннен бастап, есқіні есептірете, жаңамен қоян-қолтық араласа, «бүгінгі кітап – ертеңгі іс» дегендегі қоғамнан өз орнын алады. «Зұлмат заман» оның туындыларын шынырауга көміп, есімін айтқызбаса да, ғалымның филология саласындағы гылыми еңбектері қазақ дүниетанымында өзіндік сара жолын салды. Ғұламаның «Әдебиет танытқыш» оқулығының «әдебиеттану мен әдебиет теориясының бастауы» болғандығы мойындалып, оны кеңес тұсындағы әдебиеттану гылымындағы зерттеу еңбектерде елеусіздеу етіп жазып келді. Кеңестік дәуірдегі ұлт әдебиетін қатаң бақылауда ұстағанын ескерсек, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы ғалымдардың ғұламаның есімін айналып өтіп, оның туындыларын сілтемесіз пайдалануына түсінушілікпен қаруа керек те сияқты. Енді қайта жарық көрген шығармаларға тоқталсақ.

1989-шы жылы «Жазушы» баспасынан «А.Байтұрсынов. Шығармалары Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер» 320 бет, (Құрастырушылары: Шәріпов Э., Дәүітов С.), 20 000 таралыммен жинақ жарық көрді. Кітапта алғысөз орнына берілген Ш.Сәтбаеваның «Ахмет Байтұрсынов» деген баянатында тұлғаның мемлекеттік қызметтегі ресми құжаттарының бірі – РКП (б)-ның Орынбор Комитетіне партия мүшелігіне ауды сұраган өтініші берілген. Жинаққа «Маса», «Қырықмы-

сал», «Әдебиет танытқыш» еңбектері топтастырылған. Кітап соңындағығылыми түсінікті С.Дәуітов жазған. Жинақ ғалым есімі ақталғаннан кейін басылған – бірінші кітап. Жинақтың оғсеттік қағазының сапасы төмен. Мұндағы ең құнды деректер: жеке суреттері және «Маса», «Қырық мысал» кітаптарының мұқабалары. Кітапқа редакторлық жасаған М.Неталиев. Бір қызығы, неге екені белгісіз, қайта басылған кітапта тәлавтор А.Байтұрсынұлының құқы қорғалмаған, тек жинақты бастируышы «Жазушы» баспасының мұддесі қарастырылған.

1991-ші жылы «Жалын» баспасынан «А.Байтұрсынов. Ақжол, Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу» 464 бет, (Құрастырушысы әрі алғысөзі Р.Нұргалиев), 20 000 тара-лыммен басылым көрді. Жинақтың 1989-шы жылғы жинақтан өзгешелігі, мұнда: М.Әуезовтың «Ақаңның елу жылдық тойы» құттықтау-лебізі, әр жылдары жарияланған 43 публицистикалық мақала топтастырылған. Аңдатпасында: «Отызыншы жылдары сталиндік озбырлықтың құрбаны болған ұлы ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, ақын-аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсынұлының ардақты есімі қазіргі қайта құру заманы арқасында ақталағып, артына қалдырған асыл мұрасы халыққа қайта орады» деген ақпарат береді. Р.Нұргалиев «Алып бәйтерек» деген тақырыпта ғалымның өмірі, қызметтері жөнінде шолу жасай отырып, әдебиеттанушы ғалымның әдеби мұрасына бүтінгі әдебиет талабы мен танымы түрғысынан талдау жасаған. 1-бөлімдегі: «Қырық мысал», «Маса» туындыларын – М.Мырзахметов, «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдебиетінің нұсқалары – Р.Нұргалиев, 2-бөлімдегі: «Көсемсөз» мақалалары – А.Мектепов, Е.Әнесов, «Әдебиет танытқыш» әдеби зерттеу еңбегі – Р.Нұргалиев дайындаған. Кітап редакторы – Е.Дүйсенбаев, жинақта тұнғыш рет тәлавтордың құқы қарастырылып, мұддесі қорғалған. Кітаптың оғсеттік қағазы сапалы, әрі қажетті тұстарында көркем суреттермен безендірілген.

2002-ші жылы «Жібек жолы» баспа үйінен «А.Байтұрсынов. Бес томдық шығармалар жинағы», бірінші том. 208 бет, 500 данамен жарық көрді. Баспаға әзірлегендер: А.Ісімақова, Г.Пірәлиева. Кітап аңдатпасында: «1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» пен 1989, 1991-ші жылдардағы «Әдебиет танытқыш» салыстырылып, өзгеріске ұшыраған, алынып тасталған тұстары қалпына келтіріліп, толықтырылғаны» туралы мәлімет берген. «Қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы» атты алғысөзінде кітапқа енген түпнұсқалар туралы түсінік береді. Кітапта ауытқушылықтар кездеседі, мәселен алғысөзде: «Ұсынылып отырган академиялық басылымда (...), А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірге

жазған «*Оқу құралы*» кітабы толық беріліп отыр» деп көрсетілгенімен, аталған түпнұсқа жинаққа енбеген. Төлавторының құқы қарастырылмаған, бірақ жинақты дайындағандар мен баспа үйінің мұддесі қоргалған. Кітаптың оғсеттік қағазының сапасы орташа. 2003-ші жылы осы томдық «*Алаш мұрасы*» сериясымен «*Алаш*» баспасынан «*Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы*». 408 бет. 2000 дана таралыммен қайта басылым көрді. Бұл томдықтың ерекшелігі – 1989, 1991-ші жылдардағы шығармалар түпнұсқамен салыстырылып, толықтырылған. Құрастырып, алғысөзі мен ғылыми түсінігін жазғандар: А.Ісімақова, Г.Пірәлиева, С.Сәкенов, К.Мұстафаевалар. Шығарушылардың мұддесі қоргалған. Басылған қағазының сапасы төмен.

Осы жылы «*Атамұра*» баспасынан Атамұра кітапханасы сериясымен «*Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер*» 208 бет, 3000 дана таралыммен жарық көрді. Кітапқа қысқаша аңдатпа берілгенімен, баспа тараپынан қандай да түсінік жасалмаған. Жинақтың сыртқы мүқабасында А.Байтұрсынұлының суретімен, оның шығармашылығы туралы анықтамалық мәлімет берілген. Кітап – зерттеу жұмыс, әрі оқулық екені негізге алынбастан, көркем басылым ретінде ұсынылған. Осы басылымның бас редакторы – Э.Пірманов, редакторы – А.Дәдебаев. Төлавтор мен баспаның құқы қоргалған. Кітаптың басылған оғсеттік қағазы өте сапалы, әрі көркем безендірілген. 2006-шы жылы Қытай халық республикасы, Үрімшінің Шыңжаң халық баспасынан «*Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. 272 бет, 2000 дана таралыммен жарық көрген. Кітапты баспаға дайындаған: С.Сагатжанұлы. Кітаптың қағазы өте сапалы. Бірінші бетіндегі аңдатпалық ақпарат қытай тілінде берілген. Жинақтың елімізде басылған кітаптардан айырмашылығы – Ахаң әліпбіімен басылуы. «*Автордың қысқаша өмірбайаны*» деген тақырып аясында 1,5 беттік шолу мәлімет берілген.*

1990-шы жылы «*Жазушы*» баспасынан жарық көрген «*Боздағым*» қазақтың жоқтау жырлары кітабы 60 000 тиражben шықты. Жинаққа аңдатпа берілмеген. Құрастырушы Т.Арынов. Кітапқа қазақтың 46 жоқтауы, көне түркі тілінен алынған – 2 жоқтау, өзге халықтардан – 4 жоқтау енген. Жинаққа ғалым жинап, өндеген 20 жоқтау қысқартылып кірген. Енбеген: «*Кенесары-Наурызбай*», «*Қыздың жоқтауы*», «*Жолдыбай*». «...Кітапқа архивтерден, түрлі қолжазбалардан, ел аузынан жиналған материалдар тұнғыш рет жүйелі түрде топтастырылып отыр» деп басталған алғысөзінде: «...осы XX-шы ғасырдың 25-26 жылдары араб жазуымен Москвауда басылған «*23 жоқтау*» деген белгілі жинақ болды. 1925-ші жылы баспаға дайындалған, 1926-шы жылы басылып шыққан. Ол

жинақты құрастырган адамдар өз бастарындағы идеялық қайшылықтары үшін тиісті мінездемелерін алған. Қазіргі әңгіме олар туралы емес. «23 жоқтаудың» құрылымы мынадай: 1) Қысқаша алғы сөз. 2). Белгілі ақын Шәңгерей Бөкеевтің (1847-1920) «Сыршы» деп аталатын көлемді толғауын беташар етіп берген. 3). Қазақтың 21 жоқтауы берілген. 4). Қырғыздың екі жоқтауы қосылған. Ертеректе және арабша басылған жинақ болғандықтан, қазіргі оқырман көпшілікке кейбір жәйттер құңгірт түсініксіз болып қалмауы үшін «23 жоқтаудың алғысөзін ешбір өзгеріссіз келтіріп көрейік» деп, әдебиеттанушының құрастыруындағы 1926-шы жылды Мәскеуде басылым көрген «23 жоқтаудың» бастыруышыдан дейтін алғысөзін қаз-қалпында береді. Алғысөз орнына берілген «Өлгендер туралы өлмес мұралар» гибратының мазмұны ақиқатпен қабыспайды.

«Ауыр да болса шындық қымбат» демекші, 1988-ші жылға дейін «қараланғаны» аздай, әдебиет алыбының есімі ақталып, шығармашылық мұрасы оргамызға өз атымен оралған тұста құрастырушы айтқан: «...ол жинақты құрастырган адамдар өз бастарындағы идеялық қайшылықтары үшін тиісті мінездемелерін алған. Қазіргі әңгіме олар туралы емес» деген жолдарды жинақ редакторының түзетүіне болатын баспалық жұмыс (13-б.). Жинақ тұлғаның есімі ақталғаннан кейін басылып отыр. Нақтырақ, 1989-шы жылды маусымның 27-і күні теруге, ал 1990-шы жылды қантардың 25-і күні басуға қол қойылған. Алаш арысын 1988-ші жылды ақтағанын еске алсақ, жинаққа баспа тараپынан түзетулер жүргізілмегені түсініксіз. Жазушы Д.Досжанов деректі зерттеуінде: «... 1990 жылды дәл осы жинағын «Жазушы» баспасы бір әрпін өзгертпей «Боздағым» деген атпен қайта шығарады. Эйтсе де А.Байтұрсыновтың есімін көпекөрнеу сылып тастан, «құрастырушы» болып басқа біреу өз есімін жазыпты» деп жазды [24, 153 б.].

Ғалымның 1914-ші жылды Орынбордажарық көрген «Қазақша әліппесі» 1991-ші жылды Қырғыз Республикасы Бішкектегі «Периодика» баспасынан К.Дыйқановтың қаржатымен қайтадан қырғыз тілінде шықты. Кітап 97 бет, 5000 таралыммен, мазмұны еш өзгертілмestен, аздал баспа табақ көлемі кішірейтіліп басылған. Құрастырушы оқырмандардың түсініп оқуын жеңілдету үшін, арабшаның тұсына орыс таңбасымен қырғыз тіліне тәржімалаган. Ағартушының қазақ тіл білімі туралы оқулықтары 1992-ші жылды «Ана тілі» баспасынан «Тіл тағылымы» атты қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері, 448 бет, 11 500 таралыммен қайта жарық көрді. Жинаққа «Оқу құралы» 1912; «Әліпби» 1928; «Саят ашқыш» 1926; «Тіл құрал», (қазақ тілінің сарфы) 1-жылдық 1914, 1925; 2-жылдық 1912; 3-ші тіл танытқыш кітап 1925; «Баяншы» 1920; «Тіл жұмсар»

1928; Жазу, емле терминология мәселелері жөніндегі 6 публицистикалық, оқу-агарту ісі жөнінде 7 мақала топтастырылған. 1998-ші жылы ғалымның мерейтойына орай, әрі соңғы басылымның жетпіс жылдығына арналып, «Рауан» баспасынан «Әліб-бій: Жаңа құрал» атты 120 беттік, кітап 1000 таралыммен жарық көрген. Бұл жинақтың ерекшелігі – сол тұстағы жазу емлесі сақтала отырып, қазіргі жазуға қошпірілп басылған. Құрастырушысы Ұ.Асылов. Кітап бесінші рет басылып отыр.

1996-шы жылы «Жеті жарғы» баспасынан 128 беттік, 3000 таралыммен «Жаңа низам» атты жинағы жарық көрді. Құрастырушысы З.Қыстаубайұлы, алғысөзі С.Әзбекұлы жазған. Кітапқа қайраткердің әр жылдары заң тақырыбына жазылған 21 публицистикалық мақаласы топтастырылған. Алғысөзде ғалым толғаган мәселелердің күні бүгінде өз мәнін жоймағанын, қайта уақытпен үндесіп жатқандығын, мысалы «ов, ова» туралы қазақ ішіне сырттан телінген осы қосымшаның қажетсіз екенін сол кездің өзінде дәлелденгенін айта келе, А.Байтұрсынұлының бұл идеясы осы күні де іс-жүзіне асырылып жатқандығын жазады.

1998-ші жылы «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясынан «Қазақ» газеті жеке жинақ түрінде таралымы 3000 дана жарық көрді. Кітапқа «Қазақ» газетінің (1913-1918) тарихи және танымдық құндылығын жоғалтпаған мақалалары топтастырылған. Кітап соңында «Қазақ» газетінің авторлары туралы энциклопедиялық анықтамалар мен газете жазылған мақалалардың қысқаша мазмұны туралы библиографиялық көрсеткіш берілген. Көрсеткіш 17 тарауга бөлінген. Ұзын-саны – 1410 мақала қамтылған. «Мәдениет пен әдебиет мәселелері» тарауы бойынша – 66 мақала жарық көргендігі туралы ақпар берген. «Өлеңдер» тарауында – 93 өлеңге мәлімет-ақпар беріледі, бірақ жинақта көптеген өлеңдер қамтылмаған. «Аударма» тарауы бойынша – 14 тақырыпқа түсінік бергенімен, мәтіндері тұтас қарастырылмайды. «Баспасөз» тарауында «Басылыш шыққан кітаптар және оларға сын» деген тақырып бойынша – 60 мақалага қысқаша мәлімет береді де мақалалар мәтіні толық берілмеген. Бұл жинақ ғалымның 125 жылдық мерейтойына орай дайындалғанын ескерсек, кітапқа 5 жыл аралықтағы басылым көрген барлық мақалаларды топтастыру, яғни оны 35 баспа табаққа сыйғызу мүмкін еместігі белгілі. Кітап соңында берілген қысқаша мәліметтік ақпар-анықтама әрі сілтеме сынды үлкен көмек көзі екендігі анық. Осы анықтама-ақпар арқылы түпнұсқалардағы материалдарды қындықсыз табуга болады.

Ахметтанум мәселесінде оның шығармашылық мұрасы жөніндегі жазылған яки қарастырылған ғылыми зерттеу еңбектер жетерлік. Библиографиялы ғалым Ұ.Сұбханбердинаның «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді

баспасөзі және көркем әдебиеті» (XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы) атты канадаттық диссертациясы негізінде 1961-ші жылы жарық көрген «Қазақтың революциядан бұрынғы баспасөзіндегі материалдар» деген 1-бөлімді библиографиялық еңбегі қазақ ғылымындағы соны жаңаңыз, ірі бетбұрыс болды [151, 156-б.]. 1956-шы жылдан бері үзбей қазақтың төңкөрістен бұрынғы баспасөзіндегі материалдарды жинауды, қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақ беттерді алғашқылардың бірі болып зерттеуге, Алаш ардагерлерінің еңбектерін ғылыми айналымға ендірген Ү.Сұбханбердинаның Қазақстандағы кітапхана қорлары мен мұрагаттарында қазақтың ертеде басылған газет-журналдары түгел сақталмагандықтан Санкт-Петербургтегі М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханадан іздестіріп, сонда табылған 1911-1915-ші жылдар арасында 88 саны шыққан «Айқап» журналының екі жиынтығын және жеке сандарының біразын Орталық ғылыми кітапханага жібертуге себепкер болған. Нәтижесінде «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар» атты библиографиялық көрсеткіш 1961-ші жылы Қазақ мемлекеттік баспасынан шықты. Алайда, қолжазбада ерекше аталып, орын берілген XX-шы ғасырдың басындағы ұлт зиялышары Э.Бекейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Г.Қарааш, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б. материалдар мемлекеттік цензураның «суыққолды» бақылауының салдарынан алғыншылтасталды. Дегенмен библиограф зерттеушінің білімдарлығының нәтижесінде саяси репрессияга ұшыраған ұлт зиялышарының есімдері бүркеме аттар немесе қысқартылған қүйінде мысалы «А.Б.», «М.Д.» деп жарыққа шығуы сол кез үшін теңдессіз ерлік еди [151, Б. 151-156].

Жекелеген, ұжымдық монографиялық зерттеулер. 1989-шы жылы Ш.Елеуkenов «Жаңажолдан. Сновый строки» аттығылымиеңбегі жарыққа шықты [152]. Кітапқа Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтың творчестволық мұраларын зерттеген мақалалары енген. Бұл Алаш зиялышары ақтағаннан кейін, олардың мұраларын зерттеуге жедел үн қосқан алғашқы еңбек. Әдебиеттанушы-ғалым Ш.Елеуkenов зерттеуінде А.Байтұрсынұлының шығармашылығындағы екі қасиетті – редакторлық пен ғалымдығын даралай көрсетіп, осы қырынан тұлғаны «Халқының көңілін көгерткен» деген тақырыпта қарастырған [152, Б. 94-109]. Ақынның орыс мәдениетімен байланысын талдай келе, қаламгердің Крыловтан аударған мысал-өлеңдерін: «Көркем шығарма – ауқымы кең дүние. Мұндағы шындық алуан қырлы болады. Крылов заманыбылай тұрсын, Байтұрсыновтың дәуренінен бері талай уақыт өтті. Сонда да олар жазған мысал дәл бүтінгідей естіледі. Эрине, бұрынғы мағынада

емес, жаңғырган сапада. Сондықтан Крылов мысалдарын өзінің әсем киімдерімен, терең мәғыналарымен, жеңіл де татымды тілімен жеткізе білген», қазақы қүйге енген бұл туындыларды «төлтума» деп қабылдау керек деген тың ұсыныс жасайды. А.Байтұрсынұлы баламалаған терминдер жөнінде арнайы зерттеулер ұйымдастырып, олармен тіл қорымызды байытуды ғылыми ортага жүктейді. Және «Ер Сайын» атты жинағын 1915-ші жылы Г.Н.Потаниннің 80 жасқа толуына орай, жинақтап, дайындалған шығармақ болғанын, бірақ сәті 1923-ші жылы Г.Н.Потанин қайтыс болғаннан кейін 3 жылдан соң түскенін айтады [152, Б. 94-109].

1990-шы жылы Арқалық баспаханасынан «Атамұра» атты әдістемелік көмекші құрал, (Құрастыруышы С.Кенжеахметов), 3000 данамен басылым көрді [153]. Бұл кітапшага Торғай өлкесінің бұрынғы тарихы мен мәдениетіне, қазақ халқының тұрмыс-салты мен этнографиясына, дініне қатысты деректер мен ғылыми тұжырымдар, мақалалар және гибратты сөздер жинақталған. А.Байтұрсынұлына қатысты, оның «қазақ әліпбійінің тұңғыш реформаторы» екендігі, Торғайда болған қозғалыстарға басшылық еткендігі туралы болжамдар айтып, мұны тарихшыларымыздың тереңдеп зерттеуіне ұсыныс жасайды [153, Б. 3-10].

Осы жылы «Білім» баспасынан Р.Сыздықованың «А.Байтұрсынов» атты кітапшасы, 11 500 таралыммен жарық көрді [154]. Тілші-ғалым Алаш арысының шығармашылық өміrbаяны мен қоғамдық қызметтеріне тоқталған. «А.Байтұрсыновты тану» атты тараушасында: «... ұлан-ғайыр еңбегі өз түсінда да, репрессияга дейін де айырықша аталды. 1923 жылы қазақ қоғамында бұрын-соңды болып көрмеген бір оқиға болды. Ол А.Байтұрсыновтың 50 жасқа толғанын атап өту еді. ... Аталған юбилей Орынборда, қазақ мәдениетінің сол кездегі тағы бір орталығы Ташкенте де өткізді» дейді, бірақ нақты деректер бермеген [154, 47-б.]. Шындығында, Ташкентте – 1922-ші жылы, Орынборда – 1923-ші жылы, яғни керісінше Орынбор бірінші емес, Ташкенте бірінші аталип өткен. Тілші зерттеуінде ғалымның «... өмірі мен қызметі туралы деректер А.В.Луначарскийдің жауапты редакторлығымен 1929-1931 жылдары шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» I-томында берілгенін, ал V-томында «Казахский алфавит» деген кесте беріп, онда бұл алфавитті «Байтурсыновский алфавит» деп жазылғанын айтады [154, Б. 48-51]. Және 1979-шы жылдың 18-ші желтоқсанында «Социалистік Қазақстан» газетінде академик жазушы Ф.Мұсіреповтың: «... осы ғасыр басында тұңғыш әліппеміз жасалды» деген астар-сөзіндегі еңбектің А.Байтұрсынұлының екенін дәлелдейді. Ғалым-тілші мұнан басқа «А.Байтурсынов агартушы, ғалым, қоғам қайраткері», «Ахметтану қалай басталды?», «Ғалым агартушы» т.б.

мақалалар жазды. «Тіл тағылымы» жинағының алғысөзін жазып, жалпы редакциясын басқарды.

1990-шы жылы «Жалын» баспасынан «О чем не говорили», (Құраст.: Л.П.Лукинина, Е.А.Сатыбалдиев), 50 000 таралыммен кітап жарық көрді [155]. Жинақта В.Григорьев, Н.Шапоревтің «Фрагменты времени» атты материалының Алаш Орда деген тақырыпшасында Алаш тарихын 1927-ші жылы А.К.Бочаговтың (ол сол тұста қазақ мемлекеттік баспасында қызмет еткен.) 56-б., 3000 таралыммен жарық көрген кітапшасынан бастау алатындығы, 1929-шы жылы Н.Мартыненко Қазақ өлкелік комитетінің ВКП(б) бөлімінің менгерушісі, 1935-ші жылы С.Брайнина, Ш.Шафироның «Очерки по истории Алаш Орды» атты жинақтарына шолу жасай отырып, ұлт зияяларының тағдырын толғақты мәселе етіп көтереді. Тұлғалардың тағдыр-талайын «ақ таңдаққа» теңегеннен гөрі, «лаулап жаңған от-тағдырлар» деген ой-тұжырымдарын ортаға салады [155]. Осы жылы «Жалын» баспасынан «Нәубет» атты публицистикалық ой-толғаулар, (құрастырушысы З.Қыстаубаев) жарыққа шықты. Кітап – ел басынан туған нәүбеттің зардаптары мен жеке басқа табыну кезеңінде жазықсыз жапа шеккендердің тағдыры тура-лы сыр шертеді. Бірінші бөлім 1931-1933-ші жылдардағы, екінші бөлімі 1937-1953-ші жылдардың ел жақсыларын қырып кеткен геноцидтің зардаптарын нақты деректер арқылы баяндаған мақалалар топтастырылған [156, Б. 122-145].

1991-ші жылы жарық көрген Р.Нұргалидың «Арқау» атты еki томдық жинағының 1-томы: Айдын. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі мәселелері, 2-томы: әдеби дәстүр, әдеби даму мәселелері әдеби шығарма, әдеби тұлға, әдеби қозғалыс түрғысынан талданады. Автор әлемдегі қазіргі көркемдік процеске, жанрлық түрлердің дамуы мен өркендеуді, дәстүр мен жаңашылдықтың категорияларының кемелденеуі, қазақ сөз өнерінің туып, қалыптасуына ұлken үлес қосқан, бірақ әдеби айналымға 1988-ші жылғы қаулыдан кейін ғана кеңінен ене бастаған көрнекті қоғам әрі қалам қайраткерлері: А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауитов, М.Дулатұлы, М.Дәүлетбаев, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Б.Майлин т.б. тарихи-теориялық еңбектерін жаңаша көзқараспен талдап, зерттейді. «Әуезов және Алаш» атты монографиясында Алаш арыстарының шығармаларының туу тарихына, түрлі нұсқаларына, жанрлық формаларға, сюжеттік-композициялық ұқсастықтарға, типологиялық қайталауларға, әдеби дамудың ерекшеліктеріне мән беріп, элеуметтік-қоғамдық идеяларды қарастырып, ғылыми қорытындылар мен байламдар жасаған [157, Б. 5; 157; 543-546].

1992-ші жылды «Жалын» баспасынан 30 000 таралыммен «Бес арыс» атты естеліктер жинағы жарық көрді. Құрастырушысы Д.Әшімханов, Кітапқа Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы туралы жазылған тарихи очерктер, әдеби зерттеу мақалалар, естеліктер енген. Ахаң туралы тарауына С.Сейфуллин, М.Әуезовтердің құттықтау-лебіздері, Т.Қожакеев, Р.Нұргалиев А.Мектепов, Ф.Әнестердің ғылыми зерттеу мақалалары, С.Кәкішев, Қ.Мұхаметовтердің естеліктері топтастырылған [21, Б. 478-540]. Алғысөз орнына берілген кітаптың беташарына жазушы Е.Мұстафиннің «Сыр ашу» эпостолярлық мұрасынан – әр занғарды заманында танудың, тани отырып талант құдіретін мойындаудың, өнер жолындағы «тайгақсыз ададықтың» үн-угағызын сезесіз. Жазушының «...Шәкәрім, Ахмет, Жұсіпбек, Магжандардың ғылыми, әдеби тамаша еңбектері әлі көмүлі жатыр. Неге? Өйткені ол еңбектерді ұрлап, жырымдап пайдаланып атақ алғандар, қарнына қазы біткендер бар. Бұлар көмбені ашқызыбауга тырысады. Ашылса, өздерінің қоясы бірге ашылады. Мен осы жайды кейінгі 5-6 жылда өзіміздің Орталық Комитетке үш рет кіріп, айттым» деген, 1979-шы жылғы жанайқайын берген [21, 7-6.]

1993-ші жылды Ө.Әбдімановтың «Қазақстан» баспасынан 5000 тиражын «Қазақ» газеті ғылыми зерттеуі жарық көрді [78]. «Қазақ» газетінің өмірге келу себептері, ұлттық баспасөз ашу жолындағы күрес жан-жақты қарастырылады. Зерттеу еңбекте энциклопедиялық басылымға айналған апталық газеттің болмысы ашылған. Ғылыми еңбек III тараудан тұрады: «Оянған сана өлкесі», «Замана шежіресі», «Әдебиет айнасы». Зерттеуші ғалымның тұган халқына істеген қызметінің үлкен бір саласы – қазақ баспасөзінің қалыптастасуын, яғни бейресми «Қазақ» газеті арқылы ұлт баспасөзінің негізін қаланғанын, газет қазақ оқығандарының саяси орталығы айналып бүкіл саяси-әлеуметтік іс әрекеттердің үйіткісі болғандығын тарихи дерек көздерімен талдап, дәлелдейді [78].

Әдебиеттанушы ғалымның мұнан басқа «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея», «Ахмет Байтұрсынұлы» атты монографиялары бар. Негізінен, ахметтанушы Ө.Әбдіманов 1992-ші жылды «Ахмет Байтұрсыновтың әдеби мұрасы» атты кандидаттық, 2007-ші жылды «Ұлттық идеяның XX ғасыр басындағы көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаган.

1994-ші жылды «Қазақстан» баспасынан Қызыл қырғын (Құраст. Қ.Касенов, Ә.Төреканов., 80-б., 50 000 таралыммен) атты кітап жарық көрген [158]. Жинаққа 1937-ші жылдары жеке басқа табынушылықтан, репрессия құрбаны болған қоғам қайраткерлері мен қаламгерлері туралы

материалдар топтастырылған. Мұнда А.Байтұрсынұлының өмірбаяны мен қоғамдық қызметтері туралы мақаланы А.Мектепов дайындаған. Автор «... оның тағдыры – қызын, бірақ кісі қызығарлық тағдыры. Ғұмыры аңы арманға толы, алайда, адамға өнеге боларлық ғұмыр. Мақсат-мұратының мазмұны кей тұста қайшылықта соқтырды десек те, өте терен» дей келе, ғалымның шығармасына терендеғен сыйын, оның тұлғасының зорайып, еңсесі біктеп бара жатқанын бүтінгі үрпақта өнеге етіп ұсынады [158, 16-6.]

1995-ші жылы Өзбекстан Республикасын «Узбекстон» баспасынан М.Джусуповтың «Фонемография Ахмета Байтурсынова и фонология сингормонизма» атты зерттеу еңбегі орыс тілінде 1000 данамен басылып шықты [159]. Бұл зерттеу еңбектің тіл мамандарына берер жаңалығы зор. 2002-ші жылы Ресей ғылым академиясының Шығыстану институты Ф.Ашнин, В.Алпатов, Д.Насиловтардың құрастыруымен жарық көрген «Репрессированная тюркология» атты жинақ осы айтқанымызға толық айғақ бола алады [160, Б. 177-195]. Бұл ғылыми басылым 5 тараудан тұрады. Төртінші тарауы Қазақстан ғалымдарына арналған. Тарау «А.Байтұрсынов», «Лингвист Шонанов пен Жұбанов», «Еуропашы бірінші қазақ (Ә.Бекейханов)», «М.Жұмабаев және басқа жазушылар», «Тарихшылар, көсемсөзшілер, сыншылар», «Орысагартушылар» деген алты ірі тақырыптан тұрады. А.Байтұрсынұлы туралы ғылыми талдаудың негізгі зерттеу нысаны – М.Джусуповтың мәліметтері бойынша талданып, таратылады. Мұнда ғалымның шығармашылық өмір жолы, мемлекеттік және қоғамдық қызметтері, сондай-ақ, түрмеге отыргызылу себептері мұрагат деректері негізінде баяндаған. Ерекше көніл аудараптық жайт: зерттеуші М.Джусуповтың Байтұрсынұлы әліпбінің негізгі қасиеттерін бүге-шегісіне дейін қарастыра келе, Н.Яковлевтің «Байтұрсынов өз заманына лайықты әліпбі түзуші, «мәдениниет қайраткері» деген пікірін жалаң пікір санап, онымен келіспейді. Өзбек ғалымы М.Джусупов А.Байтұрсынұлы өз замандастарынан озық түрган «лингвист-ғалым» деп санайтынын мынадай нақты ойлармен дәлелдеп шығады. «1930-шы жылдары Мәскеулік фонология мектебінің негізі қаланса, Ахмет Байтұрсынұлы бұл фонология теориясының негізін 1910-1920-шы жылдары қалыптастырып, қазақ әліпбін түрлөп түзеуде осы теорияны негізге алған» деген тұжырым жасайды [160, Б. 177-195].

Мәскеулік зерттеушілер М.Джусуповтың ой-танымдары мен ғылыми тұжырымдарын «Байтұрсынұлын аса дәріптеу болар» дейді. Дегенмен де «тарихи тұлғаның жогарғы білім ордасын оқымағанына қарамастан, орыс тілтанушыларымен ғылыми байланыс жасай отырып, өзінің ғылымдағы белсенді қайраткерлігінің нәтижесінде озық ғылыммен қатар тұрганын

мойында масқа болмайды» деген тұжырым жасайды. Эрі сол тұстағы латын әліпбійнің заман сұранымына қарай өмірге келгенімен, оны түзушілер де Байтұрсынұлы әліпбійнегі жүйені негізге алды. Демен, М.Джусуповтың пікірі ақиқатқа жақын деген ғылыми тоқтамға келеді [160, Б. 176-187].

1995-ші жылы «Атамұра» баспасынан «Абай мұрагерлері» атты Қ.Мұхамедхановтың 10 000 таралыммен кітабы жарық көрді [161, Б. 130-141]. Автор данышпан ақын Абай Құнанбайұлының ізбасарларына: Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауитов, М.Дулатұлын жатқызды. Қ.Мұхамедханов А.Байтұрсынұлының ұлан-гайыр еңбегін баяндай келе, ғалымның суренсіз күндерді сұрыптай отырып, қазақ баласына «әліпбі» түзгенін айтады. Өкінішке қарай, әліпбі өзгертудегі саясаттың салдарынан тарихи тұлғаларымыздың төл туындыларын оқи алмайтын мәңгүрт үрпақ өсірген Кеңестік кезеңнің қүнгейін «жанайқайымен» білдіреді. А.Байтұрсынұлы туралы мақаласында «... ақындық өнерде Ахметтің ұлы ұстазы Абай» деп, оның «Қазағым, елім» атты өлеңінен үзінді келтіреді де, қазақ халқының басынан өткен тарихи дәүірін жыр еткенде, «...Бұхар тұсы, Абай тұсы, Маса тұсы...» деп бөлген С.Торайғыровтың сонылығына сүйенеді [161, 134-6.]

1996-шы жылы «Әділет» тарихи-агарту қоғамының дайындаудымен «Азалы кітап» – «Книга скорби». Атылағандардың тізімі, 1000 данамен орыс тілінде жарық көрді. Кітаптың құрастырушысы әрі редакторы Н.Ялымов, М.Алданиязова. Мұнда Байтұрсынұлы Ахмет туралы мәлімет суретімен 53-бетте былайша беріледі: «Байтурсынов Ахмет. Род. 1870 г., ур. Тургайской обл. прож. гор. А-Атеп, казах, один из лидеров «Алаши-Орды», лингвист, обществ. и гос. деятель, б/работн. Осужден. тр. УНКВД по А-Атин. Обл. 25.11.1937 г. Реабилитирован опред. СУ ВС КазССР от 04.11.1989 г.» [162, Б. 6-19, 53-6]. Осы мәліметті берушілер А.Байтұрсынұлының шын тұған мерзімін негізге алмаған, сол түрме қабыргасында қатталған сұрақ-жауап барысында айтылған дата жазылып отыр. Мүмкін бұл дұрыста шығар, десе де ғалымның өзі берген деректерге сүйенсек, ол былай деп, тым болмаса жақша ішінде анық мәліметті беруге болады гой. Егер бүгінгі кітап түзушілер бас-басымызға түрлі-түрлі деректерді түрліше сайратар болсақ, оқырманды адастырамыз. Бір адамның басында үш түрлі 1870, 1872, 1873 тұған жыл болуы мүмкін емес. Оның үстіне осы үш түрлі датаның қайсысының анық, дәл екенін айғақтайтын мұрагат деректері жеткілікті. Соңдықтан сөзбүйідалыққа салынбай, А.Байтұрсынұлының өз қолымен жазылған сауалнамалардағы датага – «5/09.1872»-ге тоқтауымыз шарт.

1996-шы жылы З.Қабдолотовтың «Көзқарас» атты талдаулар мен толғаныстары «Рауан» баспасынан 3000 таралыммен басылып

шықты [163, Б. 70-80]. Кітапқа бүгінгі жаңа кезеңдегі «жаңаша ойлау» тұрғысынан соңғы жылдары жазған әдеби сын, ғылыми зерттеу еңбектері мен публицистикалық очерктері кірген. «Ахаңның әдеби қисындары» деген толғау-толғанысында: «... Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеүде секілді еді. Ал басы жоқ дene болама. Қайтейік, болады деп келдік ...» дей келе, тұған топырағымыздағы Әдебиеттеориясының басы болып табылатын «Әдебиеттанытқыштың» қадір-қасиетін бүгінгі күн тарапынан талғап-талдайды [163, 70-6.]. Зерттеуінді ғасыр басында ғалым салған пәнсөздік: ұғым-атауларды «Ахаңның қисындары» деп әспеттейді.

«Дау шешеді дана сөз» атты кітап 1996-шы жылды жарық көрді [164]. Құрастырушысы О.Әбділдаұлы. Кітапқа бабалар мұраларының ең таңдаулы шығармалары топтастырылған. Абыз ақындар айтқан гибратты ұғымдардың дәл қазіргі «құқықтық мемлекет құрамыз» деп жүрген дербестік тұсқа тірек болғандай жырларын ұсынған. Кітапқа 82 тұлғаның таңдаулы туындылары енген. Сонау XII-XIII ғасырдағы Майқы биден бастап, кешегі 1900-1946-шы жылдардағы И.Байзақовтың толғаулары да қамтылады. Хронологиялық тәртіпті ұстанған бұл жинаққа Байтұрсынұлы Ахмет 66-шы реттік нөмірмен орналасып, оның «Жауга тұсken жан сөзі» мен «Қазақ салты» өлеңдері кірген [164, Б. 247-248].

1996-шы жылы «Жеті жарғы» баспасынан М.Құл-Мұхаммедтің «Алаш ардагері: Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары» атты зерттеу жинағы жарияланды [165]. Тарихи тұлға – Санкт-Петербург университетін бітірген қазақтың тұнғыш құқық магистрі Ж.Ақбаевтың тағдыры-талайы мұрагаттық құжаттар негізінде қарастырылып, талданады. М.Құл-Мұхаммед сарғайған материалдарды саралауда Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бекейхановтың түрмеге қамалуының себептерін қатталған құжат тілімен сейліткен. Ғасыр басында халқына келген індетке қарсы тұрып, қара жұртын ығына алған алыптардың тағдыры бір-бірімен тығыз байланыста болғаны – зерттеудің өн бойында шынайы баяндалады [165, Б. 4, 17, 19-22, 29, 54-61, 77-96].

1997-ші жылы физик-ғалым М.Сұлейменовтің «Яркий носитель духа человечности» атты кітапшасы өте аз таралыммен басылып шықты [166]. Кітапшага күрескер-ақынның 11 өлеңі орыс тіліне аударылып, олардың мазмұны туралы автор өзінің ой-тұжырымдарын бірге береді. Сонымен қатар, ғұламаның қысқаша өмірнамасы мен ақын өлеңдеріндегі кейбір тәржімәге көнбейтін, мәселен, «Греке, арыс, би, сұңқар, жұт, әруақ» сөздеріне түсінік беріп, талдап-таратқан.

Осы жылды «Білім» баспасынан жарық көрген Д.Қамзабекұлының «Руханият» атты зерттеу жинағына алдыңғы тараушада тоқталғанбыз [127]. Қосарымыз, жалпы 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында Алаш зиялышарының «ақталып», ресми тарихымызға қайта ора-лу кезеңімен қатар енген «руханият» сөзінің мән-мазмұнын тәуелсіздік түргышынан талдап, екшейді. Рухани мәдениеттің бір белгісі – ғылым жо-лын тану, өршіл Рух ұстыны бекем руханияттан туатыны, А.Байтұрсынұлы анықтаған халықтың «тірнек өнері мен көрнек өнері» Рух һәм руханиятқа байлаулы екені айтылады. Д.Қамзабекұлы мұнан басқа «Алаш және әдебиет» атты монографиясында қазақ оқымыстыларының агарту саласындағы танымдарын Бастанқы (1860-1890 ж/ж.), Негізгі немесе Алаш (1890-1920 ж/ж.), Инерциялы (1920-1929 ж/ж.) агартушылық деп бөліп, қарастырган [167].

1998-ші жылды Г.Дулатованың «Шындық шырағы» атты бірінші кітабы 298 бет, екіншісі 363 бетпен басылып шықты [168]. Өткініштісі, бұл тарихи әрі көркем шығарманың баспасы мен таралымы көрсетілмеген. Кітап авторы Алаш ардақтысы Міржақыптың ұрпағы екенін ескерсек, мемуардағы естелік-әңгімелердің қаншалықты маңызды екенін түсінкіті. Ал Г.Міржақыпқызының әке айналасындағы қазақ зиялышарының көзін көріп, тәрбиесін алғандығы тіпті, бөлек әңгіме. Қолжазбаны оқыған әдебиетши-галым Т.Кәкішұлы 1997-ші жылды мамырдың 1-і күні «Ақиқаттың ана-сы – шындық» атты алғысөз жазған. Т.Кәкішұлы кітаптың 1995-ші жылды 500 данамен басылып шыққандағына тоқтала отырып, жалпы Ғұлнар апайдың БАҚ-та әкесі туралы жазылған мақалаларына да өз кезегінде де пікір білдіргендігін, бұл еңбектің Алаш ардақтылары туралы ақиқатқа негіз боларлық дерек көзі деп, мұндағы мәліметтерді келешек зерттеушілердің айналып өтпеудеріне ескерту жасайды. Шындығында, Т.Кәкішұлының бұл кітапқа жазған тұсаукасер сөзінде, «88»-де ақталды деп жүрген аяулыларымыздың мұралары ел ішіне 1957-ші жылды Уфадан жеткізілген жеті жұз кітаппен бірге келгенін естігенде «апыр-ай, неткен момынбыз» деп еріксіз бас шайқайсыз. Ал, сол келген соны дүниелерден хабардар болған кейбір саналы жандардың «жар жагалап жүріп» Алаш шығармаларынан көшірмे жасап алғандығын естіп, арамызда арлы аза-маттар бар екен-ау деп шүкіршілік етесін.

Г.Міржақыпқызының естелігіндегі атаекесі Ахмет Байтұрсынұлына қатысты жазылған тұстарды толқымай оқу мүмкін емес. Бірінші кітапта Ахаң арналып арнайы тақырып берілмесе де, әкесі жөнінде өрбіген әрбір әңгіменің өн бойында «атасы – Асқар, юст – Ахаң, прос – Ахаң, Әлихан – атаекесі», жолдастары көрініс береді. Ғұлнар өзі мен замандастарының

ерте есейгенін, балалық балдәурен шақ гүмбырының шолақ болғанын көкірек шері тілімен риясыз жеткізген. Элбетте, қазақ ішінде тұңғыш роман жазған Міржақыптың мәр-мәр тілі қызы Гүлнарға жұғысты болмауы мүмкін де емес шыгар. Қалай десек те апайдың бала құнделі тауқыметті тағдыры, есейгенде де етегінен шалған есерлердің көргенсіздігі көніліне түйткіл салып, жүрек жарасын қозғап отырған. Міне, осылардың барлығы да қаламына жан бітірген.

Төрт көзі түгел, айналасы аман, жайма шуақ құндерде, әкесі Міржақыптың атып әкелген құстарынан таңдал отырып, Қырғауылды атаекесіне алып бара жатқан кішкентай Гүлнардың мейірбандығына мәз боласың. Қатар отырған қос үйдің ерке балаларына «Аталарың кітап жазып отыр», «Улken кісінің демалысын бұзбаңдар», «Тамақça алдымен ата-әжелерінді шақырыңдар» деген инабатты келіні Файнижамалдың қамқор жүргегіне сүйсінесің. Өмір шіркін, тек жақсылықтан тұрмайды екен гой. Бастарына қайғы-қасірет түскенде де бірге болған тұган інісіндей жанашыры Міржақыптың ұлы Әлібектің қазасына қабырғасы қайысып, келініне жұбату айтқан Ахаңның мұнын тағдыр тәрк етіп, онан да үлкен сынақ жібереді. Қарашаның қара суығымен бірге «Міржақып өлді» деген қаралы хабар алған олар, қан жұтады. «—Гая, қарагым, сен үлкен қазаның үстінде отырсың, Әлібек қайтқанда, «акырын сұра» деген едім, енді Міржақып інім өлгенде, «не айтарымды білмей отырмын» деп, өксіген Ахаңның бейнесі көз алдында деген Ботакөз Асқарқызының лебізін оқығанда, жанарың тұманданып, деміне тұншығасың. Екінші кітаптағы «Тағдырластар» (Б. 230-260) және Ахаңның ағасы Қали қызы Сәкеннің әңгімесі (Б. 286-299, 309, 361) баяндалған тақырыптар қуаныш пен қасіретке толы құндерді көз алдыңызға кинодагыдан тізбелеп береді. Жалпы, бұл кітаптарды бір деммен оқып шығу мүмкін емес, бірде – сүйсінсөн, енді бірде күйінесің. 1910-шы жылдары «Бақытсыз Жамалды» жастанып оқыған жандар сықылды, мен де «сұрап алған бұл кітапты» уақытынан ұзағырақ ұстап, қайта-қайта оқығаным рас. Кейбір тұстарында көз жасына ерік бердім десем, ол әсірелегінім емес, имандай шыным еді. Кітаптың санаулы тиражына қарамастан, қолдан-қолға өткені анық. Элбетте, мұндай тарихи шығарманы мемлекет тапсырысымен жарияласа, талайлардың тұмшаланған көкірек көзі ашылар еді-ау.

1998-ші жылы Б.Ілиястың «Алтын бесік» атты кітабы қазақ, орыс тілінде «Қостанай баспа үйі» баспасынан бар-жогы 600 дана таралыммен жарық көрді [22]. Бұл кітап А.Байтұрсынұлының тұган елі мен өскен ортасына Қостанай университеті тарапынан жоспарлы түрде жүргізілген экспедиция материалдары негізінде жазылған. Кітап – Қостанай облы-

сы әкімінің аппараты, ҚР Ақпарат және қоғамдық көлісім министрлігі облыстық басқармасының тікелей қолдауымен, «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына» орай шыгарылған арнайы басылым. Б.Ілияс – Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулерін жазғанда, оның шыққын тегі, тұган топырағымен байланыстыра отырып, тағылымы зор тәрbiелік мәліметтер бере алған қаламы қарымда жазушы. Автордың Ахаң өміріне қатысты басқа да материалдары ағымдағы БАҚ-та үнемі жарияланып отырды. Б.Ілиястың Қостанай қаласында Ахаң тұрган үйді тауып, оны тарихи ескерткішке айналдыру қажеттігін айтЫп, 1993-ші «Егемен Қазақстан» газетінде өзекті мәселе көтергені, кезінде қолдау тапқанымен, аяқсыз қалды. Бұл тағылым үйіне Қостанай облысының әкімшілігі 1998-ші жылы галымның 125 жылдық мерейтойы қарсаңында тек тақта ілumen шектелді. Жазушының Ахметтің жұбайы Бадрисағаның тағдыры туралы «Құсалықпен өткен өмір» атты толғақты мақаласы кімкінің де жүргегін қозғаганы анық.

1998-ші жылы А.Асқаровтың «Ұлы Тұранның Ұлдары» атты кітабы «Нұр әлемі» баспасынан жарық көрді, таралымы 3000 дана [169, Б. 142-144]. Қазақ, орыс тілінде. Автор еңбегін Тұранды өркендетіп, өркениетті әлемнің қатарына қосу еншісі бүйірып тұрган бүтінгі һәм болашақ өскін ұрпақтарға арнаган. Осы жинаққа А.Байтұрсынұлы (1873-1938 ж.ж.) қазақ, орыс тілінде қысқаша маглұмат беріліп екі өлеңі енген. Кітап авторы мемлекеттік қайраткер А.Байтұрсынұлын Тұран топырағында рухани мұра қалдырган данышпан ойшылдардың бірі деп бағалайды [169, Б. 142-144, 350-351].

Ғұламаның 125 жылдық мерейтойы құрметіне 1998-ші жылы халықаралық ғылыми конференция өткізіліп, оның материалдары «Ғылым» баспасынан ҚР БФМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының дайындаудауында «Ұлттық рұхтың ұлы тіні» атты ғылыми мақалалар жинағы құрастырылып, 1999-шы жылы жарық көрді [58]. Жинаққа шетел ғалымдарының да мақалалары енді. «Замандастары Ахмет Байтұрсынұлы туралы» тарауда 50 жас мерейтойындағы мақалалар, библиографиялық 2, жалпы саны 8 мақала топтастырылды. Екінші тарауда ел хатшысы Ә.Кекілбаевтің материалынан бастап, өркениетті елдердің Анкара, Берлин, ТМД елдерінен Мәскеу, Ташкент, Бішкек ғалымдарының ұзын-саны: 16 мақала топтастырылған. Тарау «А.Байтұрсынұлы ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері» деп аталады. Ал үшінші бөлімге, яғни, «А.Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімі» деген тарауға 31 мақала қамтылған. Бұл жинақ ҳақында алдыңғы тараушада тоқталғанбыз.

1998-ші жылы «Ғылым» баспасынан әдебиеттанушы А.Ісімақованың «Қазахская художественная проза» атты зерттеу енбегі жарықта шықты [170]. Зерттеу XX-шы ғасыр басындағы және қазіргі әдебиеттегі Қазақ көркем прозасының поэтикасы, жанры, стилі туралы Алаш арыстары: Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтардың Абай шығармашылығына жазылған ғылыми талдау материалдарына теориялық сараптама жасайды. Зерттеуші-ғалым қазақ көркем прозаларының фольклормен терең байланысын, әлемдік әдебиет дамуының тәжірибелері мен беталыстары (тенденциялары) негізінде қарастырады. Зерттеушінің мұнан басқа «Ғылым» баспасынан 2000-шы жылы «Возвращение плеяды» атты монографиясы басылым көрді [171]. Зерттеуде «...ресей ғалымы М.Бахтиинің «романизация стиля» деген тұжырымымен 1970-ші жылдары танысып, таң қалып жүрсек, Ахмет Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау XX-шы ғасырдың 20-жылдары түсіндіріп кетіпті» деп жазады. Әдебиеттанушы өз пайымын «...әдебиет теориясының терминдерін, талдаужүйелерін қазақша күмбірлете сөйletіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде көтеріп тастаганын біз бүтін мақтаныш ете аламыз» деп қорытады [171].

2001-ші жылы Н.Бектемісұлының «Ахмет үшқан алтын үя» атты кітабы «Елорда» баспасынан таралымы 1000 данамен жарық көрді [172]. Автор кітабында А.Байтұрсынұлы өмірге келген өнірдің данагөй ақындары туралы, нақтырақ Торғайдағы ақындық мектеп жөнінде ой толгайды. Осы ежелгі Торғайдағы ақындық мектептің Ахметтің ақын болып қалыптасуына себепші болғанын, оның көнекөз, аузы дұғалы ақындардан бата алғанын, сол батамен Ахметтің ақын ғана емес, күреспек болып ел намысын арлаганын айтады.

2002-ші жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлтық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы дайындауымен «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-кітап: Оқу құралы» атты жинақ аталаған оқу орнының баспа-ханасынан жарық көрді [173, Б. 64-82]. Кітаптың жалпы редакциясын басқарған Т.Кәкішұлы, ғылыми редакторлары: Р.Тұрысбек, Қ.Мәдібай. Оқулық 455 бет, таралымы 1000 дана. Кітаптың бірінші бөлімі: «XX ғасыр басындағы әдебиет» деп аталаып, мұнда «Алаштың азатшыл әдебиеті» деген тақырып аясында XX-шы ғасыр басындағы әдебиеттер алыптары: А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, Ж.Аймауитовтардың шығармашылықтары туралы талдаулар топтастырылған. «Кеңес дәуіріндегі әдебиет» атты екінші бөлімі «Кеңес заманы – қазақ әдебиетінің дамуындағы бір кезең» және «Шетелдегі қазақ әдебиеті» деген тараулардан тұрады.

ЖОО-на арналған оқулықтың «А.Байтұрсынұлы» тақырыбында берілген ақпараттық мәліметтерде өмір жолында қателер жіберілген. Тұлғаның туған жылы, айы, күні, өлген уақыты дұрыс емес «28/01.1873-1938». Ахметтанушы Θ.Әбдіманұлының ғалым жазған «Өмірдерек» атты мұрагаттық құжатқа сілтеме жасай отырып, ондағы «туған жылым «мешін» (1872)» деген мәліметті неге ескермегені түсініксіздеу. Ахметтің үлкен әкесі Ақтасты, Байтұрсынның «інісі» десе, ал қайраткердің өміріндегі ерекше кезең оның 50 жасы туралы Орынбордагы өткізілген шараны таратып талданғанымен, 1922-ші жылы Ташкенттегі ғалымға арналған «Лайықты қошеметті» назардан тыс қалдырыған. Ғалымның әдеби мұрасы туралы толық 1895-ші жылы жазылған оның тырнақалды мақаласынан бастап, 1926-шы жылғы соңғы соны туындылары толық қарастырыған. А.Байтұрсынұлының әдебиетке қатысты ой-пікірінің бастау көзін «Қазақтың бас ақынынан» басталып, сөз өнерін танудағы әйгілі еңбегі «Әдебиет танытқышқа» ұласты дейді. Ал аудармасы хақында, Крыловтан аударылған мысалдарды «төл туынды» деп, «Маса» өлеңдер жинағы – қазақ поэзиясына күресшілдік сарын әкеліп, азаттық жырдың озық ұлғасын шашты дейді. Күрескер ақынының шығармашылығы XX-шы ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің даму тарихындағы білік белес болып қалады, әрі төңкеріспіл-демократиялық поэзияның негізін қалап, қазақ өлеңіне азаттыққа ұмтылған азаматтық жыр ұлғасын алғып келді деп қорытады. [173, Б. 64-83]

2002-ші жылы әдебиеттанушы Н.Рымгалидың «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» деп атты зерттеу еңбегі Астанадағы «Құлтегін» баспасынан жарық көрді [129, Б. 12-35]. Кітапқа XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің Ахмет, Әлихан, Магжан, Міржақып, Мұхтар, Сәкен, Ілияс, Сәбит, Фабит сынды алғып тұлғаларының шығармашылық тағдыры ұлттық рухтың бейнеленуі деңгей түргысынан жаңаша зерттеген. Зерттеу беташары етіп А.Байтұрсынұлының «Қазақ салты» деген 7 шумақты өлеңін, ал кітап басы етіп «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған» деген тақырыпта осы жолдардың авторы, әрі өзінің әдебиеттегі рухани ұстазы А.Байтұрсынұлының ғұмыры, шығармашылығына туралы (1991) жаңа түргыда толықтыру, соны пайым, түйінді тұжырым жасайды. Зерттеуін «XX ғасырдағы қазақ әдебиетін – ұлттық өнердің алтын ғасыры» деп, аялауының астарында «...партия қауалы-қарапларымен ой нысанасын, тақырып жүйесін, бейне бағытын, әдіс тәсілін белгілеп берген кеңес дәүірі әдебиетінің алғашқы өкілдерінің бәрі де Алаш ұранды әдебиет шығармаларымен ауызданған, жазу-сызудың әліпбійн солардан үйренген» деген лебізінен өзінің шыққан мектебін нұсқаған ишараны анық байқауға болады [129,

Б. 5-8]. Автор А.Байтұрсынұлының есімі Кеңес Одағы тұсында қасақана сылынып қалғанына тоқтала отырып, ғалымның аяулы есімінің 1988-ші жылдан ресми оралуымен қатар, тұлғаның төл туындыларының да телінұсқаларының қайта басылым көргеніне және бұл еңбектер хақында тілші-әдебиетшілердің айтқан пікірлеріне жүтінеді. Ғалым-реформатор туралы түйін сөзін, оның «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген өлең сөзімен қорытады.

2004-ші жылы Алаш зиялышарының бірі Ф.Сатыбалдыұлының «Шерлі жылдар, шерулі жылдар» туындысы Қостанай «Баспа үйі» баспаханасынан 500 данамен, құрастыруышлары: Т.С.Сатыбалдин, Р.Зияйтденовтың дайындауымен жарияланды [174]. Бас редакторы Хамитбек Мұсабаев. Кітапқа аңдатпасында «...ойранды 30-шы жылдары жазықсыз құғын-сурғінге ұшырап, тағдыр тауқыметін тартқан, ададықтан айнымай, қындыққа мойымай, өмірі мен қызметін туган халқына арнаған Ф.Сатыбалдыұлының әр жылдарда – абақтыда, айдауда жүріп жазған, кезінде газет-журналдарда, кітаптарда жарық көрген еңбектері жинақталып берілген» жазылған. Осы кітаптың 62-63-ші беттеріндегі: «Тас түрмеде», 121-123-ші беттеріндегі: «Ахмет қайтыс болды дегендे» атты өлеңдер А.Байтұрсынұлына арналған. Ф.Сатыбалдыұлы – Ахаңмен замандастар, әрі жерлес. Ол өз кезеңінде құранқарі ақын атанған, діни сауаты зор, көзі ашық, ауқатты, он саусағынан өнер тамған шебер зергер адам болған. Оның Ахаң қазасына арналған жоқтау-жырының өн-бойында ғұламаға деген құрметімен қатар, үлкен қайғысы да шынайы суреттелген. Кемеңгер Ахаңды данышпанга теңеген өлеңіндегі:

«...Азамат тату-тәтті болса сыйлас,
Өлімге бірін-бірі сірә қимас.
Тең жорға төрт аяғы тұлпар едің,
Сендей жан бұл фәниде қайта тумас», -

деген жолдардан оның «аһ, үрган шерін, енді мұндаидай ұл тумас» дег, өзек өртеген өкініші өріледі. Бірақ, «қазақ көшін алға сүйреген Ахметтің» еңбегі ақталатынына: «Ақиқат ақ сейлейтін туар заман, Боларын ондай күштің білмес надан. Халыққа зәбір берген зәнталақтың, Көрерміз сонда жайын болсақ аман» дег, зор үміт артады. Рухани замандастар інісі Файзолланың үкілі үміті ортага жарты ғасыр уақытты салып, мұқым елді үздіктіріп барып, іске асты.

Осы жылы ақын-ғалым Серік Оспанұлының «Ахмет өскен ақындық орта» атты кітабы Қостанайдың «Шапақ» баспасынан 12 000 данамен

жарықта шықты [175]. Еңбекте Ахмет Байтұрсынұлының ақын болып қалыптасуына иғі әсерін тигізген аға үрпақ өкілдері және ақын Ахметтің ықпалы тиғен кейінгі буын туралы сөз болады. Автор Торғай ақындық мектебі өкілдерінің жалпы ерекшеліктер мен нәзік іірімдеріне өзіндік саралтаулар жасайды.

2006-шы жылы «Гауһар» баспасынан академик К.Сагадиевтің «Реформы: аналитический взгляд» атты 4 кітабы, таралымы 1000 дана жарық көрді [176, Б. 281-286]. Кітапқа ғалымның әр жылдары БАҚ-та жарияланған мақалалары, сұхбаттары, ресми мекемелерге жазған хаттары, түрлі ғылыми конференцияларда жасаған баяндамалары енген. Бірінші кітабы «Жаңару көшінде» деп аталып, үш бөлімге жіктелген. Кітаптың беташары ретінде XX-шы ғасыр басында ұлттық ғылымның негізін қалап көшбасшы болған ғалым-реформатор Ахмет Байтұрсынұлының гибратнамасы: «Дүниенің төріне қызыққандар төрде орын алып жатыр. Тырыспагандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай төрге тырмысалық, басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, бізде солардың істегенін істейік» деген айшығы беріліпті. Өте қонымды қысын. Адам баласы уақыт озған сайын, замана ауанындағы көштен қалғысы келмейді. Іргеңдегі озық елдің екініне төтеп берер экономикан, білімін мен ғылымың сай болмаса, адыра қалатынымызды сұңғыла ойлы ғалым дөп басып, анық көрген.

Дәл осы ойды бүгінгі жаһандану кезеңіндегі өркениетті елдердің көшінен қалмас үшін қалай, қандай қадамдар жасау қажеттілігі жөнінде XXI-ші ғасырдың тоғысында Ахаң шыққан Торғайдың тұлегі Сагадиев өзінің өмір тәжірибесінен жинақтаған салиқалы ой-тұжырымдарын ортага салады. Арада ғасырға жуық мезгіл өтсе де, адамзат баласының ғылымның ғаламдану көшінде өзінің ұлттық болмысын жоғалтпауы ең өзекті мәселе екенін алғашқы ғалым да кейінгі ғалым да айтады. К.Сагадиев ғасырлар тоғысындағы түрлі жаңартулардың жаңғырығы ұлттық рухымыздың діңгегін шайқамайтынына сенімді. Оның пайымдауынша жер бетіндегі барлық ұлтқа ортақ техника ғылымдарымен қатар, әр ұлттың болмысын танытатын ұлттық ғылымы – оның тілі, әдебиеті, өнері, мәдениеті, тарихы бір сөзben айтқанда гуманитарлық ғылымы қатар дамып, бірге жүргізіліп отыру керек екен. Өзінің келелі ойын «ғылымсыз ғұмыр – тұл» деп қорытады тәуелсіздік кезеңінде бүгінгі ғалымы.

К.Сагадиевтің екінші кітабы осы алғашқы кітаптың жалғасы іспетті. Мұнда бүгінгі егеменді Қазақстандағы экономика ғылымының еліміздегі өндірістің барлық саласындағы тұрақты даму жолдарының өзекті мәселелері сөз болады. Экономист-ғалым қазақ ғылымына кеңінен енген экономика терминінің адамзат баласының қалыптасуы мен даму үрдісінде

ХХ-шы ғасыр басындағы қазақ елінің ұлттық ғылымында жүргізілген жұмыстардың бір саласы – оқулықтар жасау болғаны белгілі. Сол тұста елімізде жаңадан ашылып жатқан жогары оқу орындарын есептемегенде, мектеп оқулықтарының өзі де жоқтың қасы болатын. Қазақ тіл білімі мен әдебиетте сан салалы зерттеу жұмыстарын жүргізумен бірге, түрлі оқулықтар жасаудың да қажеттілігі сезіліп, маңызды мәселе ретінде алға қойылған тұста – А.Байтұрсынұлы оқулықтар жазу мәсеселесіне өте жауапкершілікпен ұт мұдасі тұрғысынан қараган. Ол патша заманында қазақ жұртының қажетін өтеген кирил таңбасындағы қазақ алфавитіне мойынсұнбаған, төтеден жол ізделеген. Қазақ жұртының төл, ана тілін сағ қалпында сақтау үшін қандай таңбаны «әліпби» етіп алу керектігіне зор мән берген. Әрі осы жолда тыңнан түрлен салды.

А.Байтұрсынұлы ұт жазуының таңбасын алуда аса сақтықпен «қазақ ұлтының болмысын жоғалтпайтын, дыбыстық ерекшеліктерін бере алатын, әрі ислам дінінің уағызы арқылы келген араб графикасын таңдады. Сонымен қатар, ежелден келе жатқан қадим жазуындағы дала ғұламаларының зерттемелерін де негізге алды. Қазіргі қазақ филологиясы ғылымындағы ғалым-реформатор, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы туралы тіл саласында бірнеше зерттеу еңбектер жазылды.

Атап айтсақ, 1991-ші жылы Ө.Айтбаев «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы» (докторлық диссертация) [8], 1994-ші жылы Н.Машқанова «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы» [9], 1995-ші жылы А.Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» [10], 2005-ші жылы Қ.Ибраимов «Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері» [11] атты кандидаттық зерттеу жұмыстарын жазды. Тілші-мамандар өз еңбектерінде тіл саласындағы ғалым жүйелеген категорияларды бүгінгі таныммен бай-

ланыстыра қаастырды. Зерттеушілер А.Байтұрысның айшықтары мен тұжырымдамаларын қазақ тіл білімінің бастауы деп таныды. Бұл күні ағартушының қайраткерлігін педагогикалық қырынан да зерттеңген ғылыми еңбектер едәуір. Мәселен, 1999-шы жылы Р.Үсембаева «Ахмет Байтұрысның мұралары арқылы бастауыш сыйып оқушыларын адамгершлікке тәрбиелеу» [12], 2000-шы жылы Б.Иманбекова «А.Байтұрысновтың тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары» атты ғылыми еңбектер қоргады [13].

Қазақ әліпбіи немесе Байтұрысның емлесі. Әліпбі – тек сауат ашуғана емес, ілім-білім үйренудің бастау көзі, ғылымға апаратын сара жол. М.Әуезовше айтсақ, «Ақаң ашқан қазақ мектебінің» ұстанымы – қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның әлеуметтік ортада ой-танымы мен талғамын қазақша қалыптастыру болған. Өйткені, сол тұстагы қазақ арасынан оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны және сол тілдермен ана тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан да А.Байтұрысның қазақ ұлтының табиги қалпын сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру жүйесінде ана тілмен оқыту тәсілін ұстанды.

Әрі осы жолда қазақ баласы үшін түрен жол салып берді. «...Қазақша дұрыстап қат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылмания оқып жүрген жолменен оқуды айттаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылмания оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жыргалагы көп, оныменен жүріп қат жаза білуге жеткение русша білуден уақыт кем кептейді. Себебі, қазақ тіліменен оқытпай, ногай, түрік, парсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып бас қатып, мый ашип, балалар әуре-тәуре болады. Сондықтан оқу керектігі даусыз болса, оқуга керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз. Жақсы құралменен іс істегендеге көпке тиіп жанды қинамайды. Оқу құралы да сондай, жан қинамайтүгін болса, жақсы болады. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң зеулі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек?» - деп, «ана тіл» деген пәнсөздің негізгі мәні атау тұлғадағы үгым екеніне үлкен салмақ салып, әрі төл тілдің бастау көзін ашып алады [7].

Осы мақаладағы асты сызылған тіркестердің мән-мағынасын ашып жатудың өзі артық, бірақ осы «Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылмания оқып жүрген жолменен оқуды айттаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын» деп, таза арабшамен тіл сындырушылардың

да төл тілінен ажырайтынын, қазақша қалпын жоғалтатынын айтып отыр. «Қазақтың тіліменен оқытуды» көкseyді, сол қазақ тілінде оқытудың амал-тәсілдерін, «соқырға таяқ ұстапқандай» көрсетіп те берді. Ең бастысы «әліпби түзелмей, іс оңалмайтынын» білген агартушы қазақ әрпін әрлеуді қолға алады. Енді Ахаң түзген әліпбидің кестесі ұсынамыз.

Байтұрсынұлы әліпбійнің кестесі

№	1912	1927	латынша	Кирил-ше	Айтылуы
1	2	3	4	5	6
1.	ا	ا	а	а	а
2.	ғ	ғ	ə	ә	ә
3.	ب	ب	б	б	бы/бі
4.	پ	پ	پ	п	пы/пі
5.	ت	ت	ت	т	ты/ті
6.	ج	ج	c	ж	жы/жі
7.	د	د	d	д	ды/ді
8.	ر	ر	r	р	ыр/ір
9.	ز	ز	z	з	зы/зі
10.	س	س	s	с	сы/сі
11.	ش, ج	ش, ش	c, c	ш	шы, шы/ші
12.	غ	غ	Q	ғ	ғы
13.	ف	ف	q	қ	қы
14.	ك	ك	k	к	кі
15.	گ	گ	g	г	гі
16.	ڭ	ڭ	n	ы	ын/ің
17.	ل	ل	l	л	ыл/лы; ىل/لі
18.	م	م	m	м	мы/мі
19.	ن	ن	n	н	ны/ні
20.	ۋ	ۋ	o	о	о
21.	ۇ	ۇ	ö	ө	ө
22.	ئ	ئ	ü	ү	ү
23.	ۋە	ۋە	ü, w	у, ү	у, ү,
24.	ھ	ھ	e	е	е
25.	ى	ى	ы	ы	ы
26.	ئى	ئى	j	і	і
27.	ې	ې	ü	и	й
28.	ئى	ھ	e	е	ие
	ـ	ـ			дәйекше

Сонымен реформатор-ғалым әліпбидің ғылыми сипаттамасын: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері (харіфлері).

Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты» деп жіктеп жүйелейді. Дауысты дыбыстар: ۱ (а), ئ (о), ئ (ү), ئ (ы), ئ (е). Дауыссыз дыбыстар: ئ (б), ئ (پ), ئ (ت), ئ (ج), ئ (ش), ئ (د), ئ (ر), ئ (ز), ئ (س), ئ (ف), ئ (ق), ئ (ك), ئ (گ) (گ), ئ (ه) (ھ), ئ (ل) (ل), ئ (م) (م), ئ (ن) (ن). Жарты дауысты дыбыстар: ئ (ي)±, ئ (ئ)±. Бұл дыбыстардың ішінде қ həm f dəjim жуан айтылады, g, k, həm e dəjim жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстың hər қайсысы екі түрлі айтылады: бірде жуан айтылады, бірде жіңішке. Егерде «...бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек десек, мысалы: «ت س» сықылды, онда 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын ئ менен ئ-ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын «ك گ» həm харіптерді қосқанда, həmmасына 43 харіф керек болар еді» деп жазған алғашқы ана тілінің жүйесін салушы. Міне, осы қазақ тілінің табиғатына қарай оның дыбысталу жүйесін басшылыққа алған Байтұрсынұлы пайымын кейбір жазушылар «42 әріпті түзген» деп бұра тартып жарнамалап жүр.

Реформатордың зерттеуіндегі тереңдетіле түсіндірелетін танымдарға зерде-зейін дұрыс қоя білсек, араб әліппесінде 43-ке жететұғын харіф жоқ екенін, өзге жүрттың әліппелерін қазақ қабыл алмайтынын жазады. Ислам әліппиінің қазақ арасына қалай келгеніне тоқталады. «...Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қын жұмыс. Үлгай болған соң араб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб харіфлерінің түрін тым бұзып өзгертуге болмаса, қалай амалын таппақ керек? - деген өзекті сауалды өзі көтереді, әрі оның жауабын да өзі айтады. Мұның амалы менің ойлауымша мұнау деп дыбыстарды жүйелеп береді [7]. «...Дауысты дыбыстарга дауыссыз дыбыстар багынбаши. Яғни, дауысты дыбыстар жуан айтылса – олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмаши; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса – дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмаши. Үлгай болғанда дауысты дыбыстардың харіфлерінің жуан иа жіңішке айтылмагын белгілеп айырсақ, дауыссыз дыбыстардың да жуан иа жіңішке айтылмагын айырганымыз жөн» дейді [7].

Ғасыр басында ғалым түрлеген, әрі түзген әліпби таңбасының қазақ ұлтын сауаттандырудагы рөлі қандай? Енді осы мәселе тәңірегінде кеңес үкіметі тұсындағы зиялыштардың көзқарастары мен пайым-танымына үңілсек. Тура сол тұстағы санаткер-азаматтардың алдына қойған ұлы міндеттерінің бірі – ол бұдан әрі «қазақ халқы рухани келбеті, өзіндік бет-бағдары бар ел бола ма, жоқ «баяғы жартас» деп, бодан

қалпында жүріп, өзінің ұлттық сипатынан айырылып, болмысын жоғалта ма» деген өзекті мәселе болатын. Ұлттық тіл ғылымы саласындағы Ахмет Байтұрсынұлының әліпби түзудегі жетістіктерін лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов өте жоғары бағалаган. Және ол кім көрінгенге әліпбиді, тілді таптатпауга бар күш жігерін жұмсаған. Мысалы: «...воз-
режение не выдерживает критики, потому что всякие культурное и иное
достижение, оставленное нам нашими врагами – это наше законное на-
следие (...) Отказываться от подобного наследия так же глупо (...) мы
не откажемся ни от чего, что составляет лучшее творениях предыду-
щей истории, если оно в наших руках может быть полезно для нас» - де-
ген айшығынан қазақтың қай-қай оқығандарының, оның ішінде қалам
ұстап, қазақ наымының жыртқан әрбір еңбектің қадір-қасиетін білп қана
қоймай, «заңды мұра» деп таныған және үрпаққа тәрбиесіндегі қажетті
құрал санағанын көреміз [14, 35-6.].

Енді Ахмет жүйелеген қазақ тіліндегі атау-ұғымдардың дәлдігі мен
даралығына үцілсек. Қазақ даласында қазақ мектебінің негізін салған
тұңғыш ағартушы Ібрай Алтынсарин орыстыліндегі «Имя существитель-
ное» дегенді «Нәрселердің атауы» десе [15, 227-6.], А.Байтұрсынұлы
оны «Зат есім» деп атады [16, 160-6.]. Ал «Имя прилагательное»,
«Имя числительное» деген сөз таптарына тұңғыш ағартушы «Зат-
мақұлықтың қасиеттерінің аттары», «Есеп аттары» деп балама берсе
[15, Б. 238, 243], кейінгі оқытушы «Сын есім», «Сан есім» деген атау-
ұғым берді [16, 162-6.]. «Местоимение» деген орыс терминіне алғашқы
ұстаз «Ақыры өзгерілмейтін сөздер» деп аударса [15, 248-6.], кейінгі
әдіскер «Үстөу», «Демеу» дейді [16, Б. 165-166]. Бүгінде бұлар қазақ
тілінде қалыптасып кеткен атау-ұғымдардың білдіретін пәнсөздер. Бұл
қазақ тілінде қисындардың қалыптасуы үшін, алдыңғы буын өкілдерінің
жіберген кемшіліктерін түзеп-түрлеу арқылы XX-шы ғасырдың басында
қазақ тіл білімі мен әдебиеттану оқулықтарының заңдылықтарын жасау-
шы, Ахмет Байтұрсынұлы болғанын айғақтайдын дәйектер.

Қазіргі бастауыш мектептерге арналған 1-сынып әліппесіндегі «Қазақ
алфавитінің» авторын ажыратылған оқытушылар бар екені де жасы-
рын емес. Ақыратында, есімі аталмасада Байтұрсынұлының төтө жазудағы
«28» таңбамен түзілген әліпбі азғана өзгеріспен кеңес кезеңіндегі мек-
тепке, яғни, бірінші латын, соңын соңын кирил әрпіне қопарылып, көшіп
отырыды... Осылайша ағартушы түрлеген ана тіл үрпағына жылдар бойы
қызыметін көрсете берді. Мұны бүгінгі қазақ ғылымы жоққа шығара алмай-
ды, тек аракідік жаңсақ пікірлерге, мәселең, «А.Байтұрсынұлы 42 әріпті
жасаған» дейтін кейбір қате ой-тұжырымдардың баспаса з беттерінде

белең алуы ойландырады. Сондықтан «Қазақ әліпбіи, қазақ жазуын жетілдірудегі Ахмет Байтұрсынұлының рөлі» деген тақырып аясында мектеп бағдарламасына арнайы сағат бөліп оқыту өзекті мәселелердің бірі деп білеміз.

Орыстың тіл зерттеуші ғалымдары төте жазудағы қазақ әліпбііне 1924, 1931-ші жылдары «Байтурсыновская графика», «Байтурсыновский алфавит» деп атап, түркі әліп билері ішіндегі ғылыми жүйеленген ірі жетістік деп қабылдаған. Мәселең, Мәскеуде 1931-ші жылы жарық көрген «Литературная энциклопедия» атты жинақтың 5-ші томына осы Ахаң реформалаган әліпбі «Казахский (Байтурсыновский алфавит)» енгізіліп, орыс ғалымдарының тараҧынан жоғары бағаға ие болған [17, 23-б.]. Біздің бүгінгі жетілген қазақ тіліндегі 40 (жуан, жіңішке белгіні есептеу шарт емес) әріптің түп негізі А.Байтұрсынұлы емлесі негізінде жасалғанын ескере бермейміз. Және ғасыр басында Байтұрсынұлы таңдаған төте жолдың байыбын дұрыс ұғынбаудан жазу мәдениетінде өркениетті елдерден кейін қалып, әлі күнге «қай жазуды алу керек» деген тартысты-айтысты мәселенің жетегінде жүрміз.

Негізінен, төте жазуга тұрақтамауға сол тұстағы саясат та әсер еткен болуы керек. Дегенмен өркениетті елдердің ғалымдары жоғары бағалаган А.Байтұрсынұлы емлесінде тұрақтылық танытқан болсақ, онынан жазылатын харіптің қасиетін басқаша ұғар ма едік. Ислам дінімен бірге келген «әліптің» адамзат баласын игілікті істерге жетелері хақ екенін ойттысігімізben қабылдағанмен, ұзақ жылдар кирил әрпімен құрсауланған құлдық сана шырмауынан шыға алмай жүргеніміз де шындық. Десек те орыс ойшылдары аса жоғары бағалаган «Байтұрсынұлы әліпбійінің» астарына әлі де үңіле түсу – біздің үрпақтық парызымыз.

Сонау қиын қыстау, сын сағаттың өзінде қазақ зиялыштары елінің, жерінің мақсатына бағытталған игі істерді қашанда бағалағанын және мүмкіндігінше сақтап қалуға өз басын өлімге тіге отырып, батыл шешімдерге бір «тәуекел» арқылы барғанын – олардың артында қалған мұралары айғақтайды. Кейде сол тұстағы заман ағымына қарай бұра сөйлеуге партия алдында мәжбүр болғандарымен, ұлттық нақыштағы мәдени мұраларды, мейлі олар «халық жауының» қолынан шыққан жетістіктер болса да, бұл «біздің заңды мұраларымыз» деп қорғаған. Олардан «бас тартуға болмайды» деп, сол тұстағы оқу-агарту саласына керегінше жаратудың тиімді жолдарын қарастырған. Олар айтқан өзекті ойлар – бүгінгі тіл танымындағы құнды ойлар болып қала берері де хақ. Өйткені, ғасырдан ғасырға заман алға озған сайын заманауи саясаттың жетегінде кетпей, ұлттық болмыстың бірден бір белгісі – әліпбиді

қаймагы бұзылмаған күйде сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуі – ұлттық мұдде дег түсінген жөн.

Оқу құралы. Қазақша алифба. Бұл кітап алғаш рет 1912-ші жылды Орынбордағы жарық көрген. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» дег басталатын «Тарту» атты гибрат тақпагын оқулықтың беташары ретінде берген [16]. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстінгі оң жағына Құран сөзі: «*Би исми-иллахи-рахмани-рахим*» шырағдандай орналастырылған. Эрі қарай қазақ әріптері төте жазу жолымен рет-ретмен беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төмөнгі жағына оқытушыға түсінік, яғни нұсқаулығы қатар ұсынылады. Сонымен қатар, соңына қазіргідей шұбыртпалы ұзыннан-ұзын мәтіндер емес, қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайық мәселен: Түйсқан-тұған атаулары, тұрмысқа қажетті киім, үй сайдандары, ыдыс-аяқ, мал мен хайуандар атаулары және ас-тагамдармен қатар, дене мүшелерінің атаулары т.б. қамтылады. Оқу құралының екінші кітабы алғашқы әліппеге жалғасты ретінде толықтырылып, 1913-ші жылды шықса, «Әліппе – астары» атты әліппеге жетекші құралы 1924-ші жылды жазылған. Осы оқулықтардың бала сауаттандырудагы қажеттілікті етеудегі зор қызметіне, оның 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2 рет), 1923, 1925-ші жылдары жиі басылым көрүи айғақ. Кітап ғалымның аяулы есімі ақталғаннан кейін бірінші рет бүгінгі әріпке түсіріліп, ҰҒА-ның Тіл білімі институтының дайындауымен 1992-ші жылды жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинаққа енді [16, Б. 33-47].

Сондай-ақ, Қыргыз республикасының филолог-ғалымы Дыйканов Карбоз өз қаражатымен осы кітаптың 1914-ші жылғы басылымын 1991-ші жылды 5000 данамен қайтадан бастырыды [18]. Кітап қаз-қалпында, яғни төте жазумен жарияланды. Ал кітаптың әр жылдары жарық көрген барлық нұсқаларын тауып, салыстыру мүмкіншілігі болмады. Ұлттық кітапхананың сирек қорында бұл 1912-ші жылғы кітаптың қандай да данасы сақталмаған. Басылым тек Тіл білімі институтының мұрагатында гана сақталса керек.

Тіл – құрал. Оқулық негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сиынштарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Барлығы да Орынборда жарық көрген [19, 20, 21]. Әдіскеर ұстаз осы оқулықты не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, бірінші жылды оқытылатын «Тіл – құрал» тіл білімінің негізі болғандықтан оқытушылардың алғашқы жылды нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші кітапта әріптер, буындар,

әріптер туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жүрт тілінің негізі үшке: Тұбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал қазақ тілінің қай топқа жаттынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар, оқулықта қолданылуға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін үгынықты етіп түсіндіреді. Оқулықтың тақырыбы күрделеніп, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылады. Жалпы, агартушының бала оқытудағы әдістемелік мұрасы туралы 1995-ші жылы тілші ғалым А.Қыдыршаев ғылыми зерттеу еңбегінде әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шығып, агартушының әдістемелік мұрасының бүгінгі оқыту ісімен сабактастырыны, тұлға мұрасының өміршеңдігін жазды [10]. Шындығында, осы «Тіл – құрал» кітабының бірінші бөлімі – 7 рет, екіншісі – 8 рет, үшіншісі – 6 рет басылған.

Байланышы. Әдістемелік құрал. Әдіскер-ұстаздың қазақ мұғалімдері үшін жазған нұсқаулығы, 1 баспа табақ. Бұл нұсқаулық 1920-шы жылы Қазан бас-паханасынан жарыққа шығады [22]. Агартушы ұстаз өзінің 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйене отырып, заман талабымен келген жаңа оқу жолын (усул сотие) қалай оқыту керектігіне мектеп оқытушыларына «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазылу белгілері», «Дыбыспен жаттығу» деген аңдатпалық мағлұмат береді. Мұнан басқа Қызылорданың Қазақстан баспасынан «Тіл – жұмысар» атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құралы жарыққа шыққан [23]. Бірінші кітап 46 бет (1928), екіншісі 90 бет (1929). Осы кітаптың кіріспе орнына берілген «Дәйектемесінде» құралдың қажеттілігі туралы, бұрынғы құралдардан айырмашылығы жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылғанын айтады. Мұнда: «...білімді үйрету жолы басқа. «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұмас түрінде таныту ушин түрлі бөлшектерін, тетіктерін, ұсагын ұсагынша, ірісін ірісінше жүйелі түрган орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл – жұмысар» сол үлкен құралдың бөлшектерінен, тетіктерінен балага шағындан бөлек-бөлек ойыншиқ сиақты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмысату арқылы барып үлкен құралды танытады» - дейді [23, Б. 1-2]. Бұл кітаптың басты мақсаты – баланы сауатты сөйлеуге, оқуга, жазуға, жаңа емлені қызындықсыз қабылдауға дағдыландыру. Яғни, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту, үйрету. Бұл кітаптың 1-ші бөлімінде көбінесе, әріптер мен әріп

таңбаларын түрлі орында жұмысалатын сөз бен сөйлем белгілерін жаза білуге үйрету болса, 2-ші бөлімінде осы өткендердің ауқымын кеңейте отырып, пысықтау мен бақылау жұмыстарын қатар атқару қарастырылған. Кітап көлемі шағын, 15 параграфтан тұрады. Оқулық – 1992-ші жылғы жинаққа енген [23, Б. 323-333].

Саят ашқыш. Саяатсыз ұлкендер үшін. Кітаптың түпнұсқасында алғаш 1926-шы жылы Семейдің баспасынан жарияланғандығы айтылады. Негізінен, бұл кітап 1924-ші жылы Орынбор баспахранасынан 114-бетпен 1924-ші жылы жарық көрген [24]. Оқулық ересек ұлкендерге арнал жазылғандықтан дұбыс әдіс жолымен тәртіптелгені оқулықтың өн бойынан байқалады. Мұнда әрбір харіптің тұсына атап сөз беріледі де, соңына осы сөздерге арнайы сөз тіркестерін қоса береді. Бір ғажабы, бұл кітапта да «40 мысалдағыдай» 40 тақырып қарастырылған. Тақырып «Торайғыр бидің тақпақтарынан» өріліп, «Қуанышты құн» деген Е.Сұлтанұлының шағын әңгімесімен аяқталады. Кітапқа Абайдың «Шырылдауық шегерткесі», Шорман жинағынан төрт танымдық әңгіме, ІІ.Алтынсарин кітабынан: «Үш мерген», «Жәнібек батыр», «Қыпшақ Сейітқұл», Елдес Омаровтың «Қазақ салты» және «Дағдылы жол мен айлалы жол», Телжан Шонанұлының «Құн» (Толстойдан), «Тамшының тарихы» атты аудармалары, Қыр баласының (Әлихан Бекейхан) «Дүние қандай?» т.б. ауқымды тақырыптағы түрлі әңгімелер мен алуан тақырыптағы шағын өлеңдер топтастырылған. Жалпы саны 40 тақырып, оның ішінде 7 өлең, 2 аударма-тақпақ, 4 мысал-өлең, 25 әңгіме, 2 көркем аударма қамтылған. Оқулықтың 1926-шы жылғы басылымы «Тіл тағылымы» жинағына енген [24, Б. 91-138].

Әліп-би. Жаңа құрал. Оқулық 1926-шы жылы бұрынғы Оқу құралы Қазақша алифбага жалғасты кітап ретінде жазылған [25]. Кітап 14 жылдан соң қолданылған тәжірибе сынақтан өтіп қайта өндөліп, 1926-ші жылы Қызылорда баспахранасынан шыққан, 1928-ші жылы тағы басылды. Алғашқы басылым 116 бет, кейінгі басылым 114 бет. 1927-ші жылғы екінші басылымның түпнұсқасы табылған жоқ. 1928-ші жылғы оқулықтың ішкі мұқабасында 3-нші рет басылғандығы айтылады. Ұлттық кітапханасы Сирек қорлар бөліміндегі тіркемеде осы оқулықтың 1924, 1926, 1927-ші жылдары жарық көргендігі туралы картотекалық ақпар бар. Бірақ, ол басылымдардың мәтінімен толық танысадың мүмкіндігі болмады. 1926 және 1928-ші жылғы басылымдарды салыстырганда өзгерістер байқалмады.

1928-ші жылғы нұсқа 1992-ші жылғы «Тіл тағылымы» атты жинаққа енди [25, Б. 49-89]. 1992-ші жылғы басылымда түпнұсқадағы сурет-

тер берілмеген, кесте ішінде бос орында қандай сурет болу керектігіне ескертпе айтылады да төте жазумен қатар кирилше жазылуын берген. Мәселен, 1926-шы жылғы нұсқада әр тақырыпқа қажетті суреттердің барлығы дерлік түгел берілген. Және осы суреттер арқылы сабак оқытуда баланың қабылдаудына жеңіл болатынын негізге алған әдіскер-ұстаз кейінгі басылымда да суреттердің көрнекті болғанын назарда ұстаған. 1992-ші жылғы басылымда өкініштісі суреттер басты назарда болмаған, түпнұсқадағы 32-беттегі: «Кім табады?» деген айдаршамен берілетін топтамалы 9 суреттің тақырыпқа сай орны, «Тіл тағылымы» жинағында басқа 54-бетке ауысып кеткендіктен суреттің тәменгі жағында берілген жұмбақты шешу шарты: «Мұның да істеу реті алдыңғыша» деген түсіндірмелік, шындығынды «түсініксіздеу» болып түр. Осы сынды кемшіліктер төте жазуды қазіргі әріпке түсіргенде де кездеседі. Мысалы, сүтірет-сурет, қаріп-әріп, қадымше-қадымша, бүтін-бөтен т.б. сөздер өзгеріске ұшыраған.

1928-ші жылғы түпнұсқа – 1998-ші жылды галымның 125 жылдық мәртейтінен орай, әрі соңғы басылымның 70 жылдығына арналып, «Рауан» баспасынан 1000 таралыммен қайта жарық көрді [26]. Бұл жинақтың ерекшелігі – сол тұстағы жазу емлесі қаз-қалпында сақталып, беттің тәменгі жағына қазіргі жазуға түсірілген нұсқасы берілген. Төте жазудан көшіріп, редакциясын басқарған Ұлықман Асылов. Бұл кітаптың бүтінгі оқушыға берер зор көмегі сол – ғасыр басындағы ұлт зияллылары қолданған жазуды дөп басып, нақтануға мүмкіндік береді. Және төте жазуды үйренгісі келген оқырманға бірден бір көмекші құрал іспепті. Бұл кітаптың 1928-ші жылғы басылымнан шартты баспа табақ жағынан айырмашылығы жоқ. Екейу дә 114 бетпен аяқталып түр. Тек кейбір тұстары мәселен, ішкі мұқабадағы: «Жер жүзінің еңбекшілері бірігіндер!» деген ұранды тіркес түсіп қалса, шығарушыдан берілген аңдатпаның ретімен тізбектелген төртінші азат жол үшінші жолға қосылып берілген. Ал 7-бетте: «мұғалімдерден мұғалымдардан», «жанастырыб-жамастырыб», «жүзіндегі-жөніндегі» деген сөздер өзгерген. Келешекте бұл оқулықтарды салыстырып, әр жылдағы оқулықтардың айырмашылығы мен жаңалықтарын қарастыру филолог мамандардың міндеті.

Қазақ терминологиясы. Фалым «Өмірдерегінде»: «...Орынборга келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік түргышдан зерттеумен, екіншіден, қазақ алфавитін, орфографикасын жеңілдетеу және реттепеу үшін реформа жасаумен, ушиншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шүбарлықтан арылтуға, ...термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көширу істерімен айналыса бастадым»

дей келе, мұны өзі жасаған оқулықтар мен өзі басшылық еткен «Қазақ» газеті арқылы жүзеге асырғанын айтады [3].

Галымның тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұргыдан баға беру бүгінгі тілші-галымдардың еншісіндегі жұмыс. Тілші галым Θ.Айтбаев тұлғаның термин жасау тәжірибесін саралай келе, оны «қазақ терминологиясының атасы» деп бағаласа [27], ахметтанушы галым Р.Сыздықова: «...Терминдік мәндегі күрделі атауларды ұсынуда А.Байтұрсынұлы тек үгым дәлдігін ғана көздең қоймай, сипаттама (характеризующий) компонентін әсерлі, үнді, тұлғалас сөздер болып келуіне қатты назар аударған... әдебиеттану саласында ұсынған терминдерінде бір текстес жеке сөздер мен әдемі әсерлі «ойнақы» компоненттер ...көбірек кездеседі. Мысалы, өлең кестесін – шумақ, тармақ, бунак, буын құрайды деуі; бернелеу, әсірелеу, меңзеу деп, олардың барлығын «-у» жүрнағымен жасауы немесе көрнекті лебіз, көсө лебіз, көрнек өнері дегендеге үйқасты сөздерді алуы – осыны дәлелдейтін нақ деректер» - дейді [28; 29, Б. 250-261]. Тілші-галымның сезіне жүгінсек, А.Байтұрсынұлы қазақ сезінің икемділігін (сөз жасау қабілетінің), үндестігін (үйқас, әуендер келетіндігін) шебер пайдаланғанын жазады.

А.Байтұрсынұлының қаламынан шыққан терминдердің, жасалу әдістерін ғылыми тұргыдан зерттеген еңбектің бірі ретінде С.Ақаевтың «Терминнің тілдік және танымдық сипатты» атты жұмысын атауға болады [30]. Бұл ғылыми еңбекте жалпы және қазақ тілінде терминдік сөз табының пайда болып, жасалу тарихы талданып, кезеңдестіріледі. Зерттеуде тілтанушы галымның қазақ тілінде терминдерді арнайы жасаудағы тәжірибесі, маңызы, терминдердің тәсілдік сипаттары кеңінен сөз болады.

2008-ші жылы Ш.Құрманбайұлының «Алаш және терминтану» атты монографиясы жарыққа шықты [31]. Ғылыми зерттеуде XX-шы ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы, қалыптасуы қарастырылған. Жұмыстың алғашқы тарауы «Алаш зиялышарының ұлттық терминқор қалыптастыру міндеті» деп аталып, мұнда қазақ ғылым тілінің ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған факторлар туралы сөз болады. Зерттеуші ғасыр басында қазақтың ғылым тілінің қалыптасуы мен ұлттық терминологиялық қордың жасалуына үлес қосқан зиялышардың еңбектеріне жеке-жеке тоқталған.

Ш.Құрманбайұлы Ахаңың замандастары баба буын «рухани көсем» деп дәріптеген, бүгінгі аға буын тілші-галымдар «ұлт мәдениетінің Хан тәңірі» деп асқақтатқан ұлт ұстазына «Қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудагы Ахмет Байтұрсынұлының рөлі», «Ахмет

Байтұрсынұлы және ХХ ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстардың жүргізілүү» деген тақырып арнап, ахметтанудың негізін салушы тілші, әдебиетші ғалымдардың ой-тұжырымдарын негізге алады. Олардың бірімен келіссе, енді бірімен келіспейтінің себептерін ғылыми тұрғыдан таратып талдайды. Мәселен, ғалымның 125 жылдық мерейтойына арнайы өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарын, ғылыми жинақ етіп құрастырган, ері жауапты редакторы, ғалым Е.Жанпейісовтың алғысөзіндегі «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» деген түйін сөзімен келіс қоймайды. Бірақ қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салған Ахмет Байтұрсынұлының қызмет жасаған аралығын «Байтұрсынұлы кезеңі» деп атаган орынды деген пікір айтады. Шындығында, Байтұрсынұлы негізденген термин жасау ғылымының жалғасын таппауы, зерттеуші өзі айтып отырғандай 30-шы жылдары Алаш зиялышары Кеңестік жүйенің саясаты салдарынан құрын-сұргінге ұшырауы себепті іске аспай қалды емес пе?! Ендеше, Ұлттық терминнің үзіліске ұшырауына Ахметтер емес, басқарушы биліктің сыңаржақ саясаты кінәлі екенін бүтінгі үрпақ білуге міндеттіміз.

Зерттеуші Ш.Құрманбайұлы ғалымға арнаган тақырыбында, оның 10-15 жылда ұлтқа жасаған қызметін ғылыми дәйектемелер бойынша саралап, оның атқарған жұмыстарын былайша жіктейді: «1). Қазақ тілі білімінің терминологиясын жасаушы; 2). Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұнғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған; 3). Эдістеме, тарих және этнографияга, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған; 4). Қазақ тілінің сөзжасамтәсілдерін анықтап, терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым; 5). Жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға; 6). Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы; 7). Қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, тұбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым» [31, Б. 29-46]. Әлбетте, бұл бір адамның басына аз жұмыс емес. Егер А.Байтұрсынұлы басқарушы билік тарапынан 5 рет сотталып, 2 рет жер аударылмағанда өзі сүйген әз ұлтты үшін тағы талай жұмыстарды атқарар еді-ау! Зерттеуші қарастырып отырған терминология саласы бойынша Ахметтің даралығы мен даналығын нақты көрсете алған. Ол түйін сөзін «аса көрнекті тілші ғалым» деп қорытыпты [31, 53-6.]. Бұған қосарымыз: Ахмет Байтұрсынұлы егемен елінің үрпағы тарапынан «Ана тілдің

айбары», «Ғасыр саңдағы» дег ұлықталған ұлы тұлға, ғұламағалым. Нақтырақ, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануғының негізін салушы теортик ғалым.

II.2. Әдебиет әлеміндегі әфсаналары

Ұлт басылымы «Қазақтың» түңгыш санын шығарғанда, осы газеттің бас редакторы А.Байтұрсынұлы былай деген екен: «...Әзіміздің еліміздің сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуга, үмттылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендептү керек. Өз алдына ел болуга, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауга тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілінен алыстанбарады. Бұл, әрине, жасамаң әдем. Егер тілге осы көзben қарасақ, табигат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолга алып, өркендептептің уақытымыз жетті» [32]. Осы айтқандарының үдесін бірінші болып өзі үлгі-өнеге, жол көрсетті. Оған айғақ – оның қаламынан шыққан: «Қырық мысал» (1909, 1913, 1922), «Маса» (1911, 1914, 1922) жинақтары мен фольклорлық мұрасы «Ер Сайын» (1923), «23 жоқтау» (1926).

Гылым-білім туралы: «...гылым, өнер тұрасында жайымыз ...жарлының халі сықылды. Гылымның жаңа жолын табуды іздемек түгіл, тапқан гылымға қолымызды жеткізерлік бізде еши нәрсе жоқ. Жүртқа гылым үйретумен, көрумен, білүмен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылудына, зуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек» - дейді 1913-ші жылды жазған мақаласында [33]. Міне, осы «керектердің» жолында бірінші болып өзі өзгелерге үлгі болды. Айғақ: «Оқу құралы» (1912, 1913, 1914), «Тіл – құрал» (1914; 1915; 1923) оқулықтары, әдіскер-ұстаз ретінде «Баяншы» (1920), «Саят ашқыш» (1926), «Әліп-би» (1928), «Тіл жұмсар» (1928) атты кітаптар жазды. Бұл еңбектерінен басқа «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарық көрген өзекті мақалаларының өзі бір тәбе. Осылардың ішіндегі ең айрықшасы – Абай Құнанбайұлының ақындығы туралы жазған танымдық зерттеу мақаласы.

А.Байтұрсынұлының ақындық өнері мен аудармашылығы жөнінде айтылған пікірлер жетерлік. Олар: М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы,

С.Сейфуллин, М.Әуезов және С.Мұқановтың ұлт көсемінің 50 жылдық мерейтойы түсінідеги тарихи еңбегін көрсетудегі жеке шығармаларын шолуга арналған материалдарында кездеседі. Тілші-ғалым Т.Шонанұлының мақаласы ғылыми ортага 1992, 1999-шы жылдары ұсынылса да, қажетті дәрежеде талдана қойған жоқ. Аталған еңбектер тұлғаның есімі оралған соң БАҚ-та, арналы жинақтарда бірнеше дүркін басылғаны белгілі. Ал 1988-ші жылдан бері, ғалым шығармашылығына қатысты ой-пікірлерін білдірген зерттеуші-ғалымдар: Ш.Сәтбаева, Ү.Субханбердина, Қ.Мұхамедханов, З.Ахметов, Ф.Ахмедов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Р.Нұргали, Т.Қордабаев, С.Өзбеков, М.Қойғелдиев, С.Кирабаев, Т.Кәкішұлы, Ж.Ысмағұлов, К.Сағадиев, Ш.Елеуkenov, Э.Қайдари, Р.Сыздықова, Ә.Айтбайұлы, Б.Әбілқасымов, Е.Жантепейісов, Н.Ұәлиұлы, С.Дәүітұлы, Т.Жүртбай, А.Ісімақова, Ә.Әбдіманұлы, Д.Қамзабекұлы, Ш.Құрманбайұлы, А.Қыдыршаев, Қ.Сақ, А.Мектептегі, Ж.Байтілесова, Ү.Еркінбаев т.б. болса, қалам тербеген ақын-жазушылар мен журналист-тілшілер легі қаншама!

А.Байтұрысның ақындығы деген тақырыпта ой-пікір, толғанысын С.Кирабаев өзінің ЖОО-на арналған оқу құралында талдап, таратса [34, Б. 54-68, 110-117], Т.Кәкішев ғылыми-зерттеу мақалаларында: «Ахметтен тараған азаттыл поэзия», «Ахмет сынни ой-пікірдің, саяси көзқарастың, көркемдік таным біліктің платформасы» деп оның сын жанрына еркін және тамаша білімдарлықпен, эстетикалық биік талаппен барғанын, Қазан төңкерісіне дейін туган әдеби сыннымыздың өресін жогарылата түскені даусыз екенін айтады [35, Б. 140-167]. Оған дәлел ретінде – Абай туралы жазған «Қазақтың бас ақыны» атты зерттеу мақаласын атайды.

Мысал жанрын дамытушы. Әдебиеттанушы ғалымдар 1909-шы жылды шыққан А.Байтұрысның «Қырық мысал» атты жинағын «қазақ мысал жанрының алтын діңгегі» деп таниды. Қазақ ақын-жазушыларының мысал жанрында қалам тербендеріне орыс мысалшысы И.Крылов шығармаларының әсері болған. Жинақ Петерборда 116 бетпен, 1913-ші жылы Орынборда 96 бет, 1922-ші жылы Қазанды 96 бетпен басылым көрген. Орынбордагы басылымда неге екені белгісіз «1-ші басылуы» деп жазады да, ал 1913-ші жылы «Қазақ» газетінде аталған кітапты «Орынборда Кәримия, Хұсайынов баспаханасында 2-ші рет басылған, Крыловтан өлеңмен аударылған» деп құлақтандыру хабарлама жасайды [36]. Татарыстаннан басылған кітапта «3-ші басылуы» деген белгі бар. ҚР Орталық ұлттық кітапхананың сирек қорлар бөлімінде 1922-ші жылғы басылымның «2» данасы тіркеуі. Алдыңғы екі басылым туралы мәлімет болғанымен, түпнұсқалардың өзі бұл қорда жоқ.

Орыс-қазақ мектебінде дәріс алған А.Байтұрсынұлы орыс әдебиетімен жақсы таныс болған. Ол мысал жанрына көңіл бөліп, шағын көлемді өлеңдер арқылы маңызды ойлар айта білудін, оны астарлап сөйлетудің мүмкіншілігі зор екендігін терең түсінген. Және патша саясатының ұзын құрығынан құтылудың жолын әлеуметтік ортага мысал-өлеңді тәржімаладау арқылы насиҳаттауды мақсат еткен. Ақын 1922-ші жылы қайта басылым көрген туындысының мұқабасының ішкі бетіне: «Орысшадан қазақшага 1901-1904 жылдарды тәржімалаган Ахмед Байтұрсынов» деп жазады [37]. Ақынның аудармашылық өнері жөнінде М.Әуезов: «Ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшилігіне ғана арналған өлеңдер Ахмет Байтұрсынұлыніki. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял өрмегі айдан шыгармайды. Ойды оятуга, миды сергітуге, мұжлы, мұқтаж, терең мақсат түртпін шыгарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, не қылса, халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтан кетпейді. Ілgi халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсерлік бір өнері – переводқа шеберлігі» деп, ақынның жазу тәсілінің мазмұндылық түрін атап көрсетеді [38, Б. 93-94].

Шындығында, ақынның мысалдары көлемі жағынан, сюжеттік да-муы барысынан басқа сөз зергерлерінің туындыларынан дараланып тұрады. Зерттеушілердің тұжырымына сүйенсек, мысал жанрындағы негізгі заңдылықтардың бірі: бұрыннан белгілі сарынның негізінде дүниеге келген мысал сол автордың шеберлігінің арқасында төл туынды болып кете беруі жиі кездесетін құбылыс екен. Оған дәлел – Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов мысалдарына арқау болған сюжеттік жүйенің барша әдебиетке ортақтығы.

А.Байтұрсынұлы мысалдарында халықаралық сюжеттік жүйенің мазмұны қазақ өміріне бейімделгенін, сол кездегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік сұранысына қажетті ой-толғамдармен толықтырылғандығымен дараланатыны туралы өз түсінідегі замандастары тарапынан танымдық мақалаларда жазылса, бүгінгі тәуелсіздік кезеңнің ғалымдары: Ш.Елеуkenov, Ж.Ысмагұлов, С.Қирабаев, Р.Нұргалиев, А.Ісімақова, С.Мақпыров, Ә.Әбдімановт.б. зерттеулерінде гылыми тұрғыдан талдап таратты.

Әдебиетші-ғалым Ш.Елеуkenov гылыми еңбегінде ақын Ахметтің орыс мәдениетімен байланысына тоқтала келіп, оның Крыловтан аударған мысал-өлеңдеріне мынадай: «Көркем шығарма – ауқымы кең

дүние. Мұндағы шындық алуан қырлы болады. Крылов заманыбылай тұрсын, Байтұрсыновтың дәуренінен бері талай уақыт өтті. Сонда да олар жазған мысал дағ бүгінгідей естіледі. Эрине, бұрынғы мағынада емес, жаңғырған сапада. Сондықтан Крылов мысалдарын өзінің әсем киімдерімен, терең мағыналарымен, жеңіл де татымды тілімен жеткізе білген» деп сипаттама береді де, қазақы құйге енген бұл туындыларды «төлтума» деп қабылдау керектігін айтады [39, 14-б.]. Мұны басқа әдебиетшілер де қош көрері анық.

Ұсыныс елеусіз қалмады, 1994-ші жылы Т.Қ.Шаңбаев «Мысал жанрының стилі мен тілі» (А.Байтұрсынұлы 40 мысал) атты кандидаттық диссертациялық еңбек қорғады [40]. Әдебиет теориясы мамандығы бойынша жазылған бұл еңбектің ғылыми жаңалығы – А.Байтұрсынұлы мысалдарының стильдік төлтума сипаттарының даралығын ашу болды. Зерттеуші осы «мысалдар арқылы қазақ мысал жанрының күрт өрлеу кезеңінің табигатын тану – қазақ әдебиеттандырылымының өзекті мәселесі» деп қарастырды. Мысал жанрының дамуы бүкіл қазақ поэзиясын жаңа деңгейге көтерген қазақ әдебиетінің классигі А.Құнанбайұлының дәстүрін рухани серпіліс кезеңінде жаңа биікке көтерген – А.Байтұрсынұлы екенін айқындал берді. Яғни, мысал жанрана өзіндік қолтаңбасымен келген қаламгерді «жаңашыл суреткер» деп таныды, оның мысал өлеңдерінің тақырып жағынан сан-салалы екендігі және әрбір мысалдың өн бойында халық тағдырын ойлаған «елшілдік үранның» (М.Әуезов) ұлттық сипат дарытатын нақты дәлелдермен атап көрсетеді. Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы мысалдарының тіліндегі ұлттық бейнелілік ерекшеліктері мен сипат белгілерін саралай келе, ақын мысалдарының төлтума сипатын айқындаған.

Мәселен, И.Крыловтың шығармаларында 10 тармақты «Шымшық пен көгершін» атты мысалды «А.Байтұрсынұлы отыз екі жолға дейін ұлғайтып, мұлдем басқа туынды деңгейіне көтергені, ақын өз жанынан қосқан ойлары арқылы бұл мысалды қазақтың «төлтума рухани мұрасына айналдырыды» дейді. Осындағы ерекшелік «Өзен мен қара су» мысалына да тән. Осындағы:

...Меңзеймін қара суды, қазақ, саған,
Талпынбай талап ойлап, қарап жатқан.
Барады қатар жұрттың бәрі озып,
Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам...
...Қазағым, сал құлагың нақыльыма,
Тұсініп айтқан достық ақылымға.

Сөз емес еріккенде ермек еткен,
Айтамын жаным ашып жақынныма.
Қозғалмай бұл күйімден жата берсөн,
Боларсың қара судай ақырында, –

деген жолдар ақын таралынан ұлтына айтылған гибрат екенін түсіндіріп жатудың өзі артық.

Професор Р.Нұргалиевтің «Ақ жол» атты жинақтың алғысөзінде қазақ ақын-жазушы мысалдарының ерекшеліктері турали: «... Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қара сөзben баяндаған. Ал, Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялер, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Тұп негізі Федрдан алынған Крыловтың 10 жолдық «Шымшық пен Көгершін» мысалы – Ахмет Байтұрсынов аудармасында 32 жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өтіз бен Бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада – 19, қазақшада – 76 жол, «Арыстан, киік һәм тұлқі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада – 37, қазақшада 68 – жол, «Ағаш» орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа ұлтық төл туынды жасаганын көрсетеді. Бұрын емеуірін, ишара, мензеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» (Орынбор, 1911) кітабында ашық, анық, нақты айтылады» деп анықтай түседі [41, 7-6.].

Тұжырымға қосатынымыз: А.Байтұрсынұлы мысалдарының көлемді болуына олардың әрқайсысына гибратнамалы тарау-түсінік беруі себеп болған. Мысалы, 7 шумақтан тұратын «Екі бөшкे» мысалының 4 шумағы гибрат болып табылады. 36 тармақты «Қара бұлт» мысалының 2 бөлімінің әрқайсысы 18 тармақтан тұрады. 6 шумақты «Малшы мен маса» мысалының соңғы бөлімі шумақты насиҳаттан құралған. Яғни, басты ой соңынан түйінделіп, гибрат ретінде ұсынылады, кей түстары таратылып та айтылады. Соңдай-ақ, аударма-өлеңдері 40 санымен шектелмейді, соңыра «Маса» топтамасына 10 шақты: Жадовскаядан (2 шумақ), орысшадан «Оқуға шақыру» (4 шумақ) бұл аудармасы кейбір кітаптарына «эпиграф» ретінде беріледі, арабшадан «Нәбік аты» (18 шумақ, 2 шумағы – алты жолдан), Крыловтан «Сорлы болған мұжық» (12 шумақ, 3 шумағы – алты жолдан) және «Қаздар» (14 шумақ, 2 шумағы – алты жолдан), «Вольтерден» (6 шумақ), Пушкиннен «Ат» (6 шумақ, 1 шумағы – алты жолдан), «Данышпан Аликтің ажалы» (26

шумақтан) және «Балықшы мен балық» (44 шумак, оның 3 шумагы – алты жолдан) тәржімалары енген.

Академик С.Кирабаев қайраткердің ақындығы әрі аудармашылығы жөніндегі: «... Ахметтің ақындығы 1909 жылы Петербургте басылған «Қырық мысалдан» басталады. Бұл – Крылов мысалдарының аудармасы еді. Бірақ Ахмет бұл еңбегінде тек орыс мысалшысының дәрежесінде қалып қойған жоқ, шыгарма сюжетін қазақ жағдайына ыңғайлап, адам мінезіндегі сорақылыштар мен қогамдық әділетсіздікті түспалдап айтып, оған қарсы үн таратты. Ал, «Масада» заман жайлы ойларын бейнелеу жолымен ашық айтты» дейді [34, 62-6.]. Яғни, ақын ұлт тағдырын негізге алып, оның бостандығын, қанаудағы күйі, артта қалуы жайларын, еңбекке, оқуга үмтізу қажеттегін көтерді, адам бойындағы азamatтық сезімдерді оятуға қызмет еткен деп, құреспекер-ақынды қазақтың тұңғыш революцияшыл-демократтар қатарындағы бірегей тұлға ретінде бағалаған.

Професор Ж.Ысмағұлов «... А.Байтұрсынұлының поэзиясының үлкен бір арнасы – оның аудармашылық өнері. Тіпті, анықтаңқырап, дәлелдеңкіреп айтсақ, Ахаң ақын ретінде ен әуелі аударма арқылы танылады» деп, қаламгердің Крылов мысалдарына келуін Алтынсаринмен байланыстырады. Бұлайша тұжырымға келуге негіз – алғашқы агаартушының мысал жанрына дең қойып, оны қазақ арасына қалай жеткізу, тарату, үлгі-өнеге ретінде ұсыну туралы пайымына сүйенеді. Өйткені, мысал жанры қазақ арасына таныс болмағандықтан оны ел-жүрт күлкі, әжュー деп қабылдайтынын, сондықтан мысалды аударғанда басқаша қырынан келу керектігі үлкен мәселе етіп көтергенін айтады. Зерттеуші қаламгердің «акындық өнерін не себепті аудармадан бастады? Өзін болашақта белсенді әлеуметтік саяси қызметке, әдеби-ғылыми ізденістерге бағыштамақ ниетте жүргенде мысалға келіп жүргінүі қалай?» деген сауалға жауап береді. Крылов мысалдарындағы «бұқарашылдықты» Ахмет «төңкерісшіл идея дәрежесіне жеткізді» деген тұжырым айтады Жалпы, мысал-өлеңнің «қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындаі сіңді» деп түйіндейді [42, Б. 410-423].

1929-шы жылы басына іс түсіп, өзі датталып, қара түнекте отырғанға тергеушілер тарарапынан жүргізілген сансыз сауалдарға жауап беру үстінде әдебиеттанудың ереже-қисының жазып берген Ахмет Байтұрсынұлы әдебиет туралы ой-танымын былайша толғапты: «...Әдеби еңбек мінезден туады. Үлтінің қажеттің өтейді. «...Крылов мысалдарының қазақша аудармасын, «Масада» деген аттепен топтасқан өлеңдерімді бірегей айтар едім. ...Көркем әдебиеттің құндылығы нендей идеяны көтерген шыгарма болмасын егер адам алемінің сезіміне, жан дүниесіне қалай, қайтіп етеп

алады дегеннен шығып жатады. Эсерге бөлей алса гана ол – әдебиет» [43]. Шындығында, қайраткер ғалым қандай тақырыпқа қалам тербесе де оның басты мұраты – адамзаттың санасына адами тұрғыдан әсер етуді мақсат тұтты. Ақынның өз тілімен айтсақ, «адамдық диқаншысы» болу қызметін арымен атқарған – феномен-тұлға.

Әдебиеттегі елшілдік ұран. Құрескер-акынның «Маса» деген атпен топтасқан өлеңдерімді біргей бөлектеп атар едім» деген мәліметінің астарында, бұл жинақтың әдеби мәнінен ғөрі, әлеуметтік мәнінің маңыздырық екендігін жүрттына құлақтағыс еткендей. Әдебиеттанушы ғалым Ш.Сәтбаева: «...Масаның негізгі идеялық қазығы жүртшылықты өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағызыдау, еңбек етуге үндеу» деп, бұл топтамадағы тақырып қою, өлең жолдарының өрнектелуі мен ой жүйелену мәнерлерінен Шоқан, Абай, Ыбырай үлгілерін ұстанғанын, ағартушылық бағытта олардың бір-бірімен уақыт алшақтығына қарамай үндестікте болған деген пікір айтады [44, 13-6.].

А.Байтұрсынұлы Масадағы «Сөз иесінен» атты беташар өлеңіндегі «маса» деп отырғаны өзі екенін, былайша баян етеді:

«Ізыңдап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен, қара яки қызыл маса.

Үстінде үйиқтаганның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,
Үйқысын, аз да болса, бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса?!»

Жинаққа «Маса» айшықты-шумақ ретінде, «Сөз иесінен» беташар-түсінік іспетті, өз тарапынан «Жазушының қанагаты» атты гибраты орын алғып, «Тұсыма», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Достыма хат», «Жиган-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Жауга түскеннің сөзі», «Адамдық диқаншысы», «Бақ», «Тарту», «Қа... қаласына», «Жүртшыма», «Жұбату», «Н.К. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездеме хат», «Жауп хаттан», «Ғылым» сынды өлеңдері, Вольтер, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ю.В.Жадовская, С.М.Надсон өлеңдерінен аудармалары енген. Ақынның бұл 21-ге жуық өлеңінің жазылу тарихына және қай уақытта, қай жинақтарда басылым көргендей туралы әдебиетші С.Дәүітов

ғылыми талдау түсінік берген 1989-шы жылғы басылымда.

Академик С.Қирабаевтың «Ахметтің ақындығы» талдау мақаласы 1990-шы жылы жазылды [45, Б. 3-10]. Мұнда «қайраткерді әлеуметтік шындықтың ақыны, дәуірлік құбылыстарды нақ сыйпаттаған, жаңашыл ақын әрі ойшыл суреткер» екендігі оның төл өлеңдерін талдап, тарату арқылы сараланады. Зерттеуші «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Жиган-терген» атты өлеңдеріндегі «бейнелілікке» баса назар аударып, қыын-қыстау кезінде – алаш азаматының бәрін «таразыға тартып», сыннан өткізген суреткер-ақын дейді [45, Б. 3-10]. Мәселен, «...Қаз едік қатар қаңқылдаған, Сахара көлге қонып салқындаған. Бір өртке қаудан шыққан душар болып, Не қалды тәнімізде шарпылмаган» деген шумақтағы үшінші жолдағы «өрт» сөзінен «отаршылдықтың өрті», осыған қарсы тұратын қазақта кім бар? деген ақынның «жанайқайын» аз сөзге сыйдарғанын, халқына ыздалана, күйіне отырып та, оның болашағы мен азаттығына бар өмірін арнағанын айтады. Абайша қайғырып, Абайша толғанады. Ахметтің «Масасы» талай елді ояты. ...Ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар ұстаз ағасының ісін жалғастырып алып кетті» деген пікір айтады [45]. Бірақ, Ахметке олармен жарысып, поэзияда қызмет істеу қажет болмай қалды. Ахметтің ақындығы осымен тәмам болып, ол өзін халқына қажетті ең өзекті мәселеге жұмсады. Яғни, оның «Ақындығын ғалымдығы» жеңіп кетті. Эрине, бұл Ахметтің ақындығын, азаматтық поэзиясындағы талантты туындыларын жоққа шығара алмайды. Қайта, қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашанда да тарих биғінде тұрады деп түйіндейді тұжырымын [45, Б. 3-10].

Ақынның «Мінсіз таза меруерт» тәржімасы туралы кейінгі 1989-шы жылғы басылымда: «...автор бұл өлеңді Ю.Жадовскаядан (1824-1883) аударған, 1911-ші жылы Орынборда жарық көрген «Маса» жинағына енгізген. Содан кейін екі рет осы кітаптың қайта шыққан басылымдарында жарияланды» деген түсінік берілген [44, 316-б.]. Аударма туралы профессор Ж.Ысмағұлов: «...екі шумақ сөз өрнегінің бұл күнге дейін ел аузында Асан қайғы атына байланыстыра айтылып, қастерленіп келгені. Ахметтің Жадовскаядан аударған осы бір шағын толғауы енді өзіне қайтарылып отыр» деп жазды [42, Б. 410-423]. Ақынның романтикаға бой алдырғаны жөнінде, оның Пушкин, Лермонтов, Надсон шығармаларына жүргінуінен аңгаруға болатынын айтады. Ж.Ысмағұловтың аударма жөніндегі ой-тұжырымына сүйенген әдебиеттанушы С.Мақышев ««Таза мінсіз асыл тасты»» енді шатастырмайық» деген танымдық зерттеу мақаласын жазды. Бұл мақала зерттеушінің «Қазына» атты монографиялық зерттеу

еңбегіне енді [46, Б. 44-45]. Әдебиеттанушы С.Мақпиров өзіне дейін дәлелденген аудармaga не себепті қайта оралғанын былайша таратады. 1989, 1997-ші жылдары аударма туралы айтылған түсініктерге және кейінгі басылымдарға қарамастан БАҚ-та жарияланған «Асан қайғы жырларының көркемдік әлем» деген мақалада «Ш» деген автордың бұл өлеңді Асан қайғының туындыларына жатқызғанын айтады. Сол себепті де, әдебиеттанудағы адасушылықтың алдын алу үшін Ахметтің аудармасы туралы тағы бір толғақты талдау-түсініктің оқырманға әлі керектігіне байланысты, өлеңнің тарихын арыдан, түпнұсқасынан қарастырады. Яғни, Жадовскаядан бастайды:

«Лучший перл таится
В глубине морской;
Зреет мысль святая
В глубине души.

Надо сильно буре
Море взволновать,
Чтоб оно в бореньи
Выбросило перл;
Надо сильно чувству
Душу потрясти,
Чтоб она, в восторге,
Выразила мысль» -

[46, Б. 44-45]

деген жолдарды көркемдік-стильдік түргыдан шұбалаңқы, балаң жеткізілген туынды деп бағалайды. Бірақ, ағартушы-ақын Ахметтің бұл өлеңге философиялық түргыдан келгенін және «перлді» меруерт деп баламалаудағы негізгі ойдың пәлсапалық мәнде екенін айтады. Жадовскаяның үш шумақты шашыраңқы ойын Ахмет «...тігісін жатқызып, ойын әрлендіре, жандандыра екі шымыр шумақта жинақтап, қазақы өлеңнің қалыбына салып, таза ұлттық пішіндеңі төлтума деп санауга лайық әсем аударма жасаған» дейді [46, Б. 44-45].

Шындығында, қос өлеңді қатар қойып оқысаңыз, екі өлеңнің мазмұны бір-бірінен соншалықты алшақ жатыр. Қазақша нұсқасы:

«Мінсіз таза меруерт
Су түбінде жатады.

Мінсіз таза асыл сөз
Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан зат
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады».

[46, 65-6.]

Егер Ахмет бұл шығармасына «Жадовскаядан» дегенде жазбағанда, өлеңді Байтұрсынұлының дәп қабылдарымыз хақ.

Ер Сайын. Халықтың әдеби мұраларын жинастырып, ел игілігіне айналдыру ісі – XIX-шы ғасырдың екінші жартысынан басталған. Қазақтың тұңғыш этнограф-ғалымы Ш.Әлихановтан бастау алған иғі іс қазақ зияялышарының да үрпақтық парызына айналды. Өз ұлтының мұддесі үшін – ұлтық сана-сезімнің дамуындағы әдебиеттің маңызын түсініп, ескі ауыз әдебиетін, әдеби мұрасын жинап, қайта шығаруды олар да қолға алды. А.Байтұрсынұлы да ел аузынан «Ер Сайын» жырын жазып алғып, оны Мәскеуде 1923-ші жылы Үлттар Комисариаты қарауындағы «Күншығыс» баспасында бастырады. Жинақтың ішкі мұқабасындағы: «...жыришилар айтуюнан алып, өндеп өткөрүші» деген қысқаша мәлімет, бұл жұмыстың негізі тереңде жатқанын аңғартқандай [47].

Кітап қазақ халқына құрметті орыс ғалымы Григорий Николаевич Потаниннің 80 жылдық мерейтойына «тарту» ретінде шығаруды үйгарса керек, мұны жинақ соңында Г.Потанинді қазақ бұқарасына таныстыру мақсатында «оның өмірбаяны, ғалымдық қайраткерлігі, қазақ халқына сіңірген еңбегі жайында баяндаған көлемді мақаладан» байқауга болады. Таныстыру мақаласының авторы – «Қыр баласы», нақтырақ Алаш ардагері Әлихан Бекейхан. Жырдың жиналуы, жыр мазмұны жөніндегі қысқаша түсіндірме-мәліметті де «Қыр баласы» жазған. Бұл мақала 1994-ші жылы Ә.Бекейханның шығармалар жинағында жарияланды [48, Б. 276-279]. Мақала 1989, 1991-ші жылғы басылымдарға енбекен.

А.Байтұрсынұлы «Г.Н. Потанинге тарту» атты өлеңін жинаққа беташар ретінде берген. Өлең соңында автор өзінің аты-жөнінің бас әріптерін – А.Б. әрі өлеңнің жазылу уақытын «1915» дәп көрсетеді. Ал жинақтың 1923-ші жылы басылым көргеніне ескерсек, арада – 8 жыл өткен. «Тарту» өлеңі туралы Ә.Бекейхан: «...1923 жылы Г.Н. 80 жасқа толды. Г.Н. атына багыштап шәкірттері кітап басты. Соган қосылып қазақтың өлеңін, жырын, мақалын біздің қазақ жастары да баспақ болды. Мына «Ер Сайын» мұның басындағы Ахметтің «Г.Н. тартуы»

сөнда басылмақ еді» - түсініктеме береді. Жыр – екі бөлімнен тұрады. 1-бөлім 5 тарауга, 2-бөлім 3 тарау. Жырдың В.В.Радловтан алынғанына сілтеме жасалған. «Қыр баласы» мәліметінде: «Ахмет өндеп өткерген «Ер Сайын» жыры «Батыр Сайын» деп В.В.Радлов жазған жырмен бір екен дейді. Осы сілтемені негізге алып, түркітанушы-ғалымның 1993-шы жылғы «Алтын сандық» жинағындағы «Сайын батыр» жырьмен салыстырылған. А.Байтұрсынұлы жырдың атын «Ер Сайын» десе, В.Радловта «Сайын батыр» деген атауга ие. Жыр Ахмет нұсқасында екіге бөлінсе, В.Радлов жырды тұтас 1-бөліммен береді. Ескерер жайт: «Жыр шылар аузынан алып, өндеп өткеруші – Байтұрсынұлы Ақымет» дегенге сүйенсек, жыр біршама өзгеріске түсіп, мазмұнына қарай қайта өндөлген. А.Байтұрсынұлы даярлаған нұсқада жыр:

«...Бұрынғы өткен заманда,
Дін мұсылман аманда
Үш шарбақты, үш кентті.
Ногайлы деген жұрт өтті
Бір замандар болғанда.
Ауыр дәүлет мол кетті,
Жарлылықтың зары өтті» - деп өрнектелсе,

В.В.Радловтың нұсқасында:

«...Бұрынғы елдің барында,
Өткен елдің заңында,
Сол елдердің тұсында
Ногайлы деген халық өтті
Үш шарбақты кент өтті.
Ногайлының үш кент,
Заманында жарлы өтті...» -

деп келеді. «Ер Сайын» жыр кітабы КР Ұлттық кітапхананың Сирек қорлар бөлімінде сақтаулы. М.Әуезов атындағы ӘӨИ-ның Қолжазба қорына 1965-ші жылдың шілдесінде «99»-шы нөмірмен тіркелген.

23 жоқтау. 1926-шы жылы Мәскеу баспаханасынан жарық көрген. «Бастырушидан» деп берілетін алғысөзінде кітап бастырудагы мақсатын, топтастырылып отырған елден жинаған жоқтаулардың жазу әдебиетіне қажетті сөздік қор екені айтылған. Жинаққа қазақ елі тарихының 400 жылды ішінде қайраткөр тұлғаларының өмір жолдары қамтылған. Кітаптың

қайта басылған «Боздағым» жинағына енгенін «Ахметтанудың негізін салушылар» тарауашында талдап-таратылғандықтан, енді осы жинақта өзгеріске түсken жоқтауларға жасалған салыстырмалық сараптаманы ретімен баяндаймыз.

1. Мамай батыр – бұл батырдың шешесі Қарағлектің баласы қаза болғанда шығарған жоқтауы. Түпнұсқада: «Мамай – Едіге бидің нәсілінен, ХҮІ ғасырда өмір сүрген ногайлының батыры» деген жазылған. Нұсқа бойынша жоқтау 190 жолдан тұрады. 1990-шы жылғы жинақта – 137 жолыған берілген. Яғни, 53 жолы қысқарған. Түпнұсқа бойынша: «Айбалтасы қанды Орақ» деген 11 жолы, «Құлынды өлген ақ байтал, Енді саған күн қайда Ондай бала туатын» деген (30, 31, 32) үш жолы, 1990: жинақтың 17-бетіндегі: «Өткір еді алмасың...» деген тұсына көп нүктө қойылған, осы тұста 19 жолы қысқартылған. Осы беттегі «Қолынды алға сермедің» деген жолдағы «алға» сөзі нұсқа бойынша «айға». 18-беттегі «Тарқамаса игі еді» деген жолдағы «игі» сөзі түпнұсқада «жақсы», ал осы беттегі түпнұсқа бойынша 97-ші жол: «Тең азamat жинаған» деген қатар жоқ. 19-шы бетте: «...Әбейе кескенде батырды Басып кесіп күнінде, Аш бөрідей аттаған. Ақ сұңғнің қияғын Күміспенен қаптаған. Ногайлыны жау алса, Үйде қарап жатпаган...» (114, 115, 116, 117, 118, 119, 120) алты жолы қысқартылған. Осы бетте: 136-141 жолдар да қысқартылған. «Жұртынды жаулар қамады» деген жолдағы «Жұртынды жаулар» деген тіркес түпнұсқада «Өзінді қалмақ» деген жазылған. «Жұртынды дұстан ториды» деген жолдағы асты сзыылған сөз түпнұсқада «қалмак». 20-бетте: «...Анаңнан болып тұған соң, Атқа мінбей өлмедің» (162, 163) деген жолдар жоқ. Осы бетте: «...Артында қалды жиганың, Тарқап кетті мейманың. Үжмақты қылып құдайым, Жолдасың болсын иманың!» деген түпнұсқадағы жолдар қысқарған. «Алғаның қалды тұлдықта» деген жолдағы асты сзыылған сөз түпнұсқада «Алмасың». Соңғы 10 жолы да қысқарған. Түпнұсқа бойынша жоқтау былай аяқталады: «...Өлдің Мамай, қор болдың! Қарадан туып, хан болдың, Ерлігің мен билігің Он сан атты ногайға Көрсе, күнде таң болдың. Жайауларға жол болдың, Аттыларға тіл болдың, Өлдің, Мамай, күл болдың, Күл ұшырган жел болдың, Иманың болгай жолдасың».

2. Қаз дауысты Қазыбек би – 153 жол. Жоқтауды бидің қызы Қамқа шығарған. 1990-шы жылғы жинақта әрбір жоқтаудың алдына қысқаша анықтама берген. 1926-шы жылғы жинақта жоқтаудың соңынан деректі оқиғаларға мағлұматтық дерек көзіне сілтеме жасалған. Жоқтау қысқартуға ұшырамаған, бірақ кейбір сөздер өзгеріске түсken. Екі жолы түсіп қалған. 23-бетте: «...Соларменен бірдей ғып», «...Тақта отырган хан болып» дег-

ген жолдар жоқ. Түпнұсқадағы: «Олқысыз - Ұлықсыз», «мазақта - хан болып», «жанға - ханға», «дұғанды - дуаңды» болып өзгерген. 1990: 22-ші бетте: «Қазақ болып зарлады» деген жол түпнұсқада жоқ.

3. Қенгірбай – 62 жол. Авторы белгісіз. 1990-шы жылғы жинақта 55 жол. 36-бетте: «...Суытып қойған тұлпары, Алпыс басты ақ орда, ...Алладан қайтты назарым, Бір күнде кетті базарым, ...Жаздың күні болғанда Құннің көзі байланған, Ақсұңқар ұшып ұядан» деген жеті жолы қысқарған.

4. Алтай тәті – 174 жол. Авторы белгісіз. 1990-шы жылғы жинақта 24 жолы қысқарған. 102-106-беттерде: «Тұысын - қуысын, ұлындей - аулындей, ғалымдай - Әлімдей, сарғайған - сарғаюмен, мал - бал, Тәті - Тәти, Әугай - Дуай, тойласын - бұласын» т.б. сөздер өзгеріске түскен. 104-бетте: «Бөзбояқтай жұмсаған» деген жол түпнұсқада «Бозтайлақтай айдаған».

5. Қенесары-Наурызбай – 101 жол. Жоқтаудың Мәскеуде басылған нұсқадан алынғаны айттылған. 1990-шы жылғы басылымға енбекен.

6. Жантай – қыргыз жоқтауы. В.Радловтың жинаған нұсқасы екеніне сілтеме берген. 131 жол. 1990-шы жылғы жинақта 99 жол. Мұнда да көптеген сөздер өзгеріске түскен. 32 жолы қысқарған (1990: 294-297 6/6.).

7. Шоқшолой қызының жоқтауы – қыргыздықі. 88 жол. Жоқтау В.Радловтан алынған. 1990-шы жылғы жинақта 81 жол. Түпнұсқадағы: «... Қазақтардың оттығын, Тұндігінен көтерген, Алып және тептірген, ... Жақсы шыққан торғайдай, Сайрайды едің, Жан атам! Құры менен сенектей, Үн алысып жатарға» деген 7 жол кейінгі басылымда жоқ. 290-292-ші беттерде: «қой - той, Шомқар - Щұмқар, Қоғалы - Қопалы, елің - өлең, Қу - аққу. Қалдырың - қараттың, Молдасына - жолдасына» деп өзгеріске түскен. Сол беттегі: 25-жолдағы «Атекем Бейліс өте бар» деген қатардағы «дозақ» сөзі жоқ.

8. Төлебай – 12 жасар қызыбаланың жоқтауы. Авторы Қарпық ақын. Ол – үмбетей руынан. 314 жол. 1990-шы жылғы жинақта 300 жол. 164-ші бетте: алдыңғы 11 жол, «Бабасының қалыбы-ай, Мырзалығын сұрасаң, Көңілде нұрдың жарығы-ай» деген жолдар түсіп қалған. Түпнұсқадағы: «Инспектор орысын - инспектор орнына; Жабықпа, қалқам! - Қамықпа, халқым!, Асылатын өрмелеп - Асылатын мойнына» болып сөздер өзгерген.

9. Төлебай – Төлебайды келінің жоқтауы. Авторы Қарпық ақын. 51 жол. 1990-шы жылғы жинақта 50 жол. 173-бетте: «Белгілі бекзат бел асты» деген жол жоқ. Осы бетте: «Табылмас - белгілі, талайы - талабы, алдынан - алқалы» болып өзгерген.

10. Төлебай – жамағаттының жоқтауы. Түпнұсқада 100 жол. 1990-шы жылғы басылымда - 97 жол. Нұсқадағы: «Алланың артқан ауыр жүк, Ор-

нады мұндай жасымнан. ... Бастаң жақты айырган, Әмірі күшті алланың, Қайғысына жанғаным» деген 5 жол қысқарған. «Жаз күнінде жайқалтып (176 б.)» деген жол қосылған.

11. Эйеке – Бұдабай ақын шығарған. Түркістан жағының. Руы шұбыртпалы деген. Жоқтау 373 жол. 1990-шы жылғы жинақта 421 жол. Толықтырылған, жоқтаудың 1883-ші жылы «Қазақ хрестоматиясында», 1925-ші жылы «23 жоқтауда», 1984-ші жылы «Бес гасыр жырлайды» жинақтарда жарияланғанын ескертеді. Нұсқаның Ә.Диваевтың 1897-ші жылғы «Қазақ халық творчествосы ұлгілері» кітабынан алынғанын айтады. 1926-шы жылғы нұсқадағы 17 жол жоқ. 1897-ші жылғы нұсқаның соңы 65 жолы берілген. 67-ші бетте: «Әуезім - ауызым, күкіметі - хүкіметі» болып өзгерген.

12. Қыздың жоқтауы – В.Радловтан алынғанына сілтеме берген. 22 жол. 1990-шы жылғы жинаққа енбеген. Себебі көрсетілмейді.

13. Әбжан – бұл да В.В.Радлов нұсқасынан. Тарбагатай аймагының найманы шығарған. Түпнұсқада 36 жол. 1990-шы жылғы басылымда 40 жол. Толықтырылған, түпнұсқадағы алдыңғы үш шумақ 1990-шы жылғы жинақта мұлде басқаша беріледі. Қай нұсқаға сүйенгені айтЫЛАМДЫ. Авторы анық емес. 107-бетте: «...Қара бір шашым жайайын! Жайайын да жайайын! Қыналы бармақ, жez тырнақ, Қунде қанға бойайын» деген түпнұсқадағы төрт жолы сақталған. Қалған 16 жолы басқадан. Соңғы 6 шумақ А.Байтұрсынұлы жинағындағыдай, тек «...Көп ішінде қын да екен, Жалғыз енді сөз бастау» деген жолдар жоқ. 107-бетте: «Қыналы» сөзі «құнарлы» болып өзгерген.

14. Балқын қыздың жоқтауы – бұл да В.Радловтан. Түпнұсқада 20 жол, 5 шумаққа топтастырылған. «Шешесінің жоқтағаны» деген мәлімет бар. 1990-шы жылғы жинақта 40 жол. Жырдың 1926-шы жылғы 23 жоқтауда жартылай берілгені, тоғық мәтінді В.Радловтан алғаны айтЫЛАДЫ. Бұл жоқтау К.Әзірбаевтың «Базар – Назар» еki ұлына арнаған жырдағы еki шумағының арасында ұқсастықтар бары жазылған. Алдыңғы 20 жол басқа нұсқа. Соңғы шумақтарды салыстырғанымызда тек 116-бетте: «бетің» түпнұсқада «бетіш».

15. Байжігіт Мұрат – әйелінің жоқтағаны. Тарбагатай өңірінікі. 62 жол. 1990-шы жылғы жинақта бұл жоқтаудың 1926-шы жылғы нұсқадан алынғаны айтЫЛАДЫ. Арасында өзгеріс жоқ. Алғашқы жинақта 6 шумаққа кестелеген, соңғысы шумақсыз шұбыртпалы. Кейбір сөздер емделік өзгеріске ұшыраған. 46-бетте: «сарғая, дариядай, Баянбай, Шаянбай, боятып» деген сөздер түпнұсқада: «сарғайа, дариадай, Байанбай, Шайанбай, бойатып».

16. **Ысмайыл хан** – ханымы Күнжаннның жоқтағаны, 242 жол. 1990-шы жылғы жинақта 191 жол. «Мәскеуден шыққан жинақтан алдық» деген мәлімет береді. Бірақ, 1926-шы жылғы нұсқа сақталмаған. Алдыңғы 19 жолы, әр түсінан – 24 жол, жалпы саны – 43 жолы қысқарған. 59-61-беттерде: «Айдыны - айбыны, бір - сұық, асылды - нұрынды» болып өзгерген.

17. **Ерторы** – келіндер жоқтауы. Торгайдыкі. 92 жол. Шумақпен кестеленген. 1990-шы жылғы жинақта 23 жоқтаудан алынғаны айттылған. Тек 58 жолы қамтылған, шұбыртпалы шумақпен берілген. 34 жолы қысқарған. 109-бетте: «баурай» сөзі «бауыры» болып өзгерген. 110-бетте: «Шараңбан гауһар сұындар» деген жолдар түпнұсқада: «Шарапат кәусар сұындар».

18. **Жолдыбай** – қызы Гүлжәмиланың жоқтағаны. 27 жол. 1990-шы жылғы жинаққа енбекен.

19. **Есмагамбет** – әйелінің жоқтауы. 38 жол, сөзі Қарпық ақындықі деп мәлімдейді. 1990-шы жылғы басылымда: <23 жоқтауда бірінші рет басылған, көлемі шағын болғанымен, мазмұны терең> деген пікір айтқан. Мұнда 38 жол. 19-бетте: «Бісміллә - бисмилла, ұйадан - ұядан, ісләм - исләм, қат - хат, қабар - хабар» деген сездер емелелік өзгеріске түсken.

20. **Ергазы** – әйелінің жоқтауы. Сөзін Қарпық ақын шығарған. 77 жол. 1990-шы жылғы жинақта 64 жол, «13» жолы қысқарған. Мұнда 23 жоқтаудан алынғаны, руы – аргын екені айттылған. Ергазы – Ахметтің кіші әкесі. Шошақтың балалары: Ақтас, Байтұрсын, Данияр, Ергазы, Ермагамбет. 192- бетте: «бастан - бастап». «Орыс, қазақ баласы, ... Кемшилікке шыдамай, Ұзады істің арасы. ... Қоспады ма жақсы Алла, Ашылмады істің ырасы. ... Үкіметпен бенде гып, Облыс Торгай қаласы. Тасқа тиіп, мүқады, Аргымақтың тагасы. ... Ұстаудан шығып келген соң, Артықша болды қапасы. Решение жасалып, Истің болды шатасы» деген 13 жолы жоқ. 1992-ші жылғы «Ақ жол» жинағында: «... бұл оқиғаны 1883-ші жылы болған» дейді, дұрысы – 1885. (ҚР ОММ, 25-кор, 1-тізбе, 2350-ic).

21. **Әбдірақман** – Абайдың ұлы. Жоқтаудың 3 нұсқасы да 1895-ші жылы шығарылған. 38 жол. 1990-шы жылғы жинақта – 159 жол. Толықтырылған. 1926-шы жылғы нұсқада 1-бөлімі 5 шумақ, екіншісі – 4 шумақ, екі жол қосылған. Кейінгі басылымда 29 шумақ, екі жол қосылған.

22. **Ормамбет** – ұлы Нармамбеттің жоқтауы. Бұл 1901-ші жылы шығарылғандығы айттылған. 367 жол. 1990-шы жылғы кітапта 342 жол. 25 жолы қысқарған. Кейінгі басылымда қай нұсқаны негізге алғаны айттылады. 1926-шы жылғы нұсқаның алдыңғы 9 жолы түсіп қалған. «Асыл

әүлет асқаққа» деген 10-жолдағы «Асыл лаудат асқапқа» деп өзгерген. «Мұскін - мүмкін» болып мағынасы өзгерген.

23. Әbdіgапар – ұзын қыпшақ руының ханы. Әйелі Тынышбаланың жоқтағаны. Ол Ахметке құда. Қалидың қызы Кәтез Рұстем Әbdіgапарұлына ұзатылған. 1990-шы жылғы жинақта 23 жоқтауды негізге алған. 624 жол. Кейінгі басылымда 368 жол. 256 жолы қысқарған. 1926-шы жылғы түпнұсқа сақталмаған. 1990-шы жылғы жинаққа: «Кенесары-Наурызбай» (91 жол), «Қыздың жоқтауы» (22 жол), «Жолдыбай» (27 жол) енбекен.

Әдебиет танытқыш. Фасырлар тогысындағы қоғамдық-экономиканың қалыптасуы, жаңа үкіметтің орнығы, халықтың жаппай сауаттандыру үшін оқу-агарту шаралары жедел жүзеге асырылған кезең. А.Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық тұжырымдары мен әдебиеттегі жүйелеуге қосқан үлесі туралы әдебиеттанушы-ғалымдар: «ХХ-шы фасырдың басында әдебиеттану салада нақты іс атқарған, өзгелерге үлгі көрсеткен А.Байтұрсынұлы болды» дейді. Оның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі – ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулерге деңгейлес, әдеби үғым-түсініктердің тұңғыш рет ұлттық үғымға лайықталған, арнағы «пән сөздері» жарияланғанғылымизерттеуекенін айтады. Академик З.Қабдолов 1988-ші жылы ғалым есімі ақталғаннан кейін, А.Байтұрсынұлының әдеби мұрасы хақында «Әдебиет танытқыш» – тұңғыш қазақтың трактат, әдебиет теориясының басы» екенін, кітаптың қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы кешегі кеңес кезінде бүрмаланғанымен, әлем ғалымдары арасында ғылыми түргидан мойындалған ғылыми зерттеу еңбек екендігін ашып жазды, бүтінгі таныммен талдап таратты [50, Б. 70-80; Б. 38-41].

Академик Р.Нұргали «Күлтегін» баспасынан жарық көрген өзінің «Қазақ әдебиетінің алтын фасыры» атты зерттеу-еңбегінде «Әдебиет танытқыштың» қазір Алматыда сақталған кітаптарының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр. Зейін салған кісі аңғарса керек, А.Байтұрсынов былай дейді: «Ұстасу шығармалар қайраткердің түріне қарай үшке бөлінеді: 1) әлдептеніс; 2) азаптаныс; 3) әуреленіс. Осылардың біріншісі – әлдептеніс пен үшіншісі әуреленіс талданады, ал екіншісі – азаптаныс жоқ. Соңдықтан сақталған кітап бойынша болашақта «Әдебиет танытқыштың» толық текстін табу міндепті түр. Тағы бір мәселе әр түрлі жанрлық формаларды талдап болғаннан кейін А.Байтұрсынов әр жерде бұларды нұсқалықтың пәленше нөмірлерінен қара деп ескертеді. Ендеше «Әдебиет танытқыш» оқулық, оның хрестоматиясы – нұсқалығы да болған гой. Қазіргі дерек бойынша ол жарияланбаган секілді. Элде қолжазба күйінде архивтің бірінде жатыр ма? «Мәдениет тарихы» деген еңбек бітіргені белгілі – ол да жоқ. Қайда?

Қысқасы, Ахмет Байтұрсыновтың ұлы еңбегі «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әлі де көп зерттеулер жүргізу керек» деген толғақты ойын әдебиеттанушы ғалымдарға арнайды [52, 35-б.]. Шындығында, қазақ әдебиеттануғына негіз болған бұл зерттеу еңбектің келешекте арнайы кешенді түрде зерттейтін өзекті тақырып. Еңбектегі әдеби терминдер бұл құні әдебен халықаралық терминдерге бой алдырган әдебиеттануғының сөздік қорын қазақыландыруға септігі тиер еді. Академик Р.Нұргалиұлы: ««Әдебиет танытқыш» әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабактас, үйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ А.Байтұрсынұлы жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» дейді [52, 36-б.].

Ахметтанушы А.Ісімақова «Әдебиет танытқыш» туралы былайша ой саралайды: «Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни, «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шыгарылғанын» айтады. Демек, әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмің ойлап шыгарғаны болып шықты: бір әдебиетті жогарылату үшін екіншісін төмендету керек болғандығы айтады. Зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнері туралы: «...ауыз шыгарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шыгарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ, қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі» деген қисынын негізге алып, әдебиетті өз қағидалары бойынша түсіндіреді. Яғни, «пәнсөздер» басты міндет атқаруына баса салмақ салып, сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көпсөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида дәлелсіз бос мақтаулардан да сақтандырады» деген қисының бүгінгі тәуелсіз кезең әдебиеттің де ұстанатын қағидасы болуы шарт деген тұжырым түйеді [53].

Қазіргі филология таным тұрғысынан қараганда, «Әдебиет танытқышта» кездесетін кейбір олқылықтар мен қабыспаушылыққа қарамастан жазылу ұстанымдары, пікір-тұжырымдары, материалдарды жіктеуі, терминдерді жүйелеуі көніл аударуга тұратынын тілші,

әдебиетші ғалымдар мойындаиды. Жазылғанына 80 жылдай уақыт өтсө де, еңбектің дәл бүгінгі күн тұрғысынан алғанда да көкейкесті болып отыргандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Міне, осы кезеңдерде мерзімді басылымдарда жарияланған әдеби-ғылыми зерттеулердің кәсіби, теориялық талдауларының сапалы болуы «Әдебиет танытқыш» сынды теориялық еңбекпен ауыздануының оң нәтижесін танытса керек. Әдебиетші-ғалым Т.Кәкішұлы «Әр дарынның тарихта өз орны бар» атты мақаласындағы А.Байтұрсынұлының сол жылдары егемендікке ұмтылуын, азаттық алдың бірден-бір жолы оқу мен білім алып, ой-сананы дамытуда екендігін жете үғынып, оны белгілі дәрежеде «ағымға айналдыруға мұрындық» болғандығына баса көңіл бөледі [54]. Қазақ елінің болашагы үшін қаламымен курескен қайраткердің қоғамдық белсенді қызметі мен публицистикалық еңбектері, ғылыми зерттеулеріндегі пікірлері ғалымның осындағы қорытындыға келуіне негіз болды. «Әдебиет танытқыш» туралы, ондағы атаулар мен терминдердің қазақ әдебиетінің барлық үғым-түсінігіне сай келетінін айтып, зерттеуші: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы агаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық. Ондағы анықтамалар мен терминдердің өзі күні бүгінге шейін біздің ғылыми арсеналымыздан орын алатын құнды қағидалар мен атаулар. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын үгындыратын «Әдебиеттанытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырығы-фундамент» деген қорытындыға келеді [54, Б. 102, 210-211].

Әдебиеттанушы Т.Кәкішұлы ғалымды қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған зерттеуші ретінде бағалайды. Ол қаламгер еңбектерінен нақты мысалдар келтіре отырып, тарихи деректер негізінде пайымдаулар жасайды. 2000-шы жылды қаламгердің бүрін-соңды ғылыми ортаға таныс емес «Қалам қайраткерлерінің жайынан» деген мақаласын жариялады. Зерттеуші бұл мақаланы көпшілікке таныстырып отыргандығы мақсатын: «... мұндай мұраларды жариялау бізге керек ... Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінгісіз ертеңнің кірпіші қаланбайды. Үрпақтар сабактастығы дегеніміз де, міне, осы» дейді. Эрі осы мақалының астарынан бәле іздейген өз қандастарымыз, Ахметті партиядан шыгарып тынғанынан маглұмат береді. Десе де бұл тарихи маңызы зор мақала «Ахаңың азamatтығын айқын танытқан, интернационалистерді үркітіп, айғай-шу шыгарған, «ұлтшылдықтың манифесі» деген баға береді әдебиеттанушы ғалым Т.Кәкішұлы.

«Әдебиет танытқышы» туралы: «...Ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек. Үлкен білімдарлықпен, ғылыми терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталып кеткендейдікten, көпшілік арасына кеңінен тарағ ұлгермеді» деп жазады Ж.Смағұлов [55]. Және зерттеудің ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсү әрежесін көрсететін ғылыми мәні соңғы үақытқа дейін дұрыс бағаланбаған. «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқы ғылыми зерттеу екені енді ғана айтылып, нақты бағасы беріліп жатыр» деп талдауын әдебиетші-ғалым Р.Нұргалиев, тілші Р.Сыздықованың ой-тұжырымдарымен таратады.

Әдебиеттанушы Ж.Смағұловтың пайымымен келісуге де келіспеуге де болады. Келісетініміз: ғалым есімі ақталғаннан бастап, отандық тілші-әдебиетші, көсемсөзші, тарихшы т.б. ғалымдардың барлығы дерлік Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы туралы жаңаша көзқарастарын бүгінгі ұлттық ғылымның таным тұрғысынан жазды, жазып келеді, жаза да беретіні. Келіспейтініміз: 1919-шыжылы А.Самойловичтің ғылымтанудагы үрдісі – Ахметке берген қысқаша биографиялық ғылыми сипаттамасы тоқтап қалған жоқ. 1974-ші жылы орыс ғалымы А.Н.Кононовтың биобиблиографиялық басылымға берген анықтамалығында: «...им же написаны на казахском языке учебники по фонетике, синтаксису и этимологии казахского языка, а также по теории словесности и истории культуры» деген мәліметі кеңес жүйесі кезеңіндегі «Ахметті халық жауы деп, аты атальмай тұрган тұста» тарихи бағалау екенін әсте ұмытуға болмайды. Орыс ғалымы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» жеке дара алып қарастырмаса да, анықтамалығында «әдебиет теориясын» жазғанын айтты. Жалпы, «көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шыгарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген, әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын тапқан автордың жан-қиярлық еңбегінің жемісі» деп тұжырым жасаған.

Қорыта айтқанда, «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған қондырығы. 2007 жылы – Ұ.Еркінбаев «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» XX ғасыр басындағы әдебиеттану контекстінде» [56], 2010 жылы – А.Ойсылбай «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сез өнері мен поэтика мәселелері» кандидаттық диссертациялар қорғалып, нәтижесінде ғылыми негізде тұжырымдалған ой-танымдар мен соны ұсыныстар әдебиеттануға жаңа арна болып қосылды [57].

II-тaraу бойынша пайдаланылған материалдар:

1. Байтұрсынұлы А. (Қол қойған: Маса). Кітаптар жайынан // Айқап №1, Б. 12-13, 1911; Оқыту жайынан // Қазақ №29, 7 қыркүйек 1913.
2. А.Байтұрсынұлы еңбектерінің картотекасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Сирек қор кітаптары.
3. Өмірдерек (Жизнеописание). Профессор А.Байтұрсынұлының №110 ici. АБМҚ.
4. Әуезов М. Ақаңың елу жылдық тойы // Ақжол, 4 ақпан 1923.
5. Редакция портфелінде баспаға дайын кітаптар. 31/XII.1921. ҚР ОММ, 81-1-55, 287-288 п/п.
6. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары // А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ Тілтаным №2, 2001, Б. 3-13.
7. Байтұрсынұлы А. Жазу тәртібі // Айқап № 4, Б. 84-86, 1911; Жазу мәселе (Қол қ.: А.Б.) // Қазақ №34, 16 қазан 1913.
8. Айтбаев Θ. Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 1991.-350 б.
9. Машқанова Н. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы. Автореферат. – Алматы, 1994.
10. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Автореферат. – Алматы, 1995.-25 б.; Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Орал, 1998.-132 б.
11. Ибраимов Қ. А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2005.-27 б.
12. Усембаева Р. Ахмет Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу. Автореферат. – Алматы, 1999.-26 б.
13. Иманбекова Б. Ахмет Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. Автореферат. – Алматы, 2000.-25 б.
14. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы // Политехникалық мектеп» журналы №7-8, 1933., 35-6.
15. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.-288 б., Б. 227-248.
16. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Бірінші кітап: Балаларға арналған әліппе. Орынбор, 1912.-40 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 33-47.

17. Казакский (Байтурсыновский) алфавит // Литературная энциклопедия. (Отв. ред.: Луначарский). Т. 5., – Москва, 1931., С. 23.
18. Байтұрсынов А. Оқу құралы. Қазақша алифба. – Бишкек: Периодика, 1991.-97 б.
19. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Қазақ тілінің тілінің сарфы. 1-нші жылдық: Дыбыс жүйесі мен түрлері. Орынбор, 1914.-53 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 141-171, 173-198.
20. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. 2-нші жылдық: Сөздің жүйесі мен түрлері. Орынбор, 1914.-120 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 141-320.
21. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. 3-нші жылдық: Сөйлем жүйесі мен түрлері. Орынбор, 1923.-68 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 263-320.
22. Байтұрсынұлы А. Байаншы. Әдістемелік құрал. Қазан, 1920.-15 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 323-333.
23. Байтұрсынұлы А. Тіл – жұмсар. 1-ші кітап. Қызыл-Орда, 1928.-46 б.; Тіл – жұмсар. 1-ші кітап. Қ-О., 1929.-90 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 335-356.
24. Байтұрсынұлы А. Саят ашқыш. Ересектерге әліппе. Орынбор, 1924.-114 б.; Семей, 1926.-83 б., Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 91-138.
25. Байтұрсынұлы А. Әліпби. Жаңа құрал. Қызыл-Орда, 1926.-114 б. Қ-О, 1928.-116 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 49-89.
26. Байтұрсынұлы А., Әліб-бій. Жаңа құрал. – Алматы: Рауан, 1998.-120 б.
27. Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері №4, Б. 7-8, 1989.
28. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов // Қазақ әдебиеті, 6 қаңтар 1989.
29. Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999.-568 б., Б. 250-261.
30. Ақаев С. Терминнің тілдік және танымдық сипаты. – Алматы, 2002.-291 б.
31. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану. Монография. – Алматы: Ел-шежіре, 2008.-240 б., Б. 7-25, 29-46, 47-53.
32. Байтұрсынұлы А. Құрметті оқушылар! // Қазақ №1, 2 ақпан 1913.
33. Байтұрсынұлы А. Білім жарысы // Қазақ №16, 31 мамыр 1913.

34. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 1995.-288 6., Б. 54-68, Б. 107-117.
35. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер // Жұлдыз, Б. 140-167, 1988.; Ахаң жайлар шындық // Коммунизм нұры, 8 наурыз 1989.; Әр дарынның өз орны бар // Қазақ әдебиеті, 2 наурыз 1990.
36. Бекейхан Э. (Қол қойған: Қыр баласы). Қырық мысал (Аударма өлең туралы) // Қазақ №18, 19 маусым 1913.
37. Байтұрсынов А. Қырық мысал. Қазан: Татарыстан, 1922.-96 6.
38. Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар. Елу томдық. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1997.-580 6., Б. 93-94.
39. Елеуkenov Ш. Жаңа жолдан. С новый строки. – Алматы: 1989.-288 6., 14-6.
40. Т.Қ.Шаңбаев «Мысал жанрының стилі мен тілі» (Ахмет Байтұрсынұлы 40 мысал). Автореферат, 1994.-33 6.
41. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.- 464 6., 7-6.
42. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1997.-512 6., Б. 410-423
43. А.Байтұрсынұлының мәлімдемесі. 1929. ҚР ҮҚҚ мұрагаты, 78754-ic, 6-т.
44. Байтұрсынов А. Шығармалары.–Алматы: Жазушы, 1989.-320 6., 13-6.
45. Қирабаев С. Ахметтің ақындығы // ҚазКСР FA хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №1, Б. 3-10, 1991.
46. Мақпышұлы С. Қазына. – Алматы: Арыс, 2004.- 320 6., Б. 44-45, 65.
47. Ер Сайын. – Мәскеу: Күншығыс, 1923.-95 6.
48. Бекейханов Э. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994.-384 6., Б. 276-279.
49. 23 жоқтау. – Мәскеу: Күншығыс, 1926.-155 6.
50. Қабдолов З. Көзқарас (Талдаулар мен толғаныстар). – Алматы: Рауан, 1996.-256 6., Б. 70-80.
51. Қабдолов З. Ахаң ана тілін түрлеуші // Мемлекеттік тіл: бүгіні мен болашагы. – Астана: 1998-256 6., Б. 38-41.
52. Нұргали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана, Құлтегін, 2002.-528 6., Б. 12-35.
53. Ісімақова А. Әдебиеттегі Бахтин мен Байтұрсынұлының үндестігі // Заман Қазақстан, 7 ақпан 1997.
54. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992.-264 6.; Кер заманның керегар ойлары. – Алматы: Атамұра, 1995. -168 6.

55. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.-432 б.
56. Еркінбаев Ү. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» XX ғасыр басындағы әдебиеттану контексінде. Автореферат. – Алматы, 2007.-26 б.; «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. Монография. – Алматы, 2008.-136 б.
57. Ойсылбай А. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2010.-26 б.



III-тарау ЕЛЕНБЕГЕН ЕҢБЕКТЕРИ

«Еленбеген еңбектері» деген бұл тараудың осылайша аталуының да өзіндік ерекшеліктері мен түрлі себептері болды. Біріншіден, Ахаңың аяулы есімі орағаннан кейін оның туындыларын қайта бастыру жұмыстары жедел қолға алынды [1, 2, 3, 4, 5]. Жинақтар қысқа мерзімде басылғандықтан, ғалымның туындылары мұрагаттардан жинастырылып үлгерілmedі. Жабық қорлардың тіркеуіндегі кейбір еңбектерге арнағы мекеменің ұлықсаты қажет болды. Екіншіден, тәуелсіздік кезеңдегі ғалымдардың арасында Ахаң әліпбійн танитындар саны некен-саяқ болғандықтан, Алаш мұрасын танып-оқуға, зерттеп-зerdeлеуге, сараптауга біршама уақытпен қатар, пайымдау керек болды. Өйткені, 1912-1933-ші жылдардағы кітаптар төте (арабша) тақбамен басылғандықтан, оны оқып шығуға «екінің бірінің тісі батпайтын». Ушіншіден, гуманитарлық білім саласында: тарих, филология, философия, педагогика, журналистика мамандықтары бойынша ізденіп жүрген кейбір жас зерттеушілердің БАҚ-та тұлғалардың тың туындылар туралы мақалалар жарияланғанына қарамастан, ғылыми ортада бұл деректер бірде еленсе, бірде еленбей, тыс қалып отырды. Нақтырақ, бұл деректердің еленбей қалуының басты себебі, алынған материалдың дерек көзі анық көрсетілмеуі, біржакты баиндалуында болды.

Сонымен қатар, кейбір көрсетілген сілтемелердің ала-құдалығы: тұра аталауы, мұраларды сараптап-саралауда, оның ғылыми айналымға түсүіне біршама кедергілер келтірді. Мәселен, «Байқаушы» деген бүркеншік есімді ғалым-зерттеушілер бірде «Міржақыптықі» десе, тағы бірде «Ахметтікі», не «Әлихандықі» деген болжамдарын ұсынып отырды [6; 7, 372-б.; 8, 556-б.]. Десек те талай жылғы ғылыми-зерттеулерді салыстырып, сарапталуы негізінде, бүркеншік аттың тек «Ахмет

Байтұрсынұлына» ғана тән екендігі анықталды [9, Б. 122-125; 10, Б. 6-12, 22-23; 11, 227-230]. Әрі осы атпен 1915-1916-шы жылдары «Қазақ» газетінде жарық көрген үш өлеңі, ғалымның бес томдық шығармалар жинағының 3, 5-ші томына енді [12, 5-6.; 13, Б. 175-182]. Бірақ, 2006-шы жылғы басылымның таратылу тиражы – 2000 дана ғана. 1989, 1991, 1992-ші жылдары қайта басылған туындылардың тиражы 10 000-20 000 данамен таратылса, кейінгі XXI-ғасырға аяқ басқан тұста жарық көрген кітаптардың тиражы қысқарды. Мұндай ауытқушылық оқырманның кітапқа деген сұранысының төмендеуінен емес, бүгінгі жаһандану заманыңдағы адамзаттың қоғамдағы жаңалықтарды қабылдаудында ақпараттық жүйеге (технология) көбірек дең қоюынан болса керек. Нақтырақ айтсақ, өскелең үрпақтардың ғаламтордағы жаңа сипаттағы оқулықтарға (электрондық кітаптар) көп жүгінуі себепті, баспаханалық кітаптардың шығарылу саны күрт төмендеді. Бірақ, бұл заманың талабы десек те өзіндік қызындығы жеткілікті. Өйткені, техниканың аты – техника. Ол қашанда аса ыждағатты күтімге зәру, әрі үнемі жоғары сапалы қуатқа тәуелді. Ал мұндай техниканың адамның деңсаулығына тигізер зияны шаш етектен. Сонымен қатар, бұл электрондық оқулықтар компьютердің бағдарламалық жадында жылдар бойы сақталуына ешкім кепілдік бере алмайды.

Жалпы, басылып шыққан кітаптардың өміршешендігін іс жүзінде көріп те жүрміз. Оған дәлел: мұрагаттардағы ғасырлар бойы қатталған кітаптар. Мәселен, кітап бастыру жұмысы XIX-шы ғасырдан бастап қолға алынғаны, 1807-ші жылы «Сейфул-Мәлік» кітабының түңгыш рет басылғандығы туралы мәлімет бар [14]. Бұл кітаптарды оқу қолайлы, әрі деңсаулыққа қандай да зияны жоқ. Әлі осы кітаптарды «шырақ алып жүріп» іздейтін боламыз... Тасқа қашалған жазулар мен басылған кітаптарды мәнгілік десек, артық айтқандық емес. «Қаламмен жазылғанды, балталап өшіре алмас» деген осы болар, сірә! Сондай-ақ, Алланың сезін хақиқат дәп таныған киелі төрт кітаптың үрпаққа жалғасуы баспа жұмысы арқылы іске асты емес пе?! Ендеше, кітап – біздің өткеніміз, бүтініміз һәм болашағымыз.

Тарауға оралсақ, «Ахаңың асыл әндері» атты тараушада композитор-ғалымның ән-күй әлеміндегі иірімдері, музика өнеріне қосқан еңбектері сез болады. Тұлғаның композиторлығына тоқталғанда, халық әнінің қорықшысы, этнограф-ғалым Александр Затаевичті қатар қойып, бірін – қазақ әндерінің тынысы десек, екіншісін – қазық-тірепті дейміз. Егер қазақ әндерін А.Затаевичтей дарын иесі нотага түсірмегендеге, қобыз бен домбыра ішегінде күмбірлекен үні сүбесі сөгілмей сағ қалпында жетер ме еді?! Әлде бірнеше нұсқасын қатар ұстап, таласып-тармасып, бөлісе алмай жүрер ме

едік. Композитор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ән-қүйлерінің кеңестік тұсында «халықтық» болып айтылу себептері, кейінгі уақыттары кейір әнінің авторына қайтарылғаны жөнінде талдаулармен қатар, танымдық ой-сараптаулар жасалды.

«Табылған тың туындылары» деген тарау шада ғалым есімі ақталғаннан бері әдебиеттану ғылымиңдағы әр түрлі ұжымдық зерттеулер мен жекелеген монографияларға арқау болған Ахаңның бүркеншік атпен жарияланған өлеңдері, кейір көсемсөз, тіл туралы мақалалары, бәймәлім болып келген ресми мәлімдемелері топтастырылды. «Хаттар тағы да хаттар» атты тарау шада құрескер-тұлғаның тағдыр тәлкеғінің ауыр сынында жүрген сәттерде ең жақын досы, рухани інісі Міржақып Дулатұлына жазған хаттары, әрі замандасы Элихан Бекейхан екеуінің арасында жазысқан хаттары берілді. Тарихи маңызы зор хаттар БАҚ-та, белгілі әдебиетши-ғалымдардың зерттеу еңбектерінде, жекелеген авторлардың жинақтарында жарияланды. Дегенмен ғұламаның шығармашылық өмірнамасына арналған зерттеуде бұл хаттарды қайталап берудің еш артықшылығы болмас деп ойлаймыз.

III.1. Ахаңның асыл әндері

А.Байтұрсынұлының ғалымдығымен қатар, аса дарынды композитор болғандығы жөнінде мағлұматтар жетерлік. Әмбебап ғалымның өз сөзімен айтсақ, жан қоштау керегінен шығатын «көрнек өнері», оның бір түрі «...әуез өнері (европаша – музыка) әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері» еken [1, Б. 137-138; 3, Б. 340-341]. Осылайша әуез өнерінің анықтамасын, ереже-қисының шегелеп жазып отырған Ахаңның бұл өнерге де «қара жаяу» емес, керісінше өте сезімтал әрі қара сөздің өзінен әуезе іздейтін хас шебер болғандығын көрсетеді. Мәселен, «Әдебиет танытқыш» зерттеуінде көрнек өнерін бес түрге бөліп, оның ішінде адам баласына аса қажетті – сөз өнерінің (қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, европаша – литература) әдеби қисындарын жазып берді [1, 138-б.; 3, 341-б.]. Асылы, «...әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса ол әдебиет адасын кептек...» деген әдебиеттанушы бабалардан мирас болған ән-жырларға, күй-толғауларға, дастан-қиссаларға зор көңіл бөлген, әрі оны ұлт әдебиетінің «асылы» деп бағалап, өз зерттеулеріне тірек еткен [1, 138-б.; 3, 341-б.].

Осылайша ел ішіндегі ауыз әдебиетінің түрлі нұсқаларын жинап, оларды сөз өнерінің бір тарауы ретінде жүйелеген. «Ертегі жыр, Тарихи

хи жыр, Айтыс өлең, Үгіт өлең, Үміт өлең, Толғау (мұңды өлең), Терме; Той бастар, Жар-жар, Беташар, Бесік жыры» т.б. толып жатқан өлең-жырлардың құрылымы мен құрылышын зерттеген ол, енді олардың әуезінің (музыкасы) ахуалы не болмақ деп ойласып жүргені анық. Дәл осы тұста қазақ ортасына тап келген Затаевичтей өзгеше өнер iesін Ахаң құшагын айқара ашып, қарсы алғаны хақ. А.Затаевичтің есімі – оның қазақ жүртү үшін жасаган жұмысы арқылы елі ішіне кең тараған. Бұл күні оның атын білмейтін адам кем де кем шығар. XX-шы ғасыр басында қазақ әнінің қорықшысына айналған Александр Викторович Затаевич пен Ахмет Байтұрсынұлының бір-бірімен кез келуі кездейсоқтық емес. Ал қазақ ортасына тағдыр айдал келген осы Затаевичке бірінші болып көмек қолын созған, оның шығармашылығын жан-дүниесімен сезініп, қолдау көрсеткен де А.Байтұрсынұлы болғандығын, көргендер естеліктерінде жазып жүр.

Қазақтың кең сахараасында атадан – балага мирас болған бабалар мұрасының бір саласы ән мен қүйлер ғасырлар бойы қағаз арқылы емес, ауызша тарағаны ежелден белгілі. Қек аспанның астында туған қазақ арасындағы мыңдаған әсем ән-жырлар мен күмбез күй-толғаулардың тылсым іірімдері алғаш нотага Затаевичтің қылқаламымен қаланғаны баршамызға аян. Ұмыттыла бастаған ел аузындағы ән-жырларды, қүй-толғауларды, қисса-дастандарды жинап, оны талмай-қажымай қағаз бетіне түсіргендеге де Затаевичтің жанына жалау болып, көніл-күйінің кілтін тауып, бабын жасаган Байтұрсынұлы бірнеше әндерді өзінің қызыл домбыра-сында шебер ойнап беріп, өзінің қоңыр дауысымен әндете отырып, халық мұрасын жинауга бас-көз болып, жетекшілік жасаган.

А.Затаевичтің 1925-ші жылы Орынборда 402 бетпен жарық көрген «Қазақ халқының 1000 әні» атты жинағына А.Байтұрсынұлының орындарап, жеткізуінде бірнеше ән-жырлар мен күй-толғаулар енген. Олар: 1).«Әйда-яй», 2).«Екі алма», 3).«Тоқыбас әні», 4).«Кәмшат бөрік», 5).«Қара қоңыр», 6).«Жаяу Мұса әні», 7).«Әйда! Былпым» күйі, 8).«Тепен-қек» күйі, 9).«Есейжол жыршы әні», 10).«Шыргау», 11).«Дауыс» (Кісі өлгендегі жоқтау), 12).«Ай-хай, Фазиза!», 13).«Жар-жар» (Үйлену тойы әні), 14).«Кел-кел, жұбым-ай!», 15).«Көр-ұлы» (Бала мolasы), 16).«Қаләйлім», 17).«Мүкен әні», 18).«Бигінің әні», 19).«Жыршы әні» [15, Б. 74, 88, 206-207, 240-246].

Бұл әндердің басым көпшілігі Ахаңның кіндік қаны тамған Тосын болысының №5-ші аулына тән болса, тек кейбірі «Қара қоңыр», «Кәмшат бөрік» – Қарқаралы уезіне, «Жаяу Мұса әні» – Павлодар уезіне тән екендігі, нотага түсірілген қағаздың маңдайшасына жеткізуісімен қатар жазылған. Осы аталған туындылардың телкөшірмелері Шолпан

Ахметқызының жеке қорында сақталып, бұл күні Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің экспонатына айналып отыр [16]. А. Затаевич пен А. Байтұрсынұлының жас шамалары қарайлас. Өнертанушылар, әдебиетші, тарихшы галымдардың деректеріне сүйенсек, А. Затаевич қазақ жері – Орынборға 1920-шы жылдары Варшава қаласынан қоныс аударған. 1923-ші жылы ғалымның 50 жылдық меретойы құрметтіне арналған салтанатта А. Затаевичтің құйсандықта қазақ әндерін, оның ішінде Ахаңның «Қаракөз» әнін орындағанын, осы мәжілісте «қазақ халқының рухани көсеміне» зор құрмет көрсеткенін Г. Ахмедов өзінің «Ахаңның өмір кезеңдерінен» деген мақаласында жазды [17, Б. 23-37].

Ахметқызы Шолпанмен тете өскен, құрбысы Гұлнар Міржақыпқызы 1990-шы жылды «Ардақтап өтем әкемді» атты мақаласында Ахмет атаекесінің қызыл домбырасы мен қара құйсандығында қоңыр дауысымен ән салатыны жөнінде әпкесі Б. Асқарқызының естелігі бойынша баяндағанды. Гұлнар апа құлагында қалған әндерді байлайша тізбелейді: ««Елім-ай», «Екі жириен», «Қаракөз» атаекемнің сүйіп салатын әндері болатын дей келе, ... Қазіргі «Қызы Жібек» операсында айттылып жүрген «Қаракөз» ариясы – Ахмет Байтұрсынұлының шыгармасы» деп, өзінің деректерін көлтіреді [18, Б. 117-124; 19, Б. 478-541, 508-6]. Эрі осы әннің сезін де әүенін де жазған Ахмет атаекесі екенін айтады. Бұл айттылғандардың негізсіз еместігі анық, өйткені Ахаң мен Жақаңның қазақ көшінде бірге жүріп, бірге тұрғаны өз алдына, ал олардың тел өскен балаларының жадында бұл әсем әндердің жатталып қалуы заңды да.

Шындығында, «халық әні» деп айттылып келген «Ақкүм», «Қарғаш», «Қаракөз», «Екі жириен» әндері Ахаңның аяулы есімі ортамызға 1988-ші жылдан оралғаннан бері, бірде «Ахметтікі», бірде «халық әні» деп алма-кезек айттылып жүр. Бұл ғалым туындыларына қиянат жасағандық болады. Жалпы, «халықтықі» деп танылып, халық әні қазынасының қоржынына түсетін ән-жырлар, қүй-толғаулардың өзіндік қағидалары мен түрлі себептері бар. Мұның ара-жігін өнертанушы мамандар ажыратып, сараптаулары мен тұжырымдарын көлтірер. Дегенмен қазақ ұғымында қалыптасқан пайымдау бойынша, «шыгарушысы анық туынды сол шыгарушысының атымен айттылуы шарт». Авторы анық туындыны «халықтықі» деп айтуга негіз жоқ.

1929-шы жылды «халық жауы» деп нақақтан қараланып, айдауга түскен тұста тұлғаның қаламынан тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, өнер, заң салалары бойынша шыққан төл туындыларының кейбірінің талан-таражға түскені мұрагат деректерінен мәлім. Мәселең, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылыминың қысындарын жазған Ахметтің аяулы есімі Кеңестер

одағының жүйесі қасақана айтқызбады. Бірақ, тұлғаның туындылары сол қалпында, тек кирилшеленген нұсқада азгана өзгерістермен оқу-агарту саласында толық қолданыста болды. Мұны тарихи тұлғаның ардақты есімі ақталғаннан кейін, арлы ғалымдар мойында, гұламаның төл туындылары туралы «қапастағы шындықты» ашты. Айттылған ақықаттың аясында нәтиже де жемісті болды. Бұған дәлел: 1990-шы Үкімет қаулысымен ҚР ҰФА Тіл білімі институтына Қазақ тіл білімі мен әдебиеттануғының негізін салушы, реформатор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілуі еді! [20].

1999-шы жылы XX-шы ғасырдың ұлы реформаторының «ұлттық рухымыздың ұлы тіні» екені толық мойындалып, бүгінгі тәуелсіз еліміздің ресми мекемелері: Халықаралық қазақ тілі қогамы кеңесінің тарапынан «Ана тілдің айбары» омырау-белгісі, Халықаралық Абылайхан қоры, Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қогамы мен «Алтын адам» қоры бірлескен Қоғамдық кеңесінің шешімімен Ахмет Байтұрсынұлы «Ғасыр саңлағы» деп жарияланып, байрақ түстес алқа-белгімен марапатталды [21]. «Ана тілдің айбары» омырау-белгісінің титулында: «*Ахаң рухы мәңгі өштепейді!*» деген рух оятар сөздер жазылса, «Ғасыр саңлағы» алқа-белгісі «*Малым – жанымның, жаным – арымның садақасы*» деген бабалар ұлагатымен көмкерілген. Бабалар өсietін бойтұмардай қадір тұтқан Ахаңды, ақықатында, исі қазақ жүртynына, түркі тектес қандастарға арымен қызмет жасаған Ахмет Байтұрсынұлының қызметі замандастары тарапынан да еленіп, қайраткерді «*қазақ халқының рухани көсемі*» (М.Әуезов) деп ұлықтағанын есте естен шығаруга болмайды [22]. Міне, осындағы ігі қадамдар музыка саласының «майталман өнер иелеріміз» деп жүрген кәсіби мамандарына қандай да бір ой салса керек.

Ахаңның аяулы есімі ортамызға оралғанына 22 жылдың жүзі болды. Содан бері БАҚ-тың «Қазақстан» телеарнасы – «100 ән», Қазақ радиосы – «Алтын қор» бағдарламалары бойынша танымдық сұхбаттар жүргізіп келеді. Осы танымдық сұхбаттардың пікірталасы – Ахаң әндерінің айналасында өрбіп, соны сиырқүйимшықтанып, сол «баяғы жартас бір жартас» демекші, «халық әні» деп түйіндейді. Бұндай көпе көрнеу «жалпақшешейлік» Ахаңдай ғалым композитордың аз да болса саз мұрасына адалдық танытпаганымыз болып табылады. Ақықатында, «зaman басқа, заң басқа» деп, өтпелдегі өткенін түгендереп жатқан тұста, кеңес кезіндегі «келеңсіздіктерден» арылатын кез жеткенін музыка мамандары неге мойындағысы келмейтіні түсініксіз.

Қорыта айтқанда, Кеңес Одағының солақай саясатына тәуелді болған тұста амалсыздан «халықтық» деп танылған: «Қаралқөз», «Екі жириен»,

«Ақкүм», «Ахау, достар!», «Қарғаш» сынды әндерді, осы туындылардың төл авторы Ахметке қайтару – бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін өзекті мәселе. А.Байтұрсынұлының, ән-күй саласындағы мұрасын ғылыми түргыдан дәлелдеп, зерттеу еңбектер жазуды қолга алу – мәдениет саласын басқарып отырған мемлекеттік мекеменің құзырындағы иті ішара екені де анық. «Қалауын тапса, қар жанады» демекші, бастаушысы дұрыс болса, қолдайтын қосшылары қашанда табылады емес пе?!

Енді осы әндердің бізге жеткен мәтіні мен кейін біршама өзгерістерге түскен мәтіндерін қатар береміз.

1). Қаракөз

Құдайдың құдіретіне таң қаламын,
Жолында бір ғашықтың зарланамын.
Ішімді ғашық оты жандырады,
Сырттыма шығаруга арланамын.

Қайырмасы:

Ей-ей, сүмбіл шаш!
Беу-у, жұбайым,
Болды-ау, уайым,
Жан сәулем, айта беріп,
Не қылайын...

Әппақ етің қояндай,
Шошып сәулем ояңды-ай.
Ғашық болған Қаракөз,
Қызығыңа тоя алмай.

Қайырмасы:

Кейінгі нұсқа:

Жете алмай жолда шаршап түрган кезде,
Бір ғана елес берші сәулем, көзге.
Ақкуым айдын көлде жеке жүзген,
Көнілімде көлеңкем жоқ сенен өзге.

Қайырмасы:

Ақсұңқарым, жібегім,
Жалғыз сенде тілегім.

Сегіз жылдай сергелдең,
Қасірет шегіп, жүдедім.
Ой, сүмбіл шаш, сенсің уайым,
Беу жұбайым,
Тұксенде сен есіме не қылайын.

Сұм жалған сегіз жылдай қолды матап,
Жолыңа шыға алмадым сарбас атап.
Аққуым айдын көлдे жүзген,
Жүрмісің іліктірмей жаман атақ.

Қайырмасы:

* * *

2). Екі жириен

Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,
Аулыңа барушы едім даламенен.
Тұксенде сен есіме беу, қарагым,
Сагынып, саргаямын саламенен.

Қайырмасы:

Екі жириен жалын түйген,
Жалганда ғашығымсың жаным сүйген.

Ей, құрбым, сөз сөйлейін көрген жайдан,
Айтпаймын күдер ұз деп ақ сұңқардан.
Көңілімде еш дауалық болмаган соң,
Бойымда толып жатыр ар мен арман.

Қайырмасы:

Физатлу хат жазамын қалқам саган,
Самарқау осы күнде көңілім шабан.
Мұғаллақ екі дүние бірінде жоқ,
Дариға осыменен өтті заман.

Қайырмасы:

3). Аққұм

Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты.
 Сөзі бар алуа, шекер, балдан тәтті.
 Адамның өзім көрген абзалы екен.
 Айтайдын өлең қылыш перизатты...

Көзімнің жанарындаі сәулем едің.
 Көңілімнің қуанышты дәурені едің.
 Ойымнан жатсам, тұрсын еш кетпейсің.
 Басымды не сиқырмен әуреледің?

Кейінгі нұсқа:

Аққұмның бір қызы бар,
 Іңкәр атты.

Сөзі бар алуан шекер,
 балдан тәтті.

Игигай, игигай.

Адамның өзім көрген,
 абзалы екен.

Айтайдын өлең қылыш,
 перизатты...

Игигай, гәй игигай.

Көзімнің қарасындаі
 сәулем едің,

Көңілімнің балдай әні,
 дәурені едің.

Игигай-яй, игигай-яй.

Ойымнан жатсам, тұрсын
 бір кетпейсің.

Көңілімді не сиқырмен
 әуреледің?

Игигай, сәулем.

Игигай, сәулем, игигай-ай.

4). Ахай, достар

Бұл күнде қашық тартқан біздің достар,
Кез келсе, сыр қалмаған, көңіл қоштар.
Лебіндегі айдаһардың тартқан достар,
Бұл күнде бірі де жоқ қолмен ұстар.

Ахай, достар,
Көңіл қоштар.
Хош болып тұр,
Жолыққанша,
Асыл достар!

* * *

5). Қарғаш

Ақ дидарын көргенде тұра алмаймын,
Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын.
Сен есіме түскенде, беу қарғашым,
Кемесіндегі дарияның бұраңдаймын.

Жылқым жатыр Ақкөлдің шаңдағында,
Кімдер сері болмайды бойдағында.
Қызы кеткен соң ауылдан қызық кетер,
Келіп, кетіп жүрсейші ойнағыңа.

III.2. Табылған тың туындылары

Дағдарыс. Бұл өлең «Қазақ» газетінде 1915-ші жылы желтоқсанның 16-ы күнгі 161-ші санында «Оқшау сөз» айдарымен жарияланған. Өлең мазмұны – сол тұстағы әділетсіздік жайланаған билеуші заманға көнілі қалып, әділеттілік іздең қоғами ортамен бірге дағдарған кейіпкердің бір құдіретке зарлай арнаған толғауы іспетті. Өлең туралы мәлімет кейінгі ғылыми зерттеу енбектерде жоқтың қасы, болса некен-саяқ. 2006-шы жылы ғалымның бес томдық шығармалар жинағының 5-томына енді [13, 175-6.].

Мәселен, 1989-шы жылдың қаңтардаң 21-і күнгі Қостанай өңірінің «Коммунизм таңы» атты облыстық басылымында әдебиетші Б.Байғалиев «Тұған тілім» мен «Дағдарысты» төте жазудан бүтінгі әріпке түсіріп, бірінші рет жариялады [6]. Аталған өлеңдер ақынның «Маса» кітабына енген «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Оқуга шақыру», «Қасқыр мен мысық», «Кісі мен арыстан» сынды шығармаларымен қатар береді. Зерттеуші бүркеншік атпен шыққан бұл өлеңдердің «Байтұрсынұлының» екенін қалай анықтағаны тура-лы нақты дерек бермейді. Мұмкін әдебиетші Б.Байғалиев ортамызда тірі жүргенде өзінің жүмбақтау ұстанымының шешуін ғылыми түрғыда талдап-таратып берер ме еді ... Өкініштің сол, сүм ажал оны ортамыздан erte алыш кетті. Десек те Б.Байғалиевтің әдебиетші ғана емес, Орталық мемлекеттік мұрагатының қызыметкері болғандығын ескерсек, оның А.Байтұрсынұлы мұрасына қатысты жазған қандай да мақалаларының негізі – «қатталған» сирек қорлардағы деректі құжаттардан бастау алғаны анық.

«Байқауши» деген бүркеншік есімнің құпиясын ашуға Ахаңның рухани замандаң інілерінің бірі – Телжан Шонанұлының мұрагатта сақталған мерейтойлық мақаласының қолжазбасы бірден бір көмекші құрал болды. Т.Шонанұлының орысша жазылған «Ахмет Байтурсынов Байтурсынович в области народного просвещения и литературы» атты мақаласы басылым бетінде жарияланған [23, 24, Б. 39-52]. Мерейтойлық мақаланы 1992-ші жылы әдебиетші Б.Байғалиев «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» деп, алғаш рет қазақ тіліне аударып, «Жұлдыз» журналында жариялады [25, Б. 123-128]. Әдебиетші Б.Байғалиевтің 1989-шы жылы жазған танымдық мақалаларына арқау болған Т.Шонанұлының мұрагаттағы қатталған материалы екені даусыз. Бұдан шығар қорытынды бұл арнау-мақаланы Б.Байғалиев қазақ тіліне аудару үстінде Ахметтің әдеби шығармашылық мұрасы және тағы басқа да қызыметтері жөнінде деректі мағлұматтар алуда толық мүмкіндігі болған. Демек, «Байқауши» бүркеншік есім де, жоғарыда аталған өлеңдер де «Ахметтікі» екені ешқандай дау тудырмаса керек.

1993-ші жылы әдебиеттанушы Ө.Әбдіманов «Қазақ газеті» атты әдеби ғылыми еңбегінде зерттеуші Б.Байғалиевтің 1989-шы жылғы мақаласына сүйене отырып, осы «Байқауши» есімімен үш өлеңнің жарық көргенін айтады. Әдебиетші зерттеуінде өлеңдердің жазылу тарихы мен жарияланған кезеңдеріне анықтамалық сараптама жасап, қарастырады [9, Б. 123-124]. Талдауында өлеңдерден үзінділер

келтіреді, жарияланған жылын дұрыс көрсеткенімен, газет нөмірін «116» деп жаңсақ жазған, бұл газеттің «161-ші санында» жарияланған болатын. Осы зерттеу еңбектегі талданған үзінді шумақпен түпнұсқаны салыстырганымызда: төртінші шумақтың соңғы жолы «Баяғы «Абыл-Қабыл» тұс келіп тұр» деген қатары мен бесінші шумақтың үш жолы тұтас «бір шумақ» ретінде қарастырылған. Соңда бұл өлең жолдары былайша өрнектеледі:

«...Баяғы «Абыл-Қабыл» тұс келіп тұр.
Мың қоссан, бәйгіден күш мың келіп тұр,
Өтірік үкі тағып, тұмар байлап,
Қосқанмен алдында қай шын келіп тұр».

[9, 123-6.]

Осы шумақтың «Өтірік үкі тағып, тұмар байлап» деген жолдары түпнұсқада: «Томардай үкі тағып, тұмар байлап» деп берілген. Соңда өлеңнің дұрыс нұсқасы мынаidай:

«...Мың қоссан бәйгеден күш, мың келіп тұр,
Өтірік қатарласып тең келіп тұр.
Томардай үкі тағып, тұмар байлап,
Қосқанмен алдында қай шын келіп тұр».

[26, К., № 161, 1915].

Әдебиетші-ғалым Ә.Әбдімановтың талдауындағы үзінді-шумақта, түпнұсқадағы: «Өтірік қатарласып тең келіп тұр» деген бір жолы түсіп қалған. Зерттеуші өлеңнің соңғы шумагы туралы: «...Ақын жалған наымы, жалған үранмен өркениетті деген Европа елдерінің бір-бірімен қырқысуын, халиқ басына экелген зор қасіреттің откір сынайды» - деп, ой-тұжырымын айтады да, өлең шумагын береді:

«...Жер жүзі қызыл қанға боялыш тұр,
Ес кетіп, ескі наымы оянып тұр.
Үлгілі Европа ұлттарынан
Үлгі ал деп айтуга ауыз ұялып тұр».

[9, 124-6.]

Асты сыйылған әріптер түпнұсқаға сәйкес келмейді. Зерттеуші тара-
пынан бүтінге әріпке түсірілгенде қазіргі емле заңына сүйеніп, өзгерілсе
керек.

Сонымен қатар, зерттеуші Ө.Әбдіманов аталған өлеңдерден бөлек, авторы белгісіз бірнеше өлең үзінділеріне де тоқталады, әрі осы өлең жолдарының құрылымына қарап: «...өлең авторы белгісіз, қол қойылмаган. Бірақ Ахмет қолтаңбасы байқалады. Ахметтің (...) кейін де бүркеншік есіммен бірнеше өлеңдер жариялаганын еске алсақ, «Қазақтагы» өлең-жырдың бастауында өзі турғандығына күмәндануга болмайды» деген тұжырымды пікірін айтады [9, 123-6.]. Бірақ өлеңдердің мәтінін толық жарияладамайды. Тек талдаудың қажетіне қарай үзінді келтірумен шектелген.

1991-ші жылы жарық көрген «Міржақып Дулатов шығармалары» атты жинақтың құрастырушысы М.Әбсеметов, осы кітаптың соңында берілген ғылыми түсініктегі бұл бүркеншік есімді «М.Дулатовтың» дейді [7, 372-6.]. Міржақыптанушы-ғалым қандай дерекке сүйеніп, осындағы тұжырым жасағанын ашып түстемеді. Тек, «...Міржақыптың (...) Тургайский, М.Д., Түрік баласы, Азамат, Мадияр, М-яр, Байқауышы, Азамат, Алашұлы, Алабайұлы, Таймінер, Тайбагар, Алакөз, Қолғанат деген бүркеншік аттары болған» - деп, бірнеше есімді қаз-қатар ұсынады [7, 372-6.]. Бұл тізбеленген бүркеншік есімдерді Міржақып Дулатұлына қимай немесе көпсініп отырғанымыз жоқ. Десек те қолтаңбасы танылғып, дәйекті дәлелдермен анықталған туындылар, қашанда өз иесіне қайтарылғаны дұрыс.

1998-ші жылы жарық көрген «Қазақ» газеті атты энциклопедиялық жинақтың тақырып бойынша топтастырылған библиографиялық көрсеткіші аясындағы «Өлеңдер» бөлімінде «Байқауыш» бүркеншік атпен «Дағдарыс, Қоян, Тұған тілімінің» қашан жарияланғандығы туралы мағлұмат беріледі [8, Б. 502, 504-505]. Бірақ өлеңдер жинақта қарастырылмаған. «Байқауыш» ашылмаған бүркеншік есімдер қатарында жүр [8, 556-6.]. 1989, 1993-ші жылдары осы «Байқауыш» деген бүркеншік есім, аталған үш өлең туралы жазылған материалдар легі кейінгі ғалымның таңдамалы жинақтарында ескерілмей елеусіз қалып отырған [1; 3].

Қорыта айтқанда, Т.Шонанұлының материалына сүйеніп, осы уақытқа дейін тілші-әдебиетшілер арасында күмәнді, әрі таласты болып келген «Байқауыш» бүркеншік есімнің М.Дулатұлының емес, А.Байтұрсынұлының екенін салыстырып, саралтау барысында нақты деректермен анықталды. Әдебиетші Б.Байғалиев жариялаган өлеңді 1915-ші жылғы түпнұсқасымен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Өлең қаз-қалпында, сол тұстағы емле ережесі бойынша берілді, құрылымы алты шумақтан тұрады.

Дағдарыс

Ой Алла, заман неңдей түрленіп тұр,
Айтуға тілін жүрмей күрмеліп тұр.
Оң-теріс, обал-сауап құр сөз болып,
Сан заттар «сап» деп жүрген кірленіп тұр.

Көпірген көп қиалдар жел болып тұр,
Негіздік «күрес» пenen «бел» болып тұр.
«Қанқұмар Шыңғыс пenen Темір еді,
Несі одан бұқ күнгінің кем болып тұр».

«Мысықтар» Арыстанға жем болып тұр,
Көз жасы көртышқанның көл болып тұр.
Айырылып атадан ұл, құстар сыңар
Алысқан «ауру» «сау» тең болып тұр.

Бәйгеден қосқан жерде күш келіп тұр,
Жолдастып қанша нәрсе істеліп тұр.
«Гайса» жоқ, «Мұхаметті» қатал дейтін,
Байагы «Абыл-Қабыл» тұс келіп тұр.

Мың қоссаң бәйгеден күш, мың келіп тұр,
Өтірік қатарласып тең келіп тұр.
Томардай үкі тағып, тұмар байлап,
Қосқанмен алдында қай шын келіп тұр.
Жер жүзі қызыл қанға бойалып тұр,
Ес кетіп, ескі намыс ойанып тұр.
Үлгілі Еуропа ұлттарынан,
Үлгі ал деп айтуға ауыз ұйалып тұр.

[26, К., № 161, 1915].

Қоян. «Қазақ» газетінің 1915-ші жылды желтоқсанның 31-і күнгі 163-ші санында жарияланған. «Қоян» өлеңі «Байқаушынікі» екендігі жөнінде 1998-ші жылғы «Қазақ» газеті жинағында айтылғанымен, мәтіні берілмейді [8, 504-б.]. Бұл өлең де 1922-ші жылғы «Маса» жинағына енбекен. Өлеңде мұсылманша жылқайыру атауына ие болған «Қоян» жылының елге жаисыз тигені жырланады, газеттің «Оқшау сөз» айдары аясында жарияланған. Негізгі идея мазмұны төрт шумаққа сыйдырылғанымен,

өлең құрылымы – 19 жол. Өлеңнің үйқасынан гөрі, сол тұстагы «еңбексіз байлық тілеген адамның пигылы» мен «табиғат апатының» арпалысы ақынды ашындырса керек. Жыл он екі айда келетін табиғат апатымен қатар, қазақты сұлікше сорған мұжықтың мазағы қосылған сүм-уақытқа қазақтың қарсы тұrap қауқары болмағанына налиди.

Бұл өлең туралы зерттеуші Ө.Әбдіманов өз таным-талдауын былайша таратады: «...қазақ жүрттын қатты қыста қамсыз қалмауга шақырады» - деп қысқа түсінік береді де, жарық көрген уақытын «1916-шы жыл» дейді [9, 123-б.]. Өлеңнің мәтіні Ө.Әбдіманұлының зерттеуінде қарастырылмайды. Негізінен, бұл өлең атынан көрініп түргандағы газет бетінде 1915-ші, яғни «Қоян жылы» жарияланған. Газет қағазы өте көнеріп, ескіргендіктен кейбір жолдар өшे бастаған, асты сыйылған жол дұрыс оқылмады. Өлеңнің мәтіні 1989, 1993-ші жылдары БАҚ-та жарияланған мақалаларда қамтылмаган. 2006-шы жылғы жинақтың 5-томына тұңғыш рет енді [13, 176-б.].

Қойан

Мұз төсеп, қармен басып, құбан қып түр,
 «Мал құтын ойсыратам, ойам» деп түр.
 «Қабанды қоймен өтсе имену жоқ,

Бір жайып жүргегінді қойам» деп түр.
 Алა көз қимасыңа жетіп алып,
 «Малды алып, адамыңды ашықтырып,
 Қырамын бәрінді де жойам!» деп түр.
 Ал, Алаш, білге салып, бермен жібер!
 Ол қай бір-біріңе неге тобам» деп түр.
 «Әй мұжық, сіз де мына біл!» деп отыр,
 «Сөзімді құлағыңа ал!» деп отыр.

«Қорқытып қазақтардан көп қолқа алғыш,
 Атақты мен ақ қойан жыл», деп отыр.
 Мұжықтар: «Мынау астық, анау пішен!
 Солардан өнгендей сен кім?» деп отыр.

«...» да адам қор нар аң ба эйді?» деп,
 Кемсініп, келемеж ғып, ендең отыр.

Қай қазақ нақ осындаі балуан боп,
Қойанға қарсылық қып үндеп отыр.

[27, К., №163, 1915].

Тұған тілім. Бұл 1916-шы жылы қазақ елінің жазу тілі таласқа тұсken тұста, қазақ тілін қорғап, қарсылық ретінде жазылған өлең. Сол жылы «Қазақ» газетінің қаңтар айының 31-і күнгі 167-ші санына «Байқаушы» деген бүркеншік есіммен жарияланған [28]. Дәл осы уақытта замана ауанымен «барлық түркі тектес халықтар иен далага кеңінен тарап, өріс алған татар тілін, жазуын қабылдасын» деген өктем қысымға қазақ оқығандарынан бірінші болып Ахмет Байтұрсынұлы қарсы шыққандығы жөнінде жазылған замандастарының мақалалары баршылық [23, 29, 30].

Жеті шумақтан тұратын бұл өлеңнің алты жолы, ягни, бірінші шумағы мен соңғы шумақтың алдыңғы екі қатары лингвист-ғалым Т.Шонанұлының мақаласында «Родной язык» деген атаумен:

«Богат и гибок мой родной язык,
Звуки образуют чудный букет слов.
Ты быстр, обгоняешь бегунов,
Ты несешь нам культуру.
...Тебя ничем не заставить отстариться,
Тебя не заставить валяться в передней» -

деп, өзге ұлт өкілдеріне түсінікті болуы үшін орыс тіліне арнайы аударылып таратылып, талданған болатын [24, 45-б.]. Т.Шонанұлының мақаласы 1999-шы жылы «Ұлттық рухтың ұлы тіні» атты ғылыми мақалалар жинағында тұнғыш рет жарияланды [24, Б. 39-52].

Әдебиетші Б.Байғалиев жариялаган 1989-шы жылғы нұсқаны түпнұсқамен салыстырганымызда кейбір сөздердің өзгергені анықталды. Мәселен, 5-ші шумақтағы екінші жол «Құрттай деп жыр дегбені қүлетінді» 6-шы шумақтың төртінші жолында қайталанады. Соңғы шумақтағы үш рет айттылатын «десен» сөзі «деме» болып өзгеріске тұсken. 1993-ші жылы ахметтанушы Ө.Әбдіманов «Тұған тілім» атты өлең туралы ой-танымын былайша таратады: «...саналы ғұмырында тіл тазалығы жолында күрескен Ахаң, қазақ тілінің өзгелермен араласып, шұбарланып кептейін қатты қадағалағаны белгілі...» - дейді де, автор зерттеуінде жеті шумақты өлеңнің 4 шумағына ғана тоқталып, Ахмет «кені бай, кемелі мол тұған тілін жырлады және тіл ұстартудағы тіл үйретудің бағытын айқындаپ береді» деп жазады [9, 124-б.]. Зерттеуде қарастырылған өлең үзіндісі төмендегідей:

«...Қонып түр ордаң міне, жаңа жұртқа,
Салып түр ұлың «Қазақ» көзін сиртқа.
Жау болсаң, жақындама, аулак жүр деп,
Ел болсан, есігім бос, ен деп ұлтқа.

Балықтай жүзіп адам, кұс боп үшқан,
Тұндігің ашулы түр күн батыстан.
Ғылым мен кереметін кейін тапқан,
Нұр кірер білім-өнер мол жақ тұстан».

[9, 124- 6.]

Осы өлең жолдары туралы зерттеуші: «...батыстық өркениеттен үйренуді, солар салған гылым-білімді игеруді қөзделегені аңгарылады» деген тұжырым жасайды [9, 124-6]. Шумақтағы асты сзыылған жолдар түпнұсқадағы өлең мәтінімен сәйкес келмейді.

«...Кемсініп кен ордамды адасқандар,
Тіліме жау боп найза қадаспаңдар.
Бір айттым, екі айттым, бұл – үшінші,
Кемсініп кен ордамды адасқандар,

Мен болман болдырамын «татар» десең,
Мен сыйман «бір бөлменде» жатар десең.
Өтпеймін тамағынан жұтам деме,
Жолым бір, қолым міне, «қатар» десең.

«Міне, осы өлеңде сол бір өзіндік бағытынан айнымаган Ахаңды тағы да танимыз» деп қорытады сөзін Ә.Әбдіманов.

Өлең 2003-ші жылғы ғалымның бес томдық шығармалар жинағының 3-томына беташар ретінде ұсынылса, 5-томында тағы жарияланым көрді [11, 5-6.; 12, 177-6.].

Тұған тілім

Кенің бай, келімің мол, тұған тілім!
Дыбыстың теріп сөз ғып, буган гүлін.
Қайырган қайдагыны жүйрік ең сен,
Мен тосып құтыла алмас қусам білім.

Қонып түр, ордаң міне, жаңа жүртқа,
Салып түр ұлың «қазақ» көзін сыртқа.
Жау болсаң, жақында ма, аулақ жүр деп,
Ел болсан, есігім бос, ен деп ұлтқа.

Балықтай жүзіп адам, құстай ұшқан,
Тұндігің ашулы түр күн-батыстан.
Ғылым мен кереметтің кенін тапқан,
Нұр кірер білім, өнер мол жақ тұстан.

Кірлетпей келген сақтап анам бүрын,
Орданды шала қоймас енді құрым.
Алыстан әлде қандай жат көргенсіп,
Кіргендер тамсанатын танып сырын.

Біреулер мұнарага «мінетін-ді»,
Құрындаі деп жыр дегбеле күлетін-ді.
Байқтен төмен түсіп қараганда,
Көзінің жаңылғанын білетін-ді.

Кемсініп көбің ордамды адасқандар!
Тіліме жау боп наиза қадасқандар!
Бір айттым, екінші айтам, бұл үшінші,
Жорта бер, жолың алыс, адассаңдар.

Мен болман болдырамын «татар» десең,
Мен жатпан «бір бөлменде» жатар десең!
Өтпеймін тамағынан «жұтам» десең,
Жолым бір, қолым міне, «қатар» десең!».

[28, К., № 167, 1916].

* * *

Шекіспей, бекіспейді. Бұл мақала «Қазақ» газетінің 1916-шы жылғы қаңтардың 31-і күнгі 167-ші санында «Тұған тілім» өлеңімен бір уақытта басылым көрген [28]. Өлең татар тілінде шығатын «Уақыт» газетінде басылған қазақ тілінде газет шығару ісіне қарсы жазылған мақалага жауап ретінде жазылған. Мақала авторсыз «тілшілерден» деген айдартмен жарияланады.

Осы мақала мен «Туган тілім» туралы 1999-шы жылғы Ахаңың 125 жылдық мерейтойына орай шыгарылған ғылыми жинақта: «... Т.Шонанов мақаласында атаплан «Шекіспей, бекіспейді», «Туган тілім» сияқты шыгармалары әлі қолда жоқ» деп, редакция тарапынан мәселе көтеріледі [24, 5-б.]. Бірақ, бір жыл бұрын 1998-ші жылғы «Қазақ» газеті атты жинаққа бұл мақала тұтас берілсе, ал «Туган тілім» өлеңінің Байқаушы бүркеншік есімімен жарық көргені айттылады. Өлеңінің БАҚ-та 1989-шы жылы оқырман назарына ұсынылғанын жоғарыда айтқанбыз. Мақала 5-ші томға енді [13, Б. 178-181]. Жинақтың таралу тиражы са-наулы болғандықтан, мақаланы тағы да жариялаганды жөн көрдік. Мәтін тілінде сол кездегі емделік ереже сақталды. Емле ережесіне бағынудағы мақсат – Ахаңың төте жазуындағы әліпбидің астарын ұғынуға бір табан жақындау. Қазақ тілінің ұлттық ерекшелігін, дыбысталу табигатын тануға қадам жасағандық деп түсінгендеріңіз жөн.

Шекіспей, бекіспейді

«Қазақтың» 162-ші нөмірінде басылған «Медресе Галиа» шәкірттерінің қаты туралы әріптестеріміз «Уақыт» газетасының бетінде түрлі сөздер айттып өтті. Бұл сыйақты сөздер газета жүзінде болғанымен, ауыз айттылуы «Қазақ» газетасы шыққаннан бері бар еді. Енді гана газета жүзінде шығып отыр. «Бүйректен сирақ шыгарған» сыйақты – татардан бөлек өз алдарына әдебиет түзейін деп жүрсіңдер деп, газета шыққаннан бері ногай бауырларымыздың «білімдімін» дегендерінің көбі-ақ айттып келеді. Ана жылы Упага бардым. Онда да осы сөз алдыннан шықты. Былтыр Садри әпенде Мақсұдовты көрдім.

Ол да көргеннен сөзін осыдан бастады. «Уақыт» бетінде болған ереуіл сөздер, бұз да сонан шығып отыр. Эйтпесе, қазақ баласын қазақша оқыту керек деген сөзден дау шықпасқа тиіс еді.

Олай дейтінім «Қазақ» балаларын бастауыш мектепте ана тілінде оқыту керек деген сөз «Қазақ» бетінде сөйленіп отырғаны жалғыз бұл емес еді, ауылнай ышқолдар туралы да талай айттылып еді. Әуелі, қазақша оқу деген сөз «Қазақ» газетасының бетінде шығып отырғанда даулы болатын орны жоқ. «Қазақ» қазақша шығып отырып, қазақша оқу керек десе, ол онша қалыптан тысқары соракы көрінерлік нәрсе емес еді. Екінші, басқа газеталар жүзінде бола қалса да, дау шыгаратын орны тағы жоқ еді. Өйткені, бастауыш мектепте балалар ана тілінде оқуы тиістілігі, миссионерлер болмаса, басқалар таласпайтын ақиқат еді. Үшінші, шәкірттердің

қаты татар мұғалімдеріне емес, қазақ мұғалімдеріне жазылған қат еді. Олай болса, ноғай бауырларымыздың шиқанының аузын жұлып алғандай онда еш нарсе жоқ еді. Төртінші, татар мұғалімдері туралы айтыла қойғанда да ана тілінде оқудың артықшылғы мұғалімдер үшін неге құрбан етілмейді деп өкпелеуге орын жоқ еді. Өйткені, қалақ мұғалімдер үшін қалақ болып отырган жоқ, мұғалімдер қалақ үшін мұғалім болып отыр еді. Даудың асыл түбі шәкірттердің қатында емес, қазақша газета һәм кітаптар шығып отырганында. Қазақша кітаптар һәм газета шықпаса, шәкірттер балаларды қазақша оқыту керек деп та айтпас еді. Сөз түбі бізге тірелетін болған соң, қазақша газета һәм кітаптар шығарып отырган біз сөйлеп, газета һәм кітаптардың неге қазақша шығарып отырганымызды байандап, даудың түбін арылтпасқа болмады. Мұнан былай да сәл нәрседен осындей ереуіл сөздер шыға бермес үшін, анықтап ашып, біржолата кесіп айтпасқа болатын емес. Қазақша газета һәм кітаптар шыгарғанымызға, қазақша оқығанымызға өкпелейтіндер біржолата өкпелеп құдерлерін үзер, өйтпесе қазақ үшін татарша газета һәм кітаптар шығару амалын тауып берер, болмаса, қақтықпа сөздерін қойар.

Біздің ойымызша, неге қазақша газета һәм кітаптар шыгарасындар деп өкпелеу, қазаққа неге газета һәм кітаптар таратасындар деп өкпелеумен бірдей. Қазаққа газета һәм кітап қажет емес деу керек, қажет болса, ол газета мен кітаптар қазақ тілінде шықпайынша шарасы жоқ. Басқа тілде шыққан газета һәм кітаптар қалақ ықыласын түсіре алмайды. Қалақ ықыласы түспеген газета һәм кітаптар қалаққа тарап, оқылмайды. Қалаққа таралмаған газета һәм кітаптар пайда болады деп айта алмаймыз. Егерде осы шығарып отырган газетамыз татар тілінде шықса, Түркістанда шығып тоқтаған газеталардың аяғын құшар еді. Бұл – бір.

Екінші, қазақша газета һәм кітаптар шығарып отырган біздер, татарша газета шығарамыз десек те, шығара алмаймыз. Олай болған соң қазақ қалқы татарша газета һәм кітап шығаратын болса туын көтеруге керек болады. Татар бауырларымыздың қазақ үшін татарша газета шығаратын көнілі болса, мезгіл жеткілікті еді. Татар үшін талай газеталар шығып жатты, бірақ қазақ үшін шыққан газета да көре алмадық. Қазақ мәселелері үшін газеталарымыздың бір бүршынын бер деп, сұраган қазақтарға да қазақ мәселелері оқушыларымыздың керекті мәселе болмаған соң, керексіз сөзбен газетаның бетін алдырсақ, оқушыларымызға жәбір болады деп, оны да қабыл етпеген. Қабыл етпеулері газетаның бір бүршынын қимагандық емес, газета мәселесі сыймагандықтан. Қазақ үшін өз алдына газета ашпаса, татар газеталарының бір бүршына сыймайды. Газеталарының бүршынын бер деп сұраушылардың сұраулары білмestіk, біздің қазақша

газета шығаруымыз қыйсық болып, әлде болса, татар бауырларымыздың қазақша-татарша газета шығарамыз десе біз тоқталдық.

Біздің қазақша газета шығаруымызды «бүйректен сирақ шығару» деу де жетіспегендік, қазақ пен татар тілі бүйректей бірігіп тұрганда, біз келіп газетаны қазақша шығара бастасақ, сонда айтылса, дұрыс болар еді. Бүйректей болып жігі біріккен қазақ пен татарда тіл жоқ. Бұған дейін бірікпеген тіл жігі, мұнан былай да екі қалық тең жасап отырса, бірікпейді. Тең жасамай бір жағы кем жасаса, келесі артық жағынан аударылмақшы, Мақсат қазақ тілін татарша аудару болса, татарлар қазақ жүрттының қатар жасамасына тырысу керек. Оны істемей, қатар жасаудын тілесе, тіл жігі осы күйінде кете бермекші. Өйткені, қазір жүрттың бәрі тырмысып, ілгері ұмтылып жатыр. Бұл күнде айанбай жатып қалған жүрт, кетіп бара жатқан жүрттардың аяғының астанда қалмақ. Қазақ қалқы болып жасаймын десе, ілгері ұмтылып талпынатын кезі осы. Жайгасып жататын бұрынғы кеңшілік заман жоқ. Басқа жүрттың екпіні жатқызып қоймайды. Газета һәм кітаптар қалық ойанып ілгері ұмтылуына себепші зат болса, олардың да шығатын кезі осы шақ. Сондай заманда «шай алмасақ қант та жоқ» деп отырған осы күнгі саудагерлер сыйақты. Татарша болмаса, газета да, кітап та жоқ деп татар тілін білмейміз деп қамалып, біз отырсақ, татар үшін ол жағымды болса болар, бірақ қазақ үшін қалай болады? Құрбандық тым зор болмас па?!

Қазақтың татар болуын тілеушілер ертерек ойанарага, ертерек ойларға керек еді. Көбінесе қазақтың елтірі, сен-сен, 5-10 тиын садақасын жыйиуды мақсұт көрген «азғындарыңды жібермей, медресе, мектеп ашып, қазақты татарластыру жолында еңбек етерлік идейә иесі «адамдарыңды» қазақ ішіне жіберіп іс қылу керек еді. Сонда қазақтар бүгінге дейін не татар тіліне ауып болар еді, яғни татар әдебиетін түсінерлік адамдары көп болып, қазақша газета шығарудың қажеті болмас еді. Сонда һәм қазақ көзін ашқан біз деп зілденулерін де орындырақ болар еді. Ондай еңбек сіңірмей, қазақты адам қылған біз едік деген сөз байагы «ноғай мен қазақ айтысқан» өлеңдегі сөздерге ұқсайды. Біреуді адамдыққа жеткізу әуелі, өзінде адамдық боларға керек. «Қазақтың» татар матбұғатына еркелерлік қақы жоқ, тиісін айтуга қақылы. Біздіңше баласы ғана ата-анасына еркелейді. «Қазақты» тудырған татар емес, татар тәрбиесінде өскен жүрт та емес, татар әдебиетінен ұлғі алған адамдар да емес. Сондай болған соң «еркелеу» деген сөздің қанша орынды-орынсыз айтылғанын айыру қыын да емес.

Қысқасы, басқалар қалай ойласа, олай ойласын. Қалай сөйлесе, олай сөйлесін. Татар тілін қабыл етпесең, саған газета да, кітап та жоқ деп

қазақты бір жарға қамай алмаймыз. Олай саудаласуға уақыт тар. Ба-рымызды «ал» деп алдына салып, жалынып, тезірек алғанына Алла разы болсын айтып, тапқанымызды бере беру. Біздің бұлай істеуіміз басқалардан бөліну үшін емес, амалсыз «барымен базарлау». Мұны басқаша түсінетіндер болса, татар тілінде қазақça газета һәм кітаптар шығарып, қазақ ішіне таратып, міне деп, бізге жол көрсетсін. Эйтпесе, арзан пәлсапа алысқа апара алмас.

Біздің әуелден-ақ айтып келе жатқанымыз, қатар жүріп, аптықпай екі жүрттың да тең жасап, көркейіүіне қолдан келгенін істеу. Татар балаларын татарша оқытқанына қазақ іші тарылмай, қазақ балаларын қазақша оқытқанына татар іші тарылмай, көніліміз кең болып, жасауымыз тең болса, бетіміз де жөн болар. Оны азсынсаныздар өздерің білесіндер. Қайырылды сапар болсын дейміз!

1916 жыл.

* * *

Қалам қайраткерлері жайынан. Бұл мақала 1922-ші жылдың шілде айының 8-і күні «Еңбекші қазақ» газетінің №29-шы санында жарық көрген [31]. Мақала авторы сол тұстағы сауатты, көзі ашық «қазақ оқымыстылары» деп танылған қазақ қаламгерлерінің әлеуметтік ортадағы атқаратын рөлі мен оның хал-ахуалына талдау жасайды. Қаламгерлер қауымының қайдан шыққаны, қалай шыққаны, келешекте ұлт жұмысы үшін не істеу керектігін саралайды. Бұл мақаланы әдебиетші-ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев «Егемен Қазақстан» республикалық газеттің 2000-ші жылы 5-ші ақпандагы кезекті нөміріне бүгінгі қазақ әрпіне түсіріп, тұңғыш рет оқырман назарына ұсынған болатын. Арага жыл салып мақала 2001-ші жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі, Орталық ғылыми кітапхана тарапынан дайындалған «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-библиографиялық сериясымен жарық көрген «Ұлттың ұлы ұстазы» (халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, агартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады) деген жинаққа алаштанушы ғалым Т.Кәкішевтің дайындауымен енді [32, Б. 75-80]. Бір өкініштісі, жинақтың таратылу тиражы – 200 дана. Сол себепті мақаланы қайтара жариялауды жөн көрдік.

А.Байтұрсынұлының бұл мақаласы қазақ ішінде алалық туған сәтте басына бәле болып жабысады. Қаламгер деген кім, қайдан шықты деген сауалға берген жауабы: «1). Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанында езілген жүрттап туган. 2). Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстін

торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан» дегені үшін өз ішімізден шыққан шолақ белсенділер «орысқа қарсы шыққан» ұлтшыл деп байбалам салды, ақыры Ахметтің түбіне жетті, өздері де сол шынырауға құлады...

Осы тарихи маңызы зор мақаланы сол уақыт талабы мен бүтінгі күннің талабы үдесін қанышалықты айырмашылығы барын, жалпы қаламгердің қарымы қайда жұмысалуы қажеттігі жөніндегі өзінің ой-сараптауын әдебиеттанушы-ғалым Д.Қамзабекұлы Байтұрсыновша байыптаپ, газет бетінде бүтінгі қаламгерлердің абыройлы міндетін межелейді. Талдау мақаласының тақырыбын Ақаң айтқан айшықпен әрлеп, яғни «Қазақ қаламгері бұралқы ит емес» деген тіркеспен талайлардың тат басқан санасын қозғау үшін, бүтінгі жаңа қоғамдағы тіл, діл, жалпы руханият мәселелерінің тәуелсіздік талабы деңгейінен көрінбей жатқаны қалай? деген саяулға өзі жауап берген зерттеуші Ахаңша зерделеуді бүтінгі қазақ зиялышыларының арына жүктейді [33].

Мақала ішінде өзге тілден енген сөздердің қазақы дыбыстылудың мәселен, «сиез» – съезд, «иіүін» – июнь (маусым), «өктәбір» – октябрь (қазан), «інтернатсійанал» – интернационал (бейбауырмал), «кәммүнійст» – коммунист, «інтернатсійаналист» – интернационалист, «декірет» – декрет, «мілійөн» – миллион» сынды тіркестер сол қалпында сақталды. Бұл сөздер 2000-шы жылғы жарияланымында бүтінгі әріпке түсіру барысында қазіргі қолданыстағы қазақ тілі емле ережесі негізінде түзетілген екен. Сонымен қатар, «сиақты – сияқты, тайақ – таяқ, йағни – яғни, йа – я, қойар – қояр, қойыту – қою, жыйынуга – жиуға, айамау – аямау» деген сөздердің де жазылу ережесі сол қалпымен берілді. Мақсат – Байтұрсынұлы әліпбійндең қазақы дыбыстық ерекшеліктерді жаңғырта отырып, бүтінгі өзге тілден қисапсыз енген халықаралық терминдермен шұбарланған қойыртпақ тілімізге ескерту жасау. Халықаралық қатынас тілі дәрежесіне жеткен ағылшын, латын, орыс харіпперінің тасасында жүріп тұншығып, бұлыға бермей, өзіңнің үніндегі сөзінді шығар! Қазақ үні, қазақ сөзі қазаққа ғана керек. Ендеше есімізді жиып, «сөзімізді түзейік» дегенді бүтінгі үрпаққа Ахаңша айтты.

Қалам қайраткерлері жайынан

Орынборға шақырған қазақ қайраткерлерінің сиезі адамаз келгендейктен сиез есебінде болмай, кішкентай ғана кеңес түрінде болып өткені озған нөмірлерінде жазылды. Орынборда отырғандар, о жақ, бұжактан кез келгендер болмаса, сиезге атап шақырған адамдар келмеді.

Келмеу себептерін түрлі жоруга болады.

Келмеулеріне бір жағынан жол қаражатына қаржы жоқтығы себеп болған шыгар; екінші жағынан Жұсіпбек жолдас сиақты керексіз сиез деушілік те себеп болған шыгар; үшінші жағынан, қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңғы үйден жаман қашатындығы да себеп болған шыгар; төртінші жағынан, өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтқаны себеп болған шыгар. Бұл көп «шыгардың» ішінде көбінен себеп болатыны екі «шыгар».

Сиезге келуге ынталы адамдар болса қаржы да табылады, керексіз сиез деп айтпайды. Мұның бұлай болуы келуге ынталы адамдар болмағандықтан, Орынборды көруге табигаты шаптағандықтан болып отырған қал. Бұрын Орынбор қазақтың пікір құбылысында болған заманда, сиез түгілі жайда Орынборға келіп, бас қосып, қазақтың қамын ойласып, қайғысына дауа қарастырып қайтатын ел азаматтары енді еріншектік етіп келмей отыр деуге болмайды. Мұның мәнісін әрірек, тереңіректен іздеу керек.

Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қыны емес.

1). Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, тайақ жеген, орыстың табанында езілген жүртттан туған.

2). Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қыын-қыстай зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан.

Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұттының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшилік көрген жүртттан туып, кемшиліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жүртшыл, ұтшыл, йағни, халқына жаңы аштын, халқының жаңы ауырғанда жаңы бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табигат заңының тысқары, адамнан шошқа, шошқадан қүшік туған сыйылды болып шыгады.

Қазақ баласы ұттым, жүрттым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері өктебір өзгерісі болғанда бірден інтернатсійанал (бейбауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» кәммүнійст, інтернатсійаналист едім деп айтуга аузы бармады. Сондықтан бейбауырмалдық жолға қызмет қылышп, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық жолындағы үкімет қош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткердерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартыңқырап қалды. Сол қайтқан қарқын әлі күнге қайта келіп жеткен жоқ. Бұрынғы қалам қайраткерлерінің бәрі де өзгерістен кейін қалам қайратына әлі белсеніп онша кіріскең жоқ.

Бұл айтылған себептің үстіне жамалған екінші себеп болды. Ол Қазақстанға ұлық болған адамдардың лагу-төңкеріс болса істің бәрін өзінен өзі істеліп, өзінен өзі өзгеріп кететіндегі көруі. Қалыпты өзгеретін адамның ісі, йағни, жұмсайтын қүші, қайраты, ісі, білімі екендігін ойладады. Төңкеріс болды, патша үкіметінің орнына саут үкіметі орнықты: қазақты билеген, патшаның оң қолы болып кәммүнійстер қазақты билейтін болды. Елдің төбесі өзгерді, төресі өзгерді. Оナン былайғысын өзгертуге көп күш, көп іс, түрлі еңбек, қайрат керек, йағни, істей білетін түрлі адамдар керек.

Қазақтың оқығаны аз, оның ішіндегі халық ісіне қатысып, жүрт үшін жұмыс қылғандар өте аз. Бірақ, аз да болса, қазақта қызмет қылышылған, төселген адамдар, қазақтың ісіне қатыспақ түгіл қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жүрттың адамдарынан гөрі, қазаққа көбірек пайда келтіретіні шексіз.

Ескі үкімет тұсында, қазақтың басына қаптаған қара бұлттай қалың пәле торлаған заманда, жүрт үшін, ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға «жүртшыл», «ұлтшыл» деген таңба басылып, олар қорага жолатпайтын қотыр мал сыйылды шетке шығарылып, әлеумет жұмысынан аулақ ұсталды. Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды.

Төбелеске шығатын адам сиақты, төсін ұрып, тұлданып «Жасасын бейбауырмалдық!» деген қазақ болса, қошемет айтып, қол шапалақтап, төбесіне көтеретін болды. Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтін болды. Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, неси құрайды деуші болса, арқага қағып, дұрыс пікір осы дейді. Солай болып тұрғанда қазақтың жүртшыл, ұлтшыл, бауырмал қалам қайраткерлері қалайша белсеніп, қалам қайратына кіріспек? Қалайша қаламды қолға алуға көнілі шауып, ықыласы түспек?

Қалам қайраткері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бүралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, яғ бойаумен түсін өзгертіп, яғ түленмен түгін өзгертіп бейбауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бейбауырмал бола алмайды. Жалғыз қалам қайраткерлері емес қазаққа жаны аштын, басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Оны айтып отыrsa, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Солай болған соң, яғ бауырмал деген сөзден қашып, бейбауырмал үкіметтің ыңғайымен болып, қазақты басқалар пісіріп жесін, шикі жесін үндемей қарап отыру керек: не бауырмал деген сөзді басқалар ауыр мағынада айтса да, қазақ азаматтары ауырламай, қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеуі керек. Енді осыған жеттік.

Қазақ деп ауызға алмай, не болса о болсын, қарага қостық, не көрсө көппен бірге көрер деп отыруға болар еді, егерде қазақ мәдениеті қасындағы халықтармен бірдей болса. Қазақ қасындағы халықтар: орыс, неміс, ногай, жәуіт, гайрилар.

Бұлардың бәрінің де мәдениеті қазақ мәдениетінен жоғары. Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмөн халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдай анық, күндей жарық ақықат. 200 мілійөн (бұдан әрі – миллион) үнді халқын 50 миллион ағылшын жем қылыш отырғаны, 500 миллион Қытайды өзінен он есе аз жүрттар әжүалап отырғаны – адам баласының тенденсі – кемдігі мәдениетіне қарай екендігін сипаттайды.

Қазақ мәдениеті жәуіт, неміс, орыс, қатта ногай мәдениетіндей болса да, «қазақ» «қазақ» деп айыра сөйлем, ауыз ауыртып, әуре болмай-ақ, көппен бірдей көрер деп қойар едік. Қазақ айрықша сөз болатын қалі айрықша болғандықтан.

Қазақ мәдениеті қасындағы жүрттардан кем екенін біле тұра, мәдениеті зор халыққа жем екенін біле тұра, қазақты жемтік есебінде жей бер деп қазақ азаматтары тастай ала ма? Оны қазақ азаматтары істей алмайды. Олай болса, бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ ауыртып ауырламасқа керек.

Қазақ қасындағы жүрттардың қатарына жетіп теңелуіне керек ісімізді қолға алып, қанаттамасақ, қазақ күнін қараң қылатын бейбауырмалдық адам арасына жік салады, бауыр керек емес, «жасасын бейбауырмалдық!» деп айқайлаганмен адам баласының арасындағы құр айқаймен жогалатын көрінбейді. Мәдениет жігін жогалтпай өз жігін жогалту оңай жұмыс емес. Бұл айқайдың қолынан келмейтін іс екендігіне көз жетті.

Алдымен бауырмалдық жігін жогалту керек деп адасқандар адаса берсін, қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін, сарп ету керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса, жармаса күнелтүге қазақ жеткен күні, қазақты қасындағылар қыңқылатуын қойады, қазақ азаматтарының қазақ үшін айрықша қайғыруы, қаны қызыуы жогалады, бауырмалдық өзінен өзі жогалады.

Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, сана-саңылау күшнейуімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімдіғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз – оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдагы жүрт пен арттағы жүрт арасындағы мәдениет жігін жогалуы оқуға келіп тіреледі.

Қазақта оқу ісі қалам қайраткерлеріне қарап тұрғаны, олар не істеуге керектігі өткен нөмірлерде басылған сиезге арналған мәселелерде ай-

тылды. Мұнда айтайын дегеніміз: қалам қайраткерлерінің бас қосып бақыршылығын сөйлесуі. Қалам қайраткерлерінің иіүін (июнь – И.Р.) сиезіне «тополаң уақытындағы той» емес, топалаң келмеуіне амал қарастырайық деген ой еді.

Сиез иіүінде болмады деп қойыу керек емес, иіүіннен басқа да айлар, күндер көп, әлі де болса бас қосып сөйлесу, қалам қайраткерлерінің ұйымын жасау керек. Жазушылармыз бытыраңды болмай, ұйымдастып, бірлесіп іс істесе, бәлкім істері берекелі, өнімді болар. Өзгеріс болғанымен өзгермей тұрған қазақта қалып көп, қашаннан бері, қазақ ішіне сіңіп, орнығып қалған қалыпты өзгерту оңды нәрсе емес. Бас өзгерді, бастық өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймese, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанды жеу – табиғи іс. Тіске жұмсақ болған соң, қай уақытта да жеуге қазақ жеңіл болып тұратыны мағлұм. Қазақты бұрын жегендер әлі жеп отыр, бұрын зорлық қылғандары әлі де зорлық қылып отыр. Өзгеріс кімге жағымды, кімге жағымсыз болып шыққаны көзі бар адамдар көрерлік, есі бар адамдар білерлік болды. Өзгерістің негізі тартыс, талас болған соң тіршілікке қайым біткен қайраттыларға, күн көруге ептілерге, дүние жыйыуға құмар адамдарға жағымды болғанымен, момындарға, ақ көніл, анайы, аңқауларға жағымсыз болғаны шексіз.

Ақкөнілділік, анайылық, аңқаулық табиғаттан да болады, тәрбиеден де болады, йағни мәдениет жогары-төмендігінен де болады. Көбінесе мәдениеті төмен жүрт ақкөніл, анайы, аңқау келеді. Сондықтан да мәдениет жогары жүртпен араласқан жерде алдауына, арбауына түсіп жем болады. Қазақ жеріндегі халық көбіне қазақ пен орыс. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны шексіз. Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан тубінде декірет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады.

Үкімет тарапынан қазақтың кәзіргі құтетін көмегі – мәдениеті жетілгенше басқалардың зорлығынан қорғау, мәдениеті көтерілуіне қолдан келген жәрдемін айамау. Солай болған соң қазақ үкіметі құр декіретін көбейтүмен бола бермей, қазақтың мәдениетін күшейту жағына көз салып, көбірек құшін жұмсау керек.

Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабактас әдебиетпен. Оқу әдебиетті қүшейтеді, әдебиет оқуды қүшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін-бірі қолдан, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірін сүйрейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ, қазақта оқу да, әдебиет те жаңа гана көктеп көзге ілінген күйде тұр. Оның өсіп, ұлкейіп, ғұлденуі үшін көп іс, көп күш керек. Сол көп істі қолынан

келгенше істейтін, сол көп күш шамасынан келгенше сарп ететін қазақ қалам қайраткерлері.

Ол қалам қайраткерлері бұл күнде өз жұмысында емес, өзге жұмыста жүр. Оларды өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу қазақ үкіметінің міндеті: қалам қайраткерлерінің жұмысы – әдебиет, әдебиетсіз оқу қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Орыстан қазақтың көріп отырған отаршылығы, омыраулығы қазақ мәдениеті орыс мәдениетінен төмен болғандықтан. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет қүштейінің тетігі – оқу мен әдебиетте.

1922 жыл.

* * *

Емле туралы. Ахмет Байтұрсынұлының бұл мақаласы 1929-шы жылы жазылып, «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған. Бұл мақала тұлғаның кейінгі басылымдарында жарияланбағандықтан, кейіннен табылған мұралар қатарындағы тың туындылардың бірі болып табылады. Мақала 2000-шы жылы ҚР БГМ ҰҒА Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызыметкери О.Жұбаеваның дайындауымен осы мекеменің «Тіл, әдебиет сериясы» хабаршысында алғаш рет бүтінгі әріппен жарық көрді [34]. Келесі жылы «Ұлы тұлғалар» сериясымен жарық көрген «Ұлттың ұлы ұстазы» атты ғылыми-библиографиялық жинаққа енди [32, Б. 128-137]. Жинақтың таралымы «200» дана гана екендігіне жогарыда тоқталғанбыз. Сондықтан мақала қаз-қалпында қайта жарияланды.

Емле конференциясы қарсаңына

Емле туралы (қысқартылып алынды)

Емле негізі 4 түрлі: 1). Таңба жүйелі (негізгі ынтымак); 2). Тарих жүйелі (негізгі дағды); 3). Түсіс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4). Дағыс жүйелі (негізі естіліуіне қарай).

1. Таңба жүйелі емле – аргынга «дөңгелек» таңба алайық. Қыпшаққа «жіп» таңба алайық деген сиақты немесе «бірге» мынадай: «1» белгі, «екіге» мынадай «2» белгі алайық деген сиақты, не болмаса пәлен

дыйысқа пәлен белгі алайық, деп дыбыс басына әріп арнаған сиақты, тілі іліміне тіремей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі, емленің бұл жүйесін алу-алмау жағын сөз қылмай өтеміз, үйткені жогарыда емлеміз қалай жасалса да, негізгі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалуы тиіс дедік.

2. Тариқ жүйелі емле – байагы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де өзгермestен әдettенген бойынша қолданатын емле. Ондай емледе бір дыбыстың ортасындағы орта таңба болуы мүмкін. Бір дыбыста жазуға бірнеше әріп жұмысалуы мүмкін немесе тіпті дыбысы жоғалып кеткен әріптерді әлі күнге жоғалмастан сөз ішінде жазылып жүргі мүмкін. Емлеміз бұл жүйені болу-болмаудын тағы сөз қылмай өтеміз, үйткені дағдыланған емлеше жазамыз десек, емле мәселесі қозғалмас еді.

3. Тұыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда «қорада бір қара ат түр екен» деген «ат» деген сөздерді ауыздан шығуынша «қарат», деп жазбай, «қара ат» деп жазады. Сол секілді ауыздан шыққанда, «солай болсигеді» болып естілсе де, жазғанда «солай болса иғі еді» деп, «болса», «иғі», «еді» деген сөздердің тегіне қарап жазады. Бірақ осы күнгі емлемізше жазу бар болғандықтан, емленің бұл түрі сөз болуға тиіс.

4. Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Сөздің ауыздан шығуынқ өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалгаса айттылғанда ауыздан бір түрі болып шығады, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. Оның мысалын айқын түрде «ақ», «көк» деген сөздердің айттылуынан көруге болады. Осы сөздерді оңаша жеке түрінде айтсақ, ауыздан айнымай шығады. Сол арага «өгіз» деген сөзді жалғас айтсақ, алғы сөздеріміздің аяғы айнып, екінші түрде естіледі (*ақ өгіз – ағ өгіз, көк өгіз – қөг өгіз*).

Дыбыс жүйелі емленің сөйлегендегі ауыздан шығуынша жазу түрін тілдік ілім-білім жүзінде қолданбаса, өнер-білім жүзінде еш жүртта қолдану жоқ. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді. Сондықтан емлемізді тұыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік.

Жаңа емлешілер емле үйренуге жеңіл болу үшін дыбыс жүйелі болу тиіс дейді: керек орындарда ғана тұыс жүйелі (сөз жүйелі) болсын дейді. Бұрынғы емлеміз дыбыс жүйелі емес бе еді? Тұыс жүйесін керексіз орында кірістіруші ме едік? Бұрынғы емлемізде дыбыс жүйелі екендігін, тұыс жүйелі қандай керек орындарда кірісетіндігін жогарыда айтсып өттік.

Олай болса, жаңа емлешілердің емле жобасының бүрынгыдан басқалығы қай жерінде? Басқалығы мынадай: екі сөз, үш сөз жалгаса айтылғандағы дыбыстарының естілуінше жазу тиіс дейді (бүрынгы емлемізде әр сөз жеке айтылғандағы естілуінше жазылатын). Бұл бір. Екінші, үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей ауыздан шығуына қарамай, тегіне қарап жазылатын. Мысал үшін бүрынгы емлеше жазу мен жаңа жобаша жазылу арасындағы айырымын бірнеше сөз алып көрсетіп өтейік. Алдыңғысы бүрынгыша, соңғысы жаңаша жазылған сөздер болады: *Тұрганбай – Тұргамбай, қонған – қоңған, қөңген – қөңген, інге – іңге, бара алмайды – баралмайды, келе алмайды – келалмайды, келе алмай тұрмын – келеалмайтурмын, бұрсі құні – бұрсігүні, бұрнагы құні – бұрнагығүні, жазды құні – жаздығүні, тұссыз – тұссыз, басыз, басши – башши, ізші – ішиші, қазса – қасса тағы сондайлар.*

Мұнымен емле үйренуге оңай бола ма? Көз тануына, қол жүруінен жеңіл бола ма? Басқа түріктерге түсініктірек болып жақында ма? – Жоқ. Олай болса, бүрынгыдан мұның несі артық дей аламыз? Емлені бүрынгысынан артық болғандай етіп өзгертуге магана бар; бүрынгысынан төмен болғандай етіп өзгертуге магана да, мақсат та жоқ. Кілең туыс жүйелі болсын дейтіндер де, кілең дыбыс жүйелі болсын дейтіндер де алдарында неге барып қамалатындарына көз салмайды-ау деймін.

Кілең туыс жүйелі емле болсын дегенде, «балалы», «тұзлы», «атлы», «баланы», «тұзны», «атны» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы болып табылар ма? Кілең дыбыс жүйелі болсын дегенде, «сөзшең» дегенді «шөшишें» деп, «ізшілер», «ісшілер» деген сөздердің екеуін де бірдей «ішишілер» деп, «кигізсе» дегенді «кигіссе» деп, «кигізше» дегенді «кигішие» деп, «жазса» дегенді «жасса» деп, «қызыса» дегенді «қысса» деп, «сезсе» дегенді «сессе» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы бола ала ма? Екі жүйені де аралас тұтыну керек деушілер; керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді. Солай дейді де, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық деп, сөз басына ереже жасайды. Сөз басына ереже жасайтын болсак, ондай емле қолайлы, оңай емле болып табылар ма?

Одан басқа тағы бір байқалып тұрган нәрсе сөздерді қосып жазуға құмарлық. Ол құмарлықтың ар жағы неге барып килігетініне тағы көз салынбайды-ау деймін. Мәселен, «бара алмайды» дегенде «баралмайды» деп жазу керек дейтіндер бар. Бұл қосылып айтылып тұрган сөздердің біреуі көсемше, екіншісі етістік екен. Бұл екі тұрлі етістіктің бірлесіп айтылуы ылғи бір көсемше, бір көмекшіден болып отырмайды.

Онан көбірек болып бірлесетін орындары болады. Менің ойымша, қопақардай етіп емле жүйесін өзгертеміз демей, бүрынгы емленің кеміс

жерлері болса, соларын ғана түзеу. Басқа түріктерге жазу тіліміз түсінікті болу үшін мүмкіндігінше жанастыру жағына қарап икемдеу. Осы күнге дейін тұтынып отырган емлеміздің кемшілігінің, бәрін түзеп, жогарыда айтылған туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай өтетін екеуінің арасынан жол тауып беретін төменгі ұсыныс болады деймін.

1. Эрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандагы естілуінше жазылу.

2. Азган сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.

3. Үйлестіктен дүдәмал естілетін болған дыбыстар айқын орындарданғы естілуінше жазылу.

4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.

5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз бәрі де қосарлық (-) белгімен жазылу.

6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.

7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу. Қосынды сөзге айналғандары басқа қосында сөздерше қосарлықпен (-) жазылу. Сын есімнің шырай күштейткіштері де қосарлықпен (-) жазылу.

8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу.

Мұның әрқайсысын бас-басына байандасақ мынау болады:

1. «Әрбір түбірі сөз» дегендे мағана жағынан алмай, тұлға жағынан алғып, өз алдына түбірі бар сөзді айтып отырмын. Қазақ тілінде екі сөз, үш сөз, төрт сөз қатта бес сөз бірлесіп, бір үгым, бір мағаналы болып келуі жиі ұшырайды. Мәселен: «кете берер», «кете берер ме?», «кете берер ме екен?», «кете бере алар ма екен?», «кете бере алмай отырғанымдау». Осыларды бірге айтылғанына қарай, бір мағана көрсетуіне қарай біріктіріп, тұтастырып айтып, естілуінше тұтастырып жазу емлені оңайлатпайды. Соңдықтан әрқайсысын түбір-түбірімен айырып алғып, оңаша шығарып айтып, соңдағы естілуінше жазамыз.

2. «Азган сөз» дегендे «*үйтін*», «*бүйтін*», «*сүйтін*», «*әйтседе*», «*әйтпесе*», «*бүрнағы*», «*бүрсі*», «*белбеу*» деген сиақты сөздерді айтамын. Сөздің азып өзгеруі бар. Соңғысы – дыбысы айнып, бірде олай, бірде бұлай айтылуынан болатын өзгеріс. Алдыңғысы – ондай емес, түрлаулы өзгеріс. Солай болған соң сол күйінде айнымай қалатын сөзді айтамыз.

3. «Үйлестікпен» дүдәмал естілетін дыбыстар деп *b - n, t - d, ж - ш, з - с, ш - з, ии - н* сиақты айтылуында ұқсастық, үйлестік бар дыбыстар жанындағы басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленіп немесе өздері қатар келіп, бірін-бірі күңгейлеп не болмаса біріне-бірі үйлес болған соң бірінің орнына

бірін алмастырып айтуы мүмкін болатын орындары қайсысы екені ашық естілмейді. Соңдай орындарда күңгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтЫп, соңдағы естілудің жазу. Мәселен: «Қасекең сау күндегі әнге басты» дегенде «басты» деген жіктеу жалғауында «т» естіле ме, «д» естіле ме? – Дұдәмал, анық емес. Қасындағы «с» дыбысының әсерімен күңгейленіп, анық естілмей түр.

Күңгейлеп тұрған дыбыстар аулақ, басқа жерге қойып айтЫп көру керек. Мәселен, «Қас-екең сау күндегі әнге салды» десек, қай дыбыс екені анық естіледі. Сол сиақты септеу жалғаулары да көмескі естіліп, дұдәмәлдік болады: Мәселен: бастың ба? – басдың ба?, басты ма? – басды ма?, баста ма? – басда ма?, бастан ба? – басдан ба? Дұдәмал, анық емес. Мұнда да әлгідей жалғауларды әсер етіп тұрған дыбыстан құтқару үшін аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек. Мәселен, балдың, малдың, қардың, қаздың, балды, малды, қазды, қарды, балда, малда, қарда, қазда, балдан, қардан, қаздан. Қай дыбыс екені мұнда анық естіліп түр. Бұлар үйлес дыбыстар, басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленгенде болатын дұдәмәлдік.

Енді үйлес дыбыстардың әсерімен күңгейленгенде болатын дұдәмәлдікті мысалмен көрсетелік: «мылтық атты». Мұнда жіктеу жалғауы не болатыны дұдәмал болып түр: -ты ма? -ды ма? белгісіз, анық емес. «Қымыз ашишы», «су кешише», «кіім пішише», «құс үшиша», «құлын қашаша» аяғына қосылып тұрған рай белгісі дұдәмал: ше ме? ша ма? са ма? Бұлар үйлес дыбыстардың бірін-бірі күңгейлеуінің бір түрі. Бұлардың анығына жету үшін алдыңғы айтылған әдіс істеледі. Мәселен, «мылтық алды» десек, не жалғау екені ашылады. «Қымызға қанса», «су сепсе», «кіім кисе», «құс қонса», «құлын қуса» дегенде рай белгісінің қандай екені анық ашылады. Үйлес дыбыстардың бірін-бірі күңгейлегендеге болатын дұдәмәлдіктің екінші түрі бар. Олар мынау сиақтылар: «құрган тешише», «басқан ішише», «төккен түссә», «тұздық түссиз», «қазан ашишы», «нан кешиші», «көссіз көбелектей», «ішишілер ізіне түсті», «ішишілер ісін тоқтатты», «башишылар баж басты», «башишылар алга түсті».

Сөздің бұл жалғауларында емес, негізіне әсер ету, негізін күңгейлеу болғандықтан, сөздің негізін айқын шығарып, айтқандағы естілудің жазу. Үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі айтылу мүмкіндіктен болатын дұдәмәлдік мынау сиақтылар: Қорғамбай – Қорғанбай, Аргымбай – Аргынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңган – қонган, жаңған – жанған, жоңған – жонған, көңғен – көнғен, өңғен – өнғен, міңғен – мінғен, сенғен – сен-ғен, күңге – күнге тағысын тағы соңдай сөздер. Бұлардың қайсысы дұрыс? Әрине, соңғылары дұрыс. Үйткени «қорғам», «арғым», «тасқым» деген

сөзден шықпағаны «қорған, аргын, тасқын» деген сөздерден шыққаны көрініп тұр. Оナン кейінгілеріне келсек, бұларда әсер етіп тұрған «ғ» мен «ғ» дыбыстары. Олардың әсерінен құтылса болғаны, дұдамәлдік жоғалады Мәселен: «қоныс», «қондық», «жону», «жондым», «жанып», «жанды», «көніп», «көнді», «өніс», «өнім», «мініп», «мініс», «сеніп», «сенім», «күнде» дегендеге, дұдамәлдік жоғалып, «ң» емес, «н» екені анық көрініп тұр.

4. Қосымшалар дегеніміз – жүрнақтар мен жалғаулар. Олар бұрын да солай бірге жазылатын.

5. Қосалқы сөздер (демеулер) білімпаздар сиезіне дейін қосарлық белгімен жазылып жүрді. Білімпаздар сиезі бөлек жазылсын деді. Оқу жағынан қолайсыздық ететін болған соң енді қосарлықпен (-) жазылуы қолайланып тұр. Қосарынан айтылатын қос сөз, қосар сөз – бұлар бұрында қосарлық (-) белгімен жазылатын. Бұлар туралы өзгеріс жоқ. Мәселен: құрт-құмырысқа, бақа-шайан, айақ-табақ, төсек-орын, бала-шага, келін-кепшек, қысылып-қымтынып, құрап-сұрап, артып-тартып, ыргап-жыргап тағысын тағы сондай сөздер бұрында осылай қосарлық (-) белгімен жазылатын.

Қосынды сөз бұрын «Тіл – құралда» қос сөздің біріне саналып, жалқылаушы қос сөз деп атанип келіп еді. Былтырдан бері атын ықшамдау үшін, балаларға үйреткенде жеңіл болу үшін қосынды деп атайдын болды. Бұлар бір өңкей болса, қосыла жазылатын. Бір өңкей болмаса, араларынан қосралық (-) белгі қойылып жазылатын. Мәселен: қолғап, жук-айақ, төсек-агаш, тұс-күіз, тұстартпа, кели-саб, балтасап, қаламсаб, қазоты, Ақ-төбе, Ақмола, Қызылжар, Атбасар тағысын тағы сондай сөздер. Енді бұлардың бәрі де қосарлықпен (-) жазылады.

6. Жалғаулықтар бұрыннан бөлек жазылатын. Олардың жазылуы жағы солай қалады. Мұндай қосымша ескерту есебінде айтылып отырган бөлек жазылуынан басқасы жалғау ережесінше деген сөз. Олай айтылып отырганы мынау: жалғаулықтардың кейбіреулері алдыңғы сөздің аяғындағы дыбыстың әсерінен жалғауларша айниды. Мәселен, «менен», «мен», «бенен», «бен» болып айтылғанда, бұлардың арасында дұдамәлдік жоқ. «Бенен», «бен» алдыңдағы дыбыстың әсерімен «пенен», «пен» сияқты болып естілгенде дұдамәлдік туады. Сондай жерде анығын жалғаулардың дұдамәлдігін ашатын жолмен алуымыз керек.

7. Үйір айтылатын айтылатын сөздер бұрыннан бөлек жазылатын. Мәселен: бұл ала байтал, ақ нар, құла құнан, тоз шелек, жез құман, құміс жүзік тағысын тағы сондай сөздер. Үйір сөзден қосындығы аайналған сөздер туралы көрсетілген белгілі жол жоқ еді. Сондықтан бұлардың

әркім әр түрлі жазуы мүмкін еді. Енді бұларға да тәртіп жасау үшін ашық айтылып отыр. Үйір сөздің қосындыға айналғаны да қосарлықпен жазылады дегенде төмендегі сөздердің төмендегіше жазылуы айтылып отыр: *ақсақал, ала-бота, сасық-қурай, май-шагыр, боз-жусан, боз-торгай, қара-құс, көк-құттан, ақ-құ, ала-қарға, қара-қарға, торы-ала қаз тағысын тағылары осылай қосарлық (-) белгімен жазылады.*

Шырай қүшейткіштері деп таңдаулы шырайдың басына сөздің өзінен алып қүшетту үшін қосатын буындар айтылып отыр.

Мәселен: *қып-қызыл, сап-сары, ып-ұлкен, ып-ықшам, ып-ыңғайлы, біп-биік, сип-сіда, шіп-шикі* тағысын тағы сондайлар. Бұлар бұрын да солай жазылатын, қосып жазып керек деушілер болғаннан мұндай сөз болып отыр. Бұған қосымша түрде айтып ескертіп өтетін нәрселер мыналар:

8. Көсемше, көмекші етістіктер бұрын бөлек жазылған. Онда өзгеріс жоқ. Тек бірге жазу керек деушілер болғандықтан, айрықша сөз болып отыр. Бұған қосымша түрде айтып ескертіп өтетін нәрселер мыналар:

1. Лепестен, лебізден шыққан сөздер шыққан лепес пен лебізіндегі айтылған қалпынан айнымай жазылу. Лепестен шыққан сөздер деп одагаймен бірлесе айтылған сөздерді айтамыз. Мәселен: «*Oй, пәлі!*», «*A, Құдай!*», «*A, пірім-ay!*», «*A, пірім-ай!*».

Лебізден шыққан сөздер деп «*кет әрі!*», «*әпер бақан!*», «*көріпкел!*», «*үр да жық!*», «*барса келмес!*», «*найзамды әпер!*», «*шаши ал десе бас алар!*» деген сиакты сөздерді айтамыз.

2. Есімшелі қосынды сөздер де қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылады. Мәселен: *Қой-багар, Тай-мінер, Жылқы-айдар, Қой-айдар, Тау-согар, Қөп-жасар, Ит-алмас* (жалқы есімдер), бір-санар, бір-тарташтар, бу-тарташтар, ат-шабар, бес-атар, құс-қонбас, ит-кірмес, жел-кесер (жалты есімдер).

3. Дұдәмәлдігі ашылмастай орындарда сондай дұдәмәлдік ашылған орындардагы тәжірибе бағытымен жазу. Мәселен: «*аспан ба?*», *асбан ба?* – дұдәмәл екен, жоғарыдағы айтылған жолмен айқынға шығарып алу болмайды екен. Сол сиакты сөздер өте көп болмаганмен, қазақ тілінде ұшырайды: *дұспан – дұсбан, оқпан – оқбан, кетпен – кетбен, шекпен – шекбен* тағысын тағылар.

Бұлардың «*n*» мен «*b*» дұдәмәл болған орындағы ашылуы ылғи «*b*» жағына болғандықтан, «*b*»-мен жазу. Түбін қарап тексергенде де солардың көбі «*b*»-мен жазылуға тиіс болып шығады. Мәселен: «*асбан*», «*дұсбан*», «*данышбан*», «*кетбен*» деген сөздер «*асман*», «*дүшиман*», «*данышман*», «*кетмен*» деген сөздерден шыққан «*m*» дыбысы «*b*» дыбысымен алмасып отырады. «*Қақбан*», «*қақба*», «*қақбақ*», «*өкбे*», «*оқбан*» дегеннен дыбыстыры алмасумен «*b*» дыбыстыры сөз екені көрініп түр.

4. «Ы» әрпі бітегу буындарда да қалмай жазылу, «қарт – қарыт», «арт – арыт», «жұрт – жұрыт», «сырт – сырт», «құрт – құрыт» дегендегі сыйықша мен қосақтарап қатарлап қойған сөздердің айтылуы бірдей емес. Бітегу буынға «ы» деп жазсақ, бұлар бірдей жазылатын болады: бірдей жазылса, бірдей естіледі деген болып шығады.

5. «Асыу», «алыу», «келіу» деген сөздерді «сүү», «шүү», «түү» деген сиақты етіп, айагына «үү» келтіріп жазамыз деушілер бар. Тіпті жалғыз ғана «у» келтіріп жазамыз деушілер де бар. Олардың бәрі де жете тексермегендіктен айтылып отырған сөздер. «Алып» демей, «алұп» деп, «асыб» демей, «асұп» деп, «барып» демей, «барұп» деп, «келіб» демей, «келұп» деп жазатын болсақ, алұу, барұу, келүү деп жазуга болады. Олай жазбай, «алып, асып, барып, келіп» деп жазатын болсақ, «у»-дың алдын «ұ» (у) жазудың орны жоқ. Мұндай «у» сөздің аяғына «б» есебінде қосылып тұрган дыбыс немесе «алыс, беріс, барыс, келіс» дегендерді сөздердің ішіндегі «с» есебінде қосылып тұрган сөз. «Алыс» деген «алыу» деген, «барыс» деген «барыу» деген, «келіс» деген «келіу» деген сөздердегі айырым аяқ дыбыстарында ғана, басқа жеріне айырым жоқ. Егер алұс, барұс, келұс деп айтпаймыз гой. Егерде «ұ»(у) мен «ы» (i) дұдемәл естілетін болса, ол дұдемәлдік «ы» жағына қарай шешіліп отырады гой. Мәселен «тан» деген «таны» деген, «жан» деген «жаны» деген, «тас» деген «тасы» деген сөздерді алып, аяқтарына «и», «с», «у» қосып туынды сөз жасасақ, айагы дауысты дыбыс болса, осы дыбыстарды қосамыз да қойамыз. Айагы басқа дыбыстар болса, «ы» арқылы қосамыз: танып, таныс, таныу, жанып, жаныс, жаныу, тасып, тасыс, тасыу. Осында «у» дыбыстың келіп кірерлік орны бар ма? Қай жерден келіп кіріспекші?

6. *p, l, u*, и әріпптерінің алдында «ы» әрпі жазылу-жазылмауы естілуінше: естілсе жазылады, естілмесе жазылмайды. Мәселен: лыпа, леп, лепес, лап, қойды, лаулап жанды, лоқы, лықылдан, Ленін, Ленің деген сөздердің алдында келген «л» тап-таза «ы»-сыз естіліп тұр. Оған «ы» жазудың керегі жоқ. «Ылай, ылайық, ылауж, ылау, ілім, ілік, ылғи» деген сөздерде «л» алдында «ы» анық естіліп тұр. Егерде осы айтылған сөздердің өздерін дауга салушылар болса, онда әркімнің құлагы әр түрлі еститін болғаны немесе әркім солай естіледі деп ұғып әдettеніп қалғаны. Ондай дау болған орында өлең өлшеуімен ашылады. Оナン басқа ашатын кілтін әзірге ешкім тапқан жоқ. Өлең арқылы тексергенде «р», «и» сөз басында тіпті келмейтін көрінеді. Онда да қазақтың «ұғақытты» қысқартып, кейде «ұғақ» деп айтатындығынан, қазақтың «ұғақыт» деп айтатын жерін баспадағылар немесе жазудағылар «ұғақыт» дегенге айналдығаннан болады. Қалайда

жалпы ереже бұлар турасында естілсе «ы» жазу естілсе «ұ» жазу, естілмесе жазбау. Мәселен: *ұру, ұрықсат, дұрыс, ырыс, ыргак, ыржан, ірі, ірімшік* деген сөздердің басында «ұ», «ы» бар екенине дау болмас. Болса қалай етеміз? - Эрине, өлеңмен болмаса басқа шара жоқ.

«И» дыбысы жалғыз-ақ «иә» деген сөзде келетін көрінеді. (Иәки де «иә»-мен түккімдас). Оның өзінде оқығандар болмаса, жай қазақтар «жә» деп айтатын көрінеді.

«И» туралы жалпы ереже: естілсе «ы» жазылады, естілмесе жазылмайды. Даулы болса, өлең арқылы ашылады. Осылын емле ережелері туралы әңгіме біtedі.

АҚЫМЕТ
«Еңбекші қазақ». 27-март 1929.

* * *

Маңызы зор мәлімдемелер

Ахаңдай қазақ халқының ар-ожданына айналған тарихи тұлғаның қолымен жазған қандай да қағазды назардан тыс қалдыруға құқымыз жоқ. Оның талай жылдар бойы қапаста жатқан мәлімдемелері мұқым жүртқа элі мәлім бола қоймады. Тарихи маңызы зор мәлімдемелерді тек алаштану мәсеселісімен айналысатын санаулы орта: қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ тарихын зерттеп жүрген арнайы мамандарға біletін болар. Онда біздің мұннымыз ұлken әбестік. Өйткені, Алаш арысының айтқанынан жалпы алаш – қазақ жүрті құлағдар болуы парыз. Бұл келешек ұрпақ үшін қажет. Мәлімдеме дегеніміз не? Эрине, мәлімдеме туралы ұғымның ауқымы өте кең. Эрі ол мазмұнына қарай әр түрлі болады. Жалпы, мәлімдеме мемлекеттік мекемелер мен түрлі үйлімдерда іс жүргізуге байланысты рәсімделетін ресми құжат. Мәлімдеме мәтінінің – бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланым көруі сирек құбылыс. Егер мәлімдеменің мазмұны қоғамдық ортаға қандай да пайдасын тигізетін болсаға, он ел назарына ұсынылып отырған. Мәселен, А.Байтұрсынұлының Кеңес үкіметін мойындағап, коммунистік партияға мүшелікке қабылдауына байланысты жазылған мәлімдемесі. Мұны тіпті, сол кездеңі Кеңес одағының большевиктер партиясы саяси науқанға айналдырып, орталық басылымға жариялаган [35].

Тарихшылардың зерттеуіне сүйенсек, А.Байтұрсынұлындаң ірі саяси қайраткер және реформатор-ғалымның беделі арқылы қазақтар арасында партияның ықпалын арттырып, беделін көтеру болған. Әлбетте, коммунистік партия діттеген мақсатына жетті, ал Ахмет ше? Қазақ

ұлтының келешегі үшін мүшелікке кірген партиясынан жылға жетпей шығып қалды. Міне, осы тұста ол өзінің «Жазығым не?» деген сауалнамалық мәлімдемесін өтініш түрінде партия алдына қойған. Ал партия оны алғашқы мәлімдемедей бұқара жүртқа жария етпеді. Неге? Өйткені, бұл мәлімдемеде қазақ жеріне келген Кеңес үкіметінің большевиктер партиясы қазақ жүртты үшін жұмыс жасамаганы айтылды. «Тура-сын айтсаң, тұғаныңа жақпайсың» демекші, Ахаң айтқан аңы шындық жымысқы саясаттың «қаратұнек қапасына тоғытылды». Коммунистік партияның мазасын алған мәлімдеме жөнінде тәуелсіз кезеңнің тарихшы-ғалымдары, зан, әлеуметтану, мұрагаттану саласының мамандары Алаш қозғалысына қатысты зерттеулерінде тұтастай қарастырмаса да, азды-көпті пікірлерін айтып келді. Мүмкін келешекте бұл мәлімдеме жан-жақты талданып, тиісті бағасын алар. Оған алдағы уақыт – төреші.

Тарихи тұлғаның бұл мәлімдемесі 1996-шы жылы ҚР Президенті мұрагатының қызметкери Ж.Сұлейменовтың дайындаудымен «Ақиқат» журналында жарияланды [36, Б. 80-81]. 2006-шы жылы әдебиетші-ғалым Т.Жүртбайдың құрастырумен «Алаш ақындары» жинағы жарық көрді [37, Б. 221-224]. Т.Жүртбайдың талай жылдардан бері түрлі мұрагаттардагы жабық қор құжаттарымен жұмыс істеп жүргені ғылыми ортага мәлім. 1928-1932-ші жылдары Алаш зиялдыларына Мемлекеттік саяси басқарманың ерекше бөлімі жүргізген тергеу ісінің айыптау папкісі том-том болып, шаңға бөтіліп, қараңғы қапаста жатқанына жартығасырдан аса уақыт өтті. Бұл құжаттардың тарихы сан қылы, тағдыры одан да шытырман. Ал шындықты аршып алуға өткір көз, алмас жүрек керек. Қазақ елінің мұддесі үшін қурескен толайым тағдырлар тұлғалар «шындықтары шырғалаңының» ара-жігін ажыратып, ақиқатын айтатын өзінің адал үрпақтарын күткелі қашан?! «...Байламттырган қолымды, Бөгеттірген жолымды. Жақыным бар, жатым бар, Хабарлана жатындар! Мен сендерге жүгіндім, Төреши – әділ қазы деп» артындағы үрпағына үміт артқан Ахаң мұрасының кейбірі әлі күнге әділетті бағасын алған жоқ. Алашшылғалым Т.Кұдакелдіұлының кез келгеннің тісі батпайтын том-том папкілерге көз майын жегіп, оны кітап етіп құрастырып, ел назарына ұсынуы – қазақ деген ұлыстың үрпағы екенін мақтанды тұтатын талайлардың рухын серпілтіп, адасып жүрген санасын селк еткізген шығар-ая!

Жинақ Алаш арыстарының көркем әдебиет туралы асыл сөздерін артындағы үрпағына қаз-қалпында жеткізген тағылымы мол кітап. Осы жинақтың алғысөз орнына берілген «Талант талқысы» аясындағы ой-толғаққа А.Байтұрсынұлының 1929-шы жылғы тергеушілерге берген жауап-мәлімдемесі бөліп-жарусыз тұтастай енген. Сірә, құрастырушуның

бұл мәлімдеме-жауаптың түпнұсқасын оқыған сәттегі жұлым-жұлым болған жүргөті мәлімдемені бөлшектеуге дауаламаган болуы керек. Әйткені, осы мәлімдеменің тергеу хаттамасына тіркелген орысша нұсқасын оқығанда есендіріп қалғанмын. Есімді жинаған сәтте «Шіркін-ай, төте жазудағы нұсқасын оқыр ма еді, кім екен орысшалаған, барлық сөзін бүкпесіз аударды ма екен?» деген құдікті ой сап ете қалды. Міне, сол орысша мәлімдемені кирилл-қазақшамен шебер сөйлеткен Тұрсекеңнің қаламына тәнті болды.

Бұл мәлімдеме 1992-ші жылы Д.Досжановтың «Абақты» кітабының «Ахмет Байтұрсыновтың істі болу тарихы» тарауашасында қарастырылған [38, Б. 152-218]. Бір өкініштің, мәлімдеменің кейбір тұстары жазушы тарапынан біршама өзгеріске түскенін, кейін деректі құжатты көргеннен соң барып байқадық... Жазушының қиялы ұшқыр болатыны рас шығар, бірақ тағдыр-талайы тозаққа толы аяулы арыстар жөнінде жазғанда, қиял жетегіне емес, ар ісіне бағынған абзал-ау! Жазылған әрбір мақала, мейлі зерттеу еңбек, мейлі арыз-өтініш болсын әдебиет деген асыл мұраның қорына барып құйылатынын ұмытпаған дұрыс. Алаш зиялайлары «Әдебиет ардың ісі» деп бекер айтпаған. Қай-қайсымыз да тарих таразысына, әйтеуір бір түсетінімізді жадымыза ұстасақ екен.

Енді «Жазығым не?» жөніндегі мәлімдемелік өтініш туралы сөз қозғасақ, бұл 1921-ші жылдың коммунистік партия қатарынан шығарылғаннан кейін Ахмет Байтұрсынұлының коммунистік партияға қойған сауалы. Шындығында, ұлт жұмысын арымен атқарған, қарақан басының қамы емес, халық қамын жеген адамның жазығы не? Оның қаншалықты жазықты, не жазықсыз екенін тарих таразы өзі салмақтайды емес пе?! Коммунистік партия өзі даттады, өзі ақтады. Эрине, талай жылдарды артқа тастан, зарықтырып келген ақиқаттың астарына үңілу – үрпақ парызы. Бүтінгі тәуелсіздігіміз – сол ғасыр басындағы қазақ зиялайларының ұлт үшін жасаған риясиз еңбектері мен олардың жеке бастарын құрбан еткен қаскөйлігінің арқасында келген тәуелсіздік. Ұлтына жасаған ұлы істерінің ілтифатын өздері көре алмаған, бірақ өз ұлтын риясиз сүйгендіктен, оның жолында «құрбан» болған Алаш арыстарының әруағына мәнгі тағзым жасасақ та, «коммунистік партияның кесеуіне айналған «қандас-белсенділердің былығы» қанша үрпаққа жүк болар екен» деген сауал да өзекті өртейді.

Қазақ сөз баққан жүрт. «...Айтпаса – сөз атасы өлеңді» деген қанатты сөз де сол қазаекемнен қалған. Жүректегі сөзді тіл ұшында іркіп, біреудің пайдасына қарай көлтектемей, ойды тұра айтсақ, алпауыттардың илеуіндегі заманға жем болмасымыз анық-ау! Біз өзгеге аз жем болған

жоқпыз, «...төл әдебиеті бар жүрт қана тарихта орын алады» деген Ахметтің ел аузындағы сөзді жинап, оны талдап, талғап, соңан соң өз жанынан қысынын тауып қазақ ұлттық ғылымын жасаған тендерессіз еңбегін 70 жыл бойы өзара талан-таражға салдық. Содан не таптық?! Текке итаршы болып, өзгелердің әдебиетін ұлттықтадық, ұлт әдебиетінің қайнары «Әдебиет танытқыштың» төл авторын құлыштадық... Қандай ерік күші, намысы жоқ ерме ұлттық, әлі әркімдердің айтағына еріп жүрміз. Ғасыр басында қос тілді қауіп көріп, «сөзі жоғалған жүрттың өзі жоғалады» деп шырылдаған ғалымның гибратынан өнеге аудың орнына «ұш тұғырлы – тіл» деп ұрандаған ұрпақпен қатар өсіп келеміз. Ұш тұғырлы тіл саясатында ұлт тілінің теңдігі сақталса бір сірә. Отанымызда отырып халықаралық қатынас құралына айналған орыс пен ағылшын тілінің жыртысын жыртпай-ақ, «отбасылық тілдің рөлін атқара алмай отырган өз тіліміздің ертені не болмақ?» деген сауалдың зауалын тартып журмесек екен, ағайын!

**Партияны тазалау жөніндегі губерниялық комиссияға (аудандық комиссия арқылы)
РКП мүшесі Ахмет Байтұрсыновтан өтініш**

Жазығым не?

Қыргыз-қазақ халық ағарту комиссариатының коммунистік ұясының хатшысы партияны тазалау жөніндегі аудандық комиссияның қаулысы бойынша менің партиядан шығарылғанымды мәлімдеді. Маган жеткізілген хабарға қараганда, менің шығарылуыма, біріншіден, партия жиылыштарына қатыспағандығым, екіншіден, мүшелік жарнаны уақытысымен төлемегендігім және үшіншіден, менің Алашорда үйымына қатысқандығым болса керек.

Маган қойылып отырган бұл айыптардың қайсысынан болсын мен бастартпаймын.

Қазақстандағы кеңес өкіметі өмірінің үш жылы ішінде РКП үйымдарының қазақтар арасында жүргізген жұмысының қай саласын алсақ та ешқандай алға жылжушылық болмады. Неге осылай болды? Жұмысқа кедергі жасаған не? Бұл сауалды ешкім де өзіне қоймады және ешкім де бұл туралы байыппен ой жүтіртіп көрген емес.

Жаңа шындықты түсіну үшін секунд де жетіп жатады, ал оған бой үретуге, оны игеріп кетуге ондаган жылдар аздық етеді. Жеке адамның

немесе қоғам тіршілігі қағидаларының орташа дәрежесіне азды-көпті сай келетін ақиқаттар мен идеялар ғана біршама жеңіл қабылданып, меңгеріліп кете алады. Көптеген утопистердің экономикалық жоспарларының іске асрыу үстінде сәтсіздікке ұшырауы – олардың мән-магынасының жоқтығынан емес, өз заманының жағдайына сәйкес келмегендігінен жүзеге аспай қалды, өйткені адамдар санасында айтарлықтай даярлығы бар негіз таба алмауының салдары болды.

Қашан да болса теория жедел түрде алға басады да, практика болса баяу жылжиды, өмір жалқаулана сүйретіліп, үнемі артта қалады да, алысқа ұзап озып кеткен ғылым сәулемесін әрең сезінеді. Адам еркіне ұзақ уақыт бойы әсер еткен сезімдер оның жаңына өте терең еніп, дағдыға, салтқа айналады да, содан соң іргетасын қиратып, тірегін шайқаса да өзінің орнын қорғай береді.

Біздің алдымызда білім жағынан артта қалған, сезім түрғысынан қарағанда өзінің әдет-ғұрпына берік батқан, сонымен бірге жедел түрде даму қажеттігін сезінген, әр кезеңде прогрес дөңгелегіне жармасатын қазақ халықтың. Бұл халықта әдеби кітаптар ғана емес, өзінің ана тіліндегі оқулықтары да жок, яғни қандай болса да мәдени-агарту жұмысын бастауға негіз боларлық басты құралдың өзі жок...

Негізінде қазақтар арасында саяси-агартушылық, үгіт-насихаттық, партиялық және әр түраі басқа да жұмыстарды жүргізу қажеттілігі моянындалып, бұл үшін бір қатар ұйымдар мен мекемелер құрылған болатын. Аталған жұмыстар қазақ арасында жүргізіліп отыр ма? – Жоқ. Қазақтар ортасындағы жұмыстың ең қарапайым түрі – кітапханалар мен оқу үйлерін ашудың өзі мүмкін болмай отыр. Қазақ тілінде әдеби кітаптарды шығармай тұрып, қазақтарға кітапханалар мен оқу үйлерін ашамыз деудің өзі күлкілі жайт болып табылады.

Қазақтар үшін де, жалпы алғанда қарандық қалың бұқара үшін де коммунизм идеясы, Гейненің сөзімен айтқанда «шакырылмаған бөтен қонақ». Халық бұқарасының саналылық жағынан алғанда мешеулігі, ал сезім жағынан түрлі тереңірек өзгерістерге деген бейімсіздігі көпке белгілі шындық. Коммунизм идеясы қазақтарға тез арада қонбайды. Біз оны «атты әскер шабуылымен» енгізе алмаймыз, біз оны ұзаққа созылатын қатаң жүйелі ісіміз арқылы орнықтыра аламыз. Ал бұл үшін ешқандай қолайлы алғы шарттары болмаса да, шапшаң түрде табысқа жетеміз деп сенетін жолдастар қатты қателеседі. Қазақ өлкесінің кең байтақтығы, түрғын халықтың шашыранды орналасуы себепті, темір жолдардың жоқтығы және басқа да қатынас құралдары мен байланыстың қыншылықтары, қазақтар арасында қандай да болмасын жұмысты тез қарқынмен жүргіземін деп,

әсіресе үгіт-насихат және мәдени-агарту жұмыстарын жүргіземін деп армандаудың артық екендігін көрсетеді.

Аталған салалар бойынша жұмыс жоспары ұзак мерзімге арналып жасалынып, айқын жетістіктерге жететіндегі болуы керек. Біз қазақтар ортасында коммунизм идеясын тарату жұмысын қазақ халқына қызмет етуге даярланған үгітшілер мен насиҳатшыларды Қазақстанға толтыру арқылы, не болмаганда қазақ тілінде әдебиетті мол етіп шыгару арқылы, ал дұрысында, осы екі тәсілдің екеуімен де жолға қоя аламыз. Бірақ мұның алғашқысы немесе соңғысы болсын, ең басты негіз – қазақ тілінде оқулықтар жасалмайынша бос қиял болып қала береді.

Қандай болмасын тілде дұрыс оқып, жазу үшін алдымен осы тілдің ережелерін білу қажет, ал тілдің ережелері осы тілдің өзінен, оның қасиеттері мен заңдылықтарынан келіп шығады. Қазақ тіл жеткілікті түре танылып, зерттелген жоқ. Тіліміздің өзіне тән ерекшеліктері мен қағидаларын игере отырып, зерттеу үстінде оның ережелерін тұжырымдауга тұра келеді. Ереженің әрқайсысы оның дұрыстығын растайтын халықтың ауыз әдебиетінен алынған көптеген үгіт-нұсқаларын зерделеп түйіндеуден келіп шығады. Бір сөзben айтқанда, бұл жұмыс қыындығы мол, еңбекті көп керек ететін іс, көп уақыт пен орнықтылықты қажет етеді.

Мен қазақтар арасында жүргізілетін мәдени істердің ішінде қазақ тілінде оқулықтар жазу жөніндегі жұмысымды өзімнің басты қызметім санай отырып, өзге жұмыстарға тек аса қажеттілік тугандағана белгілі мөлшерде уақыт бөліп отырдым. Мен РКП программасын ұзақ уақыт бойы қазақ халқын азат етудің жолдарын іздестіруден соң барып қабылдаған едім. Өтінішімнің 3, 4 және 5 баптарында мен неліктен партияға кіретінімді айқын жазған едім. Партияның программасын ешқандай женіл ойсыз және өзімді өзім алдаусыратпастан саналы түрде қабылдай отырып, мен өзімнің пікірімді айтуга құқым бар деп есептеймін, қазақтар арасындағы жұмыстардың бағыттары мен әдіс-тәсілдері жайында өзіндік ой-пайымдауларымды білдіруге еркінмін деп санаймын.

Халық агарту комиссары бола отырып, КЦИК Төралқасының мүшесі әрі қазақ оқулықтарын жасау жөніндегі редакциялық алқаның төрагасы ретінде мен екінің бірін таңдауға: не қазақ тілінің оқулықтарын даярлау ісімен айналысады, немесе шынын айтатын болсақ, мен сияқты басқа да қазақ жолдастарға ешқандай пайдасы жоқ партиялық жиналыштарға қатысады қалауға мәжбүр ететін жағдайға тап болдым. Мен мұның алғашқысын қаладым, неге десеңіз, өзімді қазақ тілі тұрасындағы еңбекке

икемдірек және пайдалырақпын деп ойлаймын. Бұл саладағы менің қызметім партиялық жиналыстардағы отырыстармен салыстырғанда анағұрлым нәтижелірек болатындығына еш шубәм жоқ.

Партия жиналыстарына жұмсалуға тиісті уақытты мен босқа (ойынсауыққа) йаки партия қызметіне еш пайдасыз істерге жұмсаған болсам гана, жиналысқа қатыспауды туралы айыпталуымның мән-мағынасы болар еді. Дәл осы сияқты жарнаны уақытысында төлемеуім жөніндегі кінәлауды да баспа становғы РКП қолында болмаган жағдайда орынды болар ма еді, ал станок партия қолында тұрганда мүшелік жарнаның төлену мезгілі партиялық істерде айтартылған маңызды рөл ойнамайды.

Менің Алашорда үйімінде мені партияға алған партия үйімі жақсы білді. Менің өтінішімді және партияға кіргенімді хабарлап, өлкелік басылымда жария еткен де со-лар еді. Мен «Алашорданы» алғашқы құрушылардың бірімін және осы үйімның ішінен кеңес өкіметін бірінші болып мойындаған да мен едім. Кеңес өкіметі жағына шығуга мәжбүр етілдім дейтіндер жақылысады. Бұған аса қажеттілік ол кезде болған жоқ, өйткені мен кеңес өкіметі жағына 1919-шы жылдың басында, Колчак әскері Самара маңында тұрганда еткенмін.

Осы айтқанымды ескере келе, менің іс-қимылдарымның маңызы кемдеу жағын көріп, жұмысымның маңыздырық тұстарын көрмеген партияны тазалау жөніндегі аудандық комиссияға мүше жолдастардың бұл іске қатынасында жеткілікті дәрежеде байыптылық таныта алмаған деп түйемін. Егер де мені коммунистік идеяга қайшы келетін әрекеттерім үшін партиядан шығаратын болса, жұмған аузымды ашпас едім. Ондай қадамдар мен қылықтарға мен барғаным жоқ, сондықтан мені партиядан шығару туралы комиссияның қаулысын қанагаттандырарлық негізі жоқ деп есептеп, оны өзгертуді өтінемін.

Ахмет Байтұрсынұлы.
1921-ші жылдың 15-қарашасы.
Орынбор қаласы.
[37, Б. 221-224].

* * *

1929-ШЫ ЖЫЛДЫҢ МАУСЫМЫНДАГЫ МӘЛІМДЕМЕ

Бірінші нұсқа: «Әдеби еңбекті ешкім мақтаныш үшін жазбайды, ол мінезден туады. Ұлтының қажетін өтейді сөйтіп. Менің ақ патша тұсында басылып, халыққа кең тараган әдеби еңбектерімнің ішінен

Крылов мысалдарының қазақша аудармасын, «Маса» деген атпен топтасқан өлеңдерімді бірегей бөлекtekеп атар едім. Совет үкіметі тұсында шығармашылық шаруадан қашықтай бердім. Үлгіммен айналыстым, қасиетті тілдің түп төркінін ақтарып, ғылым жасадым. Көркем әдебиетке деген көзқарасым: оның құндылығы сонда – нендей идеяны көтерген шығарма болмасын егер адам әлемінің сезіміне, жан дүниесіне қалай, қайтіп әсер ете алады дегеннен шығып жатады. Эсерге бөлей алса гана ол әдебиет. Ой-тұжырым мәселесі екінші кезекте тұрганы жөн, ал адамды өз әлеміне баурай тартып еліктіріп әкетер күш жоқ шығарма әдебиет емес, идеология гана деп ойлаймын.

Қазақстандағы әр қылы әдеби ағымдармен таныспын, әйтсе де олардың ешқайсысына енген емеспін, өз басым әдеби өмірде жұмысшы табының мүддесі жоғары ма, әлде ұлттың мүддесі жоғары ма деген тұжырымға елп ете қоймаймын. Ен әуелі кәсіп емес, мұн, шер, адам жаны бірінші көрінуге тиіс қой. Өзімнің жоғарғы оқу орындарында жастарды тәрбиелеу ісіндегі сындарымда, әдебиет мәселелері туралы жазған мақалаларымда осы қағидадан табан аударғаным жоқ. Сосын «Мәдениет тарихы» деген еңбек жазып, сол бойынша Қазақ оқу-агарту наркомында, Орынборда, Қызылордада дәріс оқып, адамзат қауымын ілгерілетер демеуші күш гылым мен техникада жатқанын қадап айттым.

Есімде қалғаны, бірде 27 жылы Қызылордада шетел бөлімінде лекция оқып тұрганымда маган «келешекте басқарушы үкімет сактала ма?» деген саяул қойылды. Бұл саяул менің сол кездегі мемлекет басшылығы тура-лы дәрісіме орай, адамзат өзінің аргы-бергі тарихында басқару үкіметінсіз өмір сүрген емес деген тұжырымнан туып кетті. Ойлы сұрақ. Мен жауапты былай бердім: қай гылым болмасын тәжірибеге табан тірейді, енде-ше тарих тәжірибесіне зер салсақ адамзат ешқашан басқару үкіметінсіз тіршілік етпепті. Осыған сенер болсақ, болашақ туралы жеткілікті түрде тәжірибе жинақтай алмай жүрген уағымызда келешекте билеуші үкімет бола ма, болмай ма? дегенге жауап беру әлі ертерек.

«Табалдырық» деп аталатын әдеби үйымның платформасын жіліктеп шағып берердей көз жеткізіп біле бермеймін. Газет бетінен, қолжазба қүйінен оқыған шығармын, әйтсе де әдебиет мәселесін жоспарлауга, тиянақтауга келетін болсақ, керісінше, шығармашылық шаруасы ешқашан талқыланып, жоспарлауга көнбейтін, кісінің ерік құқына байланыссыз қасиетті іс деп тұжырамын.

Мұстафа Шоқайұлының Парижде тұратынымен гана хабардармын. 1924 жылы Парижде өткен өнер шығармаларының дүниежүзілік көрмесіне қатынасып абырой алған қазақ әншісі Әміре Қашаубаев елге қайтып

оралған соң Шоқайұлы өзі аянышты тіршілікте жүріп елін, жүртүн аяган жүргегі жылы азамат деп ойлаймын.

29 жылғы 18 маусым.
Байтұрсыновтың қолы»
[38, Б. 187-188].

Екінші нұсқа: «Мениң әдеби шығармаларымның ішінде самодержавие түсінінда басылып шыққандары: Крылов мысалдарының аудармасын және «Маса» деген атпен шыққан өзімнің өлеңдерім мен аудармаларым. Кеңес өкіметі түсінінда мен әдеби іспен айналысқаным жоқ. Көркем шығарма туралы мәселеге келетін болсақ, мен көркем дүниенің құндылығын оның қандай идеяны негізге алғандығымен емес, адамның жан дүниесіне, сезіміне қалай әсер етуіне байланысты бағалануы керек, деген көзқарастарын жақтаймын.

Қазақстандағы ағымдармен таныспын, бірақ та олардың ешқайсына іш тартпаймын, себебі, мен үшін әдеби бағыттардың – пролетарлық немесе ұлтшылдық сарынның қайсысы басымдық танытса да бәрібір. Оқу орындарында жастарды тәрбиелеу жолындағы ұстаздық қызметімде әдебиет жөніндегі дәрістерімді жогарыда айтқан пікірімнің негізінде жүргіземін. Ал Орынбор мен Қызылордада қаласындағы қазақ агарту институтында дәріс берген «Мәдениет тарихы» пәннің бағытына келетін болсақ, онда мен өзімнің негізгі арнамды – адамзаттың дамуының қозгаушы күші мен қуаты – ғылым мен техника деген пікірді жетекшілікке алдым.

Бірде 1927-ші жылы Қызылорданың Қазақ агарту институтында тарих пәнінен дәріс беріп тұрган кезімде маган: болашақта өкімет бола ма? – деген сұрақ қойылды. Бұл сұрақ мемлекет билігі туралы оқылған дәрістегі адам баласы барлық заманда да биліксіз өмір сүрмелеген деген сөзден туындағы. Мен ол сауалға ғылым – тәжірибеге негізделеді, ал өткен тәжірибеге жүгінсек, адамзат биліксіз өмір сүріп көрмепті. Сондықтан да тәжірибеден өткізіп алмай, болашақта өкімет билігі бола ма, жоқ, оған ғылыми тұргыдан баға беруге болмайды, - деп жауап бердім.

Егерде ұмытып қалмасам, менің жауабым сонымен тәмамдалған сияқты болатын. Ал социализм құрылышының даму болашағы мен содан келіп туындастын мемлекеттік биліктің тағдыры жөніндегі сұрақтар маган берілген емес.

Қазақ әдебиетінің ағымдары туралы мәселені мен ешкіммен де бірігіп талдағам жоқ. Оның ішінде Мағжан Жұмабаев жасаган әдеби платформа-

ны Бөкейхановпен бірігіп оқыған емеспін. Қалай болған күннің өзінде, мен Мәскеуге барған кезімде Мағжан Жұмабаевты Бөкейхановтың пәтерінен көрметегенім анық, сондай-ақ Жұмабаевтың пәтерінде болғаным жоқ.

Нақтысын айта алмаймын. Жұмабаев пен Бөкейханов мен орналасқан жатақханаға (ол РСФСР-дің Халық ағарту комиссариатының Мәскеудегі жатақханасы болатын, 1924 жылы күзде мен өлкетанушылардың өлкелік құрылтайына қатысу үшін барғанмын) келді ме, әлде бәрімізде өлкетанушылардың құрылтайының мәжілісінде кездестік пе, әйтеуір, бір жүздескеніміз рас. Сондай-ақ, «Табалдырық» әдеби үйірмесінің бағдарын оқығаным да есімде жоқ. Эрине, әдеби шығармаларды оқыған болармыз, алайда ешқандай қолжазбаның болғаны жадымда сақталмапты, ал Сәрсенбиннің газетте жарияланған мақаласы есімде. Мен Мәскеуде болған кезімде оны Жұмабаевпен көріп қалғаным бар.

Орынбор қаласында тұрганымда Сәрсенбин менің үйіме келген емес. Әйтеуір, менің жадымда қалмапты. Тіпті, өлкетанушылардың құрылтайынан кейін соның өзін көрдім бе, жоқ па, білмеймін.

Жұмабаевтың әдеби бағдарын талқылауға арналып, Алдыңғаровтың үйіне бір рет бас сүққан жоқпын.

Шоқаевқа қатысты билетінім, оның Парижде тұратындығы гана. Тек 1924-ші жылы Парижде өткен дүниежүзілік өнер мерекесіне барған қазақ әншісі Әміре Қашаубаев ол жақтан қайтып келген соң Шоқаевты көргенін айтқан болатын. Бұдан басқа ол туралы ештеңе деген жоқ. Бұл сөзді Әміре менің үйіме әдейі келіп айтты ма, жоқ, көшеде кездесіп қалғанда айтты ма, ол жағы есімде қалмапты.

Менің берген жауабым өзімे оқылды, менің айтқан сөздерім дұрыс қағазға түсірілген, сол үшін қол қоямын.

А. Байтұрсыновтың қолы
Жауп алған - Саенко
[37, Б. 7-8]

III.3. Хаттар тағы да хаттар

Бұл тарауаша «хаттар» деген атауымен де құнды. Өйткені, қандай да бір шығармалар автордың өз тарапынан кей тұстары өзгертуліп, жаңартылып отырады. Немесе қайта басылғанда заман ағымынның талабына қарай редакциялауға ұшырайды. Кейде қысқартуларға түсіп, редакциялаушы батыл әрекеттерге де барады. Ал хаттардың мәтініне келсек, мұндай «батылдыққа» ешкімнің де жүргегі дауаламайды. Хаттың аты – хат. Ол біреуге арнайы жазылып, белгілі бір кезең үақыгаларын

қамтығандықтан, әрі нақ датасы көрсетілгендіктен, оның мазмұнын өзгертип, уақытты кері айналдыра алмайсын. Аты айтып түргандай уақытпен бірге хатталып, мәңгілікке жазылып қалады. Мінекей, оның құндылығы да осында.

Құнды хаттар – Гұлнар Міржақыпқызының жеке мұрагатынан алынды. Хатты бүгінгі әріпке тұсіруде «қандай да бір жаңсақтық кетпесін» деп, жасының егделігіне қарамастан, Гұлнар апайдың өзі жіті қадағалады. Мұнысы жөн де, өйткені қолмен жазылған төте жазуды дәп басып, анық оқуға сауатымыз шамалы екені ашы да болса ақиқат. Бұл кеңестік идеологияның саны аз ұлтты түп-тамырынан айырудагы қасақана жасаган «саясатының жемісі». Әдебиет алыптарының кирил-шеленген туындыларын танығанымен, олардың қолжазбаларын суды-рата оқу бақыты бүйірмажан ұрпақты... Иә, Ахаңа інісі Міржақыптың жауап жазғаны анық-ау, бірақ ол хаттардың тағдыры бір Аллаға аян. Атаекесінің хаттарын көз қарашығындаі сақтаған Гұлнар апайдың тінінің мықтысын-ай!

Ия, «Ақаң түрлеген әліпбиден» теріс айналу, әрі төте жазу туралы танымның әлі қүнге дұрыс қалыптаспауы, біздің ұрпақты «адасудың үстінде адастыруда». Әттең, төте жазудагы тағдырлар жұмбақ қүйінде қала берер ме екен?!». Әлде, жәдит жазудың сырына ұңғліп, ұлттың төл әліпбииң түзуде Ақаңның жүйесін ұстанатын ұрпақ туар ма екен... Оған уақыт – төреші.

Арыстар арасындағы хаттар:

Қадірлі Эли!

Орталықты Қызылордага көшіру жөніндегі мәселенің түпкілікті шешілмеуіне байланысты сенің көп қаттарыңа дер кезінде жауап қайыра алмадым. Енді қазақ-қыргыз институты көшпейтін болса да, шәкірттердің оған қаралмай астанаға барамыз дәп шешкенін көріп, мен де Қызылордага қоныс өзгертуді жөн санадым. Соңдықтан ол жақаң пәтер қараша мен іздестіруге әйелімді жібердім. Биылғы жыл орталықтың көшүіне байланысты елге бара да алмадым. Енді көші-қоным біткен соң, тамыз беріңде қыркүйек айларында баруды ойлап жүрмін. Егер сенің профессорың Торғай мен Ыргызға қарай шығатын болса, маган да онымен бірге шығу қажет шығар. Оның өлең-эн жинауы, суретке түсіруі – менің де ежелден ойластырып жүрген дүниелерім еді. Егерде профессордан үйрену жазса, маган ұлken олжа болары қақ. Қазақ мемлекеттік

баспасымен келісілген шартқа сәйкес, мен жаңа емле бойынша үш грамматика және қазақ әліппесін қайта жасауым керек. Айақталу мерзімі: біріншісі – 15-ші маусым, екіншісі – 1-ші шілде, үшіншісі – 1-ші тамыз, төртіншісі – 20-шы тамыз. Міне, сол уақытқа шейін басқа жұмыстарға қарауға мүршам жоқ, оның үстінен қазақ-қыргыз институтында оқу басталса, тағы да уақыт болмай қалады. Сол себепті де 20-шы тамызға дейін Ибраһимнің (Абай) ғұмырбайанын жаза алмайтынымды анық айтамын. 20-шы тамыздан соң уақыт бола ма, жоқ па – оны білмеймін. Сендерге өз суретімді жібермекпін. Бірақ байқа, менің бейнем енгізілген дәптерінді алмай қойып журмесін. Біздің коммунистер Мәскеу коммунистері секілді жартыкеш емес, нағыз 96-шы пробалы.

Алтынсары баласының суретін «Шолпан» журналының №6, 7, 8 кітап жинағынан табасындар. Одан басқа менде суреті жоқ.

Міржақып Қостанай үйеziне кетті. Кеше одан алған телегырамның мазмұны мынаңдай: «Гая ерледі: ұл туды».

Мен Пішпекте өткен қыргыз мұғалімдерінің сиезінде болып келдім. Құн тәртібіне қойылған мәселелер мыналар: тіл, әріп, емле, ғылыми пән сөздері, ескі сөздерді жинау, мектеп түрі.

Латын әліпбій жөнінде оларда бұған дейін бір жиналыс болып, шешім шығарған екен. Сиез соны мақұлдады. Ол шешім төмендегідей: «Латын әліпбій қыргызың болашағы үшін пайдалы деп табу. Алайда оған араб әліпбійне кейбір өзгерістер ендіру». Олар Нәзірдің латын әліпбійн араб-шадан нашар дейді.

Бізде ұлken және кіші әріп болмауы қажет, сонымен бірге тасқа түсетін әріп және жазбаша әріптің айырмашылығы байқалмаганы жөн.

Орысша жағырапианы Академиялық орталық баса алмайды. Оны қазақ өлкесін зерттеу қоғамының талқысына салып, сонаң соң қабарлармын. Соңғылар бастыртады деп ойлаймын, өйткені оларға қазақ жағырапиасы өте қажет.

Құшақтап сүйдім. Ақымет.
1/VI-25-ші жыл.

* * *

Бауырым Ақымет!

11-маусымда жағған қатынды алдым. Профессор тамыз және қыркүйек айларында Ыргыз берілген Торғайға барып, сол жақтан Қызылордага согатын боп уәде беріп, Берлин қаласына қайтып кетті. Мен оған Қостанайдан бастауын өтіндім. Ол бұған келісті. «Егер осы өнірлерге барсаңыз, Ақымет Байтұрсынұлын ұшырастыруға тиіссіз», - дедім мен тағы да.

Егер сенің келісімінді біліп, оған қат жазып, қабарласып, ақпарымды Мәскеудегі неміс өкілдігіне тастап кетпекшімін. Ол өзі біздің қазақ өкілеттілігіне соғып, анықтап сұрап алтын шығар.

Тамыз айында өзің қайда болмақсың? Мырзагалиевті неміспен ұшырастыруға жіберерсің. Еуропа сүзектің микробын әлдеқашан тапқан. Лизажанның профессоры дәріс үстінде айтатын көрінеді: «Макс па (менің немісім), жоқ мен бе, бұл микробты тапқан сиақтымыз», - деп.

Макс бұл жөнінде ештеңе демеп еді. Бәлкім, оның зерттеуінің ныса-насы да сол шығар. Егер сен оған қосылсаң, тіпті жақсы болар еді.

Біздің Орталық баспада көрнекті құралдар шеберқанасы бар. Олардың қаржысы жеткілікті. Жұмыс жоспары ауқымды. Бүкіл КСРО бойынша қалық ағарту ісіне қажетті нәрселер әрбір ұлттың жағдайы мен ерекшелігіне қарай жасалынбақшы. Мен оларға «Қазақ Академиалық орталығымен байланысындар» деп кеңес айттым. Академиалық орталық енді қазақ мектебі мен көшпелі оқу үйлеріне келеді-ау деген Ережелерін көрсетіп, арнайы жұмысымен қоса осы мүмкіндікті пайдаланып, өз бағасын берсін.

Академиалық орталық, осыны орындауга тырысыныздар.

Әміре Қашаубайұлын Парижге жібермекші. Ол бірде бір ән сөзін білмейді гой. Болмайтын нәрсені айтады. Мен оны бірыңғай әншілердің үйіне апарып ән салғызырттым. Дауысын мақтастық, бірақ ән салған кезде, мен қатты үйалдым. Айтқан әнінің сөзінде мән болсайшы.

Парижде мәнді әнді талап етеді. Әншіні Парижге жібере отырып, бір әннің сөзін болса да жаттатқызуға болады гой. Әміремен бірге баратын басқа қалықтардың әншілері ұлттық киімдерін киген, ал біздің Әміре орыс мещандарынша киініпти. Бұл соншалықты қын ба?

Абай мен Алтынсары баласы жөніндегі жазуынды күзге дейін бітірсең кеш емес. Нәзір де Абай туралы жазбақшы. Мейлі жазсын. Алтынсары баласы Ыбырай қақында өзің жазсаң, жақсы болар еді. Ол сенің агаң емес пе. Егер ол қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде, оның ісін жасарың қақ.

Сенің ересек сауатсыздарға арналған кітабында «бізге» керексіз қазақ қандары мен билерінің сөздері бар екен. «Еңбекші қазақтың» 30-санындағы №19 қосымшасында Габбас: «Кітапта бір коммунист жоқ» деп жазыпты. Оған жолдас Мардан «Ақ жол» бетінде жауап қайтарды. Мардан жақсы айтыпты. Мен Марданның мұны неге жазғанын білдім: біздің «жазушы» қазақ коммунистер саған риза емес әрі араз көрінеді. Сен кітабында Мағрифаның інісінің мақаласына дейін орын беріп,

мына «жазушылардың» еңбектерін кіргізбепсің. Орыстың мұндай кітаптарында Ленин мақалалары толы болады екен. Қазақ кітаптарында ондай сүрөн байғұс Сәкеннен өзгеде жоқ. Мұны жақында маған соққан коммунистің бірі айтты. Мен оның есіне мынадай мысалды түсірдім: Көктем шығып, күн аспанға жоғары көтеріліп, тіршілік атаулы ойана бастағанда, Йіупитер бұқа кейпінде жерге төмен түсіп, сиырлардың арасында ұрпақ өндіру қамымен жүреді екен. Бірде жай ғана кәдімгі бұқа – Йіупитер Құдай болуды ойлапты. Соңда біреулер айттыпты: «Бұқаның Йіупитер боламын деп армандауы – бос қиал» деп.

Қазақ коммунистері Ленин болуды қаласа, жол ашық. Әлгі бұқаның кебін құшып жүрген қазақ коммунистері Ленин бола ала ма дегенімде, мына «төрем» көңілсізденіп әрі өкпелеп қалды.

Келініне барды деп, Құрден әкесі Едігеге қол жұмсағанда, Едіге айтқан екен: «Егер арғымақты қорласаң, жақсы ат қайдан келмек? Қара сұңқарды қорласаң, ондай құсқа қолың қайта жете ме? Егер жерді өртесен, азықты қайдан алмақсың? Шашымды ақ шалып, көзімді шел басып, қартайған шағымда өз атаң – мені синасаң, қайдан жақсы боласың» деп («Көксілдер»). «Көксілдер» мен «Шайырда» осындағы өлеңдер бар. Осыны жазуға болады гой.

Орталық баспаның тапсырмасы бойынша Мағжан Жұмабайұлы әліппе мен өз бетімен оқытындарға арнап кіріспелік жазған-ды. Кеше Нәзір айтады: «Мағжан Жұмабайұлының жазған кітабы Байтұрсынұлының кітабынан жақсы» деп. Ол кітаптар әлі басыла қойған жоқ. Маған көрсетпеді де. Бірақ Нәзір синшы емес.

Мендеңшұлы жолдас «Бөкейқанұлы Еңбекші Қазаққа мақала жазады» деп шағымданыпты. Бұл шағымы 15-маусымда Орталық комитет жанындағы Баспа бөліміне түсіпті. Мен әлгі шағым бойынша онда отырған татарлар тиісінше тезден өткізді. Мәскеу коммунистері: «Қазақтар – ұлтшылдар» деп жалпыға жар салып айқайлап жүр. Мен олардан: «Айтып жүргендерің не?» деп сұрасам, олар: «Өздерің өздеріңе шағым жасап жүрсіндер, йағни оны жазған – өз қазақтарың» деп айтады.

Жазғандарымызды айақтадық. 30-маусымда елге қарай шығамын.

Мадиардың балалы болуымен құттықтайын деп едім, бірақ мекенжайын білмеймін. Осы жөнінде Мадиарға жазып жіберші. «Еңбекші Қазақ» маған тиесілі ақшамды бөлөр ме екен, соны Жолдыбайұлынан білші...

Қат жаз. Элиқан.
Мәскеу, 23/YI-25 жыл.

Рухани замандағас інісі Міржақыпқа жазған хаттары:

32-ші жылдың декабріндегі 31-і

Міржақып, Мырзагазы, Фазымбек қарақтарым! Мен Арқангелға 30-нойабрде келдім. Келген күні демалыс күні болғандықтан, ешкімді тауып алуға болмай, далага түнегендей болып, түнімен жатпай, көшеде қызырып жүрүмен болдым. Таңтертең барған адам келесі таңға дейін табалмадым. Жанымда бірге барған 4-5 адам, олар да солай болды. Тұнді солай өткізіп, ертеңіне Абдолланы тауып алыш, 17-декабріге дейін соның үйінде болдым. Оナン кейін пәтер тауып алыш, бөлек шықтым. Мұнда пәтер табу деген өте қыйын жұмыс екен. Таныс арқылы болмаса, өз бетіңе пәтер табу деген болмайды. Абдолла өзінің таныстары арқылы әрең тауып берді. Келгеннен бері орын іздеудемін. Элі табылған жоқ, түйақ ілікпей қалды. Бос орындарға – біріне әуелі пропсайоз мүшесін аламыз дейді; біреулеріне – үшекенің ұлықсатын сұраймыз деп, сұраганнан кейін болмайды дейді. Орынсыз адамга нан картешкесін, ысталобай картешкесін бермейді. Ол картешкелер болмаса, наңды, тамақты базар бағасымен алыш ішесің. Базар қымбат, наңның килесі – 5-6 сом. Бөлкені 25-30 сом, сүттің летірі – 4-5 сом. Майдың килесі – 45-50 сом. Оған қалай ақшаш шыдасын. Алыш келген аз ауқатым әлдеқашан бітіп қалды. Абдолла мен Қыр баласы екеуінің атсалысуымен жан сақтап тұрган жай бар. Қыр баласы орында болып, бүрінгі адресімен тез қабарластым. Сендерге орын тауып жайгасып, жазайын деп едім, орын болмагасын көңілді қабар жаза алмай тұрган жай бар.

Күшақтап сүйем. Ақымет.

Келесі хат:

33-ші жылдың 26/II.

Дендерің сау, аман жүрсіндер ме? 31-декабріде бір қат жазған едім, оны алған-алмағандарыңнан дерек жоқ. Мен әлі орынға кіре алмай жүрмін. Мекемелерді ықшамдау мен жер аударғандарды алмаудеген ағын тұсына кез келіп, еш жерге орналаса алмай тұрганым. Орын болмаган соң қай жағынан да болса қал нашар болатыны белгілі. Бір жағынан ауру, екінші жағынан сұық, үшінші жағынан аштық – үш жақтан қысып, әркімнің ат салысқан көмегі арқасында күнелтіп келе жатқан жай бар. Бұл қалыппен көпке бармай, бір шегіне барып тынатын шығармын. Қыр баласы қолдан келген көмегін істеп-ақ жатыр. Бірақ көмекпен күнелту мұнда өте қиын. Қара нан килосы 12 сомға жетті, ол не шыдатар, жұмыста болмаган соң, нан картешкесі, ысталобай картешкесіз наңды базардан алыш жемескे шараң жоқ. Базар бағасы анау, онымен

